

СЕРИКБАЙ ШЫНУАР

Өмір - Тағдыр



Теміртау қаласы
2017 ж.

Серикбай Шынуар

*Бұл кітапты Бас Құрылтайшының
тапсырысы бойынша «Халық бірлігі
дәстүр мен ұрпақтар сабақтастығы үшін»
қоғамдық бірлестігінің 15 жылдығы,
«Асқар және Компания» ЖТС-нің
25 жылдығына арнаймын*

Өмір-Тағдыр

***Дарынды Тұлғалардың Өмірбаяны туралы
деректі туындылар топтамасы***

Теміртау қаласы
2017 ж.

УДК 82-312.6=(Қаз)

ББК 28.01 .я7=(Қаз)

Серикбай Ш.

ISBN 978-601-315-318-6

Бұл кітапта ағымдағы жылы аталып өткелі жатқан «Халық бірлігі, дәстүр мен ұрпақтар сабақтастығы үшін» қоғамдық бірлестігінің 15 және «Асқар және Компания» ЖТС - нің " 25 жылдығына орай бүгінгі таңда ортамызда жүрген және тағдыры өлшеулі болған Дарынды Тұлғалардың Өмірбаяны, еңбек жолындағы жеткен жетістіктері, жанашырлығы. қайырымдылығы мен қамқорлығы. қоғамдық ортадағы елі-жері үшін аянбаи күрескен ерліктері, қазақ әдебиетіне қосқан үлестері жайында баяндалады Орайын келтіріп, жарыққа шығарып, оқырман қауымға ұсынуды жөн санадық.

УДК 82-312.6=(Қаз)

ББК 28.01 .я7=(Қаз)

ISBN 978-601-315-318-6

©Серикбай Ш.

Автор Серикбай Шынуар



Серикбайұлы Шынуар қоғамдық ортада 45 жыл еңбек еткен. Жоғары білімді инженер-механик. Өндірістің әр саласында мамандығына байланысты авто кешенінің инженері, бас инженері, директоры, кәсіподақ төрағасы. партия ұясының хатшысы қызметтерді атқарды. 1992 жылы ата мекені Қазақстанға қоныс аударды. Сол жылы шілде айынан бастап Шұбаркөл автобазасында мастер АРМ. инженер ТБ

қызметтерін атқарды. Зейнеткер Халықтық «Нұр Отан» партиясына мүше. 2014-2017 жылдары Теміртау қалалық ақсақалдар кеңесі қоғамдық бірлестігінің бірінші орынбасары қызметіне сайланған. Қазіргі таңда белсенді қызмет атқарады. Монғолия мемлекетінің 45.50.70 жылдық мерекелік медальдарымен марапатталды. Монғолия Жастар Одағы Комитетінің лауреаты. "Озат қызметкер азаматы» алтын жұлдыз медалының иегері. Көптеген грамота, алғыс хаттармен марапатталды. Су шаруашылығы саласының құрметті азаматы. Жан ұялы. жеті баласы, он төрт немересі бар. Бірқанша ұлттың тілінде жазып, оқып, сөйлейтін қаламгер-жазушы. тарихшы, дінтанушы, аудармашы. Қазақ әдебиеті. БАҚ

саласының белсенді қаламгерлерінің бірі ретінде 2010 жылдан үлесін қоса бастады. 2013 жылдан бері Теміртау қалалық «Зеркало. Құрыш қала. Отан Заман» және «Ислам және Өркениет». Монғолияның "Ховдын толь" (Қобданың айнасы) газеттерінде. «Қасым» әдеби журналына мақалалары мен өлеңдері жарияланды. Өлеңдеріне әуесқой сазегр Шәкейұлы Табысбек ән жазып ән таспасына еңгізіп. **көпшілік** алдында орындап жүр. Автор шығармашылық жолында талмай еңбектеніп қалам тербеу үстінде

Заманымның өтіп бара жатқан-ай....

Айтар болсам бабалардан бір өлең,
Алтайымның жондарында түнеген.
Ақиықтай таң алдында сілкініп,
Қарлы шыңның қыранындай түлеген.

Елегізіп елегіңнен өткен сол бір шақтар-ай,
Елеңдетер заманымның өтіп бара жатқан-ай.

Бесті асаудай ауыздығын шайнаған,
Қызды ауылда көкпар тартып ойнаған.
Қарсы алдында не тұрса да таймаған,
Сексеуілдің шоғы болып жайнаған.

Ұмытылмас - ұмытылмас, қайран есіл шақтар-ай,
Қолын бұлғап заманымның өтіп бара жатқан-ай.

Қартайса да жүрісінен танбаған,
Боз жорғадай жолдан жолды таңдаған.
Қайран жастық дәуренім ай өлеңмен,
Жырласамда қызығына тоймаған.

Қайран есіл - қайран есіл, ұмытылмас шақтар-ай.
Қолын бұлғап заманымның өтіп бара жатқан-ай.

Бет ашар

Құрметті оқырман қауым! «Халық бірлігі, дәстүр мен ұрпақтар сабақтастығы үшін» қоғамдық бірлестігінің 15, «Асқар және компания» жтс - нің 25 жылдығына қарсы солардың тапсырысы бойынша жазылып, 15 жылдық мерекесіне орай сіздерге ұсынылып отырған бұл кітапта, қазақ халқының ортасында өмір сүріп, ерен еңбегімен дара шығып мақтанышымызға айналған дарынды тұлғалар, қиыр жайлап-шет қонған, ата баласы ұрпақтарының өткенімен-кеткені, аға буын ақсақал қарияларымыздың бүгінімен-ертеңі жайлы жазушы Серикбайұлы Шынуар ағамыздың көзбен көріп, оймен түйген әрқилы әңгіме жинақтары баян етіледі. Өр Алтайдың аялы табиғаты, Қобданың қытымыр қара желі, арқаның ақ боранын алмастырып, ата мекенге аңсап жеткен, арманының ақталғаны деп білуге де болады. Лайым оқырман қауым өз бағасын берері хақ. Біткен істе мін жоқ деп халқымыз айтқандай өз басым іске сәт дей отырып, ұлтымыздың өткенімен, бүгінгі болашағының айқын дәлелі деп алғыс айтамын. Қаламыңыз қарымды, өміріңіз ұзақ болсын аға демекпін! Осы бір еңбегіңіздің өрлігіне риза болуыммен қатар. алғы сөзімді мына бір өлең шумақтарымен сәттілік тілей отырып дәріптемекпін!

Армысың алтын сандық ақсақалдар,
Қойнауы іші толған қазына бар.
Тон пішіп.оқты жоңған ата көріп,
Арманы асқар таудай аталар бар.
Даналар көпті көрген ішімізде,
Дарынды қанаттанған қариялар.
Түркі емес түмен емес шежірелер,
Бізде ғана қазақта бар.
Баласы атқа шапса тақым қысқан,
Әжелер ортамызда әлі де бар.
Айтып жүрген тал бесік тәрбиесі.
Исі қазақ ойланыңдар!
Орғыған ор қояндай мына заман
Орманның қу түлкісі толғандар.
Заманың түлкі болса тазы боп шал,

Осыған қандай сенің уәжің бар.
Тәрбие берсең ұл қызға,
Қаларың сол артыңда.
Білгеніңді үйретсең,
Бергенің сол ұлтыңа.
Қазақ пен азат бір ұғым,
Атадан қалған салтың бар.
Атаң да міңген арғымақ,
Әдептен асып артылма.
Көп білгенің не керек,
Сөз жүрсе еріп артыңда.
Бес күнгі мынау жалғанда,
Жалмап өткен жан барма.
Артығы бар бір күннің,
Жарым айға бергісіз.
Жарты күн бар өмірде,
Жатсаң ұйқың келгісіз.
Ұлттық тәрбие өзгерсе,
Көз ұялар көргісіз.
Арлы адам намысшыл,
Намысыңды жықпа тегінде.
Ата жолын жалғаған,
Арманы бұл қазақтың.
Ақсақал деп аталу,
Әманда берген ат саған.
Ақылшы бол ұлтыңа,
Ұраны айтқан бұл саған.
Қазақ боп тудың әманда.
Қазақ деп өлсек жарайма?

*Нысанбайұлы Съезхан Оңашыбайтегі.
Ақын, Монғолия жазушылар одағының
мүшесі*

12. 02. 2017 ж.

БІРІНШІ БӨЛІМ



«Асқар және Компания» ЖТС- ің бас директоры, «Дара Тұлға» Сарсекенов Асқар Садықұлы туралы өмір-дерек



Әлқисса: Әлемнің алақандай бір бұрышынан өз орнын тауып дүниеге келген кейіпкер азаматымыздың өмір жолы және оның заманауи болашағы, «Асқар и Компания» ЖТС, сондай ақ «Халық бірлігі, дәстүр мен ұрпақтар сабақтастығы үшін» қоғамдық бірлестігінің тарихымен тығыз байланысты болғандықтан шығарманың негізі әгіме желісі осы төңірегінде баяндалады.

Тиірменнің тасындай шыр айналған дүниенің бір пұшпағында шыр етіп дүние

есігін ашқан адам баласы қай ұлттың нәсілінен болса да, кіндігін кесіп қаны тамған бор кемік жері оның туған отаны және отбасының қасиетті ордасы болып саналады. Сол ордаңның киелі жұрты ақырет өміріңе дейін тағдырыңмен тығыз байланысты екенін бойыңдағы рухың жадында мәңгі сақтатады. Ол жер, таулы-тасты, нулы-орманды, құлазыған сахараның сары даласы, медиян шөл

мейлі қандай өлке болса да сол адамға оттан ыстық, тағдырына мәңгі байланған, Жаратқан Иенің сыйлаған таптырмас гажайып отаны. Осындай жаратылыстың әсем өлкесінде торсық шеке бір ұл дүние есігін ашып қараша үйді қуанышқа бектіріп жатты. Мезгіл жеді-желтоқсанның сары шұнақ аязы қысқан 27-ші жұлдызы. 1962 - ші барыс жылы болатын. Ал жерінің атын атап түсін түстер болсақ, Шығыс-Қазақстан облысы, Жетісудың жер ұйығы Аякөз қаласындағы қарапайым шаруа Садықтың құтты шаңырағы еді



Ашсаң аузыңа сөйлесең сөзіңе тиек болатын, ауыз әдебиетінің аңызына айналған, Асанқайғы бабамыздың айтып қалдырған «Жетісу - жер ұйығы» деген шексіз теңеу баламасы күллі қазақты өзіне тартып, киелі жері сүйікті отанына айналған жер. Сондықтан да көнеден бері найман мен керейдің мекендеп келген қасиетті отаны. туып өскен өлкесі. аруақты елінің топырағы еді. Осы топырақта шаңын боратып шапқылап, суын ішіп сусап өскен Садық ақсақалдың

ата бабалары Аякөзді кене мекені ретінде тілге тиек етіп кейінгі Ұрпақтарына айтып қалдырған екен.

Сонау Ресей патшасы заманында бүгінгі Аякөз алғаш әскери қамал қорғаныс бекеті болып құрылғанын тарих айшықтайды Жетісу жерін отарлау үшін Ресей патшасы «қазақ» тардың (Ақ патшаның тұсында Орыстардан бөлектенген барып кел - шауып келге жұмсайтын бұзақылар құрамы) ауқымды тобырының басын қосып әскери жасақ құрып. соларды Жетісу жеріне орналастыруға құпия жоспарын іске асыру жолымен әскери бекіністер салу әрекетін іске асырады. Жалпы Ресей империясында құрылған қазақ әскерінің 11 бекінісінің 4-еуі Қазақстан Республикасының Жетісу аумағында орналасты. Ресей

саясатының түптеп келгендегі негізі, осындай айла тәсілі арқылы қазақ халқын байтақ жерінен айыру, оның ішінде әсіресе Жетісуды отарлау болатын. Патшалық Ресей сол үшін де қазақ жеріне айлакерлікпен казак-орыс келімсектерін әкеліп үйіп текті. Оның жалғасуының әсері XIX ғасырдың аяғына дейін Жетісудағы казак әскерінің қоныстары 45 мың адамға жеткен еді. Қулығының түбін сұмдыққа ұластырған отаршылдар арындап келіп ойран салған оспарлық күй тұрқылықтарын тарих бетінде тайға таңба басқандай осылай қалдырып тынды.

Ал қазіргі таңда Аякөз, Шығыс-Қазақстан облысының бірегей бір ауданы. 1928-30 жылдар қарсаңында қала статусына ие болған. Өскеменнен 310, Алматыдан 772, Зайсаннан 400 шақырым қашықта орналасқан. Тоғыз жолдың торабы авто, теміржол, әуежолдары мен тығыз қамтылған бірегей өлке. Непзі тарихи географиялық орналасқан орамы кең байтақ Жетісуға қарасты іргелі аймақ.

Жетісуға келер болсақ, солтүстігінде баурайлы Балқаш. солтүстік шығыс бағытында Сасықкөл, Алакөл, шығысында (Жоңғар) Алатауы, оңтүстік және оңтүстік батысында Тянь-Шань жоталарының солтүстік қанатымен қолтықтаса жалғасып, әлемді жалпағынан басып жатыр. Алматы облысына да ортақ ерекше табиғаттың ордасы. айшуақты аймақтың сиқырлана бөленген әсем аймағы. Жаратылыстың сыйлаған табиғаты нулы орманның тұңғиығына батқан тоғайлы алқапты таулар, өзендер, көлдер, шөліркеу медиан дала, терең ормалы жарасымын тапқан биік жар, шатқалдар табиғаттың көркі. Жетісудың ғаламаттарының бірі, Тянь-Шаньның шығыс бөлігіндегі Хантәңірі шыңы. Әлемдегі ең биік таулардың қатарында тұр. Шыңының биіктігі 6995 метр. Иә. Мақтанышымыз осымен ғана шектелмесі анық. Көрге жеткенше көзі тоймайды дегендей сүмендеген сұғын сан жылдар бойы қадаған Ресейді қызықтырған Жетісудың осы табиғаты болса керек.

Жетісу жері көнеден бері айтулы оқиғаларға толы. Өте мөте Қазақ пен Жоңғарлардың шешуші қырғын шайқастары, жан берісіп жан алысқан ұрыстары осы өңірлерде өтті. Қаракерей Қабанбай, қанжығалы қарт Бөгенбай, ергенекті (сарыжомарт) көкжал Барақ, Шақантай, Шыңғожа, Жауғаш.

Қазымбет. Ботақара сынды хас батырлар бастаған талай соғыстың жеңісіне күй болған жер. Осылардың ең ірісі 1718 жылы көктем айындағы Аякөз өзенінің алқабында өткен Аякөз шайқасы болатын. 1754 жылы Майсу шайқасының алдын ораған «Қандыжап» келісімі Қазақ және Қытай тарапында бейбітшілік жолындағы бітімгершілік үшін мызғымас ант болып жасалып қол қойылды. Манж Чин елінің патшасы Кан Си 1722 жылы қайтыс болды. Оның көзінің тірісінде жасқанып отырған Жоңғар ханы Цэвээн-Равдан осы жағдайды пайдаланып 1723 жылы 70 мың қол жинап Жетісу жерін бойлай 7 бағытты ұстанып жойқын шабуылға шықты. Олар Жетісу, Қаратау, Талас алқаптарын басып алды. Бұл қырғын қазақ еліне «Ақтабан шұбырынды-алқакөл сұлама, ақ қайың сауған ақ мешін жыл» делінген нәубеттерге душар еткен жылдар еді. «Елім-ай» әні дүниеге осы жылдары келді. Жетісу жері орасан қатты ойрандалды. Қазақ деген қарапайым халқына жаратқан Иемнің сыйлаған жазира даласына, ит арқа қияда жатса да кімдер қызықпады дейсің.

1729 жылғы көктемнің маусым айы. Балқаш көлінің оңтүстігіндегі «Дала тауы» аталатын кең жазирада қазақ-жоңғар арасындағы атақты «Аңырақай» шайқасы болып өтті. Қаракерей Қабанбай, қанжығалы Бөгенбай, Қазбек бек Тауасар, көкжал Барақ батырлар басқарған 28 мың қол, қалмақ батыры Ангараг басқарған 25 мың қолды тас талқан етіп күйрете соққы берген ұлы жеңіс тарихта жазылып қалды. 11 күн ұдайы өткен жекпе жек шайқаста қалмақтың 29 батыры мерт болған еді.

Аякөз аңыз болған абыздар мен арулар елі. Аңыз арқауы болған Баян сұлу, күміс көмей Тастанбекқызы ақын Сара осы аймақтың тумалары. Аякөзден 90 шақырым қашықтағы шоқылы қыраттар төбесінде Қозы Көрпеш-Баян сұлудың күмбезі тұр. Талай дарынды тұлғалар Аякөз жерінде туып, халқына мәшһүр болды. Тұрымтай тұсындағы тума ақын Дулат Бабатайұлы, Ақтамберді жырау, айтыс ақыны Әріл Тәңірберген, белгілі кәсіпкер, атымтай жомарт «Асқар және Компания» толық серіктестігінің бас директоры Сарсекенов Асқар Садықұлы осы өлкенің түлектері.

Тар жол тайғақ кешу заманындағы өмір сүрген халқымыздың ауыртпалықтарының соқпағы тарих бетін

шиырлап талай ғасырдың құпиясын бүгіндері айшықтап жатқаны бізге аян. Ал сәби Асқардың дүниеге келген 1962 жылдарынан кейінгі заманауи уақыттар бір басқа. Сондықтан да межелі мезгілдің өзіндік айтатын сырларын ішке бүкпей оқырман қауымға ұсынып отырмын. Сонау алпысыншы жылдардың бас кезіндегі, ашамайға үйреніп маңдайы жарқырап атқа шапқан жас ұлан Асқар оқу саласының бастауыш, орта мектептердің білімін басып өтіп, техникум, жоғары оқу білімдерін ойдағыдай оқып тәмамдап, білікті маман ретінде танылып қоғамдық және мемлекеттік істерге белсене араласты.

Ер жігіттің елі, халқы, отаны үшін Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы ретінде, атқаратын істерден осынау жылдары Асқар ешқашан тыс қалған емес. Армия қатарындағы әскери міндетін де ойдағыдай атқарды. Оқып тоқығанын алға тартпай қарапайым жұмысшы қатарынан бастап еңбекке араласты. Әр түрлі үлгідегі ауыр техникалармен жұмыс жасап, Шұбаркөл кенішінде Белаз автомашиналарын ұршықтай иірді. Қырандайын қомданған жігіттік мүшелдегі өмірінің жетістікке толы сара жолын сараптап өткізер болсақ ұзын сонар әңгіме туындауы әбден мүмкін. Бірақ біз ұшқыр қиялды ұзаққа сілтемей азаматымыздың айшықты өмір жолын Теміртаудан бастауды жөн санадық.

Мақсатсыз тірлік, армансыз өмір мұратқа жеткізуі екіталай. Жүрген ортамызға, айнала төңірекке көз тастасақ, күннен күнге қысып келе жатқан нарықты, тыным таппай тыпырлап еңбек істеп жүрген халықты көреміз. Комунистік дәуірдегі ортақ мүддеден алыстатқан заман. үкіметке иек артпай, әр адамды өз шамасынша тірлік жасауға бейімделу үрдісіне көшірген қоғам, бүгінгі таңда түске дейін ұйықтап түстен кейін маңырауға көнбейтінін сездіргені қашан. Қатарлас деңгейдегі замандастары жекеленген еңбек таңдап кәсіпкерлік пен айналысып, жағдайларын жасап, тірліктерін көтеріп, жайран қағып шыға келгенін кезімен көріп жүрегімен сезінген Асқар нар тәуекелге бел буып, ойлана келе қара тұяқтан хәл кеткенше бір кәсіпті таңдап, солардың қатарынан көрінуге мақсат қойып талабына сүйеніп ұмтылысын берік ұстана келе 1989 - 1993 жылдары Шұбаркөл көмір кенішінде

қалыпшы және «Жалын» кооперативінің ұсақ күл кесектерін шығару учаскесін құрып кәсіпкерліктің жолын ашты. Тәжірибе жинақтай келе 1993 жылы «Аякөз» шағын жеке меншік кәсіпорынын құрды. Жұмысын дөнгелентіп алып кеткен шағын кәсіпорын онымен тоқтамады. Ауқымын кеңейтіп болашақ бағдарына сенім арта келе 1996 жылы 12 тамызда «Асқар және Компания» деген толық серіктестікке қол жеткізіп қайта тіркелді. Ыстық ықыласқа ие болған қарамағындағы жұмыскерлердің қолдауымен компанияның бас директоры болып Асқар Садықұлы сайланды.

Туған жері, елі, болашақ ұрпақтары үшін қасық қанын аямай күресіп дүниеден баз кешкен бабаларымыздың армандап кеткен тәуелсіздігіне қол жеткізіп, жаңа жас мемлекеттің тағанын қалап егемендіктің туын желбіреткен бір тұтас қазақ халқын айтпағанның өзінде жүз отыздай ұлттан құралған дүйім жұрттың жарқын болашағын айқындап берген айбарлы мемлекетіміздің алтын ғасырда тоғысқан ұлт өкілдері, бір бірлік пен ынтымақ, достықтың аясында әлемдік өркениетімен сусындауға қадам басты. Өркендеу дәуірге жол сілтеген мемлекетіміз кәсіпкер азаматтарының арқасында өте-мөте бүгінгі таңда Қазақстан, ең заманауи жоғары деңгейдегі іскерлік үлгісімен дамыған елдер қатарлы, әрі қарқынды дамып бара жатқан өркениетті мемлекеттердің бірі болып танылып келеді. Он мыңдаған іскер азаматтарымыздың тікелей басшылық етуінің нәтижесінде мемлекетіміздің дамуына ез үлестерін қоса отырып кәсіпқой мамандардың ынтымағы жарасқан еңбек ұжымдары толассыз еңбек етіп келеді. Осылай айтылудың негізінде Асқар Садықұлы басқарған кәсіпорынның кәсіби жетістігі, еліміздің экономикасын дамытуға қосып жатқан жеке үлесі ретінде танылып отыр. Ендігі әңгіме аясы осы кәсіпорын жайында өрбитін болады.

ЕКІНШІ БӨЛІМ



«Асқар және Компания»

Жауапкершілігі Толық Серіктестік

Кең байтақ кер даласы қызығушылыққа толы *шығыс* өңірінде өткізген өмірінің белестерін күні бүгінге дейін Асқар таңдай қағып, тамсана айтып еске алады. Әлқисса жастық және жігіттік шағының ең қызықты жылдары Аякөздің кегалды бітеу топырағында, қыратты да қорымды тауы менен тасында, өзені мен көлінің арнасы мен жағасында, қозы қайырып қой жайған жазираның төсінде, асау үйретіп бәйгеге шауып қиқу салған даласында, орда толы отбасының айрандай ұйыған ортасында, тәрбиесін алып, ананың тәлімін сақтап әкенің, қаққан қанатын қатайтып, бұғанасын бекітіп, азамат болған белесті күндер, қайта оралмас жас буын өмірі сағымдай зымырап өтіп еді.

Бір сәт көкірегін керген қуанышы еркінен тыс кетті білем толқыған көңілін әзер тежеген Асқар: Бұл кәсібім 1991, 1993 жылғы шағын кәсіпкерлік шаруашылықтардың жалғасы, яғни кеңейтілген түрі ретінде 1996 жылы 12 тамызда атын өзгертіп, ауқымын кеңейтіп қайта тіркеуден өткізіп құрғанымды жоғарыда тілге тиек еттім. Бастапқы да туған елім, жерімді қатты сағынып жүрдім де жаныма медеу, сертіме серік

болсыншы деп «Аякөз» деп алғашқы есімін атап, осы аталымға қанағат етіп біраз уақыт жаным жай тауып жүрген едім. Заманның ағымына қарай не өзгермеді дейсіз. Иә. Бір жыпдары жаңару дәуірдің жалыны шарпыды ма, қанаттас бірге еңбек етіп жүрген қызметтес жолдастарымның демеуіне сүйендім бе осы атауды өзгертуге тура келді де жаңару жаһандану ғасырдың еркеніне байланыстырып, қайтадан тіркеуден өткізіп, атын да өзгертіп «Асқар және Компания» Жауапкершілігі Толық Серіктестік деп атадым. Көз алдымда ұрпақтарым өсіп келеді. Сондықтан балаларым да компания да маңдайыма біткен дәулетім ғой деп кеудесіне қолын қойып кеңінен демалды.

Компанияның алға қойған мақсатының негізгі жоба-жоспары құрылыс саласымен айналысу, осы тұрғыда жұмыссыздықтың тетігінде жүрген мамандарды осы құрылыс саласындағы әр түрлі мамандық жұмысқа тартып, соларды еңбекпен қамту еді. Қазіргі таңда компания және құрылыс алаңында қаншама адам жігерін қайрап жемісті еңбек етіп нәпақасын тауып тіршілік жолында жүр.

Асқар көп балалы отбасында өсті. Жанұяда 13 бала, 8 ұл, 5 қыз. Ол дүниеге келген орта, сол отбасындағы адамдар қарапайым тірлікке бойларын үйретіп бейімделген, қойдай қоңыр, қозыдай жуас жаны жайсаң адамдар. Отағасы Садық өмір бойы шойын жол саласында қарапайым құрастырушы-слесарь шаруасымен айналысқан, ал анасы отбасының толып жатқан қам қарекеттері, балаларының амандығы олардың болашағы үшін талмай еңбектенді. Асқар және балалардың ес білгелі алған өнеге, үлгі-тәрбиесі қараша халықтың қалыптасқан салт-санасы, әдет-ғұрпына қайнап піскен мейірбан қағидалар еді. Әкесі ол дүниеге аттанса да асыл анасы сексеннің алтысының сеңгірін еңсеріп ұрпақтарының бақытты өмірінің бел ортасында солардың қызығына бөленіп шуақты ғұмыр кешіп отырып 2014 жылы бақилық болып жұмақтың төрінен орын теуіп жаратқан Иемнің несібесін айлады.



**Сарсекенов Садық Қабдолаұлы зайыбы
Фатиха Аққұлқызы**

Өнегелі отбасындағы алған тәрбиесінің бойына дарығаны соншалық, сондықтан болар Асқар кеудемсоқтық, тәкаппарлық, езімшілдік әрекеттен аулақ, қазақи тірлікпен кезін ашқан қарапайым жан. Бұл мінезіне қоршаған ортадағы адамдар да куә.



Асқар өтіп бара жатқан уақытпен санасып, жан аямай еңбектенуді жаны сүйді. Ол үшін әлемдегі ең құнды дүние - ол еңбек еді. Мысал ретінде келтіре кетейін. 1982-1984 жылдары Алматы қаласы, кейіннен қаншама ұлт өкілдері

бас қосқан Шұбаркөл көмір кенішінде жүргізуші болып еңбек істеген кезінде, әріптестерінің ортасында еңбек сүйгіш, қайсар-жігерлі азамат екенін таныта біліп аянбай тер төкті. Білікті мамандар, қызметкерлер, қоғам және мемлекеттік қайраткерлердің ақылын тыңдап, тәжірибелеріне үңіліп, соларға ұқсап іс қимыл жасап, көптеген пайдалы адамдық қасиеттерді жинақтап бойына сіңіріп қабылдап және іс жүзінде қоғамның бүгінгі таңдағы талаптарымен ұштастыра білді.

Шығармашылыққа үйір біз секілді адамдардың қаламының құрығына ілінген кімнің де болсын жолын бөгеп, жүрісін тоқтатып, бетін бұрып ернінен созғандай езуін жиғызбай, сұрақтың астына алатын әдетіміз бар. Соның бірі болып Асқар ілінді.

Қазақ елінің азаматымыз. Бұл біздің ел-біздің отан деп еміренген сәтінде сол отан кеудеңе сыйып кеткендей сезіледі. Олаи дейтінім біздің қазақ мың рет өліп, мың рет тіріліп орнынан тұрған халық. Бабаларымыз басқыншылардан азат етіп дүйім жұртының көзін бір рет ашса, тәуелсіздіктің шарапаты бөгделердің бұғауынан босатып екінші рет көзімізді ашты. Еркіндіктің кең ауасымен демалу жанға сая, өмірің тыныш, бейбіт заман қандай рахат. Ал бізге осы рахат өмірді сыйлаған кімдер еді? «Желтоқсан қозғалысы»-ның құрбандары, өмірден қыршын кеткен қыздарымыз бен ұлдарымыз еді ғой. Біз олардың ақырет әлеміндегі рухына, қиямет әлеміне дейін қарыздармыз. Сол боздақтардың жан ұясы, туған туысқандарының алдында ұятқа қалмас үшін мынау аласапыран заманда өзімізге тәуелді қоғамды тұрақты ұстап тұру бізге міндет! деп ширығып қомданған Асқар көз қиығын алысқа тастап ойға шомды.

Бабаларымыздан қалған сегіз қырлы бір сырлы деген өнер жолы Асқардың бойынан көрінгені қашан. Тіпті ол сырдың да, қырдың да аздық етіп тұрғанын аңғарамыз оның бойынан. Мен сондаймын деп кербезденіп жекеленіп тұрғанын көрген емеспіз. Сол баяғы қарапайым анадан туған сүт мінез сол қалпында. Шыттай киініп шытынап тұрғанын, дәу көлік тақымдап кафе ресторанда отырғанын, құрылық кезіп қызығушылықпен байыз таппай жанталасып жүргенін көрмедік те, естімедік. Барға қанағат етіп, жоққа тәубе келтіріп Раббының сыйлаған несібесіне мейірлене шүкірлігін сездіріп, қара халықтың ортасында ас суын бөлісіп, әңгімесі жарасып, кәсібін дөңгелентіп жүргізіп келеді.

Кәсіпкер адамның жалпы болмысы қандай болу керек? деген өзекті бір мәселеге тоқталып, Елбасы Н.Ә.Назарбаев теледидар арқылы халқының алдында үлгі тұтар мынандай бір әңгіме айтқаны есімде. «Біздің кәсіпкер азаматтарымыз табысқа кенелген сайын елден ерекшеленіп, зәулім үш этаж үй тұрғызып, ең дәу қымбатынан машинаның үлкенін таңдап

мінеді. Бара-бара танк сатып алып мінуден тайынбауы мүмкін. Ал шет елдерінде Швецияның кәсіпкерлері бай бағланын сездірмей қарапайыш халықпен тең дәрежедеп ұстанымын сақтап еңбек етеді Міне кәсіпкер адам осындай болғаны абзал» деп емірене үн қатқан еді. Елбасының сөйлемінің соңғы алтындай абзал тұсын Асқардың бойынан іздесектабамыз.



Елбасы Н.Ә. Назарбаевпен кездесу сәті



Елбасы Н.Ә. Назарбаев дарынды азаматтармен бірге



Облыс әкімі Мұхамеджан Камалтин Ескендірұлы

15.09.2001 жылы «Асқар және Компания» - ның 10 жылдық мерекесіне облыс әкімі Мұхамеджан арнайы келіп қатысқан еді. Әкім сол жолы қонақтардың алдында мерекелік құттықтауын жеткізіп, ақ тілегін айтып мерекенің соңына дейін қуанышын бірге бөлісті. Сондағы сөйлеген сөзін айна қатесіз қаз қалпында хатқа тіркеп оқырманға жеткізіп отырмын.

-Қымбатты достар! Қадірлі Теміртаудың ақсақалдары! Бүгін Асқардың үйі, мынау құтты шаңырағында туған туысқан, жолдас жора, әріптестерімен барлығы басын қосып өздерінің 10 жылдық мерей тойын өткізіп жатыр. Соның барлығы құтты болсын. Мен сіздерге мынаны айтып назар аудартқым келеді Белпpli компанияны білесіздер ме? Әрбір адам бұл бизнеспен айналыса алмайды Әрбір адам бұл бизнесті құра алмайды.

Елбасы Теміртаудың еңбекші жас түлеп. Н.Ә.Назарбаев айтады:

-«Бизнеспен тек қана өте тәжірибелі, білімді, жігерлі адамдар ғана айналыса алады. Сондықтан бұл жеңіл шаруа емес -деп.

Ал Асқар өз адамдарымен, отбасы, туған туыстарымен біріпп 10-13 жылдай кәсіптік шаруамен айналысты. Әрине кезінде нарықтық салада бизнестің жолы күрделі болды. Осы жылдары үкімет бизнеске шығар жолын айқындап берді Менде айтқым келеді бұл ауқымды ауыр еңбек. Ауыр бизнесті қозғалту үшін қайрат жігер, шыдамдылық керек. Басшылық

органдардың, бастықтардың бақылауынан өту керек. Тексеруші органдардың алдында кінәсіз, қатесіз болу, бәсекелестермен теңесу, озып шығу керек. Осы істерге тетеп бере отырып компаниясын алға жылжытып қала, орталыққа сенімділік танытқан «Асқар және Компания»- сы мақтауға тұрады. Онымен қатар облыстық мәжіліс депутатына сайланған азамат. Халық ортасында бірнеше жұмысты қатар алып жүргеніне ақсақалдар да куә. Мен Асқардың болашақ бағдарламасына табыстілеймін.



«Асқар және Компания» ЖТС - нің 10 жылдығының қонақтары



Асқар Садықұлының күнделікті кеңселік жұмысының бір сәті

Кеңсе іші тым тырыс сәт Қабырғадағы сағаттың, тық-тық соғысы. Селкеу дыбыстан секем алып сырғи ұшқалы отырған саққұлақ сауысқандай, Асқардың қимылын аңдып мен отырмын әліпті бағып. Үн шықты ауыздан. Іске кірісті сауысқан. Жарасымды әңгіме, жалғасын тауып жазылып жатты тоғысқан... Лебіз, құзар құздан төменге түскен арынды ағындай жөңкілсе, бірде артизендей атқылап тұрды өрге. Әпқисса деді Асқар Садықұлы:

Елбасы Н.Ә.Назарбаев сол бір ағымдағы жылы "Қазақстан-2050" атты жолдауында: «Ұлттық экономикамыздың жетекші күші кәсіпкерлікті мемлекетіміз жанжақты қолдау керек» деген керемет нұсқауды айтқан болатын. Бұл ұранды естігенде бөркімізді аспанға аттық. Өйткені бұндай қолдауға біз өте зәру едік. Кәсіпкерлік саланың даму жолы осыдан тыс қалмауы тиіс. Жолдауға дейінгі уақыттары кәсіпкерлердің жайбарақат жұмыс жасауы қиын еді. Саңырау құлақтай қаптап кеткен тексеріс жасаймыз деушілер үнемі келіп тисе беретін. Жолдама бағдарынан кейін саябыр тапты. Ісімізде алға жылжи бастады. Шын мәнінде кәсіпкерлер халықпен жұмыс жасап отыр және үкімет қоржынына орасаң қаржы құйып жатыр. Жаңа жұмыс орындары ашылып ондағылардың аухаты көтерілуде. Халықтың әл-аухатын жақсартудың бірден бір жолы ол кәсіптік сала. Бұл сала үнемі жаңарып, аймақтардағы индустриалды-инновациялық даму саясатын қарқынды қолға алып оны ары қарай жетілдіріп отыратынына мемлекетіміз мүдделі және тығыз байланысты дей келе сәл үзіліс жасап:

Қоғамымызда қол жеткен табыстардың бірі ретінде отандық кәсіпкерліктің қалыптасуын айтар едім. Біле білсек экономикалық өмірге дәуір өркені индустриалды-инновациялық даму үдерісін алып келді. Отандық кәсіпкерлік; ортасының, қалыптасуының негізінде еліміздегі шағын және орта бизнестің жандана түсуі халықтың әлеуметтік хал-ахуалын көтеруге зор ықпалын тигізді. Өсерінің тиімді болғаны соншалық жұмыссыздық деңгейі қысқарды. Жалақылар мен зейнетақы уақытылы беріліп келеді. Санамызға ұялағаны ағымдағы нарықтық қатынаста өркенімізді алға жетелейтін ең шешуші факторы мен түптің түбіндегі тиімді жолдары осы отандық кәсіпкерлікті жетілдіре

түсіп дамыту болып отыр. Сонда бағыт бағдарымыз оңалып ұтарымыз да көп болмақ. Отандық кәсіпкерлікті әрі қарай жетілдіре түсудің келесі сатысы нарықтық экономиканың белсенділігін арттыру жолымен бәсекелестік деңгейін көтеріп, бүгінгі заманымызға сай шетел инвесторларын тартуға белсенді түрде қол жеткізу.

Көріп отырсыздар. Мемлекетіміздің болашағы баянды. Баянды елдің сыйлы азаматы болу үлкен мәртебе. Елін сүйген адам қай уақытта да ерлік жасауға ұмтылып тұрады. Оны халқы да сыйлай біледі. Алда биік мақсат, ірі белестер күтіп тұр. Оны еңсеру бізге міндет.

Әлеуметтік жүйе, саясат екеуі қатар тел қозыдай жүретін ағымдар. Өйткені бұл халықтың ой санасындағы тірі яғни рухани ұғымдардың бірі. Себебі бүгінгі таңдағы біз өмір сүріп жатқан қоғамның басты байлығы, кейіпкері-ол халық! Ал халық бар жерде олардың әлеуметтік саласындағы тұрмыстық деңгейі мемлекеттің басты назарында болуы тиіс. Және берік ұстаным арқылы қадағалануы міндетті. Бұл заңмен де қорғалған. Біз тұрмысы нашар адамдардың өмірін жақсартуға неге құмартпаймыз? Олар жан жақты көмектерге зәру екенін күнделікті өмірде әр қадамымызды аттап басқан сайын көріп жүрміз. Керісінше қазақта бір адам жақсы өмір сүре бастаса жан-жақтан көре алмайтындар кездесіп, күндестіктер қаптай бастайды. Жығылып жатып сүрінгенге мырс етіпті дегенді есіңе салады осындай әрекеттер. Сондықтан әлеуметтік деңгейі қорғалмаған халықтың мүдделеріне қолдау жасалынуы өте қажет. Бәріне бармай-ақ аласапыраны басылмаған нарықтың заманындағы бағаның тұрақсыздығы, теңгенің әлсіреуі, денсаулық, білім салаларындағы шешімін таба алмай келе жатқан түйткілді мәселелер, жемқорлықтың өршіп кетуі, діни көз қарастың солқылдағы т.б. бірнешеуін атап айтсақ та жеткілікті.

Мен бағдарымды тек құрылыс саласымен шектемедім. Қоғамдық көзқарастың аясындағы әлеуметтік саланың маңызды тетіктеріне көңіл аудардым. Күннен күнге көркейіп гүлденіп келе жатқан сүйікті қаламыз Теміртауда 101 көп ұлттан құралған әр нәсілдік қауымдастар өмір сүруде. Біле

білсек біздің осы өңірде қарттардың саны басым келеді. Қоғамдық ортамыздың теңсіздігіне орай әлеуметтік жағдайы төмен қариялар, көп балалы жанұялар, ата аналарынан қамқорсыз қалған тастанды және жетім балаларға, тұрмысы гөмен жағдайы нашар отбасыларға және қарттар үйіне көмек жасап тұрсақ деген ұстанымды қатар алып жүрдім. Және жастардың спортқа деген құштарлығын оятып, олардың осы салаға деген қызығушылығын қолдап, салауатты өмірдің мәдениетін дамыту жолына үлес қосып, қайырымдылық көмек жасау керек екендігін сезіндім. Осы игі іс шараға жиған терген қаражатымнан аянбай жұмсадым. Мемлекеттің қоры секілді қордаланып жиналған дәулет менде шамалы. Мен бірегей бір ұлттық қордың президенті емеспін. Бірақ ойланып қарасам қоғамдағы әлеуметтік саланың әлсіз тұсына жәрдемдесуші мемлекеттік органдарға ұқсап бара жатқандаймын. Қамқоршы болу қасиетті үрдіс. Бірақ мен қарапайым кәсіпкермін ғой. Менің үкімет алдындағы кәсіптік даму бағдар бағытым, таңдап алған жолым басқа сала. Сондықтан қайырым жасау қарекеттерінен тізгін тартуға мәжбүрлі болатын сәтіміз болады. Жәрдемдесуімді өтініп кеңсеме келетін адамдардың қарасы ешуақыт үзілген емес. Олардың өтініші қоғамдағы әлеуметтің әр түрлі саласына көз қарас танытып келеді. Меселдерін түсіріп көңілін қайтарған емеспін. Халықтың арыз тілегін қабылдайтын құзырлы органдар жетіп артылады. Бұл солардың атқаратын іс шаруасы. Неге екені белгісіз оларға емес бері бұрыла береді. Ол жайын да түсіндіріп бағамын. Осы істермен қайсы бірін қолынан жетектеп, немесе соңымнан ертіп, мәселесін шешіп беріп жүрген талай күндерді артқа тастадым. Сауапты істен бас тартқан емеспін. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.)-ның хадисінде (403) «Қайырлы. сауапты істер адамды түрлі-түрлі пәлелерден сақтайды» деп өсиет еткен. Алла жар болсын!. (Атқарылған игі істердің әр біреуіне кейінірек қайта оралатын боламыз.)



***Сарсекенов Асқар компания қызметкерлерімен бірге
2011 ж.***



Ақсақалдар алқасының Құрылтайшылары



**«Айналайын» балалар үйіне
қайырымдылық көмек жасалды**



**Құрбан айт көмегі жасалды.
Балалар үйінің қызметкері Айгүл
Ақсақалдар және имамдар мен бірге 2017 ж.**

ҮШІНШІ БӨЛІМ



«Бота» кешенді мейрамхана

Көрікті қаламыздың өңіне өң сәніне сән қосқан көптеген әсем ғимаратымыздың қатарында, Менделеев-9 көшенің бойында орналасқан «Бота» кешенді мейрамхана, тұрғын халыққа ежелден таныс. Бұл кешен 2000 жылдан бастап келушілерге қызмет көрсете бастаған еді. Мандайшасына жұлдыздан белгі тақпаса да үйлесімді жайлылық қызметі арқылы көптің назарын өзіне аударған кәсіптік ортаға айналғаны қашан. Кешеннің негізгі демеушісі баршаға таныс белгілі «Асқар және Компания»-сы. Ал басқарушы билік иесі Мейрамхан Бостанқызы.

Он сегіз мың ғаламның сиқырлы сан алуан іліміне санасын кімдер бұрмады дейсіз. Кімдер талантына арқа сүйеп ғылымның небір құпиясын ашпады дейсіз. Білім қуып қайсы біріміз өз өлкемізді шарлап болған соң әлемнің қиыр шетіне дейін шығып кетіп жатқан жоқпыз ба? Сол талаптылардың бірі, жоғары білімге жолдама алған сұңғыла ойлы, талдырмаш бойлы, Сыр сұлуы Мейрамхан Бостанқызы, асу-асу белді асып, беліне белбеу жарасып, орта жүздің қонысы, магнитканың ордасы, қайнаған жастардың ортасы, Теміртау қаласындағы ВТУЗ-ге келіп білім ордасының босағасын аттайды. Оқу ордасы қайда қашар дейсің, талапкердің өмір жолынан аздап сыр қозғайын.

Жыл санауы бойынша сәл әрірек ширек ғасырдан астам. сонау 1968 жылы наурыз айының 3-ші жұлдызы күні. Қызылорда облысының Жалағаш елді мекенінде қарапайым шаруа Бостанның отбасында сәби Мейрамхан жарық дүниенің есігін ашты.



Отбасындағы төрт ұрпақтың кенжесі, кенже болған соң еркесі, алдыңғы аға, әпкелеріне иық сүйей жүріп, орта мектептегі құрбыларынан оза шауып, асқаралы жанұяларының сенімін арқалап келіп жеткен жерін жоғарыда тілге тиек еттік.

Жоғары білім ордасының оқу жылдарын ойдағыдай тәмамдаған нәзік қыз инженер-құрылысшы мамандығының дипломын қорғап, келесі кезегін күткен өмір мен еңбек жолына қадам басты. 1989 жылы сәуір айының 29-шы жұлдызы күні ВТУЗ-дің студенттерінің зәулім асханасында. қол ұстасып жаңа өмірдің шаңырағын көтерген екі жастың үйлену тойы дүркіреп өтті. Той жұбайлары Мейрамхан Бостанқызы мен оның өмірлік серігі, сенім артып таңдаған жары Асқар Садықұпы еді. Міне солай Мейрамхан Асқарға тұрмысқа шықты.

Жеңарған заман деп айта-айта аузымыз да үйреніп қалды Елу жылда ел жаңа жүз жылда жұрт таңда деп айтып жатады екен бабаларымыз Дәуірдің өткенімен ғасырдың жаңару үрдісін салыстыру мүмкін емес расында. Өзгерістер

күннен күнге арта түсуі бәрі көз алдында өтіп жатыр. Адамның да ой санасы өсіп жетілуі бірінен біріне, өңірден шар тарапқа, құрлықтан бүкіл әлемге жалғасып талай ғажайып дүниелер пайда болуда. Осының бәрі адамзат баласының қолымен жасалып жатыр. Сол адамдарды алыстан іздемей ақ қасымыздан табамыз. Олар аты аталған түсі түстелген дүбірлі той иелері Асқар мен Мейрамхан. «Бота» кешеннің қадасын қадап жалауын желбіретіп халық иплігіне жаратқан да осы екеуі. Мейрамхананың қонақ қабылдайтын бөлмелері соңғы үлгідегі жиһаздармен толық жабдықталуымен қатар, туристік санатындағы барлық үлгімен толық қанымдалған, бассейн және ойын сауық орталығы тұрақты жұмыс жасап, Азия, Европа, Шығыс таяу елдерінің ұлттық ас тағамдарымен қамтамасыз етуге мүмкіндігі жеткілікті, жылдың төрт мезгілінде де қонақтарды еркін қабылдауға қауқарлы және кешен толық люкстелгенін мақтанышпен айта аламыз. Осынау салтанаты жарасқан зәулім кешеннің бүгіндері заңды иесі-директоры Мейрамхан Бостанқызы. Кешен 2000 жылы заңды тіркеуден өтіп жұмысын жүргізе бастаған.



Неке қию салтанатынан нейінгі сәт. Ортада: күйеу жігіт Асқар Садықұлы. зайыбы Мейрамхан Бостанқызы. 29сәуір 1989ж. Теміртау қаласы. Неке сарайы

Еліміз бойынша ҚР-ның азаматтары алға қойған мақсаты мен ұмтылысына сүйене отырып қол жеткізген кәсіптік шаруасын еркін меңгеріп соған иелік етуіне заң жүзінде толық ерік берілген. Республикамыздың тәуелсіздігі мен егеменді жылдарындағы әлеуметтік өзгерістер еліміздегі қоғамдық өмірді өзгертуімен қатар отандастарымыздың рухани жан дүниесіне де айтарлықтай оң өзгерістер әкеліп жатыр. Бүгінгі таңдағы кәсіпкер азаматтарымыздың ұмтылыстары осыған дәлел. Солардың қатарын Асқар мен Мейрамхан толықтырып отыр. Халықаралық, Республикалық, аймақтық, кәсіптік. отбасылық мерекелік той думандар, іс шаралар әр уақытта осы Бота мейрамханасында аталып өтеді. Ас беру, құрбандық шалу, неке тойы, туған күнін белгілеу, жаңа жылдық шырша тойларының рәсімдері де жалғасып жатады. Жыл он екі ай, төрт мезгілдің қай кезінде де Мейрамхан және оның қол астындағы қызметтестері келуші қонақтарды жылы шырайлы қабылдап көңілдерінен шығып қызмет жасаудан жалыққан емес.

Қаламыздағы ҰОС-ның ардагерлері, металлург қариялар, әжелер, арда ақсақалдар әр мереке сайын «Бота»-да бас қосуды әдетке айналдырған. Осынау аға буын өкілдерінің жүріп өткен жолы. қолдарымен тұрғызып кемеліне келтірген көрікті қаласы осы тұлғалардың атымен аталып болашақ жастарға сыйлаған керемет тартуы және майталман ағаларымыздың қасиетті де құтты мекені. Құтты мекеннің иелері ағаларымыздың «Бота» кешенінде 2010 жылы қазан айының 1-і күні атап өткен «Қарттар нүні»-не арналған салтанатты мерекелік сәтін дәлел ретінде оқырман қауымға ұсына кетейін. Мерекелік дастархан үстінде бірінші болып сөз кезегін алған ардагер металлург, ақсақалдар алқасының мүшесі.

Раев Серіқалы қажы:

Бүгінгі мүбәрак аталған қасиетті күні, кәсіпкер баурым Асқар мен Мейрамхан екеуінің салтанатты мерекелік дастарханына шақырылып отырған қонақтар. жәнede құрметті Теміртаулықтар! Әуелі Алланы нәсіп етіп баршамыз соған тәубе дейік. Бүгін қаламыздың 65 жылдығы, қарттар күні екі

мерекені қатар тойлап жатырмыз. Бұл қызықты күндерді көрген де көрмеген де бар. Соған шүкір етейік. Біле білсеңдер қаламызда көптеген үлкен өзгерістер болып жатыр. Атап айтар болсам: мұсылман қауымға арналған қасиетті жаңа "Мешіт ордасы» бой көтеріп тұсауы кесілді. Болашақ жас ұрпақтар дәуіріне сый ретінде «Неке сарайы» ашылды. Бұл жас буын ұрпақтарымыздың болашағына батасын беретін қасиетті орын. Мерекемізге тікелей қатысуға келген президентіміз осы неке сарайында болып, алғашқы үйленген жастарға өзінің ақ батасын беріп кетті. Қадірлі қарттарым! Мерекеміз құтты болсын! Жастарымыз тура жолда жүріп өмір сүруге нәсіп етсін! Жомарттықтың үлгісін көрсетіп, көріге де жасқа да қайырым қолын созған Асқар мен Мейрамхан екеуі талай биіктен көрінсін! Алла екеуіңнің ниеттеріңді әрдайым қабыл етсін! Әмин!

Юрий Жулин. Қала әкімінің орынбасары:

Мен Асқар Сәрсекенов, Мейрамхан Бостанқызы екеуіңіздің өткізіп отырған кездесулеріңіз қазақтың ұлттық салт дәстүріне сәйкестіріп жасап отыратындарыңызға қуаныштымын. Сіздермен қаланың тамаша мерекелері қарсаңында кездесіп, жүздесіп отырмын. Қарттар біздің байлығымыз. Бәріміз сіздер секілді қарттардан тәрбие алдық. Ата-аналарымыз, әжелеріміз тәрбиелеп өсірді. Жастар қарттардан үлгі алып өседі. Сондықтан қарттар күнін атап өтудің біздер үшін маңызы өте зор. Бұл сіздерге көрсетілген үлкен құрмет. Бақытты болыңыздар! Рахмет!

Ілияс Баймұрзаев. Қалалық ақсақалдар алқасының төрағасы:

Біз талай тойды бастан өткіздік. Қаламызды танылмастай етіп көркейттік ол шындық. Осындай мерекелік сәттерді атап өтетің күндерінің орайын келтіріп Асқар мен Мейрамхан унемі мерекелік дастарханын жайып бізді пшқыруды дәстүрге айналдырып бізді ортаға тартып келеді. Алғысымыз шексіз. Біз бірлік астына топтасуымыз және бұл жағын есте ұстауымыз қажет.

Ықыластық лебіздер жалғасып жатты. Ардагер металлург, Социалистік Еңбек Ері Арғын Жүнісов , қалалық

ардагерлер кеңесінің төрайымы Нина Вахитова, ардагер металлург Иманбаев Олжабай, Тулеубаев Ермек Ибрагимович, Абленов Асылхан қажы, Қазбек Амандықов, Бондаренко Тамара алғыстарын айтып ризашылықтарын жеткізді.



Меркелік лебіздер айтылды



***Ақсақалдар «Теміртау жастары»
әнін шырқап тұрған сәті***

«Бота» кешенді мейрамханасы өз қаражат есебінен өтпелі жылдардан бері қалыптастырып дәстүрлі игі іске айналдырған іс шараларының бірі, қаламыздағы әлеуметтік жағдайы төмен, тұрмыс ахуалы нашар көп балалы, мұқтаждықтың күйін кешкен 20 отбасына ай сайын қайырымдылық көмек ретінде, әр отбасына 1,5-2,0 теңге шамасында қаражат жұмсап азық түлік үлестіреді. Қуанышқа кенелген отбасылық тұрғындары жаны жомарт «Бота»-лықтарға әрдайым шын жүректен алғыстарын білдіріп тұрады. Жақсы сөз жанға жайлы тиеді. Ал мол несібе ынтымақты ырыстың көзіне айналдыратыны да бар.

Біздің кейіпкерлеріміздің отандық теле-арналардан сөйлеген лебіздерін тыңдап, газет баспалардың бетінде жарияланған мәтіндерін де оқып танысып риза болып жатамыз. Мейрамхан Бостанқызы көкірғінің түбіндегі жатқан жүрекке жайлы шынайы лебіздерімен бізбен де ашық жарқын сойлесіп бөлісіп тұрады. Директор ханымның талғамынан орын алып, тарихи парақтың бетіне ауысатын көрнекті көз қарасының сипатын сол қалпында жазба түрде оқырман қауымға ұсынуға әбден болады. Және соған өте лайық, Ханымның әңгімесі былай өрбиді.



Асқар Садықұлы зайыбы Мейрамхан Бостанқызы

Отағасы кәсіпкер жан. Осы кәсіпкерлікке отағасымның көмегі арқылы қол жеткіздім. Ең маңыздысы тәуелсіз еліміздің халқына жасап отырған саяси және экономикалық бағыт бағдарының стратегиялық жоспарының нәтижесі деп білемін. Мемлекетіміздің жаңару өркеніне кәсіпкерлер міндетті түрде үлесін қосуға тиіс. Бұл түптің түбінде екі жаққа да пайдасы зор. Кәсіпкерлер табысқа кеңеліп Еліміз «Отыздыққа» көтеріліп жатса мақсатымыздың орындалғаны сол емеспе? Ләйім бұл арманымызға Алла Тағала күш қуат берсе екен деп тілейміз.

Мен жұбайымның адамгершілік қағидасын берік ұстайтынына тәнті боламын. Өте қарапайым жан, мінезі жайсан жазирадай кең, жүрегі жұмсақ кішіпейіл, бөтегеден биік жусаннан да аласа, иә- өзін содан да төмен ұстайды. Осы мінезі отбасымызға түгелдей дарыған. Бір ұл, екі қыз дүниеге әкелдім. Балаларымның мінез құлқы тура әкесіне ұқсаған. Менің арманым ана болып жаралған соң осылардың қызығына батып, болашағы бақытты болуын тілеу. Жәнеде жұбайыма сүйеу болып әрқайсымыздың басқарып отырған игі істеріміздің өрісін кеңітіп дамудың биік сән салтанатын көру. Халқымыздың көңілінен шығу болып табылады. Тірлікке селқос қарау ол өміріңнің әлжуаздығының белгісі. Әлжуаздықтың соңы мұқтаждыққа әкеліп тірейді. Сондықтан "Өмір" үшін, өмірің арқалатқан «Тағдырың» үшін күресу керек. Өмір ол Тағдыр! Тағдыр арпалысып өтетін Өмір!

Өмірімдегі сан алуан өтпелі тылсым оқиғаларым құпиясын сақтап жата тұрсын. Сол хиқметтердің бірі таяуда облыс деңгейінде болып өткен әйелдер форумына Теміртаудағы барлық нәзік жанды әйелдер атынан делегат ретінде шақырылып қатыстым. Бұл әрине өте үлкен шара болатын. Баяғы кездегі мемлекет деңгейіндегі ірі жиындардың бірі ғой. Форумның әйел табиғатына берері де айтары да мол. Қысқасы кеудеме медаль тағып марапатталып, қуанышым кеудеме сыймай келдім. Өмірімдегі жемісті еңбегімнің нәтижесі, «Тағдыр»-ыма оралған бір сый құрмет деп білемін. Тағдырыма ризамын. Алла қаласа әлі де сан салалы шаруа күтіп тұрғанын еңсере жатармыз. Оған да сенімім мол!

Мемлекетіміздің бүгінгі таңдағы жүргізіп жатқан саясатына, күнделікті өзгерістеріне қатты көңіл бөлеміз.

Булай болатыны біздің де бағыт бағдарымыз заңнамалық жүйелі істермен тығыз байланысты. Облыстық, қалалық іс шаралардан да ауытқып кетуге болмайды. Қандай іспен шұғылдансаң да заңнан аттап өтпейсің. Ал ісің әділ болса заң бізді қорғайды

Жанұяңның амандығына да көңіл бөлуге тура келеді. Деніміз сау, денеміз ширақ болса жұмыс қайда қашар дейсің. Қанша жерден мықтылық танытсаңда адам ағзасы әлсірейді екен. Бір жолы дем алуға жанұямызбен Испанияға сапармен барып біраз тынығып келдік. Барға қанағат. Бұған да тәуба.





Испанияда демалған күндерімідің бір мөлтек сәттері

Бабаларының жұртын төсеп қоныс тепкен көне мекенінде дүниеге келіп, сол өңірмен өмір бойы біте қайнасқан киелі шаңырағынан жырақ шығып, ондаған, жүздеген биік моржалары аспан әлеміне буырқана-бұйралана түрлі-түсті түтіні мен жалынын шашқан Теміртаудың бұйрат қойнауына келіп оқуға түсіп, болат балқытып бастау ағызған металлургтердің ортасына сіңісіп кеткені, ару бойжеткен Мейрамханның қара маржаннан теңіз ағызған батыс өлкесінің майлы байлығының элементтік жүйесінен онша бейтаныс емес. Бұл армандаған мамандығы болмаса да айналып келгенде пайдалы көзінің қанаттас болар бір тетігін тауып қаланатын тағдырының белгілі жазмышы болатын. Ойға да онан қалса қырға да шапқылап қызыл табан болып жүгірмеді. Ойдан опырылып, санадан сарсып қалмады. Тағдыры бейімдеген тәуекелінің тәкаппар жолына арманының үкілі үміті нәзік талабын төсеп, мақсатының тізгінін ұстады. Құдай қосқан жары екеуі әлеуметтік және рухани саланың көптеген тетігін қатар алып жүрді. Қараша халқының қамы үшін игі істің жолында келеді. Бұлардың қайырым шапағаты бір реткімен ғана ешқашан шектелмеген. Және. Уа ағайын! Сен әлсін-әлсін келе бердің - ау деп кейіс танытпады. Олай демейтіні, кімнің қандай жағдайда екенін толық зерделеген. Қамқорындағылары қайырым шапағаттан соң айран-асыр

қуанып қайтады. Бұлар да марқайып қалады. Игі шаралардың нәтижесі әр ай, әр жыл, әр межелі уақыт ағымы сайын көрініп тұратынын байқаймыз да тілге тиек етеміз. Алла Тағала бергісі келіп тұрса сүйген құлына мол ырысты. «Сен кімнің ұлысың? Ал айналдым, сен кімнің қызысың? - деп сұрап тұрмасы анық. Сүттің дәмін бұзаудан сұра Оның қарны тоқ болғасын мақтанышқа бөленіп жүреді. Өйткені енесінің оған арнайтын ырызығы мол. Мақтауын жеткізе білсек мақтаны да мамыққа теңеуге болады. Мейрамханның мәрттігі мен алақаны ашық жомарттығы жайында шырайлап ширата өріп, шым-шымдап тербеген жазба жолдарымның желеуін міне осылай төседім. Ұзын сөз тарихқа жарасады. Ендеше жарасымды тарихтың бүгіп жатқан тағы бір құпиясынан сыр шертеміз.

1988 жылдың қаңтар айы. Кей жылдары орталық өңірдің қыс айлары тым қатаң келетіні соншалық Теміртаудың ақ мылтық бұрқасыны аянып қалмады. Әлсін - әлсін бағытын өзгертіп боратып тұрды. Қыстың қытымырынан қорғалап тіршілік көзі тоқтап қалмасы анық Әр саладағы іс қимылдар баяу жүріп жатты. Табиғат қалай өзгерсе адам да солай бойын үйретіп төзе біледі. Бес тәулік белі бүгіліп қызметте болса екі тәулік бой жазып демалып еркіндіктің рахатына батады. Ал жастар үшін бұл уақыт өте қымбат. Боз жігіт пен бойжеткен қыздардың қызық қуанышқа бөленіп ұшқыр қиял аңсаған армандарының шарықтаған сәттеріне қол жеткізетін

сағатпен санаулы мерзімдер. Осындай күндердің бірінде Асқар жерлес сырласы Бөгенбай Мейірханды қасына ертіп би кешіне барады. Құлақтан кіріп бойды алған әуеннің ырғағына баурап, бәйшешектей құлпырып, көбелектей шыр айналып бақыт құшағында билеп жүрген жастардың жүзінде күлкі, кезінде нұр ойнайды. Солардың ортасында бүрмепі ақ көйлекті, қыпша бел, аққұба өңді бойшаңдау, бұрымды қыз құрбыларының артында ұяң мінезін жасырғысы келгендей ықтаңқырап тұрғанын бірден көзі шалған Асқар, не екені белгісіз жайбарақат жүретін сезімін бір ұшқын шалып өткендей, әлгі арудан екі көзін алмай бір сәт сілейіп тұрып қалды Бөгенбай да үйрекке төнер түйғындай жан жағына көз

тастап қалай барып кімді ілерін болжаумен тұр еді. Кенет есін жинап батыл қимылға көшкен Асқар:

-Бөгенбай! Мені тыңда! Сен анау тұрған ақ көйлек киген бұрымдыны көрдің бе?

-Қайсы? Әә. Анау қыздың артында тұрған ғой?

-Иә. Сол. Білесің бе? Мынау менің қызым болады!

-Қойшы ей? Бір көргеннен бе? Сене алар емеспін.

-Солай досым. Жүрегімнің түйсігі осы қызды таңдады. Уәде етемін! Көрде тұр!

-Уа досым! Ендеше іске сәт! Жолың болсын. Барсайшы. Шақыр биге!

-Жақсы. Мен барайын. Сен де өзіңе абай бол тұйғыным! Би кешінде жалынды жастардың ортасында бәсекелес пен қызғаныш, танысу мен табысу, қағысу мен жарасу бәрі бәрі болып тұратыны белгілі. Әуен ырғағы басталысымен Асқар асыға басып қыздың дәл алдына келіп тұра қалып оң қолын ілгері созып:

-Бикеш сізді биге шақырамын деп әдеппен үн қатты. Бағанадан билеп жүргендерді тасадан қарап қызықтап тұрған бикеш ұяңдығын білдірмеуге тырысып сызылып шығып жігіттің иығы мен алақанына қолын қойып құшағына батып бара жатқанын өзі де сезбей қалды.

Екі жастың ыстық демі бірін бірі шарпып, тулаған жүректері сәл тығылғандай сезіліп барып саябырсыды. Қай қайсысына бір істің болайын деп тұрғанын біреу құлағына сыбырлап қойғандай іштей тыңдаумен әдеп сақтап бойларын ұстаумен болды. Әлгінде ғана ант етіп алға шыққан Асқар бойын ширақ ұстап:

-Қарындас аты жөнің кім болады?

-Мейрамхан Бостанова. ВТУЗ - де студентпін. Ал сіз кім боласыз Ағасы?

-Менің атым Асқар. Жалын кооперативте қызмет етемін. Өзің нешінші курста оқисың? Қай ауылдан келіп едің?

-Ту! Ағай, Іші баурыма кіріп барасыз ғой өзі! Бәрін білуге сізге қажеті барма еді?

-Қарындас-ау болғанда қандай? Менен қауіпсініп қалдың ба?

-Қыз балаға не нәрсе де амырақ қой аға! Сырын білмеген аттың сыртынан жүрме демей ме? Жарайды. Жүзіңіз жылы

мінезіңіз жұмсақ азаматқа ұқсайсыз деп сәл күлімсіреп көзінің қиығымен Асқардың жүзін бір шолып өтті де көзіне тіке қарап:

-Батыстағы баурайлы Сырдың бойынан келдім. Ауылым одан да шалғай. Іздегенім оқу. Таңдаған маманым-инженер құрылысшы. Бірінші курсты еңсеріп келемін. Ал сізше?

-Жер жәннаты Жетісу, аялы өлке Аякөздің азаматымын. Менде өзіңдей ата анадан жырақ, ағайын туыстан ұзақ, солардың қамын ойлап, екі қолға еңбек, бірлік пен тірлік іздеп шығып осы қаладан қайнар көзін тауып тұрып жатқан жайымыз бар.

-Ә, солай деңіз. Дұрыс жасаған екенсіз.

-Мира! Бірінші рет би алаңында кездесіп танысып жатырмыз. Бос уақытымызда кездесіп тұрсақ қалай қарайсың?

-Мм, Білмеймін! Танымайтын адаммен неге кездесуім керек?

-Жүрегім солай үн қатты. Етене жақын танысып білісейік!

-Ой, Ағай! Сабақ ауыр, емтихан да таяп қалды. Ел көзіне түсіп қалсақ не болмақ?

-Сенімге селкеу түсірмессің деп ойлаймын. Кездесуге шығып тұрарсың?

Қыз ойланып қалды. Сеніміне кіргенше алда әлі талай күн сыналуыма тура келері анық. Менде Миранштың алдында емтиханнан өтуіме тура келгендей. Кеш ұзаққа созылды.

Әңгімелері жарасқан жастар биден шықты. Бикешті жатақханасына жеткізіп салған соң Асқар оған тағы бір мәрте қиыла үн қатып осылай кездесіп тұруға өтінішін жеткізіп үйіне беттеді.

Атқан оқтай екі ай өте шықты. Адам баласы танысқанша, жыпқы малы кісінескенше дегендей екі жас бір біріне бауыр басқаны соншалық кездесуі достыққа, достығы махаббатқа ұласып көңілмен көңіл, жүрек пен жүрек тіл табысып нағыз ғашықтар болып шыға келді.

Оқу жылы аяқталып, Мира бірінші курсті үздік тәмамдап қуанышқа толы шаттық көңілмен шығарып салды. Ғашықтар арасында талай сыр шертіліп талай құпияның беті ашылды.

Студент өмірдің өтпелі кезеңі қызыққа толы болғанымен шырмауы көп белестер жетіп артылады. Сол сәттері Миранштың үнемі қасынан табылып қамқорына бөлеген

Асқарға бауыр басқаны соншалық, тұрып жатқан жатақханасы да жат бола бастағанын сезімтал жүрегі сезіп дамыл бермей сыбырлай бастады. Ойды ой сананы сана шақырып тұрғандай күй кешкен Асқар реті келген бір тұста:

-Мира! Саған, өзімді мазалап жүрген бір ұсынысымды айтайын деп едім. Қанша жерден оқталсам да батылдығымды маза басып созбалай берді. Ренжімейтін шығарсың, бұл тілегімді қабыл аларсың деп кәміл сенемін.

-Ол қандай ұсыныс болды екен? - деп сәл кібірттік ой санасын шарпып өткен бойжеткен Асқардың көзіне көзін қадап аңтарыла қарап тұрып:

-Иә, Тыңдап тұрмын. Айтсайшы енді бол? - деп емірене еркелей тіл қатты.

Терең демалып шапағатына сүйенген Асқар қыздың екі қолын алып кеудесіне басып жүрегінің лүпілінен қуат алғандай:

-Мира! Маған тұрмысқа шығасың ба? Өзінің ұнатып сүйген жігітінен бұл сөзді есту, арулар үшін аспанның жиегінен қалықтап ұшып келіп айдын шалқар көлге қонған қос аққу мен парапар емес пе. Күтпеген жерден тосын ұсыныс естіген қыз толқуын жасыра алмай, самалға басы иілген раушан гүліндей Асқардың кеудесіне басын сүйеп біраз тұрды да сәлден соң:

-Иә. Қабылдаймын. Мен де сені сүйем - деп үн қатты. Жанарына жас іркілді. Жүрегі аттай тулады. Мен не айтып қойдым дегендей қорқыныш та билегендей болды да іле шала ол да ғайып болды. Кеудесіне бетін баса түсіп жігітінің нұрына балқып тұрғаны соншалық жүзіне қараудан ұялғандай сыңайы сезіліп тұрды. Ғашықтар үшін алғашқы ең бақытты сәттері осы еді.

Алматы да

Жазғы демалыс басталып студенттер бір біріне жол болсын айтып ауылдан келгені ауылға, облыстардан келгені де өз бағыттарына кетіп жатты. Менің екі кейіпкерімнің бағыты Алматы арқылы Жетісудың орталық ауданы Аякөз қаласына ат басын бұрды. Олай болатыны Асқар көп уақыттан бері қара шаңырақтан жырақта болып ата анасын сағынып бір барып көрініп қуантқысы келсе, екінші жағынан сүйікті жарын

ата-анасына таныстырып солардың ақ батасын алу, бас құрап неке қидырып, той жасап шаңырақ көтеру арманын іске асыру еді. Арманының ақ құсы алып ұшқан екі жас жол сапарға тас түйін дайындалып Қарағандыдан отарбаға мініп Алматы бағытына жүріп те кетті.

Ақ сүлдесі алтынға ұқсаған айбыны алыстан аңғарылған Алатаудың баурайында арайланып балбырап жатқан Алматы. әр адамға үйек-астана болғаны қашан. Даңқты бабаларымыз жанға-жан, қанға-қан алысып та берісіп те жүріп шапқыншы дұшпандардан қорғап қалған жұмақтан кейінгі жәннаттай мекен. Әлемдегі небір заңғар таулардың дараланған төресі, аспан мен тірескен Тянь-Шаньның солтүстік қанатын жастана жатқан сан мыңдаған шоқылықыратты, қыста қалыңдап жазда мұрты жібімейтін мұзды мұзарт шыңмен арқа жонын оранған. Тәңірімнің серкесі, дүйім елдің еркесі сері Алатау да Алматының ұйық бесігі, Алматының тарихын аңсағандар айдың, көксегендер күннің

бетінен іздеуге тура келеді. Бірақ менің білгенімдей қазақтан басқа бөгделерге ешқандай жол жоқ. Себебі бұл мекен тек *қана* қазақ ұлтына. бабаларымыздың жалғасы және болашақ ұрпақтарына ғана тиесілі.

Сонау бір өткен тарихнама жылдары Ресейлік өкіл, Орынборды билеп төстегендердің қатарынан орын алып, бір дәуірдің әйгілісі аталған генерал губернатор Госфорд, гүлдің басын сорған арадай қазақтың кең даласына қызыға көз тастап, әр өлкеге атаулар лақтырып тұрған бір кездері

Алатаудың теріскей бетіне де үңіліпті. Үңілгені былай тұрсын сол өңірдегі қоныс құрған елді мекенді қызының атымен атауды ұйғарыпты. Еркелігі ерекшеленген қызы Вера - ның атымен Верина деп бастапқыда айдарланған қала 1867 жылы патша ағзамның қалауы бойынша Верный деп өзертіліп, (1927 ж 30 майда Алматы статусына ие болғанға дейін) аталып кете барды.



Алматы мен алманы адамзат баласына Алланың берген несібесі

Алматы бүгінгі таңда Қазақстанның мәдени, тарихи және қаржы - экономикалық ірі және басты орталығы. Халқы әр түрлі этнолықтардан құралған. Алматы 1997 жылға дейін Қазақстанның астанасы аталып келді. Ақмолаға ауа көшкен күннен бастап бейресми түрде ҚР - ның «Оңтүстік астанасы» - деп атала бастады. Алматының аумағын арайландырып алма бақтары қоршап тұрғандықтан, алма қаланың бір көрікті белгісі болып есептеледі, Әсіресе Орыс ұлты алма сөзін өз тіліне аударып «Яблонежье» - деп айтуға өте құштар.

Кіші бесін кезінде Алматыға жеткен отарба жолаушыларын қалаған жеріне жеткізіп тоқтады. Аякөз бағытына қатынайтын поездың кестесі намазшам уақытына белгіленіпті. Оған дейін әжептәуір уақыт аялдау керек. Біздің кейіпкер екі жас бас қатырып жатпады. Қаланы аралап

қыдырып, тамашалауға көшеге шықты. Ағылып жатқан көлік, сусылдаған адамдар, гүрілге қосылған шуылдар, жол бойы толған сауда, бір күндік нәпақа бес күндік пәнидің рахатты тірлігі бақытты өмірі үшін жан аямай күресіп жатқан халық.

Нық - нығарлай басып кең көшелерінде жүргенінің өзі бір ғанибетке ұқсайды. Аумақта орналасқан сан түрлі бақтар мен бау-бақшалар, саябақтар мен бульварларды аралап жүріп өту мүмкін емес. Қаланың шеткі шатқалы 1700 метр биікте орналасқан Медеу және Шымбұлақ тау шаңғысы орталығына да барып қайтқың келеді. Бірақ уақыт шіркін тығыз. Әсем қаланың әр қилы көрінісіне маужырап келе жатқан бір кездері көшенің қалтарысынан, өңі қап қара, көздері алайған, тістері ақшиып еріндері дорбиып кеткен екі адам шыға келіп өзіне қарай таяп қалғанын байқап қалған Мейрамхан түсі қашып шошынғаны соншалық:

-Асқар! Ананы қарашы. Бұл не пәле? - деп артына тығыла берді. Расында да түр сипаты адамнан бөлек жаратылғандай әлгі екеуі бұлардың қасына келді. Олар да жолаушы. Қызық көзін іздеп алыс шалғайдан келген меймандар.

-Мира қорықпа! Бұл Негрлер ғой. Қара нәсілділер деп атайды бұларды. Саяхатшылар ғой. Қарашы, өз жөнімен кетіп барады.

-Көңілі сонда ғана орнына түсіп қорқынышы сейілген Мейрамхан, Асқардың белінен құшақтап жабыса түсіп анда санда артына бір қарап қойып алыстай берді.

Қыдырып жүрген ғашықтар қызыққа батқаны соншалық көшеден көше қоймай басып өткісі келеді. Жол бойында жарыса өсіп самғай биіктеген шынар ағаштар қос жұбайға сәлем салғандай басын иіп, жапырақтары сыбырлап, «Бізден алыстап кетпеңдерші» дегендей жайқалады. Міне солай сұлу табиғат жарасымды жұптарды өзіне осылай тартады-ай келіп. Өйткені осындай бір сәттік уақытыңды көңілді демалып өткізуге тамаша табиғат пен ауа райы да өз үлесімен қуантатыны қандай рахат.

Аякөз де

Садық ақсақалдың ордасында абыр - сабыр басталған. Жанұядан ұшқан түлектер түгелдей жиналыпты. Бәрінің де жүздері жайдары жарқылдап, жарасымды ортаны қуанышқа бөлепті. Анасы бар адамдар қартаймайды, әкесі бар адамдар ортаймайды. Ал бұл орта осы теңеу тәмсілге әбден лайық тын. Ата ананың арманы таусыла ма? Ана өзіне емес өзегін жарып шыққан ұрпақтары үшін Алладан арқау пайғамбардан (с.ғ.с.) қолдау тілеп, ащы терін аямай төгіп, тыным таппай еңбек етіп, болса екен бір жақсылықтың нышаны деп жүргенде, көктен түсті көктен түссе де төрге түсті дегендей Алла Тағаланың жіберген кереметтей бір «Белгісі» табалдырық аттап ордасын нұрға бөлеп тастады. Ол Сыр сұлуы ару бегім Мейрамхан еді.

-Аякөз көшесінде кездесіп қалған ағайындар аман сәлем сұрасқан соң:

-«Сүйінші»! Садықтың үйі келін түсіріпті.

-Оу, ағайын! Не дедің? Келін түсіпті дейсің бе?

-Иә. Әлгі өзіміздің Асқар бар емес пе, сол үйленіп жатыр дейді.

-Бәрекелді! Жары құтты болсын. Оу, ендеше ағайындар, Садекеңе барып келін құтты болсын айтайық! Алысымыз емес, аталас ағайындар емеспіз бе? Қынтай бидің төрт арысы Қаракерей, Садыр, Матай, Дөртуіл күні бүгінге дейін бір төбенің басында жұптарын жазбай төрт тайпа ел болып өсіп өрбіп келдік емес пе? Ендеше Садықтың қуанышы да біздің қуанышымыз. Асқар өз баламыз ғой. Әйда, тарт Садекеңнің үйіне қарай! - деп бірінен бірі естіген ағайындар ағылып келіп жатты думанның үстіне.

Ат жалын тартып мінген баласы ержетіп есейіп қолғанаты болған шағын күткен ата ана ұлын ұяға қондырып, шаңыраққа келін түсіру өмірінің ең бақытты және ең маңызды сәті болып есептеледі. Олай болуының себебі бар. Өйткені ұл өсірген ата-ана босаға аттайтын болашақ келіні қандай жан екеніне қобалжулы күй кешетіні айдан анық. Ал ана тағдырына келер болсақ: «Ананың мейірімі жайылып жатқан

жазирадай жайсаң, дариядай тұнық, мұхиттай кең , махаббаты шексіз аялы жан. Ана күндіз - күн, түнде - шырақ. Онсыз отбасы он тарапқа бөлініп кетуі ғажап емес». Қанатты жануар құс екеш құс та салған ұясын тап таза ұстайды. Ал ана болса ұялы ордасы былай тұрсын ұрпақ жұрағатын тазалақтың тәрбиесіне баулиды.

Ажарлы ана Фатиха Аққұлқызы ордалы отбасының алтын босағасын аттап кірген ару келінін маңдайынан сүйіп қуанышын жеткізіп құшағына қысып қолындағы ақ орамалын келіннің басына жауып батасын берді. Сабақтастығы сан жылдардан бері жалғасып келе жатқан салиқалы салтымыз болып қалыптасқан «Келіннің басына орамал жабу» бұл тегін іс емес. «Ақ жаулық» келіннің бұдан кейінгі өмірінің, яғни жаңа өмірге бірге аяқ басқан жұбайы мен қатар алып жүретін өмірдегі тағлымды серігіне айналсын деген қасиетті ұғымды меңзейді. Жалпы басқа орамал тағу тәрбиелік пен қазақи мәдениетінің берік ұстанымы болып есептеледі. Иә. Сол себепті «Келін ақ жаулығы» - мен шаңырақтағы қасиетті де сүйкімді адамының бірі болмақ.

Келін түскен үйдің өрісі кеңиді дегендей Садық ақсақалдың шаңырағындағы думан біраз күнге созылды. Қаншама жанды қуантып, соншама жүректі тулатып, шұрқырасып топтасқан туысқандар ең соңында екі жастың шынайы махаббатына көзі жетіп көңілдері орныққан соң кезегі күткен келесі істің шешіміне тоқталды.

-Екі жастың үйлену салтанаты Теміртау қаласында. "Жастар неке сарайында" неке қию рәсімі аталып өткізілетін болды.

Үйлену той - думаны ВТУЗ - дың студенттер асханасында, 1989 жылы «29» Сәуір - Көкек айы деп белгіленді.

Екі тараптан бас қосатын құдалар мен жекжаттар республиканың шығысы мен батыс аумақтарынан келетінін ескере отырып орталығы Теміртау қаласы болсын деген ұйғарым жасалды.

Отау үй, келіннің оқу - жылдары аяқталғанша Теміртауда тұруы абзал десті

Кішкентай ғана балалық мүшелдің бал дәуренін еңсеріп жүрген кезімізде «Тезірек үлкейіп азамат болсақ екенбіз» -

деп армандаушы едік. Ал есейіп алған соң, ешқандай уайымсыз, мұңсыз ойнап шапқылап жүретін сол балалық шақты армандай қаламыз. Көк дөненнен де жүйрік көңіл - ай десейші. Екі жастың жетектен сусып шыққан жүйрік көңілді махаббатының самалы Теміртауға алып ұшты.

Әр жылнаманың өзіндік бір келбеті болады. 1980-1990 жылдары аралығында Кеңес Одағының басқару жүйесінде біршама өзгерістер, ауыс түйістер белең алып тәртіптік жүйелер қатайып, қузырлы органдардың бақылауы күшейтіліп, ұлт аралық саяси көзқарастар бөлше-жарыла бастаған кез еді. Кеңестік орталықтан шыққан әр салалық шешімдерді автономиялық өлкелер бұлжытпай орындауға міндетті. Бұл шаралар өте-мөте 1988 - 1989 жылдары Қазақстан аумағында жалпалам іске асып тұрған кезі болатын.

Садық ақсақалдың ордасында бекітілген «Аякөз» шешімі осы жылдарға тұспа тұс келді. Заманның түлкі айласына баса берсе тазыға ұқсап шалуға әрекет етуіңе тура келеді. Бұндай мәжбүрлік жалпы халықтың жан дүниесімен байланысты болған.

Келісіп пішкен тон келте тігілмес. Келте тонды жамылып көптің көзіне түспеген жөн. Шалқар бел шалғайдан, Сарыарқа сай саладан жиналған ағайын туыстар Теміртауда бас қосты. Басты мәселе алдағы болатын тойдың қамы - дайындығы, атап өтуі туралы келесі пікір тұшымды ойларын ортаға салды. Бұрын шыққан құлақтан соңғы өскен мүйіз артық дегендей осы қалаға келгелі бері әжептәуір бет - бедел жинап танымал бола бастаған Асқар салтанатты той - мерекесіне қатысты біршама істерді тындырып әзірлікті тып - тинақы етіп қойғанына ағайын туғандары разы болды.

-Ағымдағы осы жылдары іске асыруға келтірген жүйелі іс шараның бірі алкогольдік ішімдікке қарсы айрықша тәртіп орнатылған тын. Дегенмен мерекелік шараларға қатысты сол шараның иесіне бес ящик арақ берілуге рұқсат етілетін. Бұл еркіндікке Асқар да қол жеткізіп бес ящик сыбағасын қоржынына тоғытты. Тойдың басқадай әзірлігі сақадай сай орнына қойылды.

-Той болатынынан үш күн бұрын қалалық құқық қорғау мекемесінің арнайы өкілі Асқарды кеңсесіне шақырды. Өңгіменің басталуы мен аяқталуы былай болған. Өкіл мырза тамағын қернеп, маңғаздау кейіппен Асқарға тесіле қарап:

-Інішек! Сізге заңның шеңберінде айтып ескертуім:

-Тойды арақсыз өткізетін боласың! Егер заң бұзушылық іс әрекеттері орын алатын болса өз басың мен жауап бересің және менен жақсылық күтпейсің. Қарсылық білдіретін болсаң сотқа дейін жететін іс қозғайтын боламын! Түсінікті ғой, солай ма? Ал енді осының бәріне келісемін деп мына жерге қолыңды қой! - деп алдын. ала әзірлеп жазып қойған алдындағы парақты Асқарға қарай ысырды.

Асқар еш үн шығармастан қол таңбасын қалдырып есікке беттеді. Әләуләй әнім таусылса хәлаулайым бар емеспе жалғастыратын деп ішінен мырс етіп жігеріне сүйеніп бара жатты Асқар.

«29» Сәуір - көкек, 1989 жыл. Мерзімі аталған межелі күн де келіп жетті. Алты алашқа ат шаптырып айбын танытпаса да көңіл жетер жердегі жекжаттарының мәртебесін көтеретін мерейі үстем мереке екі тараптың құрметті қонақтарының еш қайсысының назарынан тыс қалмады. Бесіктегі бөбек, белден бүгілген қариялар, мың жылдық марқасқа дүйім құдалар тобы, қос жұбайдың үзеңгілес дос жарандары, замандастары, сыныптастары, еңбек саласындағы қызметтестері, құдай дескен көршілері, ағайын туысқандарының бірі қалмай мерекелік дастархан басына жайғасыпты. Ас-су, дәм- тұздың алуан түріне көз сүрінеді. Бір ерекшелігі әр дастарханның бел ортасында көрікті шай шайнек арнайы қойылыпты. Бұрын соңды болмаған бұл сипаттың неңдей құпия жасырып келіп тұрғанын ешкім сезген жоқ. Ас арқауы ет тартылып кәделі істер бірінен соң бірі атқарылып, қонақтардың мұрттары майланып, құрсақтары жайланып, асабаның ақ тілектерге жол сілтеуінен кейін ғана даяшы қыздар қарны қампиған әлгіндегі көздің жауын тартқан шайнекті қолға алып сылдыратып құйып сызылып тұрып ұсына бастады қонақтарға. Зәмзәм ба деп қауіп ұрттады қайсы бірі. Ернің батырып сорып тартты біреулері. Шалқайып тұрып көмекейіне құйды тағы біреулер. қышқылына шашалып, енді бірі жетеліп, көзінен жас ытып

кеткендер де байқалып мәз болғаи жамағат, асау сусын арқалап келген шайнекке разы болғаны соншалық той иелерінің тапқырлығына таң қалып, тамсана ұрттап бойы балқып көңілдене түсті.

Шарапсыз тойдың екінші отырысы басталар алдында манағы органның өкілі келе қалмасы барма. Теңсіздігінен сәл ауытқи бастаған қонақтарды көзі шалған ол Асқарға жолығып:

-Байқаймын, адамдар мас бола бастапты. Ішімдікке жол ашып заңның шеңберінен шықтың. Айыбыңды мойында! - деп шүйілді.

-Өкіл мырза! Даяшыларым қонақтарға арақ құйып ұсынып жатқанын көрдіңіз бе? Немесе мен өзім аралап арақ құйып жүрсем оны да байқадыңыз ба?

-Өкіл үн қатпады. Көрмеген, байқамаған соң не десін. Мен жалғастырып:

-Тойда арақ шарап құйылмайтынын халық жақсы біледі. Сондықтан олардың қайсы бірі бізден жасырып, қойын қоншына тығып әкеліп байқатпай ішкен болар. Олай болған жағдайда менің қандай кінәм бар?

Ол тығырыққа тіреліп біраз қипақтап тұрды да ләм деместен кері бұрылып шығып кетті. Құдайға шүкір мерекелік шара дау - дамайсыз, ың - шыңсыз өз деңгейінде өте шықты.

Қырық күн шілденің ми қайнатқан ыстығын Сыр бойының самалы бірде есіп айдап тәстаса бірде өзі де қоса жанып тұрғандай бетті шарпып тынып тұр. Батысқа бағыты ауған сайын табиғаттың осынау өзгерістері өлкеліктерге әбден таныс. Жалағаш ауылына бет алған Асқардың қайыншылау Мейрамханның төркіндеу сапары осы шілде айына тұспа тұс келіп еді. Бұл өмір таулы өлкедей жатқан қия, қыз балаға өз төркіні ұшқан ұя дегендей сол баяғы жұрт төсеген орнында тапжылмай отырған қараша үйіне талып жетті ау әйтеуір талдырмаш қызы. Бұл жолы жалғыз емес жанына жан жарын ала келді Мейрамхан. Міне күйеу жігіт есік көрді. Киелі шаңырақ екенін сезіп кірді. Шашу шашып тұр енесі, көкке жеткендей төбесі. Сағындырған қос жұбай, сарыла күткен еркесі. Бетінен өбіп құшақтап, қуанған ана қалбақтап, қарсы

алды екі баласын әр қайсысына қарап жалтақтап бетінен өбіп айналасы.

Тірегі болған ағасы, тете өскен екі әпкесі, «Айнала бұлақ басы тең» айналайын бауырлар «Сен екеуің жарастың бір біріңе болып тең» - деп мейірімін төгіп егілді, аузынан шыққан тәлім сөз маржандай болып төгілді. Туыстар жетті еңтігіп күйеу жігіт келіпті деген соң, ағайындар да асықты қалмасын деп өкпе мұң, көршілер де қалсын ба жарыса жетті асыға. Міне солай Жалағаштағы бір ордаға жиналды кәрі мен жасы да.

Қайыншылап келген күйеу жігіттің басынан өтетін қазақ салт дәстүрдің қызығы мол шұжығы ащы оқиғалары жетіп артылады. Бұл дәстүр сонау өткен ғасырдың еншісінде қалып қойғаны қазіргі жастардың тыныс алып еркін шаттық көз қарастармен өткізуіне заманауи салттан тыс жол жоралар себепші болуда. Дамыған өркен жаңарған ғасыр жаңа мизам орын алуда. Бұл мизамға жаста кәрі де бас идік.

Думанды үйдегі қонақ кәделер аяқталып шуылдасып тарқасты. Аз кем күн аялдаған соң күйеу жігіт пен қыз қайтуға жинала бастады. Барша ағайындар дастархан үстінде отырған бір сәтте қайын енесі босаған көңіліне еріксіз төңкеріліп отырып, санасын сарқып сансыратып жүрген ойына қоса аналық арманының жетегінде жүрген құпия сырын күйеу баласына ақтарып салды.

Маңдайымызға жазған тағдырдың жазмышы мынау көген көздерімді бағып қағу ауыр жүкті жауыр болсам да арқама арқалап, мойныма жүктеп, ешкімнен кем қор қылмай өсіріп жеткіздім. Кенже қызымды талабына бас ұрып, тең құрбыларының қатарынан қалтырмай оқытып, жоғары білім болсын деп Алладан пәрмен тілеп ит арқа қиядағы Теміртауға жіберіп едім. Жат жұртқа жаралса да қыз бала мамандыққа жеткізсе нанын тауып жеп киімі бүтін көңілі кірбіңсіз ортамыздан күндердің күні дәмі жарасқан бағытына шығарып сапарамыз деп армандаушы ем. Бірақ «бұйрығы» осыншама тез бопады деп еш ойламаппын. Тым құрығанда оқуын бітіріп алса БОЛмас па еді? Тұрмыс құрған қыз, қыз қалпында отыра береме? Дүниеге ұрпақ әкеледі. Ана болады. Баланы кім Оятады? Әлгі оқу, маман, білім - диплом қайда қалды? Осыны неге ойламадыңдар? Осылайша ана егіліп еңіреп, сөгіліп -

төгіліп отырып шерін төкті. Жалғасы барға ұқсайды. Мейраш ара түсіп басу айтып анасын сабырға шақырған соң барып анасы ақылға келді. Туысқандардың барлығы түнеріп үнсіз отыр. Тыныштықты бұзып тәуекелдің тұлпарына мінген Асқар байырғы сабаз жайдары жайсаң мінезімен енесіне шырайлы лебіз тастап:

-Ардақты Анажан! Біз Мира екеміз «Бұйрық» - тан оза алмадық. Тағдыр бізді тәуекелге сүйреді. Сіздің қызыңыз үшін армандап келген арманыңызды мен міндетті түрде орындаймын! Өзім оқымасам да Мейрашты оқуын үзбей оқытып дипломын алып беретін болам. Бұл анажан сізге және осы отырған барлықтарыңызға берген уәдем болсын! Еш уайымдамаңыздар! - деп жаны ауырған анаға аяушылығын ашық айтып жеткізген Асқар шын жүректен тебірене үн қатты.

-Асқар. айналайын! Дұрыс айттың. Мәрттігіңе көзіміз жетеді. Қарағым саған сенеміз. Сен де біз үшін уайымдама. Екеуіңе зор денсаулық, шаттық өмір тілейміз! - десті отырған қауым алма кезек лебіз білдіріп. Бірге туғандар бірлесіп қайғырады дегендей бағанадан бері томсырайып отырған барлығының жүзі күрт жұмсарып жылудың лебі жүріп өткендей жанарында жылт тірілді. Шындығы сол жандары жай тапты.

Таңның атысына күннің сәтіне орай қос ғашық ауылдан аттанды. Ұшқан ұя - ұялы өлкесін қимаған қыз артына қарай - қарай, асыл жарының құшағында жылай - жылай кетіп барады. Бұл жылау қиындықтың емес қимастықтың белгісі еді. Бүгінгі қимастық ертеңгі гүлдей жайнап құлпырып шыға келетін өмірі яғни келешектен үміт күтіп сол өмірді сүйе білген адамдарды жетелеп бақытқа жеткізетін сара жол екенін біліп кетіп барады.

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

***Бабаларымыздан қалған саялы
мекен Теміртау***

Сарыарқаның орталық өңірінің жалпағынан жатқан байтақ даласы адыр - адыр, бел - белесті төбелер, аласалау бітімді андыз шоқылар мен ұласады. Және әредікте сұңғыла қыратты биік Жауыр, Әулие таулары да алыстан

мұнартып көзге көрнекті тартатыны тағы бар. Құтты мекеннің көне тарихына үңілер болсақ небір тылсым құпиялардың беті ашылады. Қазақ халқының тағдыры мен байланысты қай өңір - өлке болсын Кеңестік отарлау дәуірі, патша ағзамның билік құрған үстемдік жылдары, тонаушылық пен аштықтың құрығын жұмсаған зұлматты замандары мен тығыз байланысты болғаны тайға таңба басқандай айқын еді. «Шөлі қанбаған қаңғыбас құдық қазады» дегендей озбырлық не істетпеді дейсің оларға. Ресей ақ патшасы екінші Николай және оның төңірегіндегілердің саяси жобасына сүйеніп, 1896 - 1905 жылдар аралығында Ақмола, Торғай. Орал облыстарына келімсектерін көшіріп әкеліп төге бастады. Олар неміс, украин, орыс ұлттарының құрамынан болатын. Оларға Столыпинның 1906 жылғы қарашаның 9 - ы күнгі жарлығы бойынша 15 десятин жер пайдаларына жаратып тірлік етуіне рұқсат етіледі. Үңілмеген өлкесі, шиырламаған ізі осы жерге жетпегендей 1904 жылы Ақмолалық губерниясы 18 жанұяны, 1905 жылы наурыз айында Самар губерниясы 40 жанұяны, Балқаш - Самарканд керуен жолына орналасқан Нұра өзенінің оң жағалауына көшіріп әкеліп жайғастырады. Олар ауыл болып топтасқандықтан Джаур - Брод шағын село деп атайды. Ауыл орнағанға дейінгі Нұраның кең сағасы қазақ ағайындардың малы мен жаны қыстайтын құтты қыстауына жиналған яғни соларға қарасты иелік еткен жері еді. Ал Жауыр тауы деп аталатын себебі: Сонау бір дәуір тұсында ауыз аңызға арқау болған бір батырдың шалғайдан шалдығып жеткен суаты, Нұраның өткеліне келгенде астындағы арғымағы әбден болдырып, арқасын алдырып жауыр болып суат маңында аз - кем күндер ат шалдырыпты. Осы оқиға ел аузында аңыз болып айтылып суаттың тұсындағы биік шоқылы қыратты «Жауыр тауы» деп атап ұрпақтан ұрпаққа жалғасып аталып қалған екен.

Теміртау негізі ата бабаларымыздың әулет ұрпақтарына еншілеп қалдырған киелі жұрты, қасиетті қонысы, мәңгілік мекені болған. Дәуірнаманың өтпелі кезеңі осыдан екі ғасыр жылдар бұрын. Нұраның кең сахарасын Орта Жүз Арғынның

Тетіғұл әулеті мекен еткен құтты қонысы болғанын мақтанш сезіммен айшықтап айта алады. Оның дәлелін тілге тиек ете аламыз

Тетіғұл бабаның шаңырағында Оразбек, Тұрлыбек. Ниязбек атты үш ұл дүние есігін ашады. Құтты шаңыраққа Алланың шапағатымен келген үш ұл ер жетіп үш әулет болып өш өрбиді.

Оразбеитің ауылы.

Тұңғышы Оразбектің қанат жайған ауылы Қарасу көліне иық тіреген Жалғыз - Төбе асуының өңіріне қоныстаныпты. Бұл бүгіндері Самарканд деп аталатын қаланың солтүстігіндегі көлдің сағасы еді. Шаңырақтың «ағасы» аталған Оразбектің ауылы қанатын кеге жайғаны соншалық, бір өзінің жанұясында сегіз ұл. екі қыз дүниеге келіп солардың қанатын қатайтып ұясынан ұшырды. Барлығы жеке ауыл болып бөлек шықты.

Оразбек өз бетімен білімге назар аударып математика және география саласына зейінін шыңдап, араб тілін жетік меңгереді. Сол дәуір тұсында халқы оны «Мұсылманшылыққа шынайы берілген адам» қатарында қадір тұтып құрметтейтін еді. Себебі Мекке - Мединеге екі рет сапар шегіп «Екі рет Қажы» атанған адам. Халқын мұсылман дініне насихаттап, дін оқуына ұрпақтарды бейімдетіп оларды оқытып санасына Ислам дінін сіңірген дін өкілі аталған болатын. Руластарына сыйлы болғаны соншалық көптеген отбасында дүниеге келген балалардың есімін Оразбек деп қойған екен. Бүгінгі таңда Қарғанды қаласы және облыста Оразбектің ұрпақ жұрағаттары тұрмыс кешіп отыр. Теміртау қаласындағы Байсейіт көшесінде Оразбектің әулет сілемдері. шөберелері тұрып жатыр.



Оразбектің әулет жұрағаттары

Тетіғұлдың екінші ұлы Тұрлыбек және оның қанатын жайған әулет жұрағаты, бүгінгі таңдағы қаламыздағы ет комбинаты орналасқан кең алқапқа қоныс теуіп тірліктерін жасап тұрыпты.

Ал Ниязбек және оның әулеті қазіргі Токаревка поселкасы орналасқан өлкені қоныстанып тұрған екен.

1909 жылы Джаур - Брод есімі өзгертіліп Самарканд аталды. 1945 жылы Самарканд қалашығы қала статусына көтеріліп Теміртау қаласы делінген атқа ие болды. Ал бүгіндері 101 ұлттан құралған 180 мыңнан астам тұрғыны бар Теміртау қаласы Республикамыздың ең ірі индустрия орталығы болып қалыптасты.

Жетпіске толған жерлесі мен құрдас Теміртаудың самғау жолындағы қайсы бірін түгендеймін дейсіз. Солтүстігінде Астана оңтүстігінде Қарағанды асырып айтар болсам Қазақстанның қазыналы өлкесі атанған Теміртаудың төсінде Елбасының табанының бедері, ел аузында естен қалмас өнегелі сөздері, еңбек құмар тәжірибесі қалған. Талантты тұлғаның жолын қуған өңірлік жастардың саны күнен күнге арта түсуде.

Қызылордадан оралған соң Асқар жанұялық тұрмыс тірлігін дөңгелентіп әкетті. Зайыбы оқуын жалғастырып өзі екі жұмысты қатар алып жүрді. 1990 жылы наурыз айының 19 - ы күні тұңғыш ұлы Әсет жарық әлемнің есігін ашты. Баласының күтіміне әкесі анасынан кем түспеді. Құдай қосқан серігін сыйлай білген Асқар табандылығының арқасында өне - міне деп жүріп межелі оқуын аяқтатып дипломына қол жеткізіп "Енесіне" берген антын толық орындап көңілінен шыға білді. "Ол олма, азаматтығын таныта білген күйеу баласы Жалағаштағы қайын жұртын Теміртаудағы өз қасына көшіріп әкеліп орналастырды. Тәңірі Иеміздің сыйлай біл деген үш жұртының бірі осы қайын жұрты. Жиендерінің жарқын жүзінен көңіліне қуат біткен ана бірқаншама жылдар бойы өзін бақыт құшағында қалқып жүргендей сезінді. Алла Тағала тағдырды белгілейді. Сол тағдырға тәуелді болған ана 56 жасқа толған шағында ауыр науқастан дүние салды. Өз жағдайын алдын ала сезген енесінің өсиеті бойынша мүрдесін Асқар Қызылордаға жеткізіп жер қойнауына тапсырды. Өмір ол

арпалыс. Арпалыс тағдырға сүйенеді. Иә. Зарлы зар заман деп осыны айтамыз.

Садықова Әсем Асқарқызы

*Ауыр атлетикадан халықаралық спорт мастері,
Азия құрылығының алтын жүлдегері,
ҚР-ың бірнеше дүркін чемпионы*



Асқардың қасиетті ордасында іңгәлаған үнімен ата анасының жанын тербеткен үш сәби жарық әлемнің есігін ашты дегенбіз. Солардың қатарынан жылдар өте келе ару бойжеткен Әсем жанұясының, өз қатарының, қала-облыс. мемлекеттік тіпті одан да асып Азиялық деңгейдегі ауыр атлетиканың зіл темір көтеру саласының чемпионына көтеріліп шыға келуіне таң қалмаймыз. Жігерлі жас ару қыздың салауатты өмірінің таңдауына түскен спорттың осынау күрделі өнері, туған ортасынан асып, әлемдік деңгейге шарықтап шығуы, өзі айтқандай «Басты мақсат ол-спорт үшін өзіңе сенімді болу!», және арманым «Менің отаным менімен мақтанышқа бөленсе екен!» деймін дегені. Иә солай. Мақсаттың орындалуы арманның шыңына жетіп оны қадір тұту. Әсем ауыр атлетикадан ерлер мен әйелдер арасындағы зіл темірдің жұлқи және серпе көтерудің Қазақстан Республикасының бір неше дүркін чемпионы, Азия құрылығы елдер арасында өткен осы атлетиканың түрінен 2013-ші жылғы чемпионы, алтын медаль иегері. Ауыр атлетиканың осы түрінен Халықаралық деңгейіндегі спорт мастері. Қазақ елінің көк байрағын аспанға көтеріп, мемлекеттік ән ұранын шырқатқан, бірегей де теңдессіз күш иесі. Әсем біздің де отанымыздың да мақтанышы. Әсемнің өлі де талай биіктен көрінеріне еш күмәніміз жоқ. Әсем бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының ұлттық командасының құрамына тіркелген. Алла қаласа 2020 жылы Японияда өтетін

дүниежүзілік олимпиадаға қатысуға тас түйін дайындық үстінде жаттығулар өткізуде



**Облыс әкімі Бауржан Түйтеұлы Әбдішев
Әсем Асқарқызыға жүлде иегері
сыйлығын тапсыру кезі**

БЕСІНШІ БӨЛІМ

Мәслихатқа жол



2003 жыл сіз үшін салмағы ауыр жауапкершілігі мол жыл болды. Ауыр деп отырғаным Қарағанды облысының мәслихатының №20 Самарканд округының III шақырылымына депутат болып сайландыңыз. Халық қалаулысы болу әр кімнің қолынан келе беретін, армандағанның маңдайына жазыла беретін бақ емес. Сондықтан да ол ауыр міндеттің қатарындағы аса күрделі шаруа. Осы жайында айтылмай қалған әңгімеңіздің құпиясынан бөлісе кетсеңіз?

Еліміздегі көп ұлттар өмір сүріп жатқан ағымдағы заманымыздың дәуірлеу жолына бет алысын бағыттаған бүгінгі қазақ қоғамында осынау этно топтардың басын қосып бір жүйе арасында интернационализмді қалыптастыру стратегиялық саяси негіздемені халық болып қолдау баршамызға пәрыз болғаны шындық. Оның нәтижесі әрине бірлігіміз жарасқан. тату-тәтті ел екенімізді одан сайын дәлелдей түсу. Мен мемлекетіміздің осынау саясатын ілгерілету мақсатында халық қалаулысының деңгейіне көтеріліп, қоғамның әлеуметтік әр саласындағы дәғдарыстарына қарсы қызмет ету және мемлекеттік стратегиясына үлесімді қосуға белсене араласып ат салысуды басты міндет етіп алға қойдым.

Әлеуметтік саясаттың басты міндеті әлеуметтік жүйені әділеттік жолында өркендету. Бұл жолды таңдаған қызмет-

керлер дүйім елдің назарын өзіне аударып бақылау көз қарасының аясында әділдіктің ауыр сынағынан өту болып табылады. Шешінген судан тайынбайды. Мен депутаттыққа сүйікті Теміртау қаламыздың атынан сайлауға түсуге бел будым. Себебі, елінің аялы алақанын сезініп өскен адам қай уақытта да арқасына арқалап, мойнына жүктелген міндетті мінсіз атқаруды жөн санайды. Мейілінше туған елін сүйсіндіріп, халқын қуантып жүргенге не жетсін. Жалғыздың жары Жаратушы Иемнің шапағатына арқау етіп, № 17-ші «Солнечный округі»-нің сайлаушыларының сеніміне сүйеніп 2003 жылы күзде Қарағанды облысының мәслихатының III шақыруында депутат болып сайландым. Сайлаушыларымның алдында менің депутаттық бағдарламам аса ірі-өте ауқымды жасалды. Бағдарламамның негізгі бөлігіне тоқтала кетер болсам:

-Бүгінгі таңда денсаулық, білім беру және мәдениет туралы қолданыстағы заңнамаларға өзгерістер мен толықтырулар еңгізу қажеттілігі туындады деп ойлаймын. Бұл ұсынысым барша халыққа аса қол жетімді болары шындық.

-Тегін медициналық қызмет ұлғайтылуы керек.

Балаларымызға спорт алаңдарына, жаттығу залдарына, бассейндеріне тегін бару мүмкіндігі берілуді жүйеге қойса.

-Жастардың қызығушылығын оятып тегін секцияларды, үйірмелерді қайта жандандыру керек.

-Зейнетақы және әлеуметтік жәрдемақы мөлшерлері нарық ағымына орай ұлғайтылып тұруы тиіс. Ардагер ақсақал, қазыналы қарияларымыз, аға буын қарттарымызға лайықты өмірдің қолайлы жағдайына сүйене қамтамасыз етуіміз керек.

Жас буын жастарымыздың белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастырып, қазақи салт-дәстүрлеріміздің бай үлгі өнегесімен тәрбиелеу қағидасын іске асыру болып табылады.

Жұмыссыздықты қысқарту үшін шағын және орта бизнесті қолдау жолымен әрекет ету дұрыс жол деп есептеймін. Және шағын несиелердің тетігін ашқаны жөн болары сөзсіз.

Тұрғын үй-коммуналды шаруашылығын дамыту мен жаңарту мемлекеттік бағдарлама іске асқан кезде белсенді қатысу.

Экологиялық ортаны жақсарту, оның салдарының алдын алу

Мүгедектердің, ата-аналарының қамқорлығысыз қалған жетім балаларды, тұрмысы төмен тұрғылықты халықтың мүдделерін қолдау сияқты келелі бағдарламаларымның іске асуына аянбай тер төгіп жігерімді саламын.

2003 жылғы қыркүйектің 20-сы күнгі облыстық мәслихаттың кезекті (III) үшінші шақырылымында барлығы 42 депутат сайландық. (2003-2007 жж.) Бірінші сессия 4 тұрақты комиссия құрды. Олар:

1. Бюджет және қаржы жөніндегі;
2. Өнеркәсіп, құрылыс. көлік. коммуналдық шаруашылық, аграрлық мәселелер және экология жөніндегі;
3. Әлеуметтік-мәдени мәселелер және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі;
4. Заңдылық және азаматтардың құқығы жөніндегі тұрақты комиссиялар құрылды.

5. Сессияға мәселе дайындау барысында мәслихат депутаттарының мынандай дәстүрі пайда болды. Мәселені тереңінен зерттеп, үлкен дайындық жұмысын жүргізу, саяси жүйені либералдандыруға мүмкіндік тудыру үшін, 2007 жылғы май айында азаматтық қоғам институттарын одан әрі дамытуға бағытталған шараларды бекітуге конституциялық реформа жүргізілді. Қазақстан Республикасының Конституциясына еңгізілген өзгертулер елімізді модернизациялаудың кезекті қадамы болды.

Мен алғашқы сессияда «Бюджет және қаржы жөніндегі тұрақты комиссияның мүшесінің құрамына өттім.



Бюджет және қаржы жөніндегі тұрақты комиссияның кезекті отырысы 2003 ж.

Комиссия: Мәслихаттың құзырына жататын мәселелерді алдын ала қарайды, оның шешімдерін, заңдарды іске асыруға ықпал етеді. өз құзыры шеңберінде бақылау функцияларын жүргізеді. Мен өз тарапымнан сайлаушыларымның алдында уәде етілген депутаттық бағдарламамды іске асыру үшін 2003-2007 жылдары қарсаңында барлық күш жігерімді салдым. Депутат болған соң ел тынысын, жағдайын. тұрмыстық мұқтажын және талабын жергілікті атқарушы органдарға жеткізу, орындалуына ат салысып бақылау жасау. Өндіріс орнын басқарып отырғандықтан қарамағымдағы жұмыскерлерімнің әлеуметтік тұрмыс деңгейін жақсартуға көңіл бөлу болып табылады.



Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңына сәйкес және Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясының «Қазақстан Республикасы мәслихаттарына депутаттарды кезекті сайлауды тағайындау туралы» Қаулысының негізінде 2012 жылғы қаңтарда облыста жергілікті өкілетті органдардың V шақырылымына сайлау жүргізілді. 2012 жылғы қаңтардағы сайлауда облыстық маслихатқа 42 депутат сайланды. Бұл жолғы шақырылымға тағы бір мәрте бағын сынаған, «Нұр Отан» партиясының

мүшесі Асқар Садықұлы облыстық мәслихатқа депутат болып екінші рет сайланды. Сайланған 42 депутаттың 41-і «Нұр Отан» партиясынан, 1 депутат «Ауыл» партиясының мүшесі болып табылды. Жылдар ағымында ауыс түйістер болып жататыны белгілі. Н.О.Дулатбековтың облыстық мәслихаттың хатшысы болып сайлануына байланысты 2013 жылғы 28 тамыздағы XVIII сессияда «Нұр Отан» партиясының депутаттық фракциясының басшысы болып, № 17 «Солнечный сайлау округі»-нен депутат Сәрсекенов Асқар Садықұлы сайланды.

Әсілі халық қалаулысына араласа бастаған жылдары Асқар Садықұлы «Нұр Отан» партиясы Теміртау қалалық филиалы саяси кеңесінің бюро мүшесі, облыстық мәслихаты жанындағы «Нұр Отан» партиясы депутаттық фракциясының жетекшісі, 2002 жылдың желтоқсанынан «Халық бірлігі, дәстүр мен ұрпақтар сабақтастығы үшін» ашық қоғамның бас құрылтайшысы, 2004 жылдың майынан «Меценат» қоғамдық қайырымдылық қорының құрылтайшысы болып еңбектенген жылдары көптеген ігі істерді атқарды.

Халық қалаулысы ретінде еңбек еткен жылдары «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 10 жыл» (2001), ҚР, «Ата заңына 10 жыл» (2005), «Шапағат» (2006), «Қазақстан магниткасының 50 жылдығы» (2010), «Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 20 жылдығы» (2011) медальдарымен марапатталған. Еселі еңбегінің нәтижеге жетуінің арқасында бірнеше рет Қазақстан Республикасы Президентінің алғыс хаттарымен, Қарағанды облысы, Теміртау қаласының әкімінің құрмет грамотасы, алғыс хаттарымен, балалар шығармашылығына, клубтық қозғалыс және балалар спортына, сондай-ақ жетім балалар мен жалғыздікті қарттарға, жарымжан адамдарға қолдау мен материалдық көмек көрсеткені үшін екіжүзден астам алғыс хаттармен аталып өткен.

Облыстық депутат болған соң қоғамдағы әлеуметтік және саяси. экономикалық реформалардың барлық саласына қатысты істерге көңіл бөлуге тура келеді. Және әрқилы жағдайға. тағдырдың, өмірдің қиыншылығына душар болған адамдарда алдына көптеп келіп өтініш арыздармен шығып жатады. Соның барлығына жауапкершілікпен қарауға тура

келеді. Мемлекетіміздің өркені әлемге танымал бола бастады. 50-ден 30 дамыған елмен теңесуге қарыштап шықты. Солай болды екен деп біз қарап отыра алмаймыз.

Мемлекеттік бағдарламаның жетегіне әріптестеріммен бірге араласып жүрген күндердің бірінде Аякөз аймағына сапарға шығып туған өлкенің топырағына табан ізін тастадым. Кербезімен керіліп жатқан кең далада аспан жиегімен ұштасып ұшы қиырсыз алқапты өзіне бағындырып, самалға тербеліп еркелеп жайқалып жатқан бидайды көріп жайлап келіп қасына тоқтап, жиектеп барып ортасына өтіп, сәлем салған әдепті келіндей сәл еңкейіп егіннің бүрін сипап тұрып ойға баттым. Алдағы күндері егін орағы басталады. Алтын дән қамбаға құйылады. Диханшы қауымның еңбегі бағаланатын кез. Ауылдың жағдайы қандай екен?

Бұл күндері білесіздер ауылды көтеру мақсатымен 2003 - 2007 жылы «Ауыл» бағдарламасы көтеріліп еді. Бұл бағдарлама ауылдағы диханшы қауымның, кәсіпкер фермерлердің, кәсіпорындардың жауаптанған жұмыстарына қолдау жасап аяқтарына тұрғызу және дамыту іс шарасы болатын. Бағдарламаның нәтижесі ауыл халқын көтеріп тастады. Онымен қатар приватизация - жекешелендіру науқаны қатар жүріп жатты. Осы іс шаралардың арқасында ауылдықтар, ауылдағы талай адамдар үй мүлкі, сельхоз техникаларын т.б дүниелерін өздерінің жеке меншігіне аударып рәсімдеп алды. Ал банктердің кредит беру жолы қысқарды. Оның есесіне агрофинанс компаниясы іске кірісті. Өтінішпен келгендерге көмегін ұсынды.

Келесі мәселе ауыл халқының қолымен жасалып шығып жатқан көптеген өнімдер бар. Мысалы қамбадағы бидай, мал өнімдері - сүт, айран. ірімшік, құрт, қымыз, ет және тері, жүн-жұрқасы дегендей. Осы өнімдерді саудаға шығарудың әр саладағы іс - қимылының әдіс айласын тауып жолға қою кезек күттірмейтін күрделі мәселенің бірі еді.

Сол жылдары Елбасымыз Араб елдерінде және Кубейт мемлекеттерінде сапармен болып, сол елдерге ауыл өнімдерін экспорттауға келісім шартқа отырған еді. Олар да таза экологиялық өнімге қол жеткізетініне қызығушылықтары бар екенін жасырмай уақыт санап күтумен болды. Міне бір ғажабы біздің ауылдық қол өнімдері әрқашанда сұраныста


болғаны шындық еді. Бұл Елбасымыздың әлем аренасындағы беделінің шексіз жоғары екені. елі үшін талай ерлік істерге баратынына неге разы болмасқа.

«Халық бірлігі дәстүр мен ұрпақтар сабақтастығы үшін» ашық қоғамы ақсақалдар алқасының мүшелерімен бірге, ұлттық құндылықтар мен салт-дәстүрлерді басшылыққа ала отырып, өскелең ұрпақтарды патриотизм рухында тәрбиелеу жөнінде жүйелі жұмыстарды да Асқар қатар қолға алып жүргізіп келді. Жастарымыз қазақ елінің дәстүрінде тәрбиеленгені жөн. Көне дәуіріміздің көзі мен қарасы болған тарихымыздан белгілі Кеңестік қоғамға дейін ел болып елді мекендерді арда ақсақалдар басқарып келген. Қариясы бар ел қазыналы жер деген сөз. Сол қарияларымызды тыңдай жүріп қолдан келген көмегімізбен қуанып, соңғы буын өскелең ұрпақтарымызға үлгі бола білуіміз керек. Сонда ғана әлгінде сарапқа салған ұрпақтар сабақтастығына сай келетіні анық. Осынау қарттарымыздың ғұмырының ақырына дейін лайықты өмір сүрсін десек зейнетақы мен әлеуметтік жәрдемақысын мемлекет деңгейінде көбейтуі өте маңызды болып табылатынын депутаттар отырысында көтеріп келді. Бәрлық қолданыс салалары бойынша мемлекеттік тілді еңгізу және қолданыс аясын кеңейтуге ұдайы қолдау керсету және қоғамдық-саяси тұрақтылықты нығайтуға байланысты барлық іс-шараларға да қатысып келді.



«Меценат» қайырымдылық қорының аяққа тұруына, қаладағы мешіт құрылысының бой көтеруіне де белсене қатысты. Спорт пен өнерді дамытуға, шетелдік жарыстар мен конкурстарға қатысатын балаларға, ҰОС ардагерлеріне және «Айналайын» балалар үйінің бүлдіршіндеріне тұрақты түрде көмек көрсетіп келеді.

6 жылдан бері «Көз қарас» телебағдарламасына демеушілік жасады. 2002 жылдан «Асқар және Компания» футбол командасын қаржыландыруда. Команда Теміртау қаласы бойынша жоғары көрсеткіштерге жетуде. Ол қазіргі таңда қала чемпионы





Фракция мүшелерінің кездесу сәті



Обылыстық депутаттардың отырысы



Экологиялық мәселеге қатысты сұрақтарды талқылауда

Аз сөйлеп, ауқымды жұмыс жасайық

Сарсекенов Асқар Садықұлы өрелі өмірінің өтпелі жылдары депутаттық қызметінің бағыт бағдарына орай халыққа қызмет жасау аясында қоғамның әлеуметтік жүйесіне қатысты небір күрделі мәселелерді қала, облыстық құзырлы органдарға дейін көтеріп, оның іске асуына аянбай араласып ат алысты. Екі реткі шақырылымда облыстық мәслихат депутатына сайланған 10 жыл қарсаңында әрбір сәттерді уақыт талабына сай босқа өткізген емес. Қоғамның алға жылжу үрдісін болжай отырып экономикалық-әлеуметтік саланың жаңару және көлеңкелі тұстарындағы мәселелерге өз пікірін батыл түрде ұсынып орындалуына қатаң талап қоя білді.

Асқардың шынайы көз қарасы: «Аз сөйлеп, ауқымды жұмыс жасайық! Біз баршамыз бірігіп жұмыс жасаған жағдайда Қазақстанның гүлденіп өркендеуіне, табыстан тобысқа жетуіне ықпал ете аламыз» деген қағиданы мақсат етіп жалпы ортаға ұрандауы болашаққа жетелеген үмітіңді оятып, гүлденген еліміздің мен де бір иесімін деп аталып келеді

керіп алшаң басып жүруіңе кепілдігін сездіріп отырғанын ашық айтып қолдауымыз абзал.

Депутаттық қызметінің ағымдағы (2012-2013) кезеңінде азаматтық қоғамға байланысты өткізген маңызды саяси және әлеуметтік ең үлкен күрделі жұмыстарының бірі сайлаушылары мен кездесіп олардың алдында есеп беру іс шаралары еді. Осындай қауымдық кездесулер мектептер мен гимназияларда өткізілді. Кездесу жиынында сайлаушылар күнделікті тұрмыстағы жағдайларға байланысты сұрақтарды көтеріп соның оң көзқарастағы жауаптарын күтетін. Көтерілетін сұрақтардың түп төркініне үңілер болсақ:

-Мөлтек аудандардың ішкі және мектептерге қатынайтын жол, айрықтардың жағдайы нашар сын көтермейтіні,

-Бапа тәрбиесіне қатысы бар бала бақшаларда орын жетіспеушілігі,

-Құрметті демалыстағы әр жағдайдағы тірлік кешіп жатқан зейнеткерлердің жәрдем ақысының жетіспеушілігі,

-Қаладағы өмір сүріп жатқан халықтың алаңдауына бір себеп экологиялық ластану, табиғатты қорғау ісі кемшін етіп отырғаны,

-Тұрғын үй пәтерлерінің жылу жүйесінің қалыпты жұмыс жасамауы,

-Магистрал құбырларының орналасуы қарттар, мүгедек жандарға жүріп тұруына кедергі келтіретіні,

-Денсаулық сақтау мекемелерінің ішкі жұмыстарының салғырттығы емделушілердің көңілінен шықпайтындығы қатарлы көптеген мәселелерге байланысты шағым, өтініштерге тоқтала келе бұл талаптарды орындау арнайы программа құрып іске асыру туралы арнайы хат пен жауапты органдарға шықты.

Сайлаушылардың қосымша ұсыныс талаптары да ескерусіз қалмады.

-Тұрғын үйлердің аулаларын жарықтандыру және абаттандыру,

-Сақтық амалдарына байланысты бейне бақылау құралдарын көптеп орнату,

-Тұрғын үйлерге өте жақын өсіп кедергі болған ағаштарды кестіріп ретке келтіру сияқты күн тәртібіндегі мәселелерге көңіл аударды. Өтініш талаптардың орындалуы

қалалық жоспар құрылымға сиысқан жағдайда іске асатыны белгілі. Өте-мөте 2020 жылға дейінгі моноқала жоспарына байланысты болғандықтан 100% орындалуына сенім артуға болатын тәрізді. Жалпы осы жылдары 36 рет шыққан өтініштің 11-і Теміртау қалалық Халықтық «Нұр Отан» партиясына жіберілді. 5 өтініш Қарағанды қаласының Халықтық «Нұр Отан» партиясына жолданды. 20 өтініш жергілікті органдар мен бірлесе шешімін тапты. 2012 жылы №8 «Іскерлік комиссия» тобының мүшелері Сарсеменов Асқардың сайлау округіндегі 6 мектеп, 5 балалар бақшасының жұмыстарын бақылаудан өткізіп жағдайына танысты. Сондағы соңғы қорытындысы:

-Жалпы осы саланың материал-техникалық базасының қажетті жабдықтаулар мен қанымдауы жеткілісіз екені айқын дәлелдер мен аңғарылды. Мысалы білім беру ошағындағы мектептер сонау 1965-1970 жылдары салынған. Ал сол уақыттан бері бірде біреуі күрделі жөндеуден өтпеген. Оқу жылына қажетті құрал жабдықтардың барлық түрі, кабинеттерді жаңартылған үлгімен жабдықтау істері кемшін,

бала бақшалардың да жағдайына қарасты материал-техникалық базасы көңілден шықпады.

Қалалық мәдениет бөліміне қарасты кітапханаларға жасалған тексеріс барысында құрылыс нысандары күрделі жөндеуден өтпеген, кітап қорын сақтау арнайы ішкі жабдықтаулары қанағатсыз екені анықталды. Анықталған кемшіліктер арнайы хат арқылы тиісті қалалық және жоғары органдарға жіберілді.

БАҚ -ына қатысты тендер жарысын өткізу ісінде гиктер жол алған. Тендерге қатысу жауапты іс шараны уақытына 3 күн қалғанда ғана қалалық ішкі саясат бөлімі хабарлап отырған. Бұл ісі заңға қайшы болғаны соншалық 3

күн ішінде қажетті құжаттарды толтырып дайындықты еңсеріп тендерге қатысу мүмкін еместігін біле тұра оған еш көңіл аудармаған. Және қатысуға ниетті кейбір органдар бұл істен еш хабарсыз болып шыққан. Мысалы: 2012 жылғы осы

саладағы жұмыстарға жұмсалатын негізгі қаражаттан 10 000 000 теңге тек қана жалғыз мекеме ОО «Синергия» - ға бөлінген екен.

2013 жылы облыстық мәслихаттың кезекті сессиясында «Қарағанды облысы бойынша Теміртау қаласының экологиялық жағдайына байланысты қоршаған ортаны жақсарту, оның салдарының алдын алу» туралы №6 «Іскерлік комиссия» тобының шығарған қорытындысы туралы мәселені қарады. Бұл дегенің Теміртау қаласының ауыр экология астында тұрғанына алаңдаушылық білдірген ауқымды шара болатын. Сол жолы осы іске байланысты 10 түрлі мәселе көтерілгенін. Осы жылдар қарсаңында «Меценат» қайырымдылық қорынан, отбасылық «Айналайын» жетім балалар үйінің құрылғанына 13 жыл толуына, «Балаларды қорғау» күніне арнап депутаттық сауал ретінде Теміртау қалалық мәслихатына 24.12.2013 ж №61-ші өтініш хат жазылып, нәтижесінде жетім балалар және «Айналайын» балалар үйінің 54 ата анасынан қараусыз қалған балаларға қалалық тасымалдау көліктерінде тегін қатынап жүру шешімін шығартты. Әр жыл сайын жетім балалардың басын қосып жаңа жыл шыршасын өткізіп сыйлықтар үлестіріп қуанышқа бөлеп тұрды.

Жыл сайын бір рет аталып өтетін құрбан айт, ауыз ашар, Наурыз мерекелерін, қалалық ақсақалдар алқасы, ардагер қарттарға мерекелік дастархан жайып бірге атап өтуді үрдіске айналдырды. Мысалы:

-«Қарттар күні» мерекесіне (2006,2013-2016 жж) 5 рет әр мерекеге 60 адамнан барлығы 300 адамға,

-9 май жеңіс күні мерекесіне (2010-2016 жж) 7 рет әр мереке сайын 60 адамнан барлығы 420 адамға,

-Қаланың 50 жылдығы (1996 ж), 60 жылдығы (2006 ж) 2 рет әр мереке сайын 60 адамнан барлығы 120 адамға, яғни 840 адамға жомарттығын танытып сый-сияпат жасап келді.

Талантты жас спортсүйер азаматтарға үнемі демеушілік жасады. Солардың қатарында Теміртау қалалық «Асқар и К» футбол командасы бір неше дүркін чемпион жүлдесіне қол жеткізуіне Асқардың қаржылай демеушілігі ықпалды болды.

Республикалық деңгейде жыл сайын өтетін «Мектепке жол» акциясын 2012-2013 жылдары қарсы алып, әлеуметтік жағдайы нашар, көп балалы жанұялардың балаларына 15-20 мың теңге шамасында оқу құрал жабдықтарын сыйға тартып қамқорлық жасады.

Қазақ тілінде жарыққа шыққан «Теміртау», «Құрыш қала» редакциясы газеттеріне. Сфера телевидениесінің «Көзқарас» программасына демеушілік көрсетіп келді. БАҚ-ның іалаптары солардың жаңашыл оқиғалық ізденістеріне орай іек 2012-2013 жылдары:

- Теміртау қалалық Сфера телевидениесіне 10 рет,
- Теміртау қалалық «Құрыш қала» газетіне 11 рет,
- Теміртау қалалық «Зеркало» газетіне 4 рет,
- Теміртау қалалық «Вечерная газеті» - не 4 рет,
- Теміртау қалалық «Новый Темиртау» газетіне 2 рет,
- Теміртау қалалық «Темиртауский рабочий» газетіне 2

-Қарағанды облысы «Тәуелсіздіктің ақ таңы» журналына 1 рет журналистерге сұхбат беріліп оқырмандар және көрермендер қауымының қуанышына бөленді.

Қысылған сәтінде үнемі қасынан табылатын дарынды ақсақалдардан Асқар ешқашан байланысын үзген емес.

бұрыштай ақыл бойыңа қонар дақыл дегендей арда ақсақал Арғын Жүнісов. Исақов Токтархан Ибрайұлы, Тулеубаев Ермек Ибрайұлы, Омашев Қуаныш Омашұлы, Серікқали қажы Раев, Темиргалиев Джексенбай, Молбаев Құттыбек ірбекұлы сынды ақсақалдардың парасатына сүйсінетіні

соншалық ол кісілердің бойындағы тұнып тұрған өнеге-өсиеттерін Асқар құрметтей білді. Олар да шолақ тайдың құйрығындай келте ойламай соңынан ерген алаштың біртуар азаматына ерекше көңіл бөліп жан тарта білді. Олар «Елін сүйген, елін сүйген Елбасы» Президентіміздің курстастары, үзеңгілестері, замандас достары. Сәулетіне күн күлімдеп, ай жымиған еліміздің Астанасының төрінде әредік бір жолығып

- сәре болады. Тарлаң өмірінің бір кездерін еске алсақ қара металлургияның ордасы Теміртаудың жалыны шарпып болаты қайнаған мартен пешінің өтінде ширек ғасыр жігерлене қатар тұрып еңбек еткен абзал жандар арынды арыстар еді. Ендеше дарынды бір туар тұлғалар, абыз ағалар жақында біраз сырдың бетін ашайын.



Елбасының курстас, үзеңгілес достары

Жүнісов Арғын

***Қазақстан Республикасының Социалистік Еңбек Ері,
Теміртау қаласының құрметті азаматы, құрметті
металлург, ақсақалдар алқасының мүшесі***



Әлқисса, тағдырдың тарлаң соқпағы кімді қалай меңзесе солай басы ауатынына еш таңғалмассың. Сол шыйырды шиырлап өткен ардагер ақсақал Арғын Жүнісовтың өмірінің соңғы жылдарын еске алсақ, ел аузында айтылып келген және әр салалы басылымдарда жарияланған деректі ой - толғаулары, әңгіме өзегінің өрелі естеліктері өзгеге құпия болса да көкірегінің түбінде сайрап жатыр. 1928 жылы қасиетті Қарқаралы өңірінде дүниеге келген. Кейіндері отбасының тағдыр

төлкегімен Омбы өлкесіне қоныс аударып, жылдар өте Ақмолаға тұрақтап тұрыпты.

Теміртау қаласына сонау ширек ғасыр алдағы 1947 жылдары 19 жасында ат басын тіреп. Қазақ металлургия

зауытында жұмыс істей бастады. 7 жыл бойы сталевардың көмекшісі болды. 7 жыл бойы Свердлов институтының жетекші болат балқытушыларының лекцияларын тыңдап, нәтижесінде 1957 жылы болат балқыту өндірісінің шебері атанды. Ол осы зауытта 17 жыл, Қарағанды металлургия комбинатына 35 жыл өз кәсібіне адалдық танытып еңбек етіп аянбай тер төкті. Еңбек жолында ол 5 миллионнан аса тонна болат балқытып, онысы шетелдерге экспортталған. Атақты сталевар жоғары сапасын сақтай отырып, болат балқыту уақытын бір жарым сағатқа қысқартқан. Оның басшылығымен 67 жас сталевар мамандығына оқып, нәтижесінде 1984 жылы "Жастардың еңбегі сіңген тәлімгері" атанды. Қаланың ірге тасын қаласып, көрнекті-көрікті қаланың қатарына жеткізіп. көптеген жастардың қатарынан ойып тұрып орын тепкен. Болат балқыту ісінің хас шеберіне айналған Арғын ақсақал 1998 жылы 70 жасында құрметті зейнеткерлікке шықты. Адал еңбегінің арқасында елінің мақтанышына айналған А Жүнісовтың есімі тек қана Теміртаулықтарға ғана емес дүйім елімізге танымал. Ленин ордені. Қазан революциясы ордені. «Отан» ордендерінің иегері, Қазақ ССР-нің, КСРО-ның еңбек сіңірген металлургі, 2010 жылыдың 2 шілде айындағы жарлығы бойынша Қазақстан Республикасының "Социалистік Еңбек Ері" атағына көтерілген даңқты ақсақал, дарынды тұлға Арғын Жүнісовқа орденді Елбасы



Н.Ә.Назарбаев өз қолымен кеудесіне тақты. 1985 жылдың 26 қыркүйегінен бастап қалалық кеңестің шешімімен «Теміртау қаласының құрметті азаматы» атағы берілген. Ақсақал. өзінің өмір жолына қайрылып бір соғып, жадырай түсіл толғанып, бармақтай бір ойын бір екі ауыз лебізбен былай еске алғаны бар. Әлқисса:

-Осы қалада мен тура 65 жыл өмір сүрдім. Өсіп өндім. Отбасылы, балалы шағалы болдым. Бүгіндері сол өткен ғұмырымның айшықты

күндерін еске алып отырмын. Қаламыз кереметтей көркейді.

Менің де балаларым өсіп ер жетті. Бәрі бүгіндері зауытта еңбек етеді. Осы ұрпақтарымның келешегінің бақытты болуын тілеймін дейді. Жанұясында 3 қыз 1 ұл дүниеге келген. 8 немересі 4 шөбересі бар. Үлкен қызы Күләш инженер-механик мамандығы бойынша техника қауыпсіздігі еңбек бөлімінде көп жылдар бойы еңбек етіп зейнеткерлік демалысқа шықты. Гульсұм лаборант. Кульпаш және Гульшат заводта беделді қызмет атқарады. Ұлы Сапар әке жолын қуған болат балқытушы болып істейді.

«Менің емірбаяным, балалық шағым қазақтың сан мыңдаған ұлдары мен қыздары, құрбы құрдастарымның, сұрапыл ұлы отан соғысының қатал жүріп жатқан тұсындағы ғұмырынан еш езгешілігі жоқ болатын. Егер сол кезде жасымыз 16-ға толған болса отан қорғау үшін соғыс фронтына тіленіп жүріп кетіп те қалар ма едік. Күллі еркек атаулылар соғысқа аттанған соң арттағы ауыр бейнетке толы науқанды шаруалар біздің мойнымызға жүктелді ғой. Шарасыз күйде ауыл шаруашылығының әр түрлі салаларында еңбек еттік. Біз соғыс кезінің қатаң заңымен сол қағидамен емір сүріп ер жеттік» - деп бүкпей айтқан сыры парақ бетінде сайрап қалды.

Расында да оның балалық шағы алғаш еңбек еткен жастық емір жолы соғыс жылдары мен тұспа тұс келген тін. Соғыс басталған жылы ол небары 14 жаста болды. Ол ересектермен бірге қатарынан қалмай ілесе жүріп Ақмола жанындағы Жолымбет кенішінде жұмысқа орналасады. Негізі Жүнісовтар әулетінде бұрындары рудник шаруашылығының металлург саласында еңбек еткен адам болмаған. Жолы оңынан туған жас Арғын осы шаңырақта алғашқысы болып осынау тың мамандыққа аса ден қойып жалынды жас металлург аталып шыға келді. Оның қатарын Е. Байғазиев, А. Дәрібаев т.б талай қазақ жастары толықтырғаны белгілі. Металлургия саласын дамыту жолындағы ерен еңбегі үшін болат балқытушылардың қатарынан ең алғашқы Социалистік Еңбек Ері атағын 1965 жылы Еламан Байғазиев, 1971 жылы Еңбек Ерінің алтын жұлдызын Алтынбек Дәрібаев, 1981 жылы Социалистік Еңбек Ері алтын жұлдызын Төлеген Адам-Юсуповтар алған болса, келесі кезекте 2010 жылы Социалистік Еңбек Ері атанып алтын жұлдызын кеудесіне

таққан құрметті металлург Арғын Жүнісов еді. Ол кісінің еңбек майданындағы көрген бейнеті мен зейнетінің талай қыры мен сырын тілге тиек етуге болар еді. Санасы оянған саналы жандарға металлург атанған қай адамның көз алдында ауыр міндет, алып пеш, қайнаған құрыш, ағылған құйма, аққан тер, ішілген шелек -шелек су бәрі - бәрі елестейді емеспе. Бұл күйді кешпеген адам металлург емес тәрізді.

1960 жылдары Арғын Жүнісов Қазақстан Магниткасындағы болат қорытушылар бригадасын басқарып тұрды. Әр уақыттарда белгіленетін айтулы мерекелерді қызу еңбектің қыруар жемісімен қарсы алатын әдеттері қалыптасқандықтан бригада ұжымы зор табыстарға қол жеткізіп тұратын. Жеңіске жету дегеніміз алып Мәртен пешінің аса ауыр күрделі технологияларын қалт жібермей жете игерудің бірден бір жолдары болып табылады. Әр болатшылар сол ортаға бойын үйір етіп шынығып шығады. Нәтижесінде металлургтердің игерген мамандығының мәртебесі көтеріліп, сол арқылы қалыпты жұмыс істеулеріне қолайлы жағдайлар жасалып тұратын еді. Елбасы да Мартенде істеді. Нұрекең секілді тарихи тұлғамен осы Мәртенде бірге еңбек еткен жылдарым өмірімнің ең маңызды сәттері екен ғой. Мен оның бағасын бергенмін. Нұрекең шынайы шыңдалған тұлға. Оның бойындағы құрыштай

қүдірет пен болаттай беріктік соңынан ерген бізге де дарыған еді. Оған бәріміз куәміз деп айтушы еді Арғын ақсақал. Талай еңбек майталмандарын іріктеп шығарған Қазақстан Магниткасының даңқын асырған соң Еңбек Ерлерін. мемлекттік сыйлығының лауреаттарын, білікті инженерлерін сағнышпен еске ала отырып, солардың қатарынан көрінген Арғын ақсақалдың асқақтаған даңқын әсте ұмытуға болмас. Алға қойған мақсатына жете білетін, ішкі мәдениеті терең, жауапкершілігі мен ұстанымға беріктігі және қасындағыларға қамқорлығы өте жоғары болды. Дарынды дара тұлға 87 жасқа толған шағында 2015 жылы 12 қарашада өмірден озып мәңгілікке аттанды. Арда ақсақалдың есімі мен Қазақстан магниткасы біртұтас жаралғандай ажырамас ұғым екені даусыз. Міне солай қажырлы еңбек ері азаматтарға үлгі болып қала берді.



Тұлеубаев Ермек Ибрайлұлы
Елбасының курстасы, үзеңгілес досы,
ардагер металлург,
Ақсақалдар алқасының мүшесі



Ибрайлұлы 1940 жылы 28 наурызда Қарағанды облысы Железнодорожный районы Сортировка елді мекенінде дүниеге келеді. Ұлты қазақ. Жанұялы. Білімі жоғары. Еңбек жолын токарь және ағаш шебері мамандығы бойынша вагон жөндеу- құрастыру депода 1957 жылы бастайды. 1962 жылы Қарағанды политехникалық институтының МЧМ факультетіне оқуға түседі. Сол жылы институттын жолдауымен Теміртаудағы Қазақ металлургия зауытына мостылы кранның

машинисті болып орналасады. 1967 жылы институтты тәмәмдап комбинаттың металл бөлшектерінің бір қалыпқа құйылған цехына мастер қызметіне тағайындалады. Дәл осы цехтің өндіріп шығаратын қыруар жұмысына белсене араласқан жас маман Ермек саты сайын лауазымы жоғарылап отырды. Аусым бастығы, аға шебер, учаска бастығына дейін көтерілді.

1979-1981 жылдары цех комитетінің төрағасына 2 рет, 1990- 1993 жылдары комбинаттың кәсіподақ комитетіне мүше болып сайланды. 1993 жылы орталық лабораторияның I-дәрежелі инженері аталды. Көп жылдар бойы нәтижелі еңбек үшін алдыңғы қатардан көрінген инженер Ермектің еңбегі жоғары бағаланып III-дәрежелі «Орден трудовой славы», Құрмет» ордені, «Ветеран труда». «Ветеран Комбинат», «10 жыл Астан», «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл» медальдарымен марапатталды. СССР қара металлургияның құрмет грамотасымен және қара металлургияның социалистік жарысының озаты төс белгісімен сыйланып, «Комбинаттың озат жетілдірушісі» атағына ие болды. Комсомол жолдамасымен келіп комбинатпен өмірін байланыстырған талай жастармен бірге араласып кетсе де болашақ Елбасымен ұзақ жылдар бойы үзеңгілес қатар жүріп еңбек ету маңдайына жазыпты. Сондықтан да достарының, Теміртаулықтардың және ақсақалдарымыздың ортасында құрметтеліп шоқтығы биік тұрғаны айдан анық. Ерекең біздің және жасөспірім ұрпақтарымыздың мақтанышы болған қария. Осы орайда Ермек ақсақалдың сәні жарасқан дәстүрлі бір салтанатты дастархан үстінде ағынан жарылып сөйлеген лебізін оқырмандарға ұсынуды жөн деп санадым.

Құрметті ақсақалдар, қадірлі қонақтар, ардагерлер! 2013 жылдың сәтіне салған, қарттар күні деп аталатын мерекелік қуанышқа толы қазан айының бүгінгі бақытты күнін баршамыз болып қарсы алып, сәні мен әні жарасқан зәулім ғимаратта думандатып отырмыз. Қателеспесем 10 жылдың жүзі болды,

Асқар бауырымыз осындай ортаға, көпті көріп көп жасаған, көп естіген ақсақалдар, әжелердің батасын алайын деп жылда осылай өзінің шаңырағына шақырады. Айналайын Асқар көп рахмет. Жұмысың жемісті болсын. Өмірің келісті

болсын Мынау біздің жасымызды берсін. Әрқашан биіктен. әрқашан жақсы хабарыңды естіп тұрайық. Алла жар болсын саған. Біздің батамыз қабыл болып, отбасыңа. балаларыңа, немерелеріңе тие берсін. Бізге істеген жақсылығың, көрсетіп жатқан құрметің, сыйластықпен жайған дастарханыңның қарымы Алладан қайтсын.

Иә. Ардагер абыздарымыз. дарынды дара тұлғаларымыз ортамызда аман сау жүре берсін. Алдағы көрер қызығы таусылмасын.

Искаков Токтархан Ибрайұлы

Елбасының үзенгілес замандасы, ардагер металлург, ақсақалдар алқасының мүшесі



Искаков Токтархан Ибрайұлы Семей облысының Жеңіс төбе деп аталатын станциясында 1942 жылы (жылдың ар жақ бер жағында жаңылыс болса кешірім болсын) дүниеге келеді. Баласының балғын шағын баулыған қай ата ана болсын ұрпағы үшін өз аузынан жырып, үстінен сызып жүріп мықты азамат болуына, оқу білім алуына жанын тәнін аямай көңіл бөлетіні бәрімізге мәлім. Жанұяның қамқорлығына сүйенген Токтархан орта мектепті бітірген соң комсомол

жолдамасымен Рудный қаласындағы Соколов-Сарыбай кең байыту комбинатының құрылысына жол тартады. Барған беттегі орналасқан баспанасы жалаң палата. Қыс. Жел өкпеден аяз ағзадан өтседе жастықтың жалыны төтеп беріп қарсы тұрды. Өзіңе өзің қуат беріп ұмтыла білсең бәріне де төзіп еңсересің. Болашақ кенші болуды армандап талаптанып қиындықпен арпалысып жүрген азамат аяқ астынан армия қатарына тартылады. Әскери міндетін Украинаның Киев қаласы маңындағы Белая Церковь әуе эскадриль бөлімінде

өтейді. Армиядан босаған соң Теміртауға ағылған көптеген адамдардың қатарында жұмыс күшіне тіркеледі. Осы іске себепші болған домна цехында разливщик болып істеген Гайман Бесимов деген азамат еді. Сол азамат Токтарханды Теміртаудағы металлургия заводына барып жұмыстауға үгіттейді. Отан қорғау міндетін ойдағыдай тәмамдаған Токтархан 1960 жылы Теміртаудағы Қазақстан магниткасын бетке алып жүріп кетеді. Келген бетте металлургия комбинатына жұмысшыға қабылданып бастабында бұмен қуаттау цехында слесарь артынша жүк тасымалдаушы болып істейді. Қандай шаруа болса да ынта қойып белсенді араласқан жалынды азамат алдына мақсат қойды. Ол мақсаты инженер-металлург мамандығына қалайда қол жеткізу еді. Жалындаған жастықтың жарасымды және ұтымды жігеріне сүйене еңбек етуімен қатар білімін шыңдап жоғары білімді инженер-металлург болуға талпынған Токтархан 1961 жылы яғни, бір жылдан соң Қарағанды политехникалық институттың металлургтер дайындайтын факультетінің прокатчик мамандығын таңдап оқуға түседі. Оқуымен қатар жұмысты да бірге алып жүрді. Уақыт өте келе оқуын Теміртаудағы ВТУЗ - ге ауыстырады. Сол жылдары Н.Ә. Назарбаевта келіп оқуға қабылданады. Тонның ішкі бауындай курстас болған досы Токтархан: «Менің таңдаған талғамды жұмысым металды жоғары қысым арқылы өңдеу және

болатты прокаттау болса ал Нұрсұлтан Назарбаев: «Домна цехының домна пешінің алдында ұзақ уақыт ыстық жалынға жүзін беріп металлургияға қара металды беруді басқалардан артық көріп ұнататын еді» - деп қуана -қуана айтушы еді.

Теміртауда жаңа жоғары оқу орны ВТУЗ ашыла қалған сәтте көптеген металлургтер кешкі аусыммен оқитын бөліміне тіркеледі. Сол бір күндері Нұрсұлтан Әбішұлы: «Мен өзімнің миллиондығымды өзгертпеймін. Яғни домна алдында металлург болдым. Болып қала беремін» - деп батыл сезіммен айтатын. Иә. Уақыт көрсетті, Нұрекең жоғары деңгейдегі білімді инженер-металлург болып қана қойған жоқ рухани жан дүниесі де жоғары тәжірибелі инженер болды.

Уақыт ағымы оны комсомол одан партия ісіне алға сүйреді ол бізден қанша алыста тұрса да көкірегіміз жақындатып жүрегіміз сағынып тұрады.

Бұл оқуды да тәмамдап инженер атанған Токтархан комбинаттың күйдіру және қысу цехына аға кесуші болып қабылданады. 1968 жылы ЛПЦ-1 жұқа қаңылтыр өңдеу цехына ауысып сол орында тапжылмай 20 жыл жұмыстайды. Тәжірибелі қызметкер атану үшін мамандықты ең төменгі сатысынан бастайтын қағида сол дәуір тұсында қалыптасқан. Ол вальцовщиктен бастап сварщикті еңсере отырып мастерге қолын жеткізіп одан асып аусым бастығына көтеріліп тоқтады. Жемісті еңбегі басқару билікті елең еткізгені соншалық олар да мойындап 1971 жылы Еңбек Қызыл ту орденімен марапаттады. 1980 жылдары Қазақстан металлургиясын халықаралық деңгейге таныту мәселесі айтыла бастады. СССР қара металлургия Министрлігінің нұсқауымен Искаков Токтарханға, порт Карачи қаласындағы Пакистанның металлургия зауытына жолдама береді. Мақсат: жұқа қаңылтыр өңдеу өндірісінен шыққан өнімді экспорттау. Осы істі жауаптанып жұмыс жасайтын аға маман-экспортшыға Токтархан ұсынылды. Пакистандағы өткізген жылдары Токтарханға берілген тапсырма. мамандырылған жұмысына тәжірибе жинақтап оны іске асыру тетігінің жолын табуға көптеген адамдармен танысып іс жасағанының пайдасы зор болғаны шындық. Өзімшілдігі деп айту ұят әрине. таза еңбек ақысына «Волга» машина сатып алғанын қуана айтып отыратын еді Токтархан ақсақал.

Искаков Т. Пакистанға кетерде ЛПЦ-1 цехының бастығына Олег Сосковец көтерілді. Ал Токтархан командировкадан Теміртауға қайта оралып Пакистаннан келгенде ол комбинаттың генеральный директорына шарықтап шығыпты. ЛПЦ-1 цехтің бастығына Александр Свичинский жайғасыпты. Олар қай қайсысы да өте дарынды білімді, іскер адамдар еді. Искаков Т. олармен де жақсы қатынаста тіл табыса білді. 50 жыл ширек ғасырды еңсерген металлург пенсияға да табан жақындады. Әлі де ширақ күш қуаты өзіне сай ақсақалға комбинат бастығы Сосковец және цех басшысы Свичинский жолығып: «Ақ қалай және цинк жобалау цехына бас болып жұмыстауға үгіттейді. Күні бүгінге дейін Искаков Т. осы шаруаны басқарып жастарды жұмысқа баулып келеді. Осы цехқа өзінің кенже ұлы Асқарды тартып алды. Жанған сәтінде өте күшті ыстық беретін жандырғыш

қосындылар цехында металды қыздырып өңдеуші жұмысына Асқар жауапты. Ол КарМет институтының кешкі оқу бөлімінің 6-шы курсына оқиды. Қысқасы бәрі әке болды. Отбасында дүниеге келген екі ұлдан төрт немере өсіп келеді.

Металлургтердің атақ абыройы еңбегінің нәтижелі марапаттарымен өлшенеді. Марапатқа қолы жетпеген металлургты естімеген екенбіз. Исакаков Т. 2008 жылы «Құрмет» орденімен марапатталды. Оны Н.Ә.Назарбаев өз қолымен табыс етіп кеудесіне тақты. 2011 жылы ардагер, Президенттің курстас досы Исакаковқа айрықша тапсырма жүктеледі. Ол- Сол жылы Азиада Эстафеты Теміртауда қабылдануға тиісті болды. Іс шара Теміртаудағы мұз айдыны сарайында өтуге жоспарланған. Ардагер Исакаков Азиада жалауын алып өту рәсімін сенімді және ойдағыдай атқарып Астанаға шығарып салды.

Исакаков Токтархан Ибрайұлының адамгершілік ұстанымы: өмірге адал бағыты, адамға дұрыс көз қарасы еді. Сол себепті Теміртау өңіріндегі оны білетін танитын адамдардың лебізінен ешқандай өкпе ренішті байқамайсың. Оның да айтары осы уәж. Ардагерге бақыттың байлығы зор денсаулық тілейміз.



**Президенттің курстастары, үзеңгілес достары
"Елі сүйген, елін сүйген Елбасы» атты іс шараға
қатысқан жастардың ортасында. Шілде 2017ж.**

Омашев Қуаныш Омашұлы

*Елбасының үзеңгілес досы, ардагер металлург,
ақсақалдар алқасының мүшесі*



Қуаныш Омашев 5 май 1944 жылы Қарағанды облысы шет ауданы Тағлы ауылында дүниеге келген. Ұлты қазақ. Білімі жоғары. Инженер-металлург. Жанұялы, 3 баласы және немерелері бар. Әкесі ҰОС-нан жараланып, кері оралып келген соң көп Ұзамай дүние салады Артынша анасы да мәңгілікке аттанады. 13 жасында жетім қалған Қуаныш немере ағасын паналап ер жетеді. Ауылдағы орта мектептің 10 сыныбын бітірген бозбаланы болашақ тағдырының бір тылсым сағымы: Сен бұл арада қалмайсың. Солтүстікті бағытқа алып. темір етігіңнен теңгедей, темір таяғыңнан тебендей қалғанша «Еңбек» ізде» деп сыбырлап тұрғандай мазасыз күйді басынан кешіріп жүрді. Сыбыр сырды ашқандай комсомол ұйымының желеуі жастарды аяқ астынан еліктіріп, Теміртаудың магниткасына путевкасын аямай үлестірді. Жұмыссыз не оқусыз бос сандалып жүрген жастар жерден жеті қоян тапқандай қуанғаны белгілі. Бұл 1960 жыл болатын. Қуаныш сол бағытынан танбастан Теміртауға келіп жолдамасы арқылы Қазэк металлургия зауытына жұмысқа тіркеледі. Әуелі токардың станогында метал жону оқуын оқыды. Токарда, сосын слесарь одан да өтіп Мартен пешінің шиктовшикіне барып тоқтады. Еңбек майталмандары әрі саңлақ болат балқытушылар Еламан Байғазиев, Алтынбек Дәрібаев, Арғын Жүнісовтардың көмекші болатшысы болып істегені жарқын өмірінің ең қуанышты бақытты кездері болып қалды. 1962 жылы студенттік өмірге аяқ басты. Арманы мен мақсаты қатар алып ұшып құштарлығына қуат ұялаған Қуаныш Қарағанды политехникалық институттың металлургтерді дайындайтын факультетіне түсті. Қуаныш та сол кезде Н.Ә.Назарбаев пен бір курста бірге оқыды. Және бір общежитиеде бірге тұрды. 1967 жылы институтты тәмамдап металлургия заводының СК (Синтетического

каучука) цехында мастер қызметіне тағайындалды. Араға жылдар салып армия міндетін де ойдағыдай атқарды. Армиядан оралған соң КарМет цех изложницаға орналасып пенсия жасына шыққанға дейін жұмыстады. Қазіргі таңда комбинаттың жанынан құрылған ТОО-Сигма мекемесінде директор болып қызмет атқарады. Марапаттары:

Верховного Совета СССР, МИМ СССР-дің грамотасы, «Құрмет», «Парасат» ордендері, Қарағанды металлургия комбинаты сыйлығының 3 мәрте лауреаты. Қазақстан Республикасының 5,10,15,20 жылдық мерей тойына арналған мерекелік медальдары, Республикамыздың тәуелсіздігіне 25 жыл толған мерекелік медалы және көптеген алғыс хат, мақтау қағаздарымен марапатталды. Атағы: Теміртау қаласы және Шет ауданының «Құрметті азаматы». Абыройы: Қазақ елінің тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаевтың еңбектесі, үзеңгілес досы.

Талантты бозжігіт таныла бастауының арқасында цехтің мастері, учаске бастығы, цехтың орынбасары, бастығына дейін өрлеп көтеріледі. Бұл өрлеу оның еңбек майданындағы шыңдалуының айқын дәлелі еді. Өрдайым өндірістің еңбек алаңында бір өзгеріс жаңалықты ашуға ынтызар болып жүретін. Әсіресе өндірістің шығарып жатқан өнімдерінің сапасын жақсарту, оның еңбек өнімділігін арттыруға озық үлгідегі жаңа әдістерді көптеп еңгізгендіктен Комбинаттың 3 реткі арнайы сыйлығының лауреты атанғаны сондықтан. Ширек ғасыр бұрын 1967 жылы Зоя екеуміз отбасын

құрып салтанатқа бөленген қуанышты мерекемізді

Назарбаев басқарып «Асаба» болған еді деп егде тартса да сол бір күндерін еске алады Қуаныш Омашев

Ұлтжандылығы бір бөлек әңгіме. Іскерлігі мен ізденімпаздығы, адамгершілік қасиеті мен жанашырлығы, өндіріске қатысты жаңашылдықтары сол дәуір тұсында басқарып тұрған Кеңес Одағының Министрліктері, үкімет.

республика. облыс басшылығы тарапынан алған сый құрмет, алғыс хаттары, дипломдары адал еңбегінің жемісі, маңдай терінің тамшысы іспетті. Міне ағайын қысқа да нұсқа дарынды

тұлға Қуаныш Омашев ақсақалдың өмір жолынан сыр қозғадық. Басына бақыт, деніне саулық, ұзағынан ғұмыр тілейміз.



Теміртау саңлақтары

Серікқали қажы Раев

*Қалалық ақсақалдар алқасының мүшесі,
ардагер-меаллург*



Серікқали қажы Раев 1939 жылы Аякөз ауданы Мыңбұлақ ауылында дүниеге келген. Ұлты қазақ. Жанұялы.екі балалы. Ақсақалдың балалық шағы сол ауылда өтті. 1958 жылы ауыл мектебін бітіреді. Қарт әкесі алысқа оқуға жібермеген. Ауыл шаруашылығына араласып жүрген күндердің бірінде аудандық комсомол комитеті Теміртау қаласындағы салынып жатқан магнитка құрылысына баруын үгіттеп жолдама береді. Қария әкесінің оң батасын алып ауылдан алыстап шыққан сәті осы еді. Зауытқа келген азаматтарды оқу курстарынан өткізіп алатын әдеті бойынша басқару жүйесіндегілер Раевты да металлургия саласының мамандығын игеру училищесінен бірақ шығарады. Техника-механигі жас маман комбинаттың болат қорытатын цехына орналасады. Араға жылдар салып ВТУЗ-ды оқып тәмамдап комбинаттың құрылыс басқармасының аға инженері сатысына көтеріледі. Ол өзіне жүктелген міндеттемелерді өте уқыпты және сенімді атқарып осы салада еңбек демалысына шыққанға дейін тапжылмай

жұмыстады. Цехта партия ұйымының хатшысы. қазақ мәдениет орталығының директоры қатарлы саяси және қоғамдық қызметтерге де жетекшілік етті. Алып ұшқан ниеті Меккенің киелі Қағбасына зиярат етуге мәжбүрлеп ихрам жамылып қажылық парызын өтеді. Мешіттің қадірлі жамағатының бірі. Жеткіншек жас өспірімдердің ой өрісін кеңейтіп рухани тәлім тәрбиеге бағыттау, отаншыл сезімін ояту, салауатты өмір салтын ұстану ұлт нәсихаттарын жастар арасында айтумен болды. Қалалық ақсақалдар алқасына мүше болуымен қатар ардагерлер. қариялармен етене араласып қоғамдық көптеген іс шаралардың ортасында өз міндетін тиімді атқарып келді. Жалпы қажы ақсақалдың еңбек жолындағы жетістіктері жайлы кітабымыздың әр бөлімдерінде лшық айтып баяндап отырғанымызды айта кетуді жөн

санадым. Ардагер металлург, абыз ақсақал, діндар-қажы Раев Серікқали үстіміздегі жылы 78 жасты еңсеріп отыр. Осы орайда барша отандастарымыздың атынан бақытты ғұмыры жалғаса беруіне, Алла тағала денінің денсаулығына шипалығынының шуағын беруге, отбасына амандық, ашық аспан. мерейлі өмірдің сәтті күндерін тілейміз.



*Құрбандыққа шалынатын малға
Раев қажы бата жасады*

АЛТЫНШЫ БӨЛІМ

Тамара Бондаренко

Меценат қайырымдылық қорының төрайымы



Асқар Садықұлы ағымдағы қоғамның әлеуметтік жағдайына байланысты өзі жүрген ортаны өте қырағы болжап жүретін кісі. Сондығынан болар «қайырымдылық фонд» құру идеясын алғаш болып көтерді. Жүрегінің қалауымен әрбір іске табандылық танытып батыл қадамға

баратын. Көп ұлттан құралған Теміртаулықтардың назарын өзіне аударған өте ірі қаржы орталығы осы «Меценат» қоры сол кісінің идеясы арқылы құрылды. Қордың құрылтайшылары маған зор сенім артып қордың төрайымына сайлады. Сенімді ақтауға тырысамын.

«Меценат»

қайырымдылық қоры

Әрбір адам баласы жақсылық пен қайырымдылықты жанынан жасап қадыр қасиетінің маңыздылығын кемсітпей көтеріңкі ұстап. әлсін-әлсін жаңартып отыратын болса онысы ол адамның өміршеңдігінің берік ұстанымы болмақ. Бұл ұстаным адам баласының асыл мұраттарының қайнар көзі екені шындық. Сондықтан дә жасаған қайырымдылығы барша жақсылықтан көрініп. ерекшеленіп тұрады. Жақсылық жасаушыларды әр қырынан жазуға болады. Кәсіпкерлікпен айналысқан жанның қоғамдық ортадағы бизнесінің нәтижелі табысы мен жемісті еңбегі жайлы, әр саладағы қоғамдық іс-шаралардағы жетістіктерін, саясат әренасындағы биік мінберінің мәдениетін, қайырымдылық пен демеушілік тұрғысындағы рақымшылдығын әр қадам сайын дәлелдеп, жастана жатып жаза беруге әбден болады.

2004 жылы қаламыздағы (Теміртау) бірқаншама ықпалды да белсенді кәсіпкерлердің жұптарын іріктеп солардың басын қосып асарлыққа топтастырған Асқар Садықұлы, бірлескен

«Меценат» қоғамдық қайырымдылық қорын құрған еді. Аталмыш қордың заңды бас құрылтайшысы Асқар өзі болуымен қатар «Теміртау қаласы «Байрақ» Үкіметтік емес ұйымдарының Қауымдастығы» делінген заңды тұлғалар бірлестігі аталып, 25. 05. 2004 жылы тарлаң тарихымыздың парақ бетіне өшпестей болып жазылды. Қордың қалай дүниеге келгені, бұл іске түрткі болған себептері жайлы Асқар Садықұлы былай сыр шертеді.

«Меценат» қоғамдық қорын ашқан себебіміз дейді ол: Байқауымызша Теміртау қаласында тұрып жатқан халықтардың арасында әлеуметтік жағдайы төмен, тұрмыстық ахуалы нашар, демеушілікке зәру жеке басты адамдар, отбасылар көптеп тұрып жатқаны белгілі. Олар да тұрмысының төмендігіне алаңдаушылық танытып төңірегімізге оралып қайырым көмекке мәжбүрлі екендіктерін ашық білдіріп келіп тұрады. Сондықтан мен соларға жәрдемдесу үшін кәсіпкерлер арасынан ортақ «Меценат» қор құруды ойға алдым. Оның негізі «Асарлық» қағиданы ұстана келе предпринимательдердің басын қосу болатын. Мысалы: алдымызға келген бір адамға мәжбүрлі жағдайына орай 5 мың теңгеден береді екенбіз. Екінші, үшінші адамдар да солай көмектеседі. Ол қаражат ортақ көмек бола алмайды екен Соның салдарын сараптай келе ықпалды да беделді кәсіпкерлерге шықтым.

Жігіттер! Бас қосып ортақ «Меценат» қайырымдылық қор құрайық. Асарлық қағидаға сүйеніп бірігіп жұмыс жасайық деп.

Олар бұл ұсынысымды ойланып толғанып жатпай ақ түсіністік танытып келісті. Сөйтіп 25. 05. 2004 жылы қор құрылды. оның қасынан арнайы комиссия құрып (Төрайымы Бондаренко Тамара) іске кірісетін бағдар жолын айқындаған бағдарлама-ішкі тәртіп жобасын жасадық. Ал комиссияның міндеті Комиссияға келіп түскен арыз. өтініш, ұсыныстардың жөніне қарай олардың үйіне барып барлық жағдайын, тірлігін, ахуалын тексеріп көз жеткізіп мәжбүрлі екені анықталған соң рас болса көмек жасауға шешім қабылданады. Осыдан кейін «Меценат» қорынан көмек сұраушылардың дені көбейе түсті. Аталмыш есімге ие болған күнінен бастап қазіргі таңға дейінгі жылдар аралығында 3,5 млн теңге қаржы қайырымдылық пен демеушілікке жұмсап,

барлығы 367 өтініштің 168-і қанағаттандырылды. Соқырлар қоғамына бір авто көлік сыйға тарттық.

Мүмкіндігі шектеулі мүгедектерге, дарынды мүгедек балаларға, өте-мөте балалар арасындағы ел назарына ілігіп шешімін таппай туындап шыққан істерге көптеп көмек қолын создық. Ауыр дертінің салдарынан жазылмастай көрінген науқас жас балалардың отандық және алыс шетелдерде операция жасау шараларына тікелей араластық. Мысалы:

Қалапық ардагерлер кеңесіне де байланысқа шығып ортақ іс-шаралар да өткізіп тұрдық. ҰОС ардагерлерін әр-қашан құрметтеп, батыр бабаларымыздай тең дәрежеде төбемізге көтеріп ұстап келеміз. Қордың алқасы ақылдаса келе Теміртау қаласының 60 жылдығына орай ардагерлер кеңесіне бір авто көлік сыйға тарттық.

Олай болса аңызға айналған ақиқатты шырайлы жүзімен тура қарап отырып шынайы лебіздерін. жүрек жарды ықластарын білдірген дарынды дара тұлғалардың сөзіне құлақ түрелік.

Нина Вахитова

Қалалық ардагерлер кеңесінің төрайымы



Асқар Садықұлы ҰОС ардагерлерінің ең жақсы көретін қайырымды абзал азаматы және шынайы досы. Қалалық ветерандарға ол үнемі көңіл бөліп шанақты, үлкен қайырымдылық көмек жасап тұрады. Әсіресе мемлекеттік аталып өтетін мерей тойларында, наурыз, 8 наурыз халықаралық әйелдер мерекесінде, қарттар күні, ҰОС - ы 9 майдағы жеңіс мерекесінде т.б. аталып өтетін іс шараларда мерекелік құттықтауларының сыртында материалдық көмек жасап, онымен қоймай «Бота» кафесіне барлығымызды қонаққа шақырып мерекелік дастарханын ұлттық дәстүр аясында жайып, ардагерлердің игі тілегін тыңдап, алғыс батасын алып тұрады. Бұл екінің қолынан келе бермейді. Біздің жүректен шыққан ақ ниет аясындағы алғысымыз шексіз. Асқар аман болсын. Сонда бәрі болады. Рахмет.

Светлана Сафронова

Теміртау қалалық балалар және жасөспірімдер спорт мектебінің директоры орынбасары



Меценат қорын ұйымдастырушыларының бірі Сәрсекенов Асқар Садықұлының қайырымдылық көмегінің арқасында көптеген спортшыларымыз халықаралық спорт жарыстарынан алтын, күміс алқаларымен оралып, Қазақстан Республикасын бүкіл

әлемге паш етті. Солардың қатарында Белгібаев Азамат Венгрия мемлекетінде кикбокс түрінде өткен әлем чемпионатында алтын алқаны жеңіп алып мемлекетіміздің көк байрағын желбіретті. Басқа спортшыларымыздың жеңістері де көңілге қонымды болды. Асқар Садықұлы біздің талантты спорт сүйерлерімізге үнемі осылай орасан жақсылық жасап қолдап келе жатыр. Олардың отандық және шетелдерде өткізілетін спорттың әр саласындағы жарыстарға қатысуына қолайлы мүмкіндігін жасап отырады. Біздің алғысымыз шексіз.

Владимир Каштанов

Халықаралық аренасының спорт жарыстарының жүлдегері



Көл рахмет сізге Асқар Садықұлы. Теміртаулық спорт сүйер азаматтарға жасап келе жатқан жақсылығыңыз ұшан теңіз. Сол үшін мен қалалық спортшылар және өз атымнан үнемі демеушілік көрсетіп келе жатқаныңызды мақтанышпен еске алып шексіз алғысымызды

білдіремін. Қайырымды азаматтардың алды болыңыз.

Мурзаханова Зин

№3 Балалар үйінің дирекпюры



Балалар үйіне қызмет еткен жылдары қайырымсыз шенеуніктерді кездестіргенде, олардың балалар үйіне қайырымсыз көз қарас танытатындарына қапа боласың. Бірақ қаракөз қазақтарымыздың азаматтары арасы-

нан адамгершілік қасиетімен танылып, дараланып шыққан Сәрсекенов Асқар Садықұлы біздің балалар үйіне ерекше назар аударып келеді. Себебі біздің мұқтажымызға ешуақыт теріс көзқарас танытып бас тартқан емес.

Бұл кісі қуанышымызға ортақ, қайғымызды бірге бөлісіп, биылдың өзінде осы балалар үйінің түлектерін екінші рет өз қамқорлығына алып, мектеп бітіру кештеріне қатысып, оларды ыстық ықыласқа бөлеп шығарып салды. Балаларға әрқашан қайырым көмек өте қажет. Оған бізде мәжбүр боламыз. Ағымдағы жылдары Асқар бізден ара байланысын үзген емес. Осындай азаматтар көбейе берсе екен. Асқар ел ішіндегі үлгілі азаматымыз.

Турлубекова Макен

Жасөспірімдер үйінің директоры



Жалпы балалар үйінің жағдайы туралы біз көңіл көншітер мардымды лебіз айтудан жасқанамыз. Әр тараптан жасалып жататын қайырымдылық көмектер септігін тигізетінін анық айта аламыз. Әуелі асқаралы азаматымыз Асқар Садықұлына алғысымызды

айтудан бастайық. Ол біздің балалармен әрдайым тұрақты түрде кездесіп көмек қолын созып тұрады. Жасөспірімдер үйінің алғаш ашылу салтанаты кезінде аса үлкен көлемде кілем әкеліп сыйлыққа тарту етті. Және әр балаға қаншама

төсек жабдықтарын, азық түліктер мен қамтамасыз етті. Осындай орасан көмекке алғыстан басқа не айтамыз. Рахмет.

Дубровский Валерий
Kinderdort балалар үйінің директоры



Аталмыш балалар үйінде тәрбиеленушілер үнемі рухани және сауықтандыру жәрдемдерге өте мұқтаж болып келеді. Оны біреу біледі, ал біреу білмейді. Сол себепті қаламыздағы ірі кәсіпкер Сәрсекенов Асқар Садықұлы өткен жылы екі

жанұяның аналарының туған жеріне барып келуіне кереметтей көмек көрсетті. Тәрбиеленушілер үйінде жан ұяларды қалыптастыру мақсатында Меценат орталығы қайырымдылық қорынан қаржылай қаражат бөліп екі ойын «автобусын сатып алып берді. Балалар үйінің тәрбиеленушілері Асқар Садықұлына айтар алғысы шексіз.

Туровский Иосиф
Г. Жубанова атындағы Теміртау қалалық өнер мектебінің директоры



Теміртау қаласындағы облыстық мәслихатының депутаты Асқар Садықұлы біздің мектепке | яғни менімен үнемі хабарласып, | өзі де келіп әгімелесіп, қарым қатынасын үзбей спонсорлық көмегін жасап келеді. Бұл адам ешкімге ешқашан спонсорлық

көмегін аяп бас тартқан емес. Сондықтан болар сайлаушылары шын ықластарымен сенім артып облыстық мәслихатына депутатқа сайлағаны белгілі. Бізде бұл адамды өте жоғары бағалаймыз. Келесі жолғы сайлауға да осы кісіге дауыс беруге дайынбыз. Себебі мен бұл кісіні теңдесі жоқ азамат дептанымын.

КимР

Әнші - сазгер



Асқар Садықұлы ол өте мейірімді, рухы биік сезімтал, жарқын жанды кісі. Барлық істеген жақсылықтарын шынайы ықласымен адамзат баласына арнайды. Суперстар КЗ проектісінің іріктеу кезегінен өткен кезімде маған нағыз көмек көрсеткен кісі Асқар Садықұлы. Ол кісі менің мәжбүрлігіме қол созып мені қолдап демеді. Содан кейінгі ұмтылысым ілгері жетелеп шығармашылық өнер жолымда биік табыстарға жеттім. Асқар аға сізге алғысым шексіз.

Роман Ким жайлы Асқардың ой өрнегі былай деп сызып кестелейді. Талантты көптеген балаларға қол ұшын созып қайырымдылық жасадым. Бұл бала біздің жиеніміз. Және де Айдар мен Табысбекті де демеуіме алған едім. Романды шоу бизнеске шығаруға ат салыстым. Қазақстанда шоу бизнестің деңгейі өте төмен. Испанияға барып қайтқан бір сапарымда. сол жерде шоу бизнес саласының бір азаматымен танысып Роман туралы ақпарат бердім. Ол азаматтың уәдесі; Өзім тұрғысынан қарсы емеспін. тек барып байқап көрейін, танысайын, егер де көңілімнен шықса испанияға алып кетем деді. Олар шілде айының 5-і күні келді, Роман ол тұста Жезқазғанда қайырымдылық концерт өткізіп Қарағандыдағы 60 жылдық паркіне концерттік қаржысын аударды. Негізі облыс көлемін аралап концерт қойып танылып үлесін қосып жатты. Бұл біле білгенге ауқымды көмек саналады. Испаниялық екі азамат жаңағыдай бір концерттік шараға қатысып отырып бір - бірлеріне қарап сыбырлап бастарын изеп: Болды. Роман көңілден шықты. Біздің көз қарасымыздың сынағынан өтті деді. Олардың бізбен жасаған келісім шарты бойынша алдағы қыркүйек айында өздері келіп Романды алып кетуге сөз байласты. Менің оларға қойған бір талап ұсынысым:

-Сендер Кимді интервьюге шығарасыңдар ма?

-Иә. Шығарамыз.

-Онда «Мама» деген өлеңімен шығарыңдар дедім. Олар келісім берді.

Міне солай Романның шоу бизнес саласында жарқырап шығып жұлдыз аталуына өзімнің үлесімді осылай қосқан жайым бар деп толқып отырды.

Ибрагимова Ханифа

Өзбекстаннан келген оралман



Біз Өзбекстаннан ата мекеніміз Қазақстанды аңсап көшіп келген оралман едік. Келген соң жиған терген ақшамызды баспана сатып алмақшы болып бейтаныс алаяқтардың қолына ұстатып алданып қалдық. Қатты қиналып

азап шегіп жүргенімізде жерлестеріміз айтты. Сендер облыстық мәслихатының депутаты Асқар Садықұлына барыңдар деп. Еліне сенім артқан, халқы үшін қызмет ететін ол кісіге жәрдем сұрап бардық. Ол кісі оралман бізді жылы шырайлы қабылдаған осы өлкедегі ең бірінші адам еді. Біздің андағы шаруамыздың шешімін тауып, ұмытылмас жәрдемін көрсетті. Сол істің нәтижесі арқылы біз баспаналы болдық. Сондықтан ол кісіге өзімнің отбасымнан және бүкіл оралмандар атынан алғысымызды білдіреміз.

Абдуллаева Закира Мұратқызы

Өзбекстаннан келген оралман



Өзбекстан Республикасынан Қазақ елі өз қандастарын шақырып азаматқа қабылдап жатыр дегенді естіп жанұямызбен көшіп келгенбіз. Жолдасым қаржы тапшылығынан осы өлкедегі бір құрылыс фирмасына дәнекерлеуші болып

жұмысқа орналасты. Айналасы үш ай жұмыстап бір күні

жұмыс жерінде жүріп апат салдарынан қаза болды. Сол күндері менің аяғым ауыр еді. Қатты қиналдым. Барар жерім болмады. Ағайын туысым жоқ еді бұл жерде. Жерлестерімнен осы облыс депутаты Асқар Садықұлы ағамызды естіп біліп, сол кісіден жәрдем сұрап барған едім. Менің жағдайыма әбден қанық болған соң ол кісі маған материалдық жәрдемдер берді. Және материалдық тұрмыста көп көмегін көрсетті. Елімізде осы Асқар ағамыздай азаматтар көп болса халқымыздың жағдайы жақсы болады ау деп ойлаймын.

Тәуелсіздікке қол жеткізген жылдары нарықтың қиыншылығына қарамай, ата - бабаларының табан ізінің бедері, киелі жұртының орны, аруақты бабаларының бейіті қалған ата - жұртына бет бұрып Қазақ еліне талып жетіп топырағына аунағысы келген оралман ағайындарымыздың ұзын сонар көш керуені келіп жетті. Әр өңірде, әр қалада оларды әрқилы қабылдады. Теміртау қаласына қоныс тепкен ағайындар саны орасаң. Монғолиялық ағайындар көшпелі өмірдің нелер сүзгісінен өтіп ысылып алған. Өте ширақ, қайсар мінезді - жігерлі. адамгершіліктері толысқан сабаз, өте қонақжайлы, жауапкершілігі жоғары, сенімге берік - әділ, қолы ашық, қазақи салт - дәстүрдің қаймағын қатаң сақтап келген, ұлттық тілдің түп төркіні бұзылмаған халық екеніне көзіміз жетті. Өзбекстаннан келген ағайындар да осы тұрғылас. Сәл айырмашылықтары бар. Ол тұрып келген елі, жерінің салты мен қағидасына қарай екені белгілі. Сауда ісіне төселген, экономикалық және үнемшілдік іс қимылға жүйрік, айла - тәсілге бейім, жеті өлшеп бір кеседі. Исламдық ұстанымы берік сондықтан да әр істен сақтану абайлық танытуы жолға қойылған. Құрылықтың қай шетінен келсе де оралман ағайындар жекжат - жұрағат болмаса да ағайын туысқандардай араласып кетті. Тұрғылықты халықтан бұлардың артықтығы осылай аңғарылып тұрады.

Ағайындар көшіп келген бетте орналасу тұрғысында көптеген қиыншылықтарға тап болғаны шындық. Басқару билік жасырса да тағдыр шындығы жасыра алмайды. Бір реткі жәрдем ақы, квота, баспана, жұмысқа орналасу, жұрт түзеп қоныстану қатарлы мәселердің шешімі сылбырға ұласып,

ұзаққа созылып әуре сарсаңға салып жіберген жағдайлар болғаны рас. Оны мойындамасқа лаж қалмады. Дәлел ретінде жоғарыдағы екі оралман бауырлардың жай - күйінен дерек келтірілді. Қаламыздың атымтай жомарты. жаны жайсаң Асқардың табыла кетіп қайырым көмегін жасамағанда опардың тауқыметі немен бітер еді? Қиналып қайғының қара түнегінде жүрген оралман ағайындарды көргенде бұл құзырлы мекемелердің не істеп жатқанын ойлағанда жүрегің елжіреді деп Асқардың да мазасы кеткен сәттері аз болмағанын тарих толқыны парақ бетіне түсіруге үн тастап еді.

Шунаева Гулмаржан

Отбасылық үлгідегі «Айналайын» балалар үйінің директоры



Асқар Садықұлын өзім 1996 жылдан бастап білемін. Ол өзі қазақтың сондай бір керемет ер жігіт. Біле білсеңіздер ол кісі арқылы қаламызда көптеген күрделі саналған игі істер істеліп жатыр. Жетім балалар үйіне айрықша көңіл бөліп қарайласады. Көбінесе жетімдерге ақшалай қаржы, азық түлікпен қамтамасыз ету мұқтаждық туындайды. Осы тарапынан Асқар кенде еткен емес. Аурухана жатып қалған балаларға. отаға түскен тағы бір балаға қаржылай көмек жасады. Жұмыссыздарға жұмыс беріп, балалар демалысқа барарда ақшалай қаржымен қамтамасыз етіп отырады. Осындай қазақ жігіттері біздің кіндік еліміздің арқа сүйері болып жоғарыдан көріне берсе екен деп ойлаймын. Шынымен қазақ даласында туып өскен мықтыларымыздың бірі осы азамат. Алғысымыз шексіз екені рас.

«Айналайын»

«Отбасылық үлгідегі» балалар үйі

2000 жылы Теміртау қаласында Республикамыздағы алғашқы «Отбасылық үлгідегі балалар үйі» ашылды. Бұл үйді Республикалық «Бөбек» қорының президенті Сара

Алпысқызының қолдауымен өміріге келген балалар үйінің бірі, алғашқы қара шаңырағы болатын. Бұл қара шаңырақты Сара Назарбаеваның өзі келіп салтанатты жағдайда лентасын қиып Теміртаулықтарға сыйға тартып есігін айқара ашты. Содан бері талай жылдар артта қалып өткен күндердің тылсым белгілері қалған тарихи сәттерге баршамыз куә болып отырмыз. Ол уақыт жылнама бойынша 22. 12. 2000 жыл болатын. Сол кісінің өзі балалар үйінің атын «Айналайын» деп қойған еді. Алдыға салып айдауға да , артқа тартып арқандауға да көнбейтін заман ағымына көз жүгіртсек аттай 17 жыл өтіпті. Алғашқы кезде эксперимент ретінде басталғаны рас. Нәтижесі болғаны соншалық қазіргі кезде осы тәрізді балалар үйі Қазақстанда көптеп ашылды. Мұндағы тәрбиеленуші балалар біздің мақтанышымыз бола білді. Осынау 17 жылдың ішінде «Айналайын» балалар үйі талай жетімнің ыстық ұясы, туған үйіне айналды. Жастайынан тағдыр жазуымен жан ашыр ата аналарының қамқорынан тыс қалған жәудір көздер осы отбасынан жан ашыр жандардың аялаған жылы алақанын сезді. Отбасылық жылулықпен тәлім тәрбие алды. Талай жас осы құтты өмірден жолдама алып шықты. Оқып жетіліп мамандыққа ие болды. Алды отбасын құрап ұрпақ сүйе бастады. Ал біле-білсек олар үшін ата-анасы, туған үйі осы балалар үйі болып қалары хақ. Әр жыл сайын олар осы туған үйіне айнала соғып келіп кетіп тұруы қалыпты жағдайға айналған.

Көптеген тәрбиеленушілер орта білімнен соң өрлей оқып мұғалім мамандығы бойынша еңбекке араласты. Солардың қатарында Астапов Роман университет бітіріп Қарағандыда тренер болып істеп жүр. Татьяна Уткина гуманитарлық колледжді бітіріп еңбекке араласты. Юлия Яковенко колледждің түлегі, Владимир Атаманшук-те оқу үздігі.

Бүгінгі таңда осы балалар үйінің 6 отбасында 52 бала тәрбиеленуде. Ең кішісі 3 жаста болса ересегі 17 жастағы жасөспірімдер. Негізі балалардың басым бөлігі № 5 орта мектепте ұлттық тілінде білім алуда. Соңғы жылдары қаракөздеріміздің саны артып барады. Бұл бір жағынан өкініш туғызатыны шындық. Жетімін жылатпаған, жесірін жатқа қалдырмаған ел едік. Қанша сүйсіне қарап аяласаңда көңілің құлазиды да тұрады.



Қайырымдылық шарасымен 1996 жылдан бастап айналысқан Асқар Садықұлы, 2000 жылдан бастап осы балалар үйін қамқорлығына алыпты. Осы жайында Асқар :

-Бөбек қоры ашылған сол жылдары қалада су жоқ, ет жоқтың қасы. жалпы жағдай мүшкіл болатын. Сонда да амал шарғысын ойластырып сол бөбектермен бірге алғаш рет жаңа жылды қарсы алғанбыз. Әлі есімде содан бері көмегімді үзбей жасап келемін. Жаңа жыл, наурыз, 01.06. балалар мерекесі күні. т.б мерекелерінде 50-60 бала жинап үнемі көмек жасаймыз. Бұл менің азаматтық борышым деп санаймын.

алық шағымызда нелер қиыншылықтың бәрі басымыздан өткен. Адам баласы өзінің басынан бейнет өтпейінше түсінбейді ғой. Кейбіреулер ойлайды Оның байлығы тасыған ақша дәулеті мол, бай деп. Үкімет барлық тауқыметтік сұраққа жауап бере алмауының сыртында төтеп бере алмай жатыр. Мемлекеттің мүмкіндігі жетіспейтін сәттерін көз алдарыңа елестетіп көруге болады. Және дәрменсіздік танытып жатқан жайы бізге белгілі. Біздің санамыз ақ ниетке сүйенген қарым-көмектің мәні мен оның Алла Тағала алдында үлкен жауапқа жататынын сезінгендіктен. асыптасып тұрғандықтан емес екендігін айқын насихаттап келе жатқан жайымыз бар. Сол жағдайдан шығар бір амалын өз тарапымынан ойластырып жатқан сыңайым осы ағайын. Мен осы орайда бөбектерге, жетім балаларға, тәрбиелеушілерге жемісті еңбегіне сүйенген бақытты өмір. берекелі ғұмыр, денсаулық. молшылық, тек жақсылық тілеймін. Сапалы білім алып маңдай алды азаматтар болса екен деп ойлаймын-

Қайырымдылықтың сауапты ісіне разы болғанын ағынан жарылып жан дүниесімен беріліп алғысын айтқан тәрбиеші, балалар үйінің директорының орынбасары Айгүл ханым ақсақалдар алқасына және мешіт имамдарына өз ұжымдары және барша балалар атынан шексіз қуаныштарын жеткізе білді.



Салиқалы дастарханын жайып балалары мен бірге дәм ауыз тиіп ниеттерін бөлісті.

Иә Асеке! Сіздей қайырымды азаматтардың қатары өсе берсе Үкіметтің де түзу көзі сіздерге қайырлы ісімен айналып соғары бір бар шығар. Мұқтаждардың мұңын тыңдап, жетімдерді жебеп, жесірлерді қуанып қол ұшын берушілер көбейіп жігерлі жандардың ұмтылысы үзілмесе екен тәйірі. Іләйім! Алла жар болсын!.



Әсілі осы айтылған рухани тебіреністеп жан жылуларынан соң біз нені аңғардық? Бізге шынайы достық, береке-бірлік осыған сүйене отырып бір-бірімізден үйренуіміз, білуіміз, сыйлауымыз. құрметтеуіміз қажеттілікті талап етіп отыр. Арамыздағы адами қарым қатынасты былай қойғанда. Құран Кәрімнің қасиетті үкімдерін орындау үшін кемтарларға көмектесу, жоқ-жітікке жәрдемдесу,

бір-бірімізге жанымыз ашу, бауырмал болу. үлкенді сыйлау. баланы дұрыс тәрбиелеп өсіру, отанды сүйу, ел-жеріңді қорғау. ұлттарды бірлікке шақыру арқылы бауырмал

мұсылманның шынайы келбетін сақтай аламыз. Бұл қағида қайырымдылық қамқорлықтың кілтін қолыңа ұстатады. Тәуелсіздік бізді рухани құндылықтарымызбен қайта қауыштырды. Төл санамыздың рухани мәдениетке деген ерекше қамқорлығымыз оянды. Бірақ жансақ ой-сана туындауы мүмкін. Ол пікірмен бармауымыз-санаспауымыз керек. Ол ой-сана не дейсіз ғой, кейбіреулер ойламасын, ақшасы мол, бай-бағландардың мақтаншақтығы бойына сыймай көкірегін керіп кеңітіп, абыройын көтеріп атақ даңқын асырғалы жүргендегісі деп. Күнделікті өмірдің шынайы бір келбетіне көз салайық.

Мешіттің кірер босағасында мұқтаж жандар тұрады сізден қайыр нәфақа тілеп. Сонда сіз оның қолына бес тиын садақа тастауыңыз былай тұрсын бет жүзіне қарамастан өтіп кете беретініңіз шындық. Ал сондағы бай-бағлан мен сіздің араңыздағы айырмашылық сезіліп тұрған жоқ па.

Бай болса да ынтымақтығын сездіріп бірлікке үндегені. Байлық та адамның бағы. Ынтымақ жүрген жерде ырыс та алыс-беріс те болады.

Ал Асқарға келер болсақ, Теміртаудағы балалар және жасөспірімдердің қара шаңырақтарынан бірін де қалтырмай қамқорлығына алған. Жанарынан айрылған мүмкіндігі шектеулі мүгедектер үйіне бір авто көлік сыйлаған. Қарттар үйіне де ұдайы қайырымдылық қолын созып тұрды. Олардың жауапты ресми өкілдері жоғарыда жан дүниесімен тербеліп жамыраған қозыдай ағынан жарылып айтып дәлелдеп отырған жоқ па! Недеген жомарттықдесейші.

Алайда адамның бойынан алты бірдей жақсы қасиет, алты түрлі адамның бойынан табылады екен. Олар:

- 1 Әділдік - жақсы қасиет екені рас. Бірақ ол басшылардың бойынан табылса жағымпаздық пен жемқорлықтың жолы жойылар еді.
2. Тақуалық - ол да жақсы қасиет. Ғалымдардың санасын оятып солардың бойынан табылса рухани тәрбиеге септігі тиері хақ.
- 3 Сабырлылық - Адамзат баласының шыдамдылығының сынағы. Бұл қасиет өте-мөте кедей кепшіктердің маңдайына жазылған тағдырдың жазуы. Олар бұл сынақтан әсте сүрінген емес.

4. Тәубешілдік - Тәңірге сүйенген ерекше қасиеттің бірі. Болашақ ұрпақтарымыздың, жасөспірімдеріміздің бойынан табылар болса жаңару дәуіріміз шайқалмасы анық.
5. Ұяттылық - Ар - ождан, тәнге байланысты айрықша қасиет. Бұл қасиет өте-мөте әйел затының бойынан әдептілікпен табылып, қай ортада болсын нұрын шашып тұрса шайтан лағынет санадан ғәйып болар еді.
6. Жомарттық - Ең керемет қасиет. Бірақ ол дәулеттілердің, байлардың бойынан табылып, шапағатқа бөленген қамқорлық-қайырымдылықтың туын желбіретіп тұрса зар заман осылардың жағына шығар еді. Міне солай. осы алты қасиеттің бәрі-бәрі бірінен бірі өткен тіптен де жақсы қасиеттер. Мағыналы өсиеттердің мәйегіне сусындасаң неге жаман болсын оқырман қауым. Мойныңа асып маржандай тақпасаңда санаңа сақтап серік етерсің деген оймен орайласқан тусынан орын іздеп сауапқа балап жадыңа қостым жар болсын деп.



Бөбек қорының президенті Сара Назарбаеваның «Айналайын» балалар үйінің балаларымен кездесуі



***Сара Назарбаеваның Теміртауға сапары.
22. 12.2000жыл***



***«Айналайын» балалар үйінің ашылу салтанаты Сара
Алпысқызының лента қию рәсімімен басталды***

ЖЕТІНШІ БӨЛІМ

«Халық бірлігі, дәстүр мен ұрпақтар сабақтастығы үшін» қоғамдық бірлестігі Ақсақалдар алқасы



Құрылтайшы
СӨРСЕКЕНОВ Асқар Садықұлы
«Асқар және Компания»
толық серіктестігінің бас директоры
8701 737 44 86

2002 жыл. Жеді-Желтоқсан айы «Ел құлағы елу» дегендей Теміртаулықтардың арасында бұрын соңды естілмеген бір тосын жаңалық лезде тарап үлгерді.

-Әлгі Асқар бауырымыз «Халық бірлігі, дәстүр мен ұрпақтар сабақтастығы үшін» қоғамдық бірлестік құрыпты. Оның құрылтайшысы ретінде мұрындық болған өзі екен. Оны

ақсақалдар алқасы басқарады дейді деген хабар ел аузында дамылсыз айтыла бастайды. Желтоқсан айында дүние есігін ашқан Асқардың әр сәттегі армандаған амалы мен істері желтоқсанның сәтіне сай келе беретіні жұлдызы жарқырап, маңдайына бітіп тағдырына жазылған бағы іспетті. Олай болса осы бірлестіктің тарих парағына жазылуына нендей себептер туындағаны, қандай жағдайда дүниеге келгені жайлы тарихнамасын толық баяндауға тура келгенін оқырмандарға құлағдар еткен жөн сияқты. Бұл туралы Асқардың да ойлы түйініне тоқталып өткеніміз абзал болмақ.

-Дәуірдің жаңару ағымына байланысты, қоғамның да қарқыны өзгеруіне орай әр тараптағы жүйе мен саланың маңыздылығына сүйеніп қоғамдық бірлестік, ұйымдар құрылып жатқаны таң қаларлық іс емес. Керісінше халықтың игілігі үшін септігін тигізетін іс шараларға мұрындық болатын белсенді топтың құрамы. Оқырман қауымға айқын және ашық

түрде насихаттау жолымен бірлестіктің қызметінің негіздері және маңыздылығына тоқталып өтейін деп Асқар жайлап бастап сөз керуенін өз жолына бағыттады.

«Қоғамдық Бірлестіктер туралы Қазақстан республикасының 1996 жылғы 31 майдағы №-3-ші Заңның 5-бабында: «Қоғамдық Бірлестіктер азаматтардың саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтары мен бостандықтарын іске асыру мен қорғау, белсенділігі мен ынталылығын дамыту, кәсіби және әуесқойлық мүдделерін қанағаттандыру, ғылыми, техникалық және көркем шығармашылығын дамыту, адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау, қоршаған табиғи ортаны қорғау, қайырымдылыққа қатысу, мәдени-ағарту, спорт-сауықтыру жұмыстарын жүргізу, тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау, патриоттық, құқықтық және адамгершілік тәрбие беру, халықаралық ынтымақтастықты кеңейту және нығайту, ҚР-ың

Заңдарына тыйым салынбаған өзге де қызметті жүзеге асыру мақсаттарында құрылып жұмыс істейді» - деп көрсетілген. Осы баптың мәтініне терең үңіліп ой орамымды екшей келе,

бірлестікке қол жеткізер болсам бұл істі әрі қарай сенімді түрде алып кете алатын адамдар, қаламыздағы беделді қариялар, арда ақсақалдар болуы әбден мүмкін. Осылардың арасынан қажырлы, қайратты, аймағымызда көп жылдар бойы мемлекеттік және мемлекеттік емес кәсіпорындарда еңбек еткен, басқару және саяси тұрғыдағы іс қимылдан тәжірибе жинақтаған, жігері сөнбеген ақсақалдарды іріктеп, олардың басын қосып осы іске жұмылдырайын деген ырым жасадым. Мен азаматтық, патриоттық, ұлт жандық сезіміммен ақылдаса келе бұл тұжырымға нық сенім арттым.

Асқардың бұл сенімі қазақтың әр азаматына да ой салатыны айдан анық, Құптауымызға тура келеді. Бұл ой бекерден бекер туындамаса керек. Ойға - ой, санаға - сана пікірге - пікір, сенімге - селбесу болу үшін толғағы келген

тобықтай сырымды ортаға тастайын. Өзегімізді жарған өткір сөз өзгенің де сезімін оятып, сеніміне ие болары хақ.

Қариялар дегеніміз:



*Қартайдым деп қайғырма,
Жеткіншектер бар артыңда!
Қауқарсызбын деп жасыма,
Жақсылар бар артыңда!*

Автор

Даналардың ақ ордасын ата бабаларымыз құрған. Сол себепті «Қарты бар үй-Қазыналы үй» деп атап келдік.

«Қария» деген сөз: Елдің, халықтың басы болу, ақылын айтар дана болу. ел төрінде құрметке бөлену, әр бір жағдайда қамқоршы болуды меңзейді. Шаңырақтың шаттығын сақтап, бірлігін бекем етуге

ақылын айтар елі мен жерінің кеңесшісі, қазақтың әр отбасының арқа тұтары. Ақылы алтын сөзі гауһар, естіген жанға тұғырлы тіреу.

Ақсақалдар дегеніміз:

-Ал «Ақсақал»-дар дегеніміз: Ауыл, қала, аймақтың жасы егде тартқан құрметті адамдары. Өмірлік тәлім тәрбиесін, бабаларымыздың игі дәстүрлері мен салт-санасын үйретуші, үлгілі өнегесін көрсетушілер. Қай ортада болса да аталы сөздерін айтып, елдік пен бірлікті, туыстық пен достықты сақтау жолын нәсихаттаушы. Жастарды білімге. ізеттілікке, еңбекке баулуымен бірге туындаған кикілжіңдерге «Бітуажа» айтып татуластыру істеріне ықпалын жүргізеді.

Ақсақалдар айтқан аталы сөз ешқашан аяққа басылмаған. Аталы сөзден аттаған - жүгенсіздік, тәрбиесіздік деп есептеледі. Ақсақалдармен реті келгенде ресми басшылар да ақылдасып отырады. Бірақ ақсақалдардың деңгейін айтқан бітім сөздеріне қарап оларды «Би»-лермен шатастыруға болмайды. Бұлардың арасындағы айырмашылық жер мен көктей. Сондықтан жансақ іс қимыл жасауға. жансақ

ой пікірмен алыспау керек. Ата жолын жалғап келе жатқан бүгінгі таңдағы ақсақал қария аталарымыз бен ақ жаулықты асыл әжелеріміздің көркі мен тәліміне бас игеніміз абзал.

Көкірегіндегі ойды келте қайырмай кең ойланып толғанып таңды атырған Асқар ертелей тұрып кеңсеге асықты. Әдетінше орнына жайғасқан соң қолына қаламын алып алдындағы ақ параққа қаладағы құрметті ақсақал қариялардың есімін тізіп жаза бастады. Олардың негізгі дені комбинатта көп жылдар бойы еңбек еткен ардагер - металлургтер Әмірханов Мұқатай Алмазович, Тулеубаев Ермек Ибраилұлы, Иманбаев Олжабай, Ілияс Баймурзаев, Ботанов Қасымхан Ертайұлы, Кебегулов Бекбау Кебегулович, Молбаев Құттыбек Омарбекұлы, Смагулов Тілеуберді, Арысов Жанас, Жүнісов Арғын, Абленов Асылхан Бекбулатович, Қуаныш Омашев, Айтжан Исаков, Аманжол Ақын, Мырзабек Ботабаев т.б -лар еді. Қағаз бетіне аттары жазылып іріктелген ақсақалдарға хабарландырулар жеткізіліп кездесу күні 2002 жылы қараша айының 15 - іне белгіленді.

Қанша жерден жайбасар қариялар аталса да ұшқыр аттай елпек жүріске салатын қызбалығы бойынан ажырамаған ақсақалдар дәл уақытында келіп Асқардың кеңсесінде бас қосты. Марқасқа ағаларды байыппен бір шолып өткен Асқар әдеппен сырғыта сөйлеп сырласу салтымен құпия ойының бетін ашты.

Құрметті ақсақалдар! Сіздерді кеңсеме жинаған себімнің мынандай сыры бар. Сонау ықлым заман көнелік дәуірден бері ауылды, елді мекенді, рулас жүйелерді қадір қасиеті бойына дарыған ақсақалдар басқарып келген. Ал замана ағымы ауысса да бүгіндері заң шеңберіндегі сот жүйесінде де айтылып келеді мынау народная заседателья дейді қазіргі заманымыздың атауы ақсақалдар алқасы деген мынада. Жүйеге әбден сыйысып тұр.

Осы жүйеге назар аудара отырып ақсақалдар сіздер енді осы қаланың да құрметті иесі болғандықтан қаланың қоғамдық әлеуметтік, саяси істеріне жан жақты қарап араласып отырсаңыздар қалай болады?

Турасына келер болсам мынандай бір ұсынысымды сіздердің орталарыңызға тастап талқылатпақшымын. Ол ойым

«Халық бірлігі, дәстүр мен ұрпақтар сабақтастығы үшін» - деп аталатын қоғамдық бірлестік құруды көптен бері іске асырсам деп армандап келдім, Егер құптасаңыздар бірлестікті ары қарай басқарып алып кету жауапкершілікті ақсақалдар сіздерге жүктейін деп оғырмын. Мақсаты:

Жастарды рухани және отан сүйгіштікке тәрбиелеу. салт-дәстүр, әдет-ғұрпымыздың ажырамас құндылықтарын сақтап ары қарай дамыту, рухани, мәдени байлықты жетілдіру сияқты істермен айналысып қала халқына танылып ақсақалдардың абыройын көтеруге ат салыссаңыздар құба құп болар еді. Бұл ұсынысыма қандай уәж тастайсыздар?

-«Төресіз ел болмайды, төбесіз жер болмайды. Төреліге ел, төбелі жерге мал тоқтайды- деген аталы сөздің пәтуасына тоқталған ақсақалдар ақылдаса келе «Көп ұлттармен тереземіз тең, еселіден сақтанып, егеспеден қорғанып, дау шарғыларды басып, ара ағайындығымызды бекіте білейік» деп Асқардың алғырлығына сүйсініп ұсынысты қолдады.

Бастау жол

Әмірханов Мұқатай Алмазұлы

«Халық бірлігі, дәстүр мен ұрпақтар сабақтастығы үшін» қоғамдық бірлестіктің 1-ші шақырылымында (2002-2009) сайланған алғашқы төрағасы, ардагер металлург



2002 жылы қараша айында Теміртау қаласының күллі ақсақалдарының басын қосқан дүбірлі үлкен жиын құрып, Әмірханов Мұқатай Алмазұлын, ақ киізге отырғызбаса да алқалы қауымның алдында «Халық бірлігі, дәстүр мен ұрпақтар сабақтастығы үшін» қоғамдық бірлестігінің төрағасы етіп сайлады. Дүбірлі жиында кеңес мүшелерінің саны белгіленіп ақсақалдың аты ұсынылып қолдау талты. Ал кеңес мүшелерінің кезекті отырысында бірлестік төрағасының орынбасарына Темиргалиев

Джексенбай Даулетұлын сайлап әр лауазым межелеріне атқаратын тиісті міндеттері белгіленіп қоғамдық бірлестік жоспар жобасын құрып қоғамдық ортадағы беделін айқындап іске кірісіп кетті. Бастапқы жылдары Ақсақалдар алқасының кеңсесі Герцена көшесі 11 - і үйге қарасты «Асқар және Компания» - сы ЖТС - нің ғимаратына орналасып қызмет атқарып тұрып бірер жылдан соң Блюхера көшесі 13 - үйдің 235 - ші бөлмесіне ауысып көшіп кеңсе ретінде қызметтік іске пайдаланды. Бірлестік бүпнгі күнге дейін сол кеңседе тұрақты жұмысын атқарып келеді.

Адамды бойына емес болмысына, тұрқына емес талабына, жасына емес жауапкершілігіне қарап бағалап келген ақсақалдар төрағалық мансапқа Мұқатай Әмірхановты таңдағаны бекер емес. Білікті де білімді ақсақал өз ісіне жауапты екенін танытуға бел шеше кірісіп те кетті. Су басынан тұнады. Сұңғыла ақсақал сауапты жолын бас құрылтайшы Асқар Садықұлымен ақылдасып шешуден бастады.

Халқымыздың көркі, бетке ұстары, датқасы ол әрине ақсақалдар. Салтымызбен дәстүріміздің, әдет-ғұрпымыздың, өнегемізбен мәдениетіміздің, ділімізбен тіліміздің мектебі ақсақал қариялар. Тәрбие мен тәлімнің үлгі болатын рухани тірегі осылар. Өскелең ұрпақты ұлтжанды, еліміздің патриоты е т і п тәрбиелеуісін өздерінен бастап, қайда болмасын сөзі мен іс әрекеттері әрдайым өзгелерге үлгі-өнеге болуы тиіс.

Осынау қағидамен сусындаған жастарымыз рухани әлемнің сенімді азаматары бола алады.

Ақсақалдар алқасын ұршықтай иірген Әмірханов Мұқатай, ұйымшылдықтың қадір қасиетіне сүйене отырып іс қимылға көшті. Білдей қоғамдық бірлестікті басқарып саяси және қоғамдық іске араласу әрине оңай емес. Президенттің курстастары, еңбек сахнасындағы достары Тулебаев Ермек,

Қуаныш Омашев, Исаков Тоқтархан және ардагер қажы Серікқали Раев, Темиргалиев Джексенбай, Молбаев Құттыбек. Смағұлов Тілеуберді, Айтжан Исаков, Ілияс Баймұрзаев. Қасым Ботанов, Ордабаев Бірлікбай қатарлылар

ақсақалдар алқасының жан сүйер ақылшысы, демеушілері бола білді.

Топтарын жазбаған ақсақалдар мұсылмандар мешітінің бой көтеруіне, ұлттық тіліміздің аясын кеңітіп өркендеуіне бірден бір себеп іс қағаздардың ұлттық тілде рәсімделуіне, өскелең ұрпақтарымыздың ұлттық өз тілінде білім алу үшін қазақ мектептерінің санын арттыру, жастардың тәрбиесіне ата салты, дәстүрлі қағидаларды сыналап еңгізу оны нәсихаттау үрдісін өмірмен байланыстыру сияқты келелі істердің жолын қарастырып мәселелер қозғап жергілікті биліктерге шығып көптеген жетістіктерге жетті. Бұл игі істер ақсақалдардың ортасында бұрын соңды болмаған бастау жол екендігін айқын көрсетті. Аңғарғанымыз жұмыла кіріскен ақсақал аға буын қауымдастың мақтауға тұрарлық мерейге толы сауапты істері еді. Игілігін ұрпақтарымыз болып халқымыз көріп жатыр.



Ақсақалдар алқасын құру туралы алғашқы жиын



Әмірханова Гулбарам

Ардақты әже



Алтынның сынығы, асыл әже Гулбарам баршамызға етене таныс адам. Ақсақалдар алқасының алғашқы төрағасы Әмірханов Мұқатай Алмазұлы ақсақалдың Құдай қосқан жары. Ақсақалдар алқасының ірге тасын қаласқан жандардың бірі. Отағасының сенімді ақылшысы болуымен қатар тұшымды ойы мен саналы санасымен үлесін қосқан қайсар ана десек те болады. Ортаға сыйлы әже ақсақалдардың әркездегі

бас қосуынан қалған емес. Міне бүгінде (01.10.2013 ж. қарттар мерекелік дастархан үстінде қатарластарының

ортасында жадырап-жайнап отыр. Бір сәттері өзіне ұсынған микрофонды сығымдай ұстап орнынан сыпайы тұрған әжеміз:

-Осы Теміртауға отырықты орнымызды, жұртымызды тастап көшіп келген күннен бастап, осы қалада тұрып жатқан сәтінен бастап, үлкенмен де кішімен де басқа ұлттың адамдарымен де барлығымен дос боп ағайын туғандай болып кеттік. Соңыра бір күндері елден келгендер және атамыз айтатын, мына Теміртауда қалай тұрып жатырсыңдар? Қап-қара түтіннің ортасында - деп. Сонда мен оларға еш ренжіп қабақ шытпай: Түтіні қара болса да халқының жүрегі ақ екен - деп жауап қатушы едім,

-Баламдай болған мына отырған Асқар, және жанұясымен де етене жақын танысып ағайын туыстай болып кеттік қой. Осындай мереке кезінде біз ас ішу үшін емес осындағы жиналған халықтың жүзін көріп қауышып, қуанышымызды бірге бөлісіп, әңгімелесіп арқа-жарқа болып, сағынышымызды басуға келеміз. Асқар айналайын! Жайнатып жасаған дастарханыңдай жарқырап жүргейсің. Қай уақытта да жақсылықпен осы құтты шаңырақта кездесе берейік. Асқар саған халықтың берген батасы қабыл болсын. Жасым 80 - нен асты. Менің жасымды берсін саған! Шақырғаныңа көп рахмет айналайын! - деген жүрек жарды лебізін жайлап айтып жеткізді. Иә. Аналардың көркі де асыл. Өзі де асыл. Сөзі де асыл. Асылдан жаралған ұрпақтары сонда несімен құнды? Олардың құны алтынмен парапар!



Гулбарам әже Асқарға сыйлық ұсынып тұрған сәті

ҰМТЫЛЫС

Ілияс Баймұрзаев

**Халық бірлігі, дәстүр мен ұрпақтар сабақтастығы үшін»
қоғамдық бірлестіктің 2-ші шақырылымында (2010-2014)
сайланған төраға. Ардагер металлург**



Жалпы мүшелердің құрылтайында мәртебелі лауазымға көтерілген төраға Ілияс Баймұрзаев келесі бас қосу жиынын шақырып, кеңес мүшелері және орынбасарлары, хатшы қызметіне тиісті адамдарды сайлап өз қауымдастығын жасақтады. Ақсақалдар кеңесіне Асқар С., Баймұрзаев І., Ботанов Қ., Бегетенов Ш., Кебегулов Б., Жанженов Б., Сарсекенов Ә., Тулеубаев Е., Ордабаев Б., Қанабаев Ж., Амандықов Қ. Төрағаның бірінші орын-

орынбасарына Абленов А., орынбасарына Ордабаев Б. хатшыға Құрманбаева С. сайланды.

Қоғамдық бірлестік жоспар құрып алдына үлкен мақсат қойып оны міндеті етіп қабылдады.

-Елбасының жүргізіп отырған кемел саясатын насихаттау және қолдау;

-Еліміздің, облыс және қала әкімдерінің әлеуметтік - экономикалық реформаларды жүзеге асыру барысына белсенді қатысу;

-Өскелең жас ұрпақтарды ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыптың құндылықтарын басшылыққа ала отырып, патриоттық рухта тәрбиелеу;

Мемлекеттік тілді қаламыздағы барлық салаға өндіруге, оның қолданыс аясын кеңейтуге қолдау көрсету;

Жас жеткіншектер арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруды насихаттайтын іс шараларды өткізу;

Қоғамдық-саяси тұрақтылықты нығайту бағытындағы барлық іс шараларға қатысу мақсатты алдына қойды.

Бірлестік өзінің жұмысы барысында қауымдастың қызметі жайында ақпараттық құралдарға еркін ақпарат

жариялауға. ұйым таңбасын бекітуге құқылы екенін аңғартты. Қоғамдық бірлестіктер мен мемлекеттік билік органдарының алдында өзінің мүшелерінің құқықтарын толық қорғауға міндетті. Және өзінің өткізіп жатқан іс-шараларына мемлекеттік органдардың өкілдерін қатыстыруға ерікті.

Ағымдағы жылдар арасында өз қызметі шеңберінде мешіт құрылысына қатысты белсенді жұмыс атқарды. Тұрмыс деңгейі төмен жалғызбасты қарияларға, ауыр науқастағы мәжбүрлі жандарға, мүмкіндігі шектеулі мүгедектерге көмек қолын созды. Наурыз. Құрбан айт мерекелеріне белсене қатысып ұйымдастыру ісіне араласты. Ұлы отан соғысына қатысушыларға 9 май күні ерекше көңіл бөліп құрмет көрсетіп, металлургтер күніне орай еңбек ардагерлерімен бірге мереке өткізіп тұрды. Теміртау қаласындағы үкіметтік емес ұйымдармен бірге қаланың әлеуметтік мәселелерін шешу жұмыстарына белсене қатысты. Кереметтей істер тындырып көзге түсті деуден аулақпыз. Кемшін тұстары болса оны да тізіп жатудың қажеті шамалы. Алға қойған мақсаты үшін ақсақалдар алқасының ұмтылысы болғаны анық. 2014 жылы ақпан айында Ілияс Баймурзаев төрағалық жұмысынан босап ауыс түйске баруға мәжбүр болды.

Тынысы кең тыным таппайтын ақсақал қоғамдық салада бейтарап жүре алмады. Басынан бәсекелестік іс-қимылы ма-залай берген соң тәуекелге бел байлап «Халық бірлігі» қоғам-дық бірлестік құрып, ол ісіне көп ұлттар қауымдастығының береке бірлігіне арқа сүйеген ұлттардың этно-топтарын тартып қоян қолтық жұмыс жасап елге таныла бастады.



Ардагерлер Сергелдең

Абленов Асылхан Бекболатұлы

**"Халық бірлігі, дәстүр мен ұрпақтар сабақтастығы үшін"
қоғамдық бірлестіктің 3-ші шақырылымында
(12.02.2014-20.01.2016) сайланған төраға.
Ардагер металлург**



Абленов Асылхан Бекболатұлы Көкшетау облысы, Шучинск районы, Бурабай селосында 21 қаңтар 1942 жылы дүниеге келген. Ұлты қазақ. Білімі жоғары. Талантты жас орта мектепті бітірген соң комсомол ұйымының жолдамасымен 1959 жылы Қазақстан Магниткасының қанат жайып қарқынды жүріп жатқан құрылыс өндірісіне жұмысшы болып тіркеліп алғашқы еңбек жолын сәтті бастайды. Құрылыс саласында нәтижелі еңбегімен таныла жүріп, оқуын жалғастырып білімін шыңдауға талпынған азамат 1962 жылы Қарағанды Политехникалық институтқа оқуға түседі. Қатарынан қалыспай озаттар сапында жүріп 1967 жылы инженер - электромеханик мамандығымен тәмамдайды. Жігері алып ұшқан жалынды азамат сол жылы Қарағанды металлургия Заводының ЛПЦ - 1 цехына жұмысқа орналасады. Электро құрал - сайман жабдықтау ісінің электригінің баспалдағынан еңбек өтілім бастаған қайсар жігіт бригадирді еңсеріп одан да асып мастерге көтеріледі. Ол мансапты да дөңгелентіп алып кеткен Абленов 1980 жылы иженер-конструктор дәрежесіне шақырылады. Ол лауазымды да ысырып тастап ПКО КАРМК -ның орынбасарына тағайындалады. Араға 12 жыл салып 1992 жылы Комбинаттың Қазақ Мәдениет Орталығының директоры қызметіне жайғасады. Қызметтен қызметке ауысып арпалысып жүріп жасының егделеп қалғанын да байқамай қалған Асекең 1995 жылы құрметті зейнеткер еңбек демалысына шығады.

Мемлекеттік қызметтегі еңбегі бағаланып «100 - летия И И Ленин». тәуелсіздіктің 25 жылдық мерекелік

медалдарымен және көптеген алғыс хаттармен марапатталды. Алла Тағаланың сенімді құлы атанудың өзі әр пенденің сынақтан өтетін имандылығы мен сенімділігінің белгісі. Сәтіне орай ынталы топтың қатарына ілесіп Мекке қаласына сапарға аттанып ихрам жамылып қасиетті Қағбаға зиярат етіп парызың өтеп қажы атанды.

2002 жылы желтоқсан айынан бастап қалалық Ақсақалдар алқасының қатарынан көріне бастаған Асылхан қажы осы қауымдастықтың қоғамдық ортада жүргізіп келген іс-шараларына белсене араласып жүріп, кеңес мүшесі, орынбасар лауазымдарын басып өтіп 2014 жылы ақпан айының 12 күні төрағалық билік тағына көтеріледі.

Төрағалық жауапкершілікті мойнына алған Абленов Асылхан қажы да өз жұмысын қауымдастығын жасақтаудан бастады. Ақсақалдар кеңесі мүшелігіне 13 адамның құрамын бекітті. Олар: Абленов А., Серикбай Ш., Садырбаев С, Ақмырза М., Амандықов А., Айтбаев С, Қонурша М., Кебегулов Б., Сәрсекенов Э., Ордабаев Б., Бактаев С, Кенжебеков М., Хамитұлы А. қатарлылар болды. Кейіндері өз еркімен лауазымнан босатылған Айтбаев С-ның орнына Молбаев Құттыбек



орынбасар болып тағайындалды. Абленов Асылхан өзінің тікелей бұйрығымен Ордабаев Б.-ны босатып Сәрсекенов М., Асқарова Р. кеңес мүшесіне ұсынылды.

Орынбасарлары: Серикбай Шынуар - Кеңестің жалпы сұрақтары бойынша істеріне жауапты бірінші орынбасары; Айтбаев С - Кеңестің әлеуметтік жүйе, қоғамдық істеріне жауапты орынбасары; Ақмырза М. - Кеңестің салт - дәстүр, мәдени мұра, әдет - ғұрып, ұрпақтар сабақтастығы істеріне жауапты орынбасары; Амандықов А. - Кеңестің көші - қон оралмандар мәселесі, жастардың имандылық сауаты, жат ағымдардан сақтандыру істеріне жауапты орынбасары болып

тағайындалды. Хатшы қызметіне Құрманбаева Сәуле ұсынылды.

Үлесі мен үйлесімі мол ағымдағы (2014-2016) жылдары қоғамдық бірлестіктің алға қойған жоспарында жобаланған істердің жай жапсарына тоқталып, осыған байланысты әр саладағы әрқилы жұмыстарының қалай орындалғаны жайында біраз мағлұматтарды саралап өткенді жөн санадық.

Айырмашылығы әр түрлі жаралған адам баласының не істеп не қойғаны өзіне беймәлім болғанымен тарих маржандай тізіп тербеп отыратынын біз сезбей қаламыз. Қоғамдық бірлестік ағымдағы жылдар қарсаңында Қоғамдық ұйымдармен бірлесіп атқа мінер азаматтардың демеуімен қаламыздың аумағында біршама нәтижелі іс-шаралар өткізді. Бірлестіктің жылдық жоспары аясында қомақты жұмыстар жасалғанын да айта кеткен жөн. Мысалы, қаламыздағы мемлекеттік және мемлекеттік емес органдары. олармен деңгейлес жекеленген нысандар, кәсіпкерлер, әскери бөлімшелер, мектептер. қарттар үйі. бала бақшалар, жетім балалар, мәдени ошақтар, мәдениет және өнер салаларымен қоғамдық әлеуметтік жүйелері арқылы етене жақын араласып айтарлықтай іс-шараларға қатысып қоян қолтық жұмыс жасады. Өлбетте істелген істер, жұмыла кіріскен жұмыстар баршылық.

Ақсақалдар алқасының негізгі мақсаты: Халықты бірлікке астырып әділдікке үндеп, қоғамның тұрақтылығын сақтауға жұмылдыру, жастардың патриоттық сенімін шыңдап ұлттық рухы берік азамат болуына ықпал танытып, жат ағымдардың дін бұрмалаушылық сезімдерінен және қатарына сніп кетуінен қорғау, қайырымдылық істерге араласу, ұлтымыздың ұлағатты салт-дәстүрлерін насихаттау және дамыту, қаламыздың жаңаруы көркеюіне қатысты іс шараларға белсене араласу сияқты көптеген маңызды істерді жауапкершілік тұрғысынан міндет ету болып табылады.

Ақсақалдар алқасының күнделікті атқарылатын күн тәртібіндегі жұмысы. негізгі істеріне белсене араласушы орынбасарлар және кеңес мүшелеріне сүйене отырып олардың берекелі бірлігі аясында жасалып отырды. Күйдің төресі ақсақ құлан дегендей ақсақалдар алқасының жұмысын

осылар атқарып келді. Алқа ақсақалдарының қанатын қатайтып, қатарын толтырып, аяңына ілесіп, шабысына шабыттанып, ыстығына шыдап, суығына төзіп, әрбір іс-шарасына ынта жігерімен араласып. абыройлы міндет атқарып келген ақ жаулықты аналар Әскеева Сауле. Қонурша Махатова Абдинқызы, Құрманбаева Сауле Сайлаубайқызы, Жалғасова Шәмшібану Бірәліқызы. абыз ақсақалдар Бактаев Сағындық Мұсатайұлы, Досмухамедов Амангельды Хамитұлы, Кенжебеков Мұрат Кенжебекұлы, Сарсекенов Эрнст Нуркашевич, Кебекулов Бекбау Кебекулович, Ордабаев Бірлікбай Кемелұлы, Едигин Саулебек Куанышбекович, Меделбеков Садуақас, Сұлтан Садырбаев қатарлы дарынды тұлғалардың қыруар еңбегін атап өткеніміз абзал. Ордабаев Бірлікбай басқарған «Магнитка» әжелер ансамблі шығармашылық өнерімен қала халқын әнімен бөлеп тәнті етуімен қатар гастрольдық сапарға шығып концерт қойып өлкемізге танымал болды. Ардагер спортшы Сарсекенов Эрнст 2017 жылғы спорт саласының «Құрметті азаматы» атанды. Танымал тұлғалардың жебеуімен төрағаның іс басқару алғашқы қадамы тебинді. серпіні де екпінді болған. Айталық, қаланың шет жағынан мұсылмандардың талабына орай бақилық дүниеге аттанған марқұмдардың зиратына арналған жер белгілетіп, оны тегістей қоршауға алу, зиратқа апаратын жол төсету. зираттың аумағын тазалау сембілік ұйымдастыру қатарлы ауқымды істерге жұмыла кірісіп белсенділік танытты. Мешіттің имамдарымен кездесулер өткізіп кемшін тұстарын ақылдасып бірігіп шешу шараларын ұйымдастырды. Кейбір кездері алға қойған мақсаттың күрделеніп сергелдеңге салып, билік иесі әр салалық істерімен айналысып алқа жұмысының тізгінін сусытып босатып алатын жағдайлар да кездеседі. Егделеп қалған кәрілік, сыр бере бастаған ден саулық. күтімін күтіп босансыған дене төрағаның мазасын ала бастағаны сезіліп қалған тұстары ақылына ерік берген ақсақал шарасыә биліктен бас тарту байламға келді. Алқа жиын құрылтайда есеп тыңдалып, билік келесі төрағаның қолына өтті. Сенімнің тұғыры үюлі үміт. Жаңадан сайланған төраға көпшіліктің үмітін арқалап пәрмен тілеп іске кірісті.

Үміт

Молбаев Құттыбек Омарбекұлы

**«Халық бірлігі, дәстүр мен ұрпақтар сабақтастығы үшін»
қоғамдық бірлестіктің 4-ші шақырылымында
(20.01.2016-14.07.2017) сайланған төраға.
Ардагер металлург.**



Молбаев Құттыбек Омарбекұлы 1948 жылы наурыз айының 30 - шы жұлдызы күні, Семей облысының Аякөз ауданында дүниеге келген. Найман тайпасының бір сілемі Қытай бабамыздың төрт арысының бірі, өмірге қайталанбас дарынды дара тұлға Қаракерейден тараған әулеттерінің бір бұтары осы азамат. Талантты жас білім іздеп орталықтағы № 244 - ші қазақша мектепті 1966 жылы бітіреді. Бітімі бөлек соқтадай

азамат 18 жасқа толғаны сол ақ екен армияға алынды. патриоттық рухтың пәрмені қайнаған жауынгерлеріне отаны да сүйсіне қарап сенім артатыны да сондықтан. Әскери тәртіпке түзелу, оқу - үйрену. білімді шыңдау, жауынгерлік тактикалық жаттығу деп жүріп 1967 - 1970 жылдарды еңсеріп ауылға келісімен сол жылы комсомолға жолдама аясында Теміртау магниткасына ат басын бұрады. Қазақстанның қара Металлургиясының айдарынан жел есіп тұрған кезі ғой ол Жассыңба?

Иә жаспын.

Кел ендеше. Міне саған жұмыс деп екі қолға бір күректі ұстатып тұрған шақ. Ол бір Тәңір тілеуін берсін дегізген. еңбек іздеген жастарды желіктірген жылдар еді. Құттыбек ЛПЦ деп аталатын цехқа орналасты. Ол сол цехта 1995 жылға дейін табан орнын суытпай 25 жыл табысты еңбек етеді. 1995 жылдан күні бүгінге дейін «Асқар және Компания» ЖТС - інде бөлім бастығы болып іс атқарып келді. 2011 жылы зейнеткерлік құрметті демалысына шықты.



Үкімет қайсар азаматтың еңбегін бағалап Қазақстан магниткасына 50 жыл, мерекелік медалдармен марапаттады. Еңбек озаты аталуымен қатар 1-ші дәрежелі спорт шеберіне де қол жеткізді. Ал қоғамдық жұмысқа оза шаппаса да ел қатарлы шеңберінен асып

кетпеді. Ұлттық тілді қорғап. салт сананы берік ұстанған жан. Ұлтжандылығымен Теміртауды ашса алақанында жұмса жұдырығында ұстаған азамат. Баяғыда Бабаларымыз елін. жерін шапқыншылардан найзаның ұшы, қылышының жүзімен қорғаған еді. Міне ағайын сол көнеден қалған киелі жұртымызға әлемнің төрт тарабы сегіз қырынан небір ұлттардың өкілі топырлап келіп тұрақтап алды. Бой бермейтін биліктің бұрқыратқан бұйрығы дегенін істеп айылын тартты. Көшеге шыққан қазақтар көзге шыққан сүйелдей болды Қоғамдық көлік ішінде тілі байланып сыбырласып қалды. Сауық кешіне жастар аяқ баса алмады. Өз жерінде өз қаласында өгейдің күйін кеше бастады. Бабалардан бағыт, аруақтардан қуат келсе қазақтың қара домалақ қай баласы болсын қолына қамшысын ұстап атқа қонса қарсыласын қайырып қанағат етпей тоқтамас. Ауылдың қарапайым тірлігінен қаланың жұптасқан еңбек ұжымына келіп сіңісіп кеткен бұлардың да азаматтық туы биікте тұрды желбіреп. Білек күші бірді емес мыңға төтеп берердей қайратына мініп, ұлтының жігерін басып бара жатқандарға Құттыбек те Ерғали Қайырбаев сынды ұлтжанды азаматтарын жинап қарсы тұрды, Аптыққандардың әптігін басып мықтымын деушілердің еңтігін тежеп туған жерінің иесі екендігін етінен өткізіп сүйегіне сіңірт мойындарын салбыратты. Өйткені тарихтың өзі де қызбалықты ұнатады. Тумаларын қолдайды. Міне сол сәттен бастап органдардың шамасы келмеген тәртіпті Құттыбектер жүйеге келтіріп қалаға тыныштық орнатқан болатын. Бұл

оқиға Аллаға анық. баршаға аян, тарих өзі куә. Құттыбектің бойына біткен, бабалардан жалғасқан, қайратына сенген, ежеттілікті айналайын қазағым біз мақтаныш етпесек енді кімдер мақтаныш етеді Білетін ағайындардың ауыз аңызы болған бопса енді міне тарих парағына хатталып жатыр. Қайталаймын шындыққа тарих куә.

Қайта өрлеуге - жол

Мухамедьяров Зейнула Нұрбекұлы

Теміртау қалалық «Халық бірлігі, дәстүр мен ұрпақтар сабақтастығы үшін» қоғамдық бірлестіктің 5-ші шақырылымында сайланған (14. 07. 2017) төрағасы. ардагер ұстаз



Мухамедьяров Зейнула Нұрбекұлы 01 қаңтар 1947 жылы Қарағанды қаласының құнарлы өлкесінің киелі топырағына кіндік қаны тамып дүние есігін ашады. Ұлты қазақ. Қарға тамырлы бабаларының ұрпақ жалғасы, өсіп өрбіген әулетінің тұяғы. Жігері тасыған талантының талғамына орай алған білімі жоғары. Ол 1979 жылы, көне аталымы Целиноград болып қалыптасқан аймағының Целиноград ауыл шаруашылығы институтын жоғары дәрежелі зоотехник мамандығы

бойынша тәмамдайды 1989 жылдары Қарағанды мемлекеттік университетінде студенттерге тарих пәнінен дәріс оқыды. Ел алдында азаматтық борышын өтеу міндетін ойдағыдай атқарған ол 1966-1968 жылдары ПВОМВО бойынша Кеңестік армия қатарында жауынгерлік жолдан таймай өтті.

Зейнула, бейбіт өмірдегі өзінің еңбек жолын Каргормаш өндірісінде құрастырушы - слесарь мамандығы мен 1968 жылы бастады. 1969 жылдан 1970 жылдың тамыз айына **ДЕЙІН** Карметкомбинаттың Коксохимпроизводства Ректификациялау цехында өндірістік қосалқы техникаларды жауаптанған слесары болып жұмыс жасады.

1970 жылдың қыркүйек айының 01-нен зейнеткерлік еңбек демалысына шыққанға дейін шаруашылықтың әр саласында 43 жыл тапжылмай еңбек етті. Білім беру оқу ағарту саласында еңбек жолын мұғалім мамандығы мен бастаған Зейнолла мектеп директорының орынбасары, директоры лауазымында 27 жыл қажырлы қайратымен аянбай тер төкті.

Зейнула Мухамедьяров бүгіндері Республикалық «Нұр Отан» партиясының мүшесі. Партияның № 066092 куәлігінің иесі. Ол партияның алғашқы бөлімшелерінде төрағалық қызметін де атқарды. Және мемлекеттік сайлау учаскаларында төрағалық міндет атқаруда. Бүгінгі таңда қалалық сайлау комссиясының мүшесі. Еңбек жолындағы жетістіктері бағаланып «Үздік еңбек үшін», «Еңбек ветераны» медалдарымен, Ы. Алтынсарин атындағы «Қазақстан Республикасының білім беру саласының Құрметті қызметкері» медалы мен марапатталды. Сондай ақ көптеген алғыс хаттармен сыйланды.

Облыс және қалалық білім беру саласының «Үздік алтын белгісі», Тәуелсіздіктің 25 жылдық мерекелік медалдары мен марапатталды.

2017 жылғы 14 шілдесінен бастап қалалық «Халық бірлігі. дәстүр мен ұрпақтар сабақтастығы үшін» қоғамдық бірлестігінің бесінші реткі шақырылымының төрағасы. Жанұялы. Екі баласы. екі немересі бар. Қазірде Теміртау қаласында тұрады. «Халық бірлігі, дәстүр мен ұрпақтар сабақтастығы үшін» қоғамдық бірлестігінің тізгінің бас құрылтайшы Сәрсекенов Асқар және Ақсақалдар кеңесінің мүшелері Мұхамедьяров Зейнулаға зор сенім артып тапсырды. Атқарушы билік ісіне төселген, жеті өлшеп бір кесетін тәжірибелі тарлаң қария билікке келген күннен бастап. қоршаған қауымдастарын ортаға ұршықтай иіріп атқа қонды Саябырсып қалған бірлестіктің ісін қайта өрлеу жолына бағыттап, қызметтестерін саралап қайта жасақтап, жүйелі жоспар құрып, жайбарақат тірлікке жан жүгіртіп, шар тарапқа байланыстармен шығып, қалғып қалған қауымды қырандай қомданып оятты. Қоянды аялайтын қамыс болса ерді оятатын намыс дегендей ақсақалдар тобы да серпіліп шыға келді

Мухаммедьяров Зейнула қауымдастары ортасынан, өзінің қалауы және арда ақсақалдардың ақылына сүйене отырып Кеңес мүшесіне 12 адамды бекітті. Олар: Сарсекенов Асқар Садықұлы, Мухамедьяров Зейнула Нұрбекұлы, Серікбай Шынуар Баянтегі, Молбаев Құттыбек Омарбекұлы, Ақмырза Мереке Бимырзаұлы, Нысанбайұлы Съезхан, Серікбаев Абдрахман. Абленов Асылкан Бекбулатович, Досмухамедов Амангелді Хамитұлы, Бактаев Сағындық Мұсатайұлы, Махатова Конурша Абдинқызы, Кенжебеков Мурат Уранбаевич қатарлылармен толықты. Орынбасар лаузымына, бас құрылтайшы Сәрсекенов Асқар Садықұлының ақылға салып айтқан ұсынысы бойынша, Серікбайұлы Шынуар Баянтегі, Молбаев Құттыбек Омарбекұлы. Искакбеков Асет Мұқашұлы үшеуін олардың жауапкершілігінің талғамы жоғары екеніне сенім артып тағайындады.

Тасырқап қалған арғымаққа таға соққанда талғап жатпай жолдан жолға түсіп арқырап шабысы түзеліп, желдей ұйтқып межелі жерге мезгілінде жеткізетіндей, тосырқап жүрген қариялар да таңған жүрісін түзей бастады.



Алтын белгімен сыйланған шаттық үстінде



Наурыз салтанатында



***Мухамедьяров З. ардагер ақсақалдармен
бірге Наурызда. 2017 ж.***



Наурыз мейрамы. Теміртау қ. 2017 ж.



Қуанышты сәттердің бір көрінісі. 2016 ж.

Жігітке өлең де өнер өнер де өнер, өрге салсаң шын жүйрік өршеленер дегендей, Зекеңнің асығы алшыдан, адымы алыстан сезіле бастағаны соншалық, бірнеше рет кеңестің бас қосуын шақырып, жоспарын құрып жобасын жасап, алдағы болар қоғамдық бірлестіктің 15 жылдық мерей тойын атап өтудің алдындағы дайындық істеріне кірісіп те кетті. Ағымдағы шілде айында Теміртау акционерлік қоғамының «Жақтау» металлургтердің кәсіподақ комитеті демеушілік жасап қаржыландыруының арқасында қаламыздағы бір топ металлург ардагерлері Астанадағы ашылған ЭКСПО көрмесіне саяхат жасады. Саяхатшылардың жалпы саны 43 ардагерді құрады. Металлургия комбинатының 43 ардагері үшін Астанаға осындай сапар ұйымдастыру, қалалық «Халық бірлігі, дәстүр мен ұрпақтар сабақтастығы үшін» қоғамдық бірлестігінің өтініші бойынша жүзеге асып отыр деп атап өтілді кәсіп одақта. Ал кәсіподақ комитеті ардагерлер жолына 200 мың теңгедей қаражат бөлген.

Қоғамдық ұжымның одан да басқа ауқымды әлі де болса кезегін күтіп тұрған жобалы істер баршылық. Ат жалын тартып жаңадан арғымаққа қонған жігіттей, бойы жеңілденіп, сана сезімі көңілденіп алған төрағаның сағат-минөті санаулы. ағымдағы уақыты өлшеулі. Қырық күн шілденің соңы көзді ашып жұмғанша қарашаның табалдырығын тартқызары әлі ақ. Мақсат айқын, арнадан аспай, менмендікке баспай, қайта өрлеу жолында күллі ақсақалдар қауымымен қоян қолтық жұмыс жасап қоғамға, көзге көрінердей етіп үлес қосу айбарлы төрағаның түн ұйқысын төртке бөліп дөңбекштіп қойды.

Ақсақалдар алқасы алдағы қыркүйек айының 30 жұлдызында құрылғанына толған 15 жылдық мерей тойы салтанатты деңгейде атап өтпекші. Салтанатты іс-шараның мерейі тек ақсақалдарға ғана тиесіл болып қалмасы анық. Бұл ауқымды шаруа. Қоғамдық ортада көптің назарына ілігетін және оларға да ортақ мереке. Мерекелік шараның күн тәртібі қалай боларын алдын ала болжап тон пішу мүмкін емес. Ол жайындағы хабар ошарды өз еншілеріне қалдыруды жөн көрдік. Бір той болары анық. Болғанынан боладысы қызық.

СЕПЗІНШІ БӨЛІМ



Мешіт мұсылманның қорғаны Бисмиллаһир—Рахмаанир—Рахиим

Алла Тағала Құран кәрімде айтады: «Шын мәнінде мешіттер Алланікі» - деп. «Жын сүресі, 12-1 аят». Қасиетті сүреде бекітілген осы мешіттерде әлемдегі барша мұсылман Сауырлар Аллаға бас иіп, құлшылық жасайды. Мешіттің Құран аятындағы арабша атауы «Мәсжид» делінеді. Осы сөздің мағынасы: «Аллаға құлшылық жасайтын сәжде ететін орын» дегенді толықтырады. Сонау көне -бағы заманда мешіт мұсылмандардың мәдени орталығы және құлшылық орны іспетті міндетті қатар атқарып тұрған. Осы бас қосу ортада ойшыл діни қарилар, ғұламалар бас қосып, діни жолындағы күрделі сұрақтарға жауап іздеп, түрлі мәселелерді талқылап оң шешімін тауып отырған. Ал бүгінгі жаңарған өркениетті қоғамда Қазақстанда тұрып жатқан сан-миллиондаған мұсылмандар өздерінің имандылықты аңсаған тура жолын Табу мақсатында діни және рухани сенім нанымдарын күшейтіп мұсылманшылықтарын нығайтып сондай-ақ дүние ахыретте ахуалдарының түзелуіне үміт іздеу үшін, жаратушының да ең жақсы көретін «Мәсжид»-ті іздейтіні Аллаға аян. Сондықтан болар Аллаға иман келтірген мұсылмандар жиналып намаз оқитын, өзге де құлшылықтарын жасайтын қасиетті мекені дегенді білдіреді.

Әріден айтар болсақ мешітті, көңілі жабырқау жандар жұбаныш тауып, өмірден тауқымет көріп қиналып жүргендер демеушілік іздеп келетін жері екенін аңғарамыз. Әсілі солай болғандықтан оның тек сыртқы зәулім көрінуі ғана емес, адам жүрегін рахатқа кеңелтіп, жан дүниесін қанаттандырып жіберетін рухани қасиетін сезіне білеміз.

«Фибадат үйі»; Күллі мұсылмандардың ой санасындағы дүниауи тіршіліктерді ұмыттырып, Ұлы Алла Тағаланың алдында бас иіп, мінежат жасайтын киелі орын. Пенде пақырдың дұға жасап, тілектерін айтып жалбарынатын, Алладан күнә-кемшіліктері үшін кешірім сұрап тәубе ететін жері. Ендеше айтылған насихаттың мән мағынасына келген болсаңыздар Мешіт тек Алла разылығы үшін салынатынын көңілдеріңізге бекемдеп түйгендеріңіз абзал.

Мешіт салу сонау ықлым заманда Алланың сүйген құлдары пайғамбарлар шұғылданған қасиетті істің бірі болған. Тарихына терең үңілер болсақ, жер бетіндегі ең алғашқы мешіт Мекке қаласындағы қасиетті Қағба екенін айтып жеткізе аламыз. Қасиетті Құран Кәрімде бұл ақиқат анық айтылған «Адам баласы үшін алғаш тұрғызылған үй Меккедегі Қағба Ол өте берекелі және бүкіл әлем, адамзат үшін тура жодың бастауы» - деп. (Әли имран сүресі, 96- аят). Кейінірек қасиетті Қағбаның іргетасын Алла Тағаланың бұйрығымен әкелі-балалы пайғамбарлар Ибраһим (ғ.с.) мен Исмайыл (ғ.с.) қайта қалағаны белгілі. Міне сол пайғамбарлардан (ғ.с.) бастау алған осынау игілікті іс хазреті Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың дәуірінде Алланың үйлері салына бастады. Бұл дүние жүзіне ислам дінінің таралуына үлкен себеп болды.

Қазақ елінің ұлы даласында яғни қасиетті топырағында киелі мешіттердің қай кездері салына бастағанына да үңіліп қарауға болады. ХІХ ғасырдың бірінші жартысында Оңтүстік қазақстан облысындағы 1803 ж. «Аққойлы» мешітін, 1836 ж Семейдегі «Тінібай» мешітін, 1851 ж. Қарқаралыдағы «Құнанбай қажы» мешітін, 1887 ж. Павлодардағы «Ақмешіт ін т.б атауға әбден болады.

Киелі де қасиеті Алланың үйін салу екінің бірінің қолынан келе беретін шаруа емес. Бұл қаржылай мүмкіндігі бар ірі мекемелер. бірнеше қалталы бас қосқан азаматарды бір

арнаға ұйымдастырып осы іске түбегейлі жұмылдыра алатын, жүрегі Алла деп соғып жауапты істі атқарып шығуға ынталы да сенімді жандардың шаруасы.

Жалғызға жар болатын Алла Тағалаға иық артып, қоғамның әр саласындағы әлеуметтік және рухани істерге белсене араласып жүретін іскер азамат Сәрсекенов Асқар Садықұлы бірде Германия мемлекетінде сапарда болады. Осы сапарындағы көзбен көріп көңіліне түйген бір оқиғаны ақырмандарға былай айтып жеткізген еді.

Сол жерде бір жолдас жігітім арқылы әйгілі Энштейн тұрған өлкедегі яғни сондағы бір зәулім шіркеудің болмысына таң тамаша көз тастап, оның тарихына дейін үңіліп көрсем, шіркеудің соғылғанына 543 болған екен. Таңқаларлығы, ғасырлар жалғасқан осынау ұзақ жылдары, сапалы және көрікті болып бой түзегені соншалық шіркеуге бірде бір рет күрделі жөндеу жасалмапты.

Елге қайтып оралған соң ойымды ойрандап, санамнан шықпай мазалай берген яғни қиялға жақын бір жұмбақ сұрақ алдымда көлденеңдей берді. Ол қиялды ашып айтар болсам:

Біздің қаламыздағы қара құрым мұсылман қауымның ортасында осындай бір мешіт тұрғызып қол жеткізсек. 15-50 жыпға емес ғасырдан ғасырға жалғаса алатын сапалы дін ордасын көтерсек деп. Бізді қуып келе жатқан жаушылар, қуғын-сүргін, алапаттар жоқ. Сондықтан шынтуайтына жүгіне қаламыздағы беделді. қалталы, атқа мінер азаматтарға ауыз біршілік тұрғысынан сенім артып, сапалы бір мешіт салайық деген ойды ортаға тастадым. Бірақ амал нешік 5-6 адамнан аспадық. Сенімге селкеу түсті. Жалпы түсініктері таяз екені аңғарылып тұрды.

Қаладағы тұрғылықты ақсақалдармен бас қостық. Олар құптады. Біз ақсақалдармен пәтуаға келіп жергілікті әкімшілікке шығып талап тілектерімізді жеткізіп ортақ талқыға салдық. Нәтижесінде жобасы жасалып, шығын қаражаты есептелді. Жаңалықтан хабардар болған халық та жата жастана өз үлесін қосса демеушілік болар еді деп үміттендік. Астанадағы беделді азаматтарға да шығып үндеу жасадық. Жалпы өз басым шарқ ұрып осы істі бір жақты етуге

тыным таппадым. Өткен жылы Араб эмиратына сапарға шықтым. Мақсатым қайырымды жандармен келісім жасау еді. Айым оңынан туғандай болды. Белді бизнес қожайындары мен жолығып келісімге жүгініп, олар да біздің ойымыздан шығып қатты қолдады. Келісім бойынша бізге қажеті мешітке жұмсалатын барлық материалдармен қанымдауды шегелеп жеткізіп өтіндік.

Уақыт зымырап өтіп жатты. Осы аралықта бізді жегідей жеп мазалаған мәселе, әуелі біз мешіттің қадасын қадап тағанын қойып үлгерсек еді. Олар келе қалғанда ұялмайтын жағдайда қарсы алсақ деп. Міне солай мешіт туралы біздің бастапқы жолға қойған мақсатымыз араға жылдар салып барып орындалған еді.

«Арпа ішінде бір бидай теріп жейді көп торғай» дегендей ұлы даламыздың әр пұшпағында бой көтерген көрікті қалаларда көп ұлттардың дені тоғысқаны, солардың ортасынан ойып тұрып орын алған, мың өліп мың тірілген қасиетіңе бас қазағым, нар тәуекелдің нарына мініп, нарық ағымының ырқына төзіп, ағалары бастап, інілері қостап, аспаннан шұға жаудырмаса дә алыстан арқаламай ақ жақыннан дорбалап жүріп дәулетіне келіскен, сәулетіне сүйсінген айшықты мешіттерін тұрғызып та алған еді. Ол оқиға былай болған. Жалпы айтқанда, қалада дін ордасын тұрғызу ел аузында қанша айтылғанымен бұл әңгіме желю жылдан жылға созбаланып келе жатыр еді. Уақыт ағымының сәті түсе қалдыма. әйтеуір құлақ естіп, көз көрмеген бір оқиға мұрындық болды. Бұлақ көрсе көзін ашып, ылайын шайқап тұнығын ішкен қазағымның бір қайсар ұлы, танымал кәсіпкер. қаламыздың атымтай жомарты аталған Сәрсекенов Асқар Садықұлы осы істің бас құрылтайшысы ретінде мұрындық болып тізгінін ұстаған тін. Теміртау шаһарында есте қалатындай елеулі бір шараны қолға алуға ел арасындағы ең көп жас жасаған қазыналы көне көз қариялар бас қосып белгілі ауқатты кәсіпкерлермен етене араласып қаламыздағы мұсылмандардың намаз оқитын діни ордасы болмағандықтаң жаңа мешіт салдыру мәселесін көтеру пәтуәларын ортаға салды. Олардың ой талқысы былай ербіді. Ел ішінде ала да

құла да бар. Ертең ақ атақ даңққа құмар құлашын ашқан біреу «Дін ордасын- мен тұрғызған едім деп бөрідей бөсіп тірідей ісіп жүрмесіне кім кепіл. Сондықтан дін ордасының құрылысының шығынын қала халқы болып қолы ашық, жаны жайсаң, жомарт азаматтар бөліп көтеріп қауымдасып атқаратын болсын. Және бұл мәселеге жергілікті әкімшілік қолдау көрсетсе деп жібектей жұмсақ, мамықтай жайлы ақылдарын ортаға тастады.

Естіген құлақ елең етті. Қыр басынан төменге жетті. Шар тараптан жиналған әр атаның ұлдары он ойланып жүз толғанып маңызды істі қолға алды. Сол жылдары қарсаңында Теміртау қаласында «Қазақмыс корпорациясы» және облыс әкімі Нигматулин Н.З арасында жасалған келісім бойынша Қазақмыс корпорациясының шығарған қаржысына 350 орындық мұсылмандар мешітінің құрылысы соғылуға шешім қабылданып, шет қиырлау жақтағы шүйгінді соны төбеден барып қолайлы орын таңдалды, қадасын өлшеп қадады.

Тағаны қойылып кірпіші қаланды. Сол жылы қараша айында міне. солай мешіт құрылысы басталды. Бұл мәселе 2007 жылы толық шешілді. Бәрін айтамыз өте-мөте бірін айтамыз.

бұл игі іс облыстық мәслихатының депутаты Сәрсекенов Асқар Садықұлының талмай талпынып орайына келтірген ғажайып оңды істерінің бірі еді. Сондықтан да зар заманымыздың айшықты тарихи парағының беттеріне алтын әріппен өшпестей болып жазылып қалды. Озбыр өлмес өзегі талмас дегендей дәл қаланың ортасынан зәулім де бірегей бір бақшаны да таңдады. Ақтаудағы кенді өлкеден көреген қолы берген әкімдер тағы бір ғимарат сыйлады. Міне солай, бір емес үш жерде мұсылмандар мешіті жайнаған еді.

Айтуға оңай болса да ат салысып тер төгу, жан алысып жан беру іспетті айтыс-тартыс. таластан кейін барып келелі мәселелері осылай шешіліп еді. Бұл игі істің ірге тасын қалауға басынан аяғына дейін Сәрсекенов Асқар Садықұлы, Басқарбаев Кеңес қажы қатарлы жомарт азаматтар.

Өмірханов Мұқатай Алмазұлы, Баймұрзаев Ілияс. Байрбеков Сақбай қатарлы қадірлі қариялар, игі жақсылар. жаны жайсандар құлшына араласып нәтижесіне қол жеткізген еңбегі қаншалықты маңызды болғанын түсіну әрине қиын емес. Мешіт мәселесі ел арасында айқын ашық іс-шараға

айналған сәтте қаланың халқы болып қалталы азаматтар белсене араласты. Мешіт жайына әр сәт тоқталып әңгіме өрбіген кезде ардагер ақсақал Әмірханов Мұқатай Алмазұлының зор талпыныстағы еңбегін мақтанышпен айтуға тура келеді. Елбасына төнген нарық қиыншылығы белсенді топтың алға басқан қадамы алып ұшқан шаруасын шайқалта алмады. Ықылым заманның өткен кеткенін ырқына сүйене талдап айту дәл бүгінгідей қайдан болсын. Ал қазіргі өтпелі жылдардың өркенге тәуелді іс қимылдарының оқиғаларын әрі сүйсініп, әрі тамсанып, ауыз екі әңгімеге балап ақиқатын сөзбе-сөз айта аламыз. Ол кісі Ақсақалдар кеңесінің төрағасы болып тұрған кезде талай алқалы жиындар өткізіп көпшілікті игі іске тарта білді. Мәйекті бүгінгі әңгіме, ертеңгі елеулі тарих болып қалғанын оқып отырсыздар.

Қадап айтар болсақ орталық мұсылмандар мешітінің құрылысының ыстығына күйіп суығына төзіп басқару ауқымды міндетті Кеңесқан қажы Басқарбаев өз мойнына алып айналасы үш жылдың ішінде соғып халық игілігіне ұсынды. Міне солай жанашыр көптің қолдауының арқасында мешіт ордасы бой көтерді. Үкілі үмітіне қол жеткізген ақсақалдар мешіт ордасын иманды азаматтарға тапсырды. Мешіттің бас имамына Ербол қажы Төлтаев бекітілді. Құлшылыққа бас иетін намазхандардың сыйымдылығы 350 адамға лайық. астыңғы қабаты ерлерге арналып әйелдер бөлмесі жоғары қабатта перделеніп жеке жасалған. Бір біріне сұқтанбаулары үшін әйелдер мен еркектер қатар тұрып намазға жығылуға рұқсат етілмеген. Мешіт ғимараты және қосалқы құрылысының орналасқан аумағы кең көлемді. Негізгі жобада асхана, мәйітхана, ас беру рәсіміне арналған 80-450 адамның сыйымдылығына өлшенген кіші және үлкен зал, медресе, кітапхана, дәрет алуға арнайы орындар т.б. бөлшек бөлмелерден құралған. қай жағынан да қарасаң уақыт талабына сай. Ыстық және ауыз су, электр, жылу жүйелері орталыққа қосылып толық қанымдалған. Осынау заманауи құрылыс халық көңілінен орын тауып ел игілігіне берілді.

Теміртаулық мұсылмандардың қол жетімсіз арманы болған мұсылмандар мешіті бой көтеріп, оның ашылу сәті бір кездері орындалмас арман болса да, толғағы жетіп толысқан зәулім дін ордасының сәулетті көркі көз тартып, мұнарасынан

мен мұндалаған азаны шар тарапқа үндеуін шашқан сәті үлкен қуанышқа ұласқан еді.

Көптің көңіліндегі осынау игі істің куәсі болған қасиетті жұма күні жаңа мешіттің ашылу салтанатына Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың қатысуы айтулы оқиғаның маңызын арттыра түсті. Және де осы күні ҚМДБ-ың төрағасы, шейх-Бас мүфти Әбсаттар қажы Дербісәлі келіп, халықты жаңа мешіттің ашылу салтанатымен құттықтап алғашқы жұма намазын мешітте жамағаттармен бірге оқыды. Қатысушы Жоғары мәртебелілер, имандылық мәселесінің ұрпақ тәрбиесіне мол ықпал ететінін айтып, жаңа мешіттің жамағаты көп болуына тілектестік білдіре келе сондай-ақ осы игі іске қол ұшын

берген барша азаматтарға, құрылыс жұмысын жауаптанған кәсіпкерлерге шынайы алғысын жеткізуімен қатар шексіз ризашылығын білдірген еді.

Осы ретте мешіт жанынан арнайы талапқа сай қасапхана салынғанын айта кеткен жөн. Осы іске Бас имам Алтынсариев Ақылбек Ербатырұлының еңбегі орасаң және мұрындық болғаны намазхандардың көңілінен шықты. Мешіттің ашылу салтына Қарағандыдан арнайы келіп имандылық ісін басынан аяғына дейін басқарған дін аяғыздаушы өкіл имам



***Жаңа мешіттің ашылу салтанатына ҚМДБ-ың төрағасы.
Бас Мүфти - шейх Әбсаттар қажы Дербісәлі қатысты***

Наурызбай қажы Өтпенов: Өкіл имам

Теміртаудың 180 мың халқына екі мешіт жеткіліксіз аздық етеді. Орталықта мешітке арналған дайын тұрған жер бар. Көмек қолын созам деген халық сол жерге тағы бір мешіт соқсын. Мешіт басқарған имамдар бүгін осында болса ертең басқа өлкеден көресіздер. Ал мешіт орнында тұрып көп жылдар бойы жамағатқа қызмет жасайды. Иманды елде береке болады. Алғашқы мешіт соғу мәселесін көтеріп оған жанашырлық танытқан, құрылысты салуға ұйытқы болып көмектескен азаматтарға алғыс айтамыз. Мешіт қаражатына демеушілік жасаған Қазақмыс корпорациясының басшысы мен қалалық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Ілияс Баймұрзаев. құрылысты жүргізген кәсіпкер Кеңесқан қажы Басқарбаевқа кішігірім сый-сияпат жасауға рұқсат етіңіздер деп алғыс хаттарын табыс етті.

Жиналған жамағаттардың жұма намазынан соң мешіт асханасында барша қауымға арнап кәделі дастархан жайылып ас берілді. Ас үстінде, қамқор болған игі азаматтарға алғыстар айтылып, ақсақалдар бата берді. Дүйім халықтың алдында алғашқы болып сөз кезегін алған ардагер металлург, иман жүзді қажы Серікқали Раев ақсақал ағынан жарылып алғысын былай білдірген еді. Қажының жүрек жарды лебізі ешбір өзгеріссіз қаз қалпында хатталды.

-Тәубе дейік! Осыдан пәленше жыл бұрын 1995 жылы мешіт туралы мәселені ақсақалдар болып көтердік. Сонда біздің ақсақалымыз Әмірханов Мұқатай Алмазұлы. сол кісінің Асқар Садықұлы баурымызбенен ақылдасып, бірі қаржы жағынан, екіншісі адамгершілік тұрғысынан керемет қолдау тастап ақсақалдар алқасына ұсыныс өткізді. Ал ұсыныс қолдау тапты. Міне бүгіндері көріп отырсыздар. 60 жылдан аса шежіресі жазылған алғашқы мұсылмандар мешіті осы болды. Мешіт мәселесін әу баста біздің санамызға әкеліп салған Асқар баурым болатұғын. Ақсақалдар алқасы қолдап. Асқар осынау игі істің нағыз ұйытқысы болды. Олай дейтінім, ақсақалдар алқасын ұрпақтардың жалғасы болсын. қариялар жақсы сөздер айтып игі іске бастасын. еңбектері мен жақсылықтарын мектепте, жиын ортада айтып жүрсін деп алғашқы ақсақалдар кеңесін құрған осы бауырыма мыңда бір

рахмет. Осыдан бастап дінге қарай бет бұру ақсақалдардан бастау алсын. Алла Тағала ниетімізді қабыл етсін. Әмин.

Ақсақалдар бірінен соң бірі сөзге шығып алғыстарын айтып ықлас лебіздері толастамады. Іле орнынан тұрған ақсақалдар алқасының төрағасы

Ілияс Баймурзаев:

Әлқисса төрағаның да сөйлеген сөзі баз қалпында хатталды.

-Ең бірінші менің білетінім, біздің азаматымыз Асқар Сәрсекенов сол кезде облыстық мәслихатының депутаты болатын. Меморандумға областной әкім. Қазақмыстың меморандум болып қол қойып жатқанда шыдамай кеткен Асқар жарыс сөзге кезек алып. осы мешіттің орнына мешіт салып беруді ұсынысқа көтерген. Осыдан бастап тарихы басталған. Қазір осы отырыста жиналып отырған асқалдардың басты құрылтайшылары жиналып отыр. Осы тарих жағынан айтатын болу керек

Келесі сөздің кезегі, айналасына көз тастап қиялы арманға ұласып, ұласқан арманы орындалатын ұлтының рухына серпіліс бергеніне дән риза болып отырған абзал азамат, асқаралы кең қолтық атымтай жомарт азаматымыз Сәрсекенов *Асқар Садықұлына* берілді.

-2001 жылы мешіт мәселесін ақсақалдарға айтып ортақ ақылға салдым. Егемендік алдық. Отарлау 70 жыл артта қалды. Осыдан 50 жыл бұрын комсомол болып келіп, бүгіндері көрікті қаланың ардагерлері болып отырсыздар. Мынау қалаға әлеуметтік. саяси қай жағынан да болсын көңіл бөліп ұйым құру уақыт келіп жетті деп ақсақалдардың «Халық бірлігі, дәстүр мен ұрпақтар сабақтастығы үшін» қоғамдық бірлестігін құрып дүниеге әкелдік, Жас бірлестікті басқару ісіне Әмірханов Мұқатай Алмазұлын төраға етіп сайлап қолына билік мөрін ұстаттық. Осы қарсаңда ақсақалдардың қойған жоспар жобасы, қалаға мұсылмандар мешіті аса қажет етеді деп табанды реформаны жолға қойды. Содан бері оншақты жыл өте шықты. Жолға қойған реформа мәресіне жетіп нәтижесін көріп отырмыз. Сіздерді. осы игі істеріміздің табысты болуына орай құттықтауға сай келетінін айтқым келеді.

Осыдан кейін орнынан асыға көтерілген ардагер ақсақал. жазушы *Смағұлов Тілеуберді*:

Ардагер қаламгердің ағынан жарылған лебізі де қаз қалпында парақ бетіне түсті.

-Мен мына отырыста ортамыздан бақиға аттанған Әмірханов Мұқатай Алмазұлын басынан бастап ақсақалдарға төраға болған сол кісінің басқаруында көп жылдар қатар жүріп еңбек еттік. Соны еске алып отырмыз. Нәтижесі көрінді. Мешіттің қаражатын Қазақмыс жауапкершілікке алыпты. Осындай игі шаралар жалғасын тауып кететін болса бұл оңынан туған дүние болады. Олай болмайтын болса бүгін ашылған мешіт ертесінде жабылады. Соны біздің ұлтжандылар, соның ішінде үкіметте отырған облыстық, қалалық, басқадай қолынан келетін қалталы азаматтарымыз ортамызда жүр солардың құлағына жеткізе білейік деп шуақты лебізінің тізгінін тежеді.

Кеңесхан қажы Басқарбаев. (кәсіпкер) Қажының да сөйлеген сөзі қаз қалпында парақ бетіне хатталды.

-Қазақмыс корпорациясына разылығымызды айтамыз осы игі істі бастаушылары ақсақалдар алқасы ұйымы, оның ішінде ат салысып жүрген Асқар баурымыз бүгінде мәжіліс депутатының мәнісін түсініп, меморандумға қол қойғызып, игі шаруаны басынан аяғына дейін араласып іске асырған сол азаматқа Алла разы болсын. Мұқатай ақсақалымыз қаншама ауырып жүрседе осы мешітке көп көңіл бөлді. Қазіргі кезде Ілияс ақсақалға да ризамыз. Үстіміздегі жылдары дағдарыс ағымына байланысты бір жылдай мешіт құрылысы тоқтап қалды. Мәселең коммуналдық, электр жүйесіне төлемдер салу керектігі, т.б қиыншылықтарға байланысты мәселелер туындады. Ең бірінші ат салысып жүргендер ақсақал, алқасы. Сондықтан Алла разы болсын айтамын. Ықылас сөзі бітер сәтін аңдып отырған ардагер ұстаз, ақсақалдар алқасының мүшесі, көпті көрген аға буындардың бірі *Амандықов Қазбек ақсақал*:

-Қазақстан көлемінде мешіттер көбейіп олардың саны 3000 - нан асқан екен. Біздің Теміртауда мешіт соғылғаны мұсылман жамағаттар үшін өте қуанышты жағдай. Мен мұсылман қалалық қауымдар атынан соған жас та болса бас болып ізіне түсіп жүргендерге рахмет айтамын. Енді менің

ұсынысым халық қолдаса жаңа мешітке «Жауыр тау» мешіті деген атты қойсақ деп електеп сүзген бір ойын ортаға айтып қалды. Қауым үнсіз отырды. Мешітке ат қою рәсіміне байланысты қысқа және нұсқа түсінік айта кетуді жөн санадым.

Мешіт - Алланың үйі. Оған рудың, елдің, жердің атын қою шарифатқа да сыйыспайды. Мұндай жағдайда мешіт өзінің түпкі міндетінен айырылып, талас тартыстың, жікке бөлінудің ордасына айналады. Ат қою талабын ҚМДБ-сы шешеді. Мұндай жағдайда өтініш хатпен қоса діни басқармаға

облыстың өкіл имамының және жергілікті әкімшіліктің ұсынысы мен мешіт жамағатының өтініш хаты және ұсынылған кісінің өмірбаяны бірге тапсырылады. Бұл құжаттарды ҚМДБ-ның төралқа мәжілісі талдап таразылап шешім қабылдайды.

Әліптің артын бағып отырған сабаз азамат, мешітке бас имам болып тағайындалған, оқығаны мол тоқығаны терең қажы інімізге де сөз берілді.

Төлтаев Ербол қажы: Теміртау қалалық орталық мешітінің бас имамы



Әлһамдулла! Құдайға шүкір етеміз. Олай дейтінім, бұрын тарихта болмаған қаламызда жаңа мешіт соғып халыққа

табыс етіп, мешітке келіп сәждеге бас иіп, Аллаға тәубе айтып дуға жасап тілек тілеуіне, жас жігіттер қыз балалар осында келіп шарифаттан насихат тыңдап, жас жұбайлар некесін қидыруға үлкен жол ашылды. Бұл Алланың халыққа берген рызығы. Мешітке келушілер Аллаға тәубе етіп қуанышқа бөленіп, шүкірлікке сеніп келеді. Айтайын деген келесі бір мәселеге тоқталсам, мешіттің коммуналдық қызметіне төленетін төлемі жайлы яғни соны бір жақты етуге қалалық әкімшілік те араласса құба құп болар еді. Иншалла. Игі істерімізді Алла қабыл етсін.

Соғылар мешіт соғылып. төлқұжатының бетіне «Теміртау қалалық орталық мешіті» ат-айдары тағылды. Тарих парағына өшпес мұра болып жазылды. Өтпелі кезеңнің айшықты күндерін бүгінгі таңға дейін басынан өткеріп жатқан рухани өмірі жайлы Теміртаулық күллі мұсылман қауым алақанға салғандай көріп те біліп те отырсыздар. Жақсы мен жаманды, сауап пен күнәні ажырата білетін деңгейге жеттіңіздер. Сондай ақ аталмыш үш мешіттің діни қызметкерлерінің сауаты мен білімі, исламдық көз қарасының деңгейін де ажырата айтып бағалай алатын болдыңыздар. Діни орданың бүгінгі таңдағы хәл ахуалына деген олардың жауапкершілігі, ұстанымы жайлы көзінен танып, жүзінен аңғарып айта аласыздар. Бір сөзбен айтқанд» мешіттердің нағыз жан ашыр жақыны мұсылман қауым сіздерсіздер. Қандай бір жағдай туындайтын болса оның әшкерелеуге, түзетуге, ақыл кеңес беруге, шара қолдануға сіздер толық құқылысыздар. Осыны әсте естен шығармауларыңыз керек! Қарапайым халық деп аталған сіздердің көздеріңізді ашып, ізгілік пен игілікке, имандылық пен тақуалыққа тәрбиеленетін ордаларыңды сыйға тартқан қайсар, жомарт азаматтарыңызға айтар алғыстарыңыз зор екеніне кәміл сенеміз.

ТОҒЫЗЫНШЫ БӨЛІМ

Қалалың ақсақалдар алқасының мүшесі, дарынды ақсақал, Айтжан Исаковтың өмір баяны туралы сұхбаттасудан туындаған әдеби көркем шығарма

Елбасы берген бата



*Сенбе жұртқа, тұрса да қанша жақтап,
Әуре етеді. ішіне қулық сақтап.
Өзіңе сен, өзінді алып шығар,
Еңбегің мен ақылың екі жақтап.*

Абай Құнанбайұлы

Жер таянып жеті ұмтылып барып еңсеңді көтеретін жетпіс жасты еңсерсе де зіл темірдің иін қандырып, білігін балқытып, төбесінде ойнатып еденде дөңгелеткен қазақтың бір туар ұлы, арда ардагер ортамызда жүр. Біздің көріп те естіп

жүргеніміздей спорттың әр саласымен айналысып жүргендердің көбі жастар және орта буындар. Ал жетпіс деген ауқымдаған жасында ауыр атлетиканың классик пауерлифтинг түрінен қарт чемпион атанғандарды естулерің барма? Ендеше елде көп естімеген ондай адам Теміртау қаласында тұрады. Ол еліміздегі ауыр атлетиканың пауерлифтинг түрінен әлемнің 2, Қазақстан Республикасының абсолюттық 14 дүркін чемпионы, ауыр атлетиканың осы түрінен (1977) Кеңес Одағының спорт шебері, ардагер металлург Айтжан Исаков. Селт еткізген сезіміңе, елең еткізген төзіміңе толық тәбәрақ жеткізу үшін Айтжан мырзаның әңгімесін әлмисағынан бастап баян етпекпін.

Қырмандағы толғақ

1944 жыл. Сұрапыл соғыстың әлі аяқталмаған кезі. Елдің жағдайы ауыр Еркек біткеннің басым бөлігі майданда

Ауылдағы ұшы қиырсыз шаруашылықтың ауыр салмағы әйелдермен балаларға жүктелген. Жайдарлы да шуақты нұран төккен қойдай май қоңыр күз. Егін орағы. Күзгі науқан.

Самалға тербелген ақ бидай. Қырманда төбе-төбе алтын дән. Таңның атысынан күннің батысына дейін қызу қарбалас еңбектің ортасында жүргендердің қатарындағы жас келіншек Жәмидің аяғы ауыр. Ай күні толған. Қырманда жұмыстап жүріп далада босанып қалады. Аналар үшін Алла тағаланың төгетін мейірімінде шек барма. Құрсағында шарана, қыраққада қарбалас шаруа, үйге келсе аш құрсақ бала, жұпыны тірлік, қаһарлы соғыстың қайғысы, осының бәріне төзе білген аналар бірін майданда жоғалтса, бірін қырманда дүниеге әкеліп, қайғылыларды жұбатып, қайсарларды қуантып жатқаны. Міне солай, 15 қыркүйек 1944 жылы аты аңыз Ақшатау, бабалар мекені Қарабұлақ сілемі, қазіргі Жарылғап ауылында жарық дүниенің есігін ашып туылған екен далада. кіндік қаны тамып қырманда, ат қойыпты айт мерекесі күні болған соң Айтжан деп торсық шеке балаға. Халқымыздың қонақ болжаусыз, толғақ болжаусыз дегені бар. Сол күздің өзінде қырмандағы дәннің ортасында үш сәби дүниеге келіпті. Жәмиден кейін Бәтима апай Раяны туды. Енді бірінің есімі есте қалмаған. Үшеуінің де кәзір көзі тірі.

Сәби өсіп ер болды, құлын өсіп тай болды

Өткенді еске алғанда әлемді шарлап өткендей сезінесің Қай өлкесі болсын мыймырт тірліктің аясында күй кешіп жатқандай. Ал менің ортам былай сөйлейді деп әңгімесін бастады Айтжан ақсақал.

Бесіктегі кезім бал бөбектерге арналған берекелі де киелі, баяу тербелген құтты, іңгалаған періштелердің жұмағына арналған қасиетті мекеніндей өтіп еді. Алла Тағаланың сәбилерге анасының сүтімен қоректенуіне сыйлаған мерзімі 30 ай, бұл дегеніміз 2 жыл 6 ай уақыт. Айналасы осы мезгілдің алғашқы жылы яғни 1945 жылы әкем Қарамалақ дүниеден өтті. Соғыс аяқталып халық есін толық жинамаған, ауыр жұмыстан әлсіреп жарты құрсақтан жүдеген, қай шаңыраққа барсаңда соғыстың зардабынан әбден титықтаған осынау жағдайлармен қабаттасқандай әкемнің өлімі анашымды бек күйзелтті. Жан дегендегі жалғыз ұлы жыламайын деседе жетім қалды. Айрылмайын деседе жан жары Жәми жесір қалды. Көнбеске не шара. Ауыл біткеннің жағдайы жұпыны, қоңыр тірлік. Жалғыз басты жетім

балаларымен қалған анашымның күн көрісі тіпті де ауыр. Ардақты әкесінен қалған ізбасарының обалына қалмайын деген ойға бекінген анам 6 жыл өткен соң мені 6 жасымда әкемнің інісі Исактың қолына салып баурына басады. Шет елге асырып жіберіп жатқандары да бар ғой. Аллаға шүкір мені кіші әкем қамқорына алыпты. Оның да құпиясы бар. Ол осылай еді. Әкемнің өлімінен кейін анашым шаңырағының түтінін өшірмей ұрпақтарының қамымен от басына иелік етіп отыра береді. Қазақ халқының дәстүрлі салтының кемеңгерлік» делінетін қатып қалған қағида заңы бар. Сол қағида бойынша әкеміздің інісі Исак анашым Жәмиді екінші әйеліне теңеп некелеспек болады. Оған бәйбішесі Ақыш жатып та, отырып та бұлқынады. Белін таянып, білегін сыбанып жұлқынады. Қара бұлтты төндіріп, үйден шығармай әкемді дегеніне көндіреді. Жан үстіне жан екі әйелдің басын қосамын деген үміті орындалмаған Исак, анашым Жәмиге былай дейді:

•Еркек қой бұралқы болмайды деген. Өзіңе басыңның амандығын бердім. Тәркінің барып арқа сүйерсің. Балаңның қаны біздікі. Тентіретпей оны маған қалдыр. Түбінде бір сені тауып алары шындық. Қосылдық дегеннің өзінде күнде ұрыс керістен шырқымыз кетер, осы ақылымды құп аларсың. Қош бол деп тәркініне шығарып салыпты.

Таң атпайын деседе күн шығады дегендей күн артынан күн ол аз болғандай жылдар өтті жылжып. Ауылымыз болып тауқыметтің ауыр сынақтарынан аман есен өтіп келеміз. Шыр айналған дүниенің тағы бір күзі. Біз тұратын қыстақ ауыл орталығынан 7-8 шақырым қашықта болатын. Өзің қатарлы оқушылардың қатарынан қалмай, білім үйрен деп кіші әкем мені оқуға әкеп өткізді. Бұл 1951 жыл. Оқу ордасы киіз үй. 1-4 сыныпқа дәріс беретін жалғыз мұғалім. Қыс қатты. Қасат қар, ақ түтек боран, 30-35 градус аяз. Осы сарынмен қатынап 4 жылдық білім алып шықтым. Ол кездегі төрт жылдық оқу, білімнің шоқтығы болып саналатын. 1956 жылы 12 жасар ширақ азаматпын, әке шешеме қолқабысқа әбден жарап тұрған кезім. Қолхоздың шаруа ісіне араласып кеттім.

жылға дейін қара жұмыстан бастап қой, сиыр, түйе, жылқы дегендей бақпаған малым қалмады. Осы тірлікпен айналсықан 7 жыл оқтай зымырап артта қалды.

Житомирде

1963 жыл. Асау үйретіп алысқан, тайлақ мініп тайпалтқан ауыл жастары армияға шақырылды. Олармен бірге баяғы қатарынан қалмай келе жатқан боз тайлақ менде бармын. Салмағым жеңіл, бойым аласа, орысшадан дым жоқ мені комиссия көзге ілер емес. Қысқасы сарбаздар қатарына жарамай тұрмын. Сонау жылдардағы сұрапыл соғыстың тұсы болса менің тұрқыма қарамас едіңдер, ендеше ісім былай болсын деп айлаға бастым. Комиссия басқарып келген, сары алаға оранған, сары өңдес генералдың алдына тура тарттым. Бардым да қолымды құлақ тұсыма апарып солдаттарша «Мені әскер қатарына алуды өтінемін» деп саңқ-саңқ етіп тұрып алдым. Мұндай батылдықты бұрын соңды еш жерде көрмеген генерал «Азамат деп осыны айт, қабылдаңдар!» деп басқаларына зілдене бұйырды.

Пыс-пыс етіп ысылдап, шыңғыра жұлқа тартқан поезд 7 күн жол жүріп, лық толы солдаттарды Киев әскери округі Житомир қаласына әкеліп төкті.

Казарма. Сапта тұрмыз. Бойы биігінен аласаға қарай тұрғызды. Ең соңы менімен бітеді, Офицерлер роталарға бөліп іріктеп келеді. Маған да келіп жетті. Әлгі офицер маған қарап біраз тұрды. Не айтарын өзіде білмей тұрау деймін.

Ол менен мылтық ата аласыңба? деп сұрары барма.

-Құралайды көзден атамын! дедім мен. Батылдығыма разы болдау деймін. Танк батальонына наводчик болып қабылдансын деді де арқамнан қағып аманатын артып кері бұрылып жүре берді. Рас айттым. Мергендігімді әскери округі мойындады. Танкпен жүріп келе жатып және тұра қалып атқанымда нысананың ондығының паршасын шығарып тұрдым. Мылтықпен атудың бұл өнеріне ауылда жүргенде әкем үйретіп еді. Қасынан тастамай аңға алып шығатын аш қашқан аңдардың «жанын» маған қидырушы еді. Сахараның сәні, жаратылыстың бір жұбы, құмалақтай қорғасынның құрбаны болғанына қанша өкінсеңде ауылдағы құрсақтардың біз жаққа қарап алаңдап жол күзетіп отыртын жүдеу кейпі елестегенде шүріппе басылып қанжыға майланбасқа не шара.

Жігіттік мүшелдің жыры таусыла ма сірә. Армияға аттанарда әкемнің мына бір айтқан өсиеті әлі есімде. Балам! Барған жеріңнің қысы қатты болуы мүмкін. Солдаттарға киім үлестіргенде етіктің ең үлкен размерін таңда. Қалың етіп орауыш орап киесің. Сонда аяғың тоңбай жылы жүреді. Әкемнің айтқанын екі етпей орындадым. Бірақ топ қатарында бір шақырымға ілесе алмай солдаттарға арқалатып оңбай опық жедім. Желаяқтың тас байлаған екі аяғындай бір аздан соң қара саннан жан кетіп кескен бөренедей құлаймын. Осылайша қасымдағыларды бір қыс бойы күлкіге қарқ қылғаным бар.

Кеңестік қызыл армиясының Карпат өңіріндегі әскери округінің бірінші дәрежелі мергенімін. Айдарымнан жел есіп тұрды. Әр саланың әскери округтерінің біріккен тактикалық оқу жаттығуларында мергендігіммен танылып, біздің округтің атағы айға жетіп, 3 жыл бойы алдын бермедік. Күлкінің жыры болған қазақтың бір қара домалақ баласының мерейі бір округтің атағын осылайша аспанға шығарып тұрды. Қимай қоштасып Карпаттан 1966 жылы 14 қарашада ауылға оралдым.

Қарағандыда

Сол баяғы ауылым қаз қалпында екен. Баз өмірдің жылжыған баяу тірлігі. Жалпы жағдай онша болмай шықты. Әкем қартайыпты. Көре біле тұра қалай қарап жатасың. еңбекке араласып кеттік. Мағжан ағайдың көмегінің арқасында оқуды да қатаралып жүріп жеті жылдық білімге де қол жеткіздім. Ендігі арманым оқуды жалғастырып бір мамандықтың пұшпағын илеу. 1967 жылы тамызда Қарағанды атындағы байланыс училищесіне өттім. Қай ортада барсамда көпке сыйлы қадірлімін. Мақтанғаным емес ер жігіттің сегіз қыры менің бойымнан табылатын. Білдей бір училищенің комсомол ұйымының секретарына сайландым. Қашанда қазақи намыстың нар тәуекелінде жүретін қызу қаным ұйымның ісін қазақ тілінде сыпырта бастадым. Ол кеңестік дәуірдің қатаң ережесіне бағынған кез еді ғой.

Жұдырықтай жұмылып еңбек еткен заман. Училище қатарындағылар түгелге дейін комсомол мүшесі. Оқу орнының ішкі ережесі комсомол жастарының қатаң

тәртібімен ұштасып тұрғандықтан бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып ұйымшылдығымыз одан сайын жақындай түсті. Алдыңғы толқынның үлгі өнегесі өскелең ұрпақтарының тәрбиесіне қосқан үлесі ерекше. Осы бірліктің аясында комсомол ұйымының бір жылғы атқарылған жұмысының есебін оқу ұжымының алдында ұлттық тілінде жүргізіп еркін баяндама жасадым. Бір айта кетерлігі оқу басшылары түгелдей қатысуымен қатар есеп беру жиналысқа, сол жылдары Қарағанды облысы комсомолдар комитетінің төрағасы болған Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевты арнайы шақырып қатыстырған болатын. Қазақ елін болашақта басқаратын Елбасының алдында тұңғыш рет қазақ тілінде баяндама жасаған нағыз ұлтжандылардың бірі мына мен болдым. Бұл менің қазақ еліне, қазақ тіліне, болашақ президентіме, қазақ жастарына, жиынға қатысқан барлық қауымға деген құрметім болатын. Менің ниетім барлық қатысушылардың көңлінен шығып жиналғандар ду қол соғып, қошеметтері мен ризашылықтарын білдірді.

Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сөз сөйлеп жиналғандарды құттықтәп игі тілегін айтты. Жиын соңында мені жеке қабылдап, әңгіме барысында оқуыңды үзбей жалғастыр деп кеңес берді. Осылайша Елбасы мені тағы бір мәрте ұлықтап қос қолдап қолымды қатты қысып тұрып «Жарайсың бауырым. Отансүйгіш ұлтжандылығыңа қуанамын. Сен қазақ жастарына үлгі болдың. Азаматтарымыз осы жолдан таймау керек. Талпынсаң сенің қолыңнан іс келетін сиқты. Ақ жол тілеймін» - деп қош айтысты. Бүгінге дейінгі жеткен жетістігім Елбасының берген алғыс батасының күш құдыреті шығар. Дарынды тұлғалар өмірінің соқпағында осы тәрізді талай ғажайып шипалы дәрумендерін ұлтым деген ұлдарына қалдырып отырады екен ғой.

Қырманда туылып қырда өстім. Жетімек атанып жер ананы емдім. Жартастың жарығын жарып шығып исі аңқыған тау жусанындай, өскен ортамда менің де жігіттік 25 мүшелімнің алауы жанған жалынды шағы жарқырап өтті.

Сәруар

Орынсыз қылық оғаш істерден бойымды аулақ ұстадым. Шеғу, қышқылдату дегенді ежелден жаным сүймеді. Ән мен

жырға құмарлығымды жасыра алмадым. Қатарластарым мені қанатының астына алып қолымыз босай қалса аспандата шырқаған әнімізбен талай сауық кештің көрігін қыздырдық. Ұлдар және қыздар екі топ. Додаға салатыны мен. Қыздар тобының ұпайы басым түсе береді де көбінесе солардың ортасында жиі болатын едім. Жүзінен нұр, сөзінен маржан төгілген не бір арулар алды артымды орасада олардың біреуіне де көз тікпеппін. Әйтседе нәзік үн, сыңғыр күлкі, ырқына көндіріп ойламаған жерден мені кірпіктерінен нұр саулап, үзіле үлбіреген, ауылдан келген айдай әсем Сәруар сұлулық сыйқыр күшімен ноқтасын кигізіп шідерін салып қаланың көріктілерінен арашалап алмасы барма. Жаратқан Иеміздің мейіріне бөленген жеті ғашығындай болмасақта қыр сұлуы мен боз жігіттің арасындағы жарасымды махаббат үйлесімін тапқаны шындық еді. Бойымыздағы ынтызарымызды жасыра алмадық. Жүрегімізден шыққан үкім бізді бас құрауға асықтырды. Білім ошағының қабырғасындағы екі ғашықтың үйлену тойын оқу ордасындағылар өз мойнына алып сән салтанатымен дүркіретіп өткізді.

Сый құрметтің де шегі болушы еді, бұл жолы бізге деген жомарттық шектен асып түсті. Олай дейтінім орда басшылары неке куәлігімен қоса оқуды мерзімінен бұрын бітірді деген дипломды қолыма табыс етті. Менен қайтпаса жақсылық сіздерге Алладан болсын. Ниеттеріңізге құл болайын кәдірменді қауымым!. Осылайша бір қуанышым екінші қуанышқа ұласып бақыттан басымыз айналып жатты.

Боз жігітті бордақыға байлаған ару Сәруар Уәли қызы туралы да ашып айтып түсінік бере кеткенім жөн сияқты. Сәруардің әжесі Сәлиман (Әкесінің шешесі) Қоңыратбай қызы. Руы Арғын. Мұрат ішіндегі Қошқар. Ал Қошқардан бес ағайынды тарайды. Осы Қошқардың тұңғышы Қоңыратбай. Қошқардың бес ұлының бірінен Алпыстың әкесі дүниеге келеді. Алпыс дегеніміз бүгінгі Сара Назарбаеваның әкесі. Ал Сәлиман болса Алпыстың немере әпкесі. Замана ағымының қасыреті Алпыстың бәйбішесінің ғұмырын қысқартады. Осы қайғыдан соң Сәлиман өзінің немере сіңлісі Кулипаны Алпысқа некелеп қосады. Сәлиман анадан Уәли

атты ұл дүние есігін ашады. Уәлиден Сәруар, Айтмұқан атты екі ұрпақ жалғасып өсіп өрбіген екен.

Теміртауда

Теміртау тұңғыш президентіміздің еңбек жолын бастаған сүйікті қаласы. Металл өндіру ірі өндіріс ошағы орналасқан әлемдеп алты алпауыттың бірі. Жүзге тарта ұлттардың басын қосқан ірі этно орталығы. Айта берсең жалғаса береді. Кеңес одағы кезінде еңбек фронтына жастарды тарту шебер ұйымдастырылатын еді. Қазақстан магниткасының ғажайып ордасы Теміртау топырағына негізі қаланып болашақ магнитканың алып ошағының қалыптасуы жолында комсомол жастарының төккен тері металлург шәһерін дүниеге әкелді. Осы жастардың алғашқы тобынан табылмасамда адамның басы Алланың добы дегендей 1969 жылы Теміртаудың киелі топырағына табан тіредім. Мұның өзіндік себебі бар. 1968 жылы қыркүйек айында тұңғыш сәбиім жарық әлемнің есігін ашып шаңырағымда іңгәнің нұры шашырап еді. Сол бір қуанышты күндердің бірінде көшедегі тақтада, ауыр атлетика секциясына жас ерекшеліктеріне қарамай үміткерлер қабылдаймыз деген жарнаманы көзім шалып нар тәуекелі жетелеп апарып осы спорттың теңізінің тереңіне тоғытып жіберді. Міне солай , мен спорт әлемінің сахнасына осылай көтерілдім. Ол кезде жиырманың төртіндемін. Жастығымның жалынын үрлеген самал өршітіп тұрған шағым тын.

Алладан бұйрықсыз айтқан күпірлігім емес жолым болғыш жаратылысым солай ма, облыстағы беделді жаттықтырушы В.В. Нимипуренконың илеуінен бірақ шықтым Менің таңдауым пауэрлифтинг түрінің жұлқып және серпіп көтеруі. 1969 жылдың май айы. Қарағандыда ауыр атлетика түрінен жарыс өтіп жатты. Қай өлкеден келсең сол өңірдің туын желбіретіп, данқын асырып. мерейін үстем етіп. бапкеріңнің беделін көтеру спортшыға парыз. Мені баптап бәйгеге қосып отырған өлке Теміртау. Сол жолы 52 кг салмақ дәрежесінде бас жүлдені жеңіп алып облыстағы құрама команданың қатарын толықтырдым. «Болат» командасы мен болаттай шынықтыра бастады. Жыл артынан жылдар өтіп жатты. Шаңырағымға шаттық сыйлаған екінші, үшінші ұлдарым

дүниеге келді. Бақыттан басым айналып кеткендей болды. Аузымнан түспейтін Алланың шексіз мейірімі болар, күн тізбе 1977 жылдың наурыз айының 27 жұлдызын көрсетіп, жаратушы Иеміз бағым мен бабымды сынаған «Москва-1977» жарыс аренасына сүйреді. Қазақи қанымның намысы жеңіс тұғырына шығарып тұңғыш рет Мәскеу қаласында ауыр атлетиканың серпе және жұлқи көтерудің екі түрінен «СССР спорт шебері» деген атағын қорғап, атлетика сахнасының еденін теңселтіп қайтқан қазақ баласымын.

Өмірден осылай алмағым болуымен қатар оның салатын ауыр салмағын да арқалауыма тура келіп 2007 жылға дейін біраз жылдар бойы спорттан қол үзіп қалдым. Оның да себебі бар. Қазақтың қай баласының маңдайы майға шылқып жүр дейсің. Жарыс, жұлде деп ұрандатып от басыма көңіл бөлуден алшақтап бара жатқаным сезіне бастады. Міне осы арадан тізгінді тартып, спортқа тұсау салып, еңбекке араласып жан ұяма көңіл бөлдім. Комбинаттың темір жол цехының вагон құрастырушысына қабылданып жүре келе отарбаның көмекші машинстіне ауыстым.

Жұбайым Сәруардің де білімін көтеріп беделін асыруға жағдай туғызып арпалысудың нәтижесінде инженерлік маманға қол жеткізіп, комбинаттың қызметкерлер бөліміне орналасып тұрақты қызмет атқарды. Көргені мол көңіліне түйгені жетерлік мәдениеттің мәнерін бойына сіңірген өмірлік серігім еріне шын ниетімен берілген жан. Алла Тағала әйелге еріне бойұсынуды әмір еткен. Ерін тыңдап Алланың әмірін мойындап бойындағы иманын қорғаған осындай әйел - ол менің Сәруарым. Осынау сүйіспеншілігі үшін мен оны өмір бойы мақтан тұтып келемін.

Құмырсқаның илеуі

Өмір жолы арпалыс. Бірде құмырсқаның илеуіне тап болым Құмырсқа бөліңді, аяз әліңді біл деуші еді дана халқым. Кенет қызығушылығым оянып илеуге көз тастап отыра қалып тамашалай бастадым. Қызу еңбек, тынымсыз әбігерге басыпты. Әр біреуінің аузында тістеген күріштің түйіріндей дәнді илеуден шығарып бір арна етіп салып алған таяқпен сызғандай тар соқпақпен екінші бағытқа суйретіп барады. Екінші илеуге дейін бір екі құлаш емес арқан бойы

алыс жол. Міне ғажап көрініс. Дәл осы бір сәтте мен қасиетті құранның Нәміл сүресінің 17-19 аяттарын еске түсірдім. «Сүлеймен ғ.с. жындар, адамдар. құстардан жиналған әскерлерін басқарып «Құмырсқаның ойпаты» деп аталатын арнаға келген сәтте бір құмырсқа:

«Әй құмырсқалар! Ұяларыңа кіріңдер, Сүлеймен оның әскерлері сендерді білмей жаншып кетпесін» деді. Сонда Сүлеймен ғ.с. құмырсқаның сөзін естіп жымып күлді де «Раббым. маған және әке шешеме мәрхамет еткен игіліктеріңе шүкір етуімді әрі өзің разы болатын іс істеуімді нәсіп ет те өз мәрхаметіңмен ізгі құлдарыңның арасына кіргіз деп әскерін кері бұрып бағытын өзгертіпті. Бойында жаны, басында мыйы бар адам мынау кішкентай жәндік құрлы болмадым ба! Жайбарақатқа бой күйезденіп бүгінге бар болса ертеңіні Алла берер деген кірпияз көңілімді жыбырлаған құмырсқа қамшылағандай болды.

Алдыма мақсат қоя білдім. Үкіметтің де үйдегілердің де үмітін ақтай бастадым. Өмірге деген құштарлық арта берді. Айт шуға басқан аз жылдың ішінде еңбегім еленіп Еңбек ардагері медалын омырауға тақтым. Негізгі өмірімнің 40 жылын металлургия комбинатына арнағанмын. Олай дейтінім 1999 жылы «Комбинат ардагері» деп танылдым. Қалалық ақсақалдар алқасының қазыналы қартының бірімін. Жалпы марапаттардан егде емеспін. Оның қайсы бірін тізейін.

Шаңырағымды қайғының қара бұлты торлап Жаратқан Ием бір құлыншағымды жетектеп кеткеніне де көндім. Олда Алланың сыны. Жас кезімнен бастап жаман әдеттерден бойымды аулақ ұстануым салауатты өмірді қалыптастыруыма септігін әкелді. Имандылық жолын таңдадым. Намазға ұйыдым. Тек шындық пен спортты серік еткен жанмын Тарихты әріден қозғап бабалардың шежіресін аударып төңкеріп тастаймын. Үкілі домбыра іліксе қолыма суырып салма әуеніме саламын. Халық әндерімен қалықтап термелерді жетекке алатыным тағы бар. Комбинат басшыларының жүктеген сенімін ақтаумен болдым. Мырш цехында буып түйетін қызметкер, аусым бастығы, басқарушы диспетчер қатарлы жұмыстарға аянбай тер төктім. Алып комбинаттың еңселі цехтарының ортасында маңдайымнан тері, табанымның ізі, қолымның табы сайрап қалды. Міне

тағдыр құмырсқаның құдыретімен байланысқан, қиялмен қиындығы, қызығы мен шұжығы толы дәуірімнің белесінен бір үзік құрастырылған хиқметім еді. Міне осылай еңбек пен өнерім өрнек салған ширек ғасырды артқа тастап 2007 жылы зейнет демалысына шықтым.

Қарт чемпион

*Бұл күнде қырық бесте менің жасым.
Қамалдың бұзып жүрмін қорған тасын.
Кешегі сентябрьдің базарында,
Көтердім елу бір пұт кірдің тасын.*

Балуан Шолақ

Иә. Мен еңбектен қол үзбедім. Зейнетке шыққан сол жылы Теміртаулық сот, зиялы азамат Марданов Асқардың шақыруымен 2 жыл сот шаруашылық меңгерушісі болып істедім. 2009 жылы Дәурен Есімханов қалалық спорт комитетіне шақырып нұсқаушыға ұсынды. Сол күннен бастап жастарды пауэрлифтинг түріне жаттықтыра бастадым.

Сондағы шәкірттерімнің ортасынан Никитин Аркадий Иванович деген азамат суырылып шықты. Ол олма Аркадий Н И ауыр атлетика және пауэрлифтинг түрінен мастер СССР, Қазақстанның еңбек сіңірген бапкері, халық аралық деңгейдегі шебері, азия және әлемнің 3 дүркін чемпионына дейін көтерілген шоқтығы биік тұлға еді. Менің зейнетке шықанымды естіген ол мені іздеп келіп әңгімеге тарта отырып спортқа қайта келуімді құттықтай отырып қарттардың қатарынан пауэрлифтингке қайтадан жаттығуға шығып өзімен қосуға әлсін әлсін айтып өтіне берді. Мен келісімді беріп жаттығуға кірісіп кеттік. Айналасы бір жарым жылдың ішінде ардагерлер арасындағы зіл темір көтерушілердің Қазақстан Республикасының байрақты бәсекелеріне қатыса бастадым. қатысқан сайын бас жүлделерге қол жеткіздім. Бұл жетістіктерімді отандық баспалар жарыса жазды. Сенде қаламыңды ұштап келіпсің. Әрі қарай қалай тербесеңде еркің білсін деп қос жанарын маған тікті. Әр жыл сайын республика шеңберінде екі дүркін ауыр атлетикалық салмақтағы сайыстар өтіп жатады. Сол жарыстардың бірі 2010 жылдың шілде айында Қарағандыда өтті. Дүбірлі бәсекеге қатысқан

Айтжан 270 келі зіл темірді серпе және жұлқи көтеруімен бағындырып Республика деңгейіндегі абсолюттық чемпионы атағын бірінші рет жеңіп алды. Осы бастамадан кейін қарт чемпион кезек күттірген бәсекелерден қалысқан емес. Атағы жайыла бастады.

2011 жылдың май айында Теміртаудағы өткен Республикалық кубогы жарысына қатысып 380 келіні бағындырып екінші реткі чемпион атанды.

2011 жылы Шымкентте байрақты бәсеке жалғасып бұл жолы Айтжан 420 келіні төбеде ойнатып нағыз нар тұлға екенін айқын көрсетіп үшінші реткі чемпион атанды.

Келесі дода Байқоңырда басталды. Айтжан бұл жолы 460 келіні көтеріп төртінші реткі чемпион атанды.

2012 жылы Талдықорған топырағына табан тіреген Айтжан бұл жолғы дүбірлі жарыста 380-500 келіні көтеріп қарсыластарын тізе бүктірді. Бұл жолы екі алтын медальды қоржынға тоғытып бесінші және алтыншы реткі чемпион дәрежесіне тұрақтап қайтты.

2013 жылғы наурыз айы. Байрақты бәсеке Республикалық деңгейде Көкшетауда болып өтті. Бұл жолғы жеңісі 380 келіге тұрақтады. Қарсыластарының шоқтығы болғандықтан жетінші реткі чемпион атанды.

2013 жылғы қыркүйек айы. Қарт чемпионның жасы 69 -ға көтерілді. Ақ бурылды еңсергеніне қарамастан зіл темірін төбеде ойнатып Қазақстан Республикасының сегізінші реткі чемпионын сенімді қорғап алтынды кеудесіне жарқыратты. Алда тағы бір байрақты бәсеке мен мұндалап кезегін күтіп тұрды. Осы жылы Орал қаласында өтетін байрақты бәсекеге Теміртау атынан жалғыз өзі аттанды . Бабынан жаңылмай тын қарт бұл жолы да қарсыластарынан оқ бойы озып зіл темір көтерудің екі турінен жеңіске жетіп екі алтын медальды қоржынға тоғытып тоғызыншы рет ел чемпионы атанды.

Ұжмаққа дейін жолы төселген 2014 жылқы жылы Алматының бағы, алмасының дәмі, алатаудың мұзар шыңы кел мұндалап, самалын жұмсап, сәлемін жолдап ардагер тумасын шақырғандай болды. Жұлделі жарыс аймақты, бағын сынаушылар уақытты тандап тұрмасы анық. Сәтіне балаған сәуір айының соңғы жұмасының апталығы Алматыда республикалық классик пауэрлифтингтен екінші ашық

чемпионаты тартысты жағдайда өтіп жатты. Бәсеке алаңында Теміртаулық Айтжан жерлестерінің атынан додаға түсті. Жарыс тәртібі жатып та иықтап та серпе және жұлқи көтеру түрінде белгіленді. 380 келіге тапсырыс берген жерлесіміз топ жарып екі алтын медальды жеңіп алды. Бұл Айтжанның он бірінші реткі қорғаған «Республика чемпионы» яғни жеңісі еді.

***Арғымақтан ат жақсы шабыс болса,
Ағайыннан жат жақсы таныс болса***

Әлқисса дегендей жүректен төгілген жалынды лебізіне ерік берген Айтжан қарияның әңпмесінің толқыны жағаны ұрып жарды соғып тұрғандай әрмен жалғаса түсті. Шабысқа салатын атты да баптайды, арысқа түсетін алыпты да баптайды. Ал менің шапағатшыларым болған жаны жайсан жандар жанымнан табылды деп ақтарылды қария. Қаламыздағы Алашымның атқа мінер азаматтары Асқар Марданов, Дәурен Есімханов, Талғат Нығметовтар көл кәсір шуақты құшағына алып, көңілге қуаныш силап мерейімен нұр сепкендей болды. Атағы алты қырдың астына жеткен атымтай жомарт, ардақты азамат, облыстық маслихат депутаты. танымал кәсіпкер, алты арыстың ұрпағы Сарсекенов Асқар Садықұлы. Комбинаттың кәсіподақ комитетінің төрағасы В. Шетинин. АМТ-дың әлеуметтік мәселелері бойынша директоры Орман Хамзабаев қатарлы азаматтардың жасаған қаржылай көмектері ұшан теңіз. Қала әкімінің орынбасары Тымченко Сергей Николаевта көрегендігін танытып көмек қолын созды. Алашты аузынан тастамай ашыла сөйлеген ақсақал көптен көрген көмегіне кесіліп те сүйеніп те тұрғандай разылығын жасыра алмады. Менен келер қайыр дейді сөзін әрмен сабақтай түсіп, сіздердің және жерлестерімнің абыройын асырып данқын көтеріп мерейін үстем еткенім. Тағлымы мол тартымды өмірімнің осы бір белестері бүгінгі жастарды спортқа деген қызығушылығын арттырып серпін тастар деп ойлаймын. Төбеден күнімізде еңкейді. Табиғи әл қуатымыздың тепе теңдігі әлсірей бастаған шақ. Жүйріктің де тұяғын қанатын бір томар дегендей менің де бүк түсіп шөгетін күнім босағада тұр. «Алланың шынайы құлына ұжмақтың иісі 40

жылдық жерден аңқып тұрады» деген хадис мені халық аралық деңгейдегі бәсекелерге үміттендіре береді. Көк аспанның түпсіз тұнық өңін өзіне көмкерген көк байрақты елімнен тыс өзге елдің төрінде желбіретсем деген арғанымды төбемде ойнатқан кірдің тасы да қуаттап тұрғандай күй кешемін. Қуыс кеудеге қаһар жиналса уыстай бойым ширай түсері хақ деп ақтарылған Айтжан ағамыздың шерлі тізгінін зорға тежедім. Айтжан айтса айтқандай жебеуші Жаратушы Иеміз де сездіме екен 2014 жылғы қазан айының 14-20 жұлдызы күндері Ресейдің Екатеринбург қаласында өткен халық аралық байрақты бәсекеге Қазақстан Республикасы атынан қатысып 12-ші алтын медальды жеңіп алып «Ресейдің абсолюттық чемпионы» деген атақты қорғап еліміздің көк байрағын желбіретіп қазақ елінің қайсар намысын айға бірақ шығарды. Бұл жолғы Айтжанның қанжығасының майлануына себепкерлік жасап сапарының барлық шығынын өз мойнына көтеріп алған Теміртау қаласының әкімінің орынбасары Тымченко Сергей Николаевич мырзаның жомарттығына айтар алғысымыз шексіз. Шын тілесек Алладан шығының аз дегендей Екатеринбургте өтетін халық аралық ірі жарыс додасына қатысуға Айтжанның бір емес екі рет жолы түсті 2015 жылы қазан айында белгіленген әлем чемпионын іріктеу соңғы жарысқа дайындығын тыңғылықтай еткен қарияға «Асқар және Компания» толық серіктестігінің бас директоры Сарсекенов Асқар Садықұлы және қалалық ақсақалдар алқасының ақсақалдары жол шығынын мойнына алып қаржылай көмек қолын созып Айтжанға ақ жол тіледі. Бұл жолғы байрақты бәсекенің қызу тартысының жеңісі, үміткер қариямыздың қанжығасына тағыда қос алтын медаль тоғытты. Жеңістің дәлелі ретінде арнайы жазылған сертификатта табыс етілді. Жалпы жұлдеге арналып алтындар құдды Айтжанның еншісіне арналып істелгендей тосын сый тосады да тұрады. Бұл да Алланың кезінің түзулігі серілік құрған бір құлына деген сенімі, оған белгілеген сынағы болар. Иеміздің қай сынағы болса да Айтжан сүрінген емес, олай дейтініміз ол Алланың сенімді, иман жүзді мұсылманы

Қазыналы қарттарымыздың ортасынан оза шапқан озат ағамыздың абыройлы атақ даңқы, болаттай бекіп құрыштай

құрсанған қаламыздың да абыройы екенін мойындаған Теміртау қаласының әкімі Нұркен Сұлтанов, 2014 жылдың тамыз айының бір күндері. үздік спортшылар мен бапкерлерге арнаған "Алтын белгі» медалін ардагер чемпион Айтжан Исаковтың кеудесіне өз қолымен тағып марапаттады.

Иә. Қаршадайынан асау үйретіп алысқан Айтжан ақсақал 2014-ші және 2015-ші жылдарды осындай табыспен асқақ көңілмен шығарып салуына жігер - талабы жар болды. Сонымен әңпеміздің соңын ардақты ағамызға қажымас қайрат, мойымас күш. зор ден саулық тілеп тәмамдаймыз.

Ауыр атлетика спортының пауэрлифтинг түрінің тамырын басқан бұл ақсақал жетпіс деген жастың желкесінде тұрсадағы зіл темірдің салмағына дауа, оны бағындырған құдыретіне шипа силаған, Жаратушының сенім ұялатқан иманигүлінің шапағатын еркін сезінгені белгілі.

Арманыңыз ақиқатқа айналсын асыл қария



**Суретте солдан оңға қарай:
«Уақыт теле бағдарлама-
ның тілшісі Әли Тойжігітов,
оператор Айтжан Исанов.
автор Серикбай Ш,
тілші Әділбек Құмар**

**Ақсақалдар
алқасын құру
туралы
мәжілісінде**





**Қарт чемпион «Гауһар тас»
әнін шырқап тұрған кезі**



**Қарт чемпионның жеңіп
алған кубок жұлдесі. 2016 ж.**



**Қарт чемпион мен кездесу. Солдан оңға қарай:
«Отан Заман» газетінің директоры Зура Оспанова,
чемпион Айтжан Исаков, «Ралл» компанияның әкілі
Алишпаев Мурат, автор Серикбай Шынуар**



***«Шаңырақ» теле бағдарламасына қатысқан
Теміртау қалалық ақсақалдар алқасының мүшелері***



Айтжан Исаков жаттығу үстінде



Спорттың ауыр атлетика, классик пауэрлифтинг түрінен әлемнің 2, Қазақстан Республикасының 14 реткі абсолюттық чемпионы Айтжан Исаков



**Автор Серикбай Шынуар,
қарт чемпион Айтжан Исаков**

Адамның айнасы - ол еңбегі
Иманбаев Олжабай Иманбайұлы
Ардагер металлург
(1936-2015)



*Мұны жаздым ойланып.
Ойда бардан толғанып.
Кірсе ішіңе оқи бер.
Бозбалалар қолға алып.*

Абай Құнанбаев

Адамзат баласының тағдыры ауыспалы асқақ заманның құбылып тұратын ырғағына шайқалып, ыңғайына көніп, пұшпақтай иленіп тұратыны, Алланың құлымын деуші пендеге бейтаныс емес. Жарқырап

өмір жан біткенге қуаныш силай келетіні анық. Сол қуанышты тек қолдан шығарып алмасаң болғаны. Адам баласы пендешілікке үйір және өте жақын жүреді. Бақытты ғұмырға құлшына ұмтылып оны жатса да тұрса да жан жағынан, төрткүл дүниенің шексіз кеңістігінен іздейді. Мол дәулет, қисапсыз байлық табамыз деп дәмеленеді. Ал

бақытты таба алмаса, оны көрмесе, тіпті түсіне де алмаса күнәні өзінен емес өзгеден, тіпті міз бақпай байбалам салып

Құдайды кінәлайды. Міне сол пенде Аллаға шәк келтіріп, күнәнің ең үлкенін арқалап алады. Бақыт туралы ұзаққа бармай ақ «Кім ақылды болса сол бақытты» деген Мұхаммед (с.ғ.с) ның айтқан өсиетін хадистен іздесек жеткілікті. Осы өсиетті негізге ала отырып бүгінгі заманның бақытты адамдары туралы сөз етпекпін.

Бабалардан қалған туған жеріңнің топырағына аунап, тасын қопарып үңіле қалсаң сырын шертеді. Жер жәннаты аталған оңтүстік қазақстанның кең байтақ даласы жаратушы иеміздің сүйікті құлдарына силаған киелі мекендерінің бір пұшпағы. Илеуі қанған сол байтақ далаға тиесілі мекеннің бірі Жамбыл облысы. Басым бөлігі сыпырма жазық жазираны сусындатқан Шу өзенінің шұрайлы аңғарынан солтүстік бағытта кесіле жайғасқан Бетпақтың шөлді даласы,

ұсақ шоқылы қыраттана біткен Байқара тауы Сарыарқаға иық тіресе, әйгілі құмды Мойынқұм шөлі Таласқа құлай сұғына жайғасып, батысында Қаратау жотасы оңына қарай ойыса біткен қырғыз Алатауымен сыбырласа байырқалап, шығысындағы Желтау мен Айтау мен мұңдалап Іле Алатаумен кереге қанат құрғандай сахараның сәнін, табиғаттың көркін түзеген байтақ мекеннің бір шетінде. жұртын түзеген қарапайым шаруа Иманбайдың шаңырағында бірі ұл бірі қыз егіз сәби жарық дүниенің есігін ашып. момын қазағымның қара күркесін қос шырақтың сәулелі шаттық нұрына бөлеп жатса, тасадан емес тағдырдың бір емес екіден, егіз қозыдай Тәңірім силаған періштелерін көрген отағасы бірде ұшып бірде қонып жүріп ақсарбасын сойып. сүйікті жарын қалжаның ыстық сорпасына бөктіріп жатты. Қой егіз туса бір түп жусан артық өседі деуші еді дана халық. Егіздің кіндік қаны тамған бұл мекен Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы. Қрасная Звезда совхозы, майажай майдың 1 жұлдызы 1936-шы тышқан жылының жайма шуақ күндерінің бірі еді. Ішіне жасырса да қазакемнің бүкпе сырын аузы қайдан жасырсын, қуанышын бөлісуге сеңдей ағылған ағайындардың дені үйге лық толып. симағаны аулада. «қос перзенттің жасы ұзақ, бауы берік болсын» айтып шашылған шашудың астында қалды. Алладан күндіз түні. жатса тұрса тілегені бір перзент еді, егізден бергеніне есі шығып қуанышы қойнына сыймай қуанған отағасы құрақ ұшып, тыраштап жиған ас суын құрметті қонақтарына арнап кең дастарқанын жайып салды. Бұлақ көрсе көзін ашатын, ылайын шайқап тұнығын ішетін кербез қазақпыз. Қайғы менен мұнды, қуаныш пен қызықты бірге бөлісетін де қазақпыз. Жұмыла көтерген шырайына келтіріп жасаған шілдеқананың дүмпуін Жамбылдың атырабы астыққа, шалғайдағы ауыл шаттыққа толғандай болды. Әжесі басқарған үй әдепті дегендеі ойламаған жерден отбасын олжадай қуантқан қошақандар ұлына Олжабай, еліктің лағындай сүйкімді қызына Сәуле деп азандатып тұрып ат қойды. Аумалы ағымға басқан не бір жылдар жылжып өтіп жатты. Иманбай екі баласының талабым тойтармай баулыды. Сары аязға салып ширатты. Қар жастандырып. мұз төсендіріп шынықтырды. Ұл әкеге қыз анасына серік және тірегі болып ержетті.

Балалы үйдің базары гүлдей жайнап, ата ананың мейірімді қуанышына жүрегі тебіренген, бірлігі жарасқан жан ұяның бұлбұлындай сайрап бойжеткен ару қызы Сәуле қияға қонды. Зіңгіттей жігіт, білдей азамат болған Олжабай болашақтан бір белгі келерін сезгендей әр күн сайынғы қарбалас тірліктермен айналысып ауылда жүріп жатты. Ауылдың ол заманын еске алар болсақ, бұл дегеніңіз Кеңес үкіметі Қазақстанның кер даласына керегесін кеңейтіп тігілмеген ордасы, сұғынбаған ортасы қалмаған кез. Биліктің өзі, сөйлеймін десе сөзі солардікі еді. Осынау бір тұста отандық бұқаралық ақпарат құралдарының бетінде төңіректің төрт бұрышына жар сала, отандық және көршілес республикалардың аумағына дейін жария етіліп. кілең жастарды ірі өндіріс құрылысына жұмыстауға шақырған қомақты да қуатты үндеуі жарық көрді. Ақысын берсе боқысын шығаратын қазакемнің жастары буынып түйініп жолға әзірлене бастады. Үйірінен айрылған арғымақтың күйін кешіп қаламынба жалғызсырап деп абдырай бастаған Олжабай ойлана толғана келе бір тоқтамға келді. Дастарқан басындағы бір оңтайлы сәтті пайдаланып әкесіне бұрылып:

Әкетай. Ер азығы мен бөрі азығы түзде демеуші ме еді. Ауылдың жастары сапарға қамданып жатыр. Мен де солардан қалмай үлкен жолға аттанайын деген ойым бар. Ақ жол тілеп ақ батаңызды беріңіз әке деп жүзіне жүзін қадады. Ойламаған жерде баласынан тосын өтініш естіген әке абдырап қалды да сәлден соң үн қатып:

- Елге берген батамды сенен несіне аяйын, ер азамат өсірдім, ел жұртыма қосайын, алыссаң білегің бар, ақылға сүйенген жігерің бар. біреуге боқтатпа, бірлігіңді тоқтатпа, әуелі ортаңды тап, онан соң досыңды тап, сол барған ортаңда нардай, талабың таудай болсын, тіледім балам ақ жол, айналып ордамызға бір басың екеу болып оралатын бол. Анаңның күл төккен топырағын ұмытпа. Әмин деп бетін сипады. Отағасының ырқына амалсыздан көндігіп қапырығып отырған анасы:

- Құлыным-ау мен саған не айтамын, алдағы күнің не болады соны уайымдап айтамын. Отау тігіп әке атанып артыңнан бір белгі ерсе екен. сол белгіні ермек қып отырсам екен деуші едім, шырағым балам. барған ортаңда қадірлі

болсаң анаңның сүтін ақтағаның, ал қадірсіз болсаң анаңның қарызын жүктегенің, сен үшін тіленбеген менен не қалсын, жолың болсын, бақытың жансын деп еңіреп тұрып ықылас батасын береді.

Міне солай ата-ана жалғыз ұлына тілегін ағынан айтты, іштеп шерін арылтып айтты. Иә. Аналар шіркін нағыз ана ғой. Ана болғанда дана ғой. Қара аспан төніп келсе де оны шайдай ашатын ананың ақ батасы мен санасы ғой.

Әр үйдің сыртында шоғырланған адамдар, жылау-сықтау, қойындар енді! жауға бара жатқан жоқ онысы несі-ей десіп жатыр қайбіреулер жұбату айтып. Жол мұраты жету дегендей атқа қонған ауыл азаматтары елімен қимай қоштасып қозы айдаған қоңыр белін көктей өтіп, сағымы ойнаған шексіз сары даланың шығысын бетке алып жүріп кетті.

«Гүр» аға

Қазақстанның әр өлкесінен атқа қонған мыңдаған жастар Алматыға жиналды. Күніне миллиондаған адам келіп. кетіп жататын әсем қаланың сұлу табиғаты, сүйкімді келбеті адам баласы былай тұрсын Жаратушының өзі жантайса қайтадан тұрғысы келмейтін жер. Сол көрікті қаланың қақ ортасынан ойып тұрып орын алған Бүкіл Одақ Жастарының Комитет Комсомолының Алматы қалалық комитетінің алдында жүздеген жастар жиналып, еңбек майданына өә ықтиярларымен барып еңбек етуге келісіп тізімделіп жатты Зәулім гимараттың алдындағы ашық алаңның әр тұсына «Теміртау, Павлодар, Қостанай» делініп жазылған қызыл алаулар көздің жауын алады. Екі қолға бір күрек келіндер жастар деген үран сөзі жиналғандарды еліктіріп ақ тұр.

Сендей соғылған қалың тобырдың ортасында, мойнына галстук тағып шыттай киінген ұзын бойлы, сымбатты келген бір азамат, бір орынға тұрақтап тұрмай арлы берлі ойқастап жүр. Осы игі істің басы қасында жүрген ұйымдастырушының бірі болар деген көптің назары соған ауа бастады. Ол сол ойқастауынан танбастан дауылдатып келіп менің қасыма тоқтай қалып маған гүр етіп зілдене үн қатты.

-Баурым, аты жөнің кім болады. Қай тараптан келдің Таңдауың қай қала?

-Менің атым Садырбаев Сұлтан Садырбайұлы. Алматылықпын. Еңбекші қазақ районы, Көктөбе совхозынанмын. Қостанайды меңзеп тұрмын.

-Ал сенің аты жөнің кім болады. Қай өлкеденсің. Қай қаланы таңдадың?

-Менің аты жөнім Иманбаев Олжабай. Жамбыл облысы, Красная Звезда ауылынанмын. Қай қалаға барарымды шеше алмай тұрмын.

-Оу жігіттер! Бас қатырмай кел, соңымнан еріңдер. Давай кеттік.

Айтқаны сол ақ болды екемізді жетегіне іліп алып желдірте жөнелді. Іле, «Теміртау қаласы, Қазақстан магниткасы заводының құрылысына тіркеу жүріп жатыр» деп жазылған комиссияның алдына келіп тоқтады да бізді таныстырып:

-Мына екеуін менің қатарыма тіркеңдер де дереу путевкасын беріңдер! деп гүр-гүр етті. Комиссияда үн жоқ, жарайды-жарайды десіп бізге бет бұрды. Жадымызда сақталып, естен кетпестей естелік болып өміріміздің тарихының бір парағына тіркеліп қалған бұл күн, 24 қыркүйек 1956 жыл болатын.

Жаңағы аз кем уақыттағы ғажайып әсерлі іске таңқалмасқа не шара, Алматы қалалық Комитет комсомолы, мынау сендерге үкіметімізден көмекке беріп жатқан алғашқы жәрдем ақысы деп 75 рубльмен қоса қолымызға путевкасын жазып ұстатты. Қуаныштан кеудеміз керіліп қақ айрыла жаздап тұрғандай бір бірімізді құттықтап тұрып екеміз ес жинап сондағана,

-Мен Садырбаев Сұлтан Садырбайұлы. Кел ағасы танысып қоялық деп қол соза беріп едім ол да маған қолын ұсынып,

-Мен Олжабай Иманбаев едім деп екеміз қайтадан танысып құшақтасып достықтың алғашқы туын тіккен едік. Бұл азаматтық дәуіріміздің шынайы куәсі болатын деп сол бір қуанышты кездесулерін Сұлтан ақсақал ширек ғасыр өткен соң кетеріңкі көңілмен тебірене айтқаны бар. Сұлтан ақсақал ары қарай сөзін жалғап:

Бізді ертесі поездің жүру кестесі, уақыттың тығыздығына байланысты шұғыл түрде алғашқы топқа тіркеп уәделескен бағыттарға аттандыра бастады. Алғашқысы болып 60 адам

поезға міндік. Басшымыз «Гүр» ағай. Тау қанша биік болсада жотасында жол жатар дегендей Теміртауды бетке алып, ұзағынан сүйіндірген созақ үнімен белгісін тастап, ірке тартып түйгілей жұлқыған отарба сайын далаға бет алды. Айдың анығы күннің тізбегі 26-сы күнін меңзеп межелі мекенге де келіп жеттік. Қатарымыз қазақ, орыс және тағы басқа әр ұлттардан құралған еді.

Біздің келуімізді күтіп сақадай сай тұрған арнайы адамдар қарсы алып. амандық саулықтан соң келушілерге арналып әзірленген жатақханаға жеткізіп, бір бөлмеге 6 адамнан орналастырып үлгерді.

Олжабай екеміз жұбымызды жазбай бір бөлмеге қатар орынға жайғасқанбыз. Кешке таманға қарай бейім уақыт болатын. Қатарда бір бос кереует тұрған тын. Бір мезетте ішке баяғы Гүр ағай кіріп келді де жаңағы бос кереуетке жайғаса бастады. Сапарымызға сәттіліпн қосқан сері ағамыз қатарымызға келгеніне қуанып, арқа сүйер қорғанымыз болатын болды деп еңсеміз көтеріліп қалса. енді бір жағынан қысылып, қымқырылып еркін тұра алмайтын болдық ау деген қобалжу да санамызға сыр тастады. Ол келген бетте бірінші болып өзі тіл қатып:

-Иә. Бауырларым. Енді біз бәріміз осы бөлмеде бірге тұратын боламыз. Жұмысқа жұмыла араласамыз. Мен тұрғанда еш нәрседен тарықпайсыңдар және ешкімнен қорықпайсыңдар. Өзімді де таныстыра отырайын. Ол орнынан ырғала тұрды да"

Мен Фазлиев Мұрат Абдуллаевич деген ағаларын боламын. Ал сендер ғой маған таныссыңдар. Байқауымша шаршаған сияқтысыңдар, давай жатып демалыңдар деп Гүр етті де қайта бұрылып барып кереует үстіне қисая кетті Жарайсың аға. Адам адамға керек болмаса әртарапқа қаңғырып кетпеспе едік. Рахмет сізге деп ағымыздан жарылдық сол сәтте біз бәріміз бірдей үн қатып.

Алматыдан бері Гүр аға деп жүргеніміз баяғы өзіміз сияқты комсомол жолдамасымен келген қарапайым азамат екен. Сонымен әуелде дос екеу едік, Тәңірдің жазуымен ушеу болдық. Біз үшеуіміз 52 жыл бойы жұбымызды жазбай бүгінге дейін келіп жеттік. Еңбек жолында Мұратта талай табыстарға жетіп абыройы асқақтап тұрды. Өмірдің тарлаң

жолдарының талай асуы, нелер белестерін артқа тастап аңсаған арманымыз орындалған арда қариялармыз. Сол өткен күндердің қызықты сәттерін неге еске алмасқа деді Сұлтан ақсақал. Жалпы еңбек жолын бір ортада бастаған бұл үшеуінің ғұмыры тағдырлас екені ақиқат. Бірінен бірін беле жарып айту әділетсіздік еді. Реті келгенде деді Сұлтан аға ұшуға әзірленген қырандай бір қомданып алды да Фазлиевті былай еске алды.

Жан баласын жадыратқан жайдарлы көктемнің май айы 1958 жыл еді. Фазлиев, Олжабай үшеуіміз сол жылы осы айдың соңғы күндері есю қаладағы №6-шы кәсіптік техникалық училищені бірге бітірдік. Ол тұстағы біз оқыған мамандықтың қадірі түсті металдан да қымбат болатын. Олжабай екеміз мартенге, ол канаваға орналасты. Екі жылдан соң ол білімін жоғарылатуға Жамбыл қаласына аттанып кетті. 1965 жылы қайта оралып Теміртау қалалық ет комбинатына технология инженері болып орналасты. Бас инженері. комбинат директорына дейін көтеріліп. сол ортадан еңбек зейнеткерлігіне бірақ шықты. Отбасы, 1 ұл, 1 қызы, 4 немере сүйді. Ұлы бүгіндері қалалық орталық ауруханада білікті маман-хирург болып жұмыс жасайды. Қызы да осы қалада. Алғыр құстың ғұмыры қысқа дегендей 2008 жылы дүниеден өтті. Марқұм досымның аруағы разы болсын деп әңгімесінің тізгінін тартты Сұлтекең. Бұл арадағы кейіпкерлерімнің саны үшеу болғанымен. үшеуге үн қосатын Қазақстан магниткасының саңлақтарын жүздеп. мыңдап айта аламыз. Осынау ардагерлеріміздің қатары бүгіндері селдіреп келеді. Сексенге келсе де серілігін сақтап, маңдайының тері, білегінің күшімен соққан көрікті қаласында жүзінен күлкі ажырамай. жүрісінен танып қалжырамай, жастарға үлгі бола білген қазыналы қария, ардагер-металлург ағаларымызға дән ризамыз.

Өлім бір түйе сияқты әр үйдің есігінің алдына келіп бір шөгеді. Тағдырыңа Алла бір кездері шектеу қойып солай дейтін болғандықтан шарасыз Тәңіріңнің құзырына өтесің.

Мінеки қаншама ардагерлеріміз сол құзыреттің қатарына жайғасты. Солардың бірі ардагер саңлақ-металлург Имашбаев Олжабай. Жаратқан Иеміздің оларға бұйырғаны сөзсіз жәннаттың төрі болсын. Жәннаттың сол төрінен

Олжекеңді іздей отырып, тарлаң тарихының жүріп өткен жолдарының бір бөлегінен үзіп алып отандастарының назарына ұсынуға талпыныс жасадым.

Бал ара құсап еңбектен-нәр жиярсың гүл шөптен

Айналасы төрт күнде Алла жаратқан бұл әлем қазан болса, адамзат баласы оған ожау болсын делік. Ал канеки ендеше сол қазанның астына от жағып, бұрқылдатып қайнатып сапырып көр. Иә. Қайнатты сапырды. Бірақ әлемді емес мартенді. Ол Олжабай мен Сұлтан болатын. Қуырдақтың көкесін түйе сойғанда жейсің дегендей бұл екеуінің еңбегінің көкесі қай кезден қайнап қалай сапырғанына құлақ түрелік.

Түйені жардан аттатқан арғы беттегі бір уыс шөп дегендей бізді Қазақстан магниткасына сүйреген комсомол қатары екені айдан анық. Бұл ортаға біз 12 жылдан соң яғни 1956 жылы келіп жеттік. Құрылыс қарқыны әжептәуір, бүкілодақтық екпінді құрылысқа айналған кезі екен. 100-ші квартал деп аталып салынып жатқан ірі құрылысқа Олжабайды бетоншік, мені плотник етіп орналастырды. Ол кезде комсомолға жас талғамайды, Олжекең 20-да мен 17-де болатынмын. Олжабай жұмысқа өте ынталы араласты. Қуатты, күшті жігіт еді. Өзіе жүктеген шаруа бітпейінші бастық боссындар деп айтпайынша алаңнан кетпейтін Құрылыста әр ұлттардың жастары істеді. Олжекеңнің бір көзі істе бір көзі түзде жүреді екен. Россияның северный районы новая земля тұйығынан келген Ұдмұрттық ару Кореланов Генриета Серафиновна деген қызбен таныса кетіпті де. олда ноқтасын кигізіп тырп еткізбеген-ау сірә, ақыры екеуі үйленіп алды. Бұл екеуімен ғана шектелмеді, әр ұлттардан бас қосқан аралас отбасы көп еді. Олар тату, үлгілі шаңырақ астында өмір сүрді. Әділдікті айтқан адамнан әзірейіл де ығады деиді Қайталап айтайын дегенім әр кім өз үйінің төресі дегендей мен де осы әңгіменің төресіне айналып отырған жайым бар Сондықтан қайбір тұстарды қайталап еске салып отырмын

Теміртаудың топырағына 1956 жылдың қыркүйек.. табан тіреп 2 ай өткен соң қараша айында ескі қаладағы №6

кәсіптік техникалық училищеге үшеуіміз де өтіп кеттік. Олжекең школьный көшесіндегі бір үйге семьясымен ауысты. Оқуды жалғастырып 1958 жылы майда аяқтадық. 8-ші разрядпен кәсіби маман аталған бізге Қазақ металлургия зауытына жолдама берді. Ал біз зауытқа 1958 жылғы Қазақстандық болат балқытушы қырандары болып тұғырға қондық.

Біз № 2-ші мартен цехының алып мартен пешінің алдына келгенімізде, тамуқтың адам баласы баспайтын бір қаласының алдында, өмір, еңбек, өлім үшеуінің жекпе-жек майданы үшін шайқасқа келгендей сезіндік. Бірінші Құдайға, екінші күш қуатымызға нар тәуекел айтып шаруаны бастап кеттік. Аусымда 4 адамбыз. Сталевар татар азаматы Валеев Әскендер Ахметович, 1-ші подручный сталевар Олжабай Иманбаев, 2-ші подручный сталевар Садырбаев Сұлтан Садырбаевич, 3-ші подручный сталевар башкурт азаматы

Саетов Рашид. Бізге жүктеген панның салмағы бір аусымда пешке 100 тонна, ал күніге 4 пешке жұмыстаған 16 адам 400 тонна болат балқытуға тиіс. Жұмыстың ауырлығына жігіттің жігіті ғана шыдайды. Осы арада Елбасымыздың айтқан бір естелігін алға тартайын.

Горновойдың еңбегі деген не?- Скрапты уату үшін ауыр сүймен, оны шығару үшін жалпақ күрек ұстаймыз. Ал оның іші тзақ. Температура 2000 градусқа жуық. Оның үстіне газ.

Күктеме жұмыс және міндеттеме ғаламат. Үнемі оттың алдындасың. Аусымда орта шелек тұзды су ішесің және соншасы бойыңнан ағып кетеді. Ыстықтан және ауыр жүктемеден оттың алдындағы адамдардың көбісінің мұрнынан қан кетті...». Елбасының естелігіне қосарым да алып тастарым жоқ. Жағдай тура осындай болған. Ал Олжабайға қайта оралар болсам оның жұмыскерлігіне таң қалатынбыз. Өз зонасын қылап-таза ұстайтын. Жалпы қосымша шаруалар соның мойнында. Әр істеген ісі тыңғылықты сондықтан да үнемі алда жүруші еді.

1959 жылы 100 шаршы километр аланға магнитканың келеі ірі құрылысы іске қосылып, ол Қарағанды металлургия Комбинаты деп аталды. Алып күшті домна пештері, автоматтандырылған илем орнақтары бой көтерді. Зауыттың күші қуаттылығы Қазақ металлургия зауытынан әлде қайда

артық болды. Өйткені мұндағы 1 пештің алдындағы 4 адам 600 тонна болат балқытады. Балқытушылардың еңбек жағдайы жеңілденіп, экономикалық үнемділігі артты. Жағдайы бұрыңғы қалыпты ұстансада Қазақ металлургия зауыты жұмысын жалғастырып істеп тұрып 1994 жылы ақыры жабылып тынды.

Каныш Сатбаевтың кемел жолы

Тәңіріміздің талғампаз адамзат баласына силаған он сегіз мың ғаламның әрбір сәулесі, уақыты келсе шар тараптағы тірлігі бар құрылықтың өркендеп дамуының салиқалы салаларына бағытталатыны белгілі. Сол сыналған өңірдің бірі орталық Қазақстанның Қарағанды аумағының Самарканды кенті яғни бүгінгі Теміртау елді мекені (Самарканды- бұл алғашқы атауы). Қарағандының жер қойнауы әлемде теңдессіз байлыққа бай өңірдің бірі. Сол байлықтың тек қана біреуін атасақта жеткілікті. Тас көмірдің аса мол ауқымды қоры кең даласының қойнауында шоғырланған. Осы байлықты тиімді пайдалану үшін және оны іске асыруға батыл қадам жасап болашақты болжауымен қырағылық танытқан Қазақстанның атақты ғалымдары: академик Сәтбаев Қаныш Имантайұлы, Михаил Петрович Русаков И. Бардин, білікті экономист А. Сперанский-лер. аты аңызға айнала бастаған Самаркан кентінің аумағына ірі металлургиялық циклдағы кәсіпорын тұрғызу идеясын ғылыми тұрғыда, алдағы өткен 1930 жылдары жобалап проектісін үкіметке ұсынған болатын. Және ол ғалымдар Қарағанды тас көмірімен жалпы қазақстандық рудаларды қабат пайдалануымен қатар осы әдіске сүйене отырып

қазақстандық темір жасау комбинатын дүниеге әкелу туралы қорытынды да жасады. «Жоғарыдағылардың» құлағына жеткен бұл жоба олардың назарын аударғаны соншалық алып держава СССР-дің ежелден алға қойып келе жатқан мақсаттарының бірі ірі металлургия кәсіпорындарының санын арттыру және оларды тиімді пайдаланып өз ісіне жарату болатын.

Құланның қасынуына қорамсақтың басуы дөп келгендей арада аз уақыт салып 1930 жылы қыркүйек айының 1 жұлдызында Кеңес Одағы, Еңбек және Қорғаныс кеңесінің

Қазақстан экономикасын жаппай көтеру туралы» қаулысы, өндіріс орындарының қарқынды дамуына зор ықпалын көрсетті. Кеңес одағы бұл істерімен ғана тоқтап қалмады. 1940 жылы «КАЗ ССР-індегі металлургия зауыты құрылысына дайындық жұмыстары туралы» мәселелерді күн тәртібінен түсірмеді. Дерек көзінде:

1942 жылдың 25 қаңтарында КСРО Халық комиссарлар кеңесі мен мемлекеттік Қорғаныс комитеті, Қазақ металлургия зауытының құрылысы туралы қаулыға қол қойды. 1943 жылы май айы басталысымен Самарканд кентінде «Қазақ металлургия зауыты»-ның құрылысы басталып кетті. Құрылысқа Кеңес Одағының әр өңірінен адамдар ағыла бастады. Кілең жастардан құралғандардың саны күн сайын қосылып жобасы 3 мыңнан асып жатты. Бұған себеп' 1944 жылдың 31 желтоқсанында БАҚ-ның беттерінде ақпараттандыру бюросының Шығыс Пруссиядағы Кеңес әскерінің сенімді қадаммен алға басуы жөніндегі хабарламамен қатар «Қазақстандық болат бар» атты қысқаша мазмұнды үндеу хаты басылған болатын.

Қаласыз зауыт салу мүмкін емесі белгілі. Зауыт құрылысы Бүкілодақтық екпінді құрылысқа айналды. Үлесін қосуға ынталы топтар алыс жуықтан ағылып келіп жатты. Болгария Халық Респубикасының 1070 өкілінен құралған жойқын бригада, Череповец. Одесса, Челябинск, Магнитогорск, Гомель, Днепропетровск қалаларынан мыңдаған жұмысшылар әндетіп келіп, шұрқырасып табысып поселкеге сіңіп кетті. Бұлар шеттен келушілердің бір парасы ғана деген тамаша сөздер айтылды. Тура осы жылдары Қазақстанның кең өңірлерінен келуші. қадамдарына батыл сенген арманшыл жастардың да легі толастаған емес. Болашақты қырағы зерделеп тың жобасын ұсынған ғалым ағамыздың кемел жолы. Теміртау қаласын Қазақстанның алғашқы металлургия зауытымен бірге өмірге осылай ақелген болатын.

Атақ даңқың ескерілмей қалмасын

Олжабай бір орында тиянақты, өте сабырлы жұмыс жасады. 1970 жылға дейін табаны күректей 12 жыл болатшы болып істеді. 1970-1975 жылдары Қарағанды металлургия

зауытына ауысып Қарағанды металлургия комбинатына кіргеннен кейін № 2-ші мартен цехының мартен пешінің болатшысы, 1975-1999 жылдары аталмыш комбинаттың сортты прокат өндірілетін № 2-ші цехында 24 жыл бойы мастер қызметін атқарып кезекті еңбек демалысына шықты. Иә. Олжекеңнің атақ даңқы ескерілмей қалмады. Өзгеден ерекшеліп, бір цехтың өзінде 40 жылдан астам еңбек еткені зор мақтаныш. Мәселен: 1967 жылы «Почетный металлург СССР» құрметіне, 1974 жылы «Ветеран Қармет комбината» құрметіне, 1983 жылы «Ветеран труда» медальға, 1981, 1986 жылдары «Еңбек қызыл ту ордені», 1994 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері» құрметті атағы қатарлы марапаттарға ие болды.

Айрандай ұйыған отбасында бір ұл, бір қыз дүниеге келіп бақытты байсалды ғұмыр кешті. Ұлы Нұрлан от басын құрап Германияда, қызы Сәуле тұрмысқа шығып Теміртауда тұрып жатыр. Олжекеңнің арманы бала шағаларының қызықты өмірі. кемелінің толысуы еді. Адам 7 жасында қандай болса 70 жасында да сондай болады дегендей балаға өте мейірімді жан еді. Әредік сырқатқа бой алдырып жүрседе сездірмеді Дәулет жимады. Өйткені ден саулық дәулеттен де қымбат. Ұзақ жасаудың да шегін Алла белгілейді. Оның соңы әрине қаза. Қазаны қаңтару ешкімнің қолынан келмейді. Міне солай әңгімеміздің арқауы болған Олжабайды да Алла құзырына шақырды. Бұл 2015 жылғы желтоқсанның 28-і күнгі 15 сағат 30 минут кезі еді. Арда ақсақал, қазыналы қария, ардагер металлург, сүйкті ағамыз мәңгілікке жол тартты. Басы тербелмейтін бәйтерек болмас. Тамырын кеңге таратқан бұтағы, ұрпағы қалды артында. Иә. Біреу жылар, біреу күлер. Дүние жалған, шіркін өтер кетер осылай. Япырау жан біткеннің бәрі-бәрі жәннатқа кіремін десе, мына жалған дүние қаңырап бос қалмас па екен. Тәк-тәк, Жаратушы ием оған жол бере көрмесін. Олжекеңнің жатқан жері жайлы, топырағы торқа, бейіште орны, ұжмақта төрі болсын. Барша туған туысқандарына қайғырып көңіл айтамыз. Сағынышпен еске алып қалам тербедік. Разы болғайсыздар ағайын.



***Иманбаев Олжабай Иманбайұлы
қызметтес достарымен бірге***



***9 май 2012 ж. Жеңіс тойы қарсаңында
«Бота» кафесіндегі мерекелік
дастархан үстінде металлург достарымен бірге***

Жанас Арысов

Металлургия комбинатының №1 механика жабдықтарын жөндеу цехының бастығы, ардагер металлург, ақсақалдар алқасының мүшесі



2013 жыл. Көктемнің қоңыр салқын шуақты күні. Теміртау қаласының батыс солтүстігіндегі Гагарин сая бағындағы «Белгісіз солдатты» ескерткіші орналасқан кең алаңда неміс фашистерін жеңген ұлы отан соғысының 68 жылдық мерей тойы дүркіреп өтіп жатты. Мерекенің мәні де сәні болған шеруге қатысушы дүйім халықтың ортасында

қаламыздағы «Халық бірлігі, салт дәстүр мен ұрпақтар сабақтастығы» қоғамдық бірлестігінің ақсақалдары сапқа тұрып жұптарын жазбай

шерумен жүріп өтті. Мерекенің жөні бір басқа. Империялизмді ауыздықтап әлем халқына бейбіт өмірдің шуағын силаған шапағатқа толы нұрға бөленген шарапатты бұл күні жиналған жұрт соғыстан оралмағандарды құрметпен еске алып кеудедегі шерлі зарын шоқ гүлмен алмастырып ескерткішті айналып тағзым жасап кетіп жатты. Баршамыз болып ескерткішке гүл шоғын қойып бір сәттік үнсіздік рәсімін өткізген соң алдынала белгіленген орайлы істің бірі «Бота-кафесіне қарай бет бұрдық. Себебі «Асқар және Компанияның бас директоры Сарсекенов Асқар Садықұлының арнайы ұйымдастырған мерекелік дастарханының қадірлі қонағы ретінде шақырылған болатынбыз. Қазыналы қариялар, аяулы әжелер кең залға лық толып, сыйлы қонақтарының алдында мерекелік құттықтауын айтып салтанатты отырысты бастаған Асқар Садықұлы өзінен кейінгі ықласты лебіз кезегін ардагер саңлақ металлург Жанас Арысовқа ұсынды. Залдағылар демін ішіне тартып тына қалды. Асықпай аптықпай аузынан шыққан сөзі маржандай төгіле бастаған Жанасқа ынтасым бұрған қонақтар ұйып тыңдады білем, тебіренісін зорға

ұстаған Жакең біраз жерден барып тізгін тежеді. Құлаққа жылы көңілге қонымды, жаныңды жадыратар жайлы сөздерге разылығын білдіріп отырғандар қол соғып қошеметтерін көрсетті. Ал мен үшін Жанас ақсақалды бірінші рет көруім. Көп жылдар бойы комбинатпен өмірін байланыстырған бұл адаммен етене жақын танысықым келіп отырыстың бір үзіліс кезінде сөзге тарттым. Қызылорданың Арал жағалауында әке шешесінен жастай айрылып кішкентай қарындасы екеуі жетім қалып жаралы құстың күйін кешкендей болғанын айтып босаған көңілін зорға тежеді. Баурым! Әңгіме ұзаққа созылуы мүмкін. Қысқасы арманымның жетегіне сезім артып қаршадай қарындасымды шарасыз ауылға қалдырып ауылдың балаларына ілесіп осы жолды таңдадық. Қалғанын келесі бір жолыққанда асықпай айтып берермін деген соң әңгімемізді үзуге тура келді. Бірақ сәті түспей біраз уақыт өткізіп алдым.

Әр уақыттың да бір өз келбеті болатынын біз сезіне білуіміз керек. Солай болды. 2014 жылғы шілде айы болатын. Жанас аға маған телефон шалып жолығуды өтінді. Әр азаматтың көңілінде бір арыстан дегендей Арыс ақсақалдың айтқан жеріне өзінен бұрын жеттім. Ағамыз келе амандық саулықтан соң қолыма бір газетті ұстата беріп, ертедегі үзілген әңгімеміздің жалғасын қағаз бетіне түсіріп мына баспаға жариялаттым. Әзірше осыны қанағат ете тұр баурым. Тірліктің күйбіні бітпейді ғой мен кетуім керек. Тарихымның тарлаң жолдарына кейінірек тағы бір үңіле жатарсың деп бағытын өзгертті. Иә. Осыған да тәубе, рахмет аға! - деп мен де кері бұрылып аяңыма бастым. Қолға алған туындымның бас кейіпкері болған ағамыздың ойын өрнектеп көкірегін керіп шыққан қилы өмірінің ащы-аянышты, баянды байсалды тағдыры сыр шерткен қысқа ғұмырының суреттемесін. сөйлемі, үтір-нүктесіне дейін қаз қалпында осы еңбегіммен қосып жарыққа қайта шығаруға ұмтылыс жасадым. Бұлай етуге ұрпақтарынан рұқсат алынғанын айта кету керек.

Мен қалай металлург болдым?

Адам баласының орта жастан асқан кезде өмірінің қалай өткенің, нендей тыңғылықты жұмыс атқарғанын, қандай

жетістікке жеткенін, немесе «әттеген-ай» деп, айта алғанымен орындай алмай қалған мақсат-армандарын сараптап, талдайтын сәттері болады екен. Өз басым елу жыл комбинатта еңбек етіп, зейнетке шығып, бүгін яғни металлургтер мерекесі қарсаңында заводқа қалай келгенім жайында әңгіме қозғағанымды жөн көрдім.

Қазіргі қолда бар құжаттарым бойынша мен 1942 жылы Қызылорда облысы, Арал ауданының «Бірлестік» деген колхозында дүниеге келіппін. Бұл Ұлы отан соғысының нағыз қайнап тұрған кезі. Ауылда бас көтерер ешкім болмаған шығар, әлде сауаты нашар жан болды ма, білмеймін, әйтеуір ай күні туғаным жөнінде куәлігіме ештеңе жазылмапты. Балалық шақтан есімде қалғаны. «Үш шоқы» деген жерде тұрғанымыз, төрт жылдық мектеп бар, сонда 1-4 сыныптар бірге оқыдық. Менің жасым жетпесе де, үйде отырмай ағаммен бірге мектепке барыппын. Сөйтіп ағам 4 сыныпты, мен 1 сыныпты оқыдым. Колхозда бастауыш мектепті бітіріп, қалғанын қалада оқып, 1958 жылы Арал қаласындағы № 13 Шевченко атындағы орта мектепті бітірдім. Тағдырдың жазуымен 1954 жылы әкеден. ал 1956 жылы шешеден айырылып, жетім қалдық. Дәл сол шақта болашағым бұлыңғыр болды. Шешеміз бөлек, әкеміз бір екі ағамыз бар еді, олар бізге көмек бермеді, өйткені ата анамыздың көзі тірісінде де арамыз салқын болатын. Шынымды айтсам, оқуға баруға жолпұлым жоқ, тіпті үстімде бүтін киімім де болмаған, қанғып далада қалдық. Сөйтіп, үш айдай әкемнің қайтыс болып кеткен құрдасының үйін паналап, салып жатқан үйлеріне көмектесіп сонда тұрдық.

Шырылдап жарық дүние есігін ашып, кіндік қаның тамған туып-өскен жеріңді тастап, белгісіз басқа бір жақтарға кету оңай ма? Бәрінен бұрын жаныма бататыны, қарындасымның жағдайы болды. Бұрын жаз айында бөлімше басындағы үлкен ағамыздың үйінде болатынбыз, ол үйдегі жеңгеміздің мінезі құйындай өзгеріп отыратын, бірақ көңілінде ешқандай арамдық жоқ, ылғи да ақ жарқын жүретін. Дегенмен, оқу басталған шақта колхозға барып, біреудің үйінде жатып оқу керек. Енді Айнагүл қарындасымның жайы не болмақ, оның

маңдайынан сипайтын, үйіне жатқызып, алаңсыз сабақ оқуына жағдай жасайтын кім бар? «Өз үйіңдей қайдан болсын, біреулердің қас- қабағына қарап, жаутаңдап, жалтақтап өмір сүретін болды-ау» деп уайымдаймын...

Мен мектеп бітіргенде жасым небары он алты жарымда еді. Ешқандай жерге жұмысқа алмайды, оған қоса қалада тұратын жерім де жоқ. Сондықтан «оқуға барамыз» деп кетіп жатқан жастарға қызыға қарап, екі көзім жәудіреп қала бердім. Сандалып тағы екі-үш ай жүрдім. Бір нәрсенің сәті түсейін десе оп-оңай-ақ екен, бір күні көшеде келе жатсам, өзімнен

бір сынып жоғары оқыған Жарылғапов Жақсылық деген балаға кездесе кеттім. Сонда сол Жақсылық маған Теміртауда үлкен завод салынып жатқанын, оған барлық облыстардан жастарды жинап оқытуда екенін айтты.

Мен ертең Теміртауға кетем, ал сен комсомол комитетіне бар да тізімге жазыл-деді. Бардым. Ондағы екі жігіт мән-жайды түсіндіріп айтты. «Жыртық үйдің құдайы бар» дегенді атам қазақ бекер айтпаған ғой. маған керегінің өзі осы емес пе? Білмеген нәрсеге сену қиын ғой, алдымда не күтіп тұрғанын білмеймін, бірақ әйтеуір «бір нәрсеге іліксем» деген үміт көңліме қуаныш отын жаққандай болды. Сонымен кетуге

бел байлап, колхозға барып қарындасыммен қоштастым. Қазан айының басында Аралдан 9 бала болып Қызылордаға бардық, басшымыз қалмақ жігіті болды. Қызылордадан қатарымызға тағы да бір топ жігіттер қосылып, бір жетідей бір жатақхананың дәлізінде төсек орынсыз, кететін күнді күтіп жатып қалдық. Сол топтың ішінде жағдайы өте нашары, қалтасында ақшасы жоғы екі бала болдық. Қасымда Ізмаханов Жақсылық деген сыныптас жолдасым болды, оның жағдайы менен гөрі тәуірлеу еді. Сонымен Қызылордадан үш күн поезбен Магнитогорскіге жеттік. Келсек оқу басталып кеткен екен, жатақханадан орын болмай бізді изоляторға орналастырды. Дегенмен үш мезгіл асханадан тегін тамақтандырды. Сабақ басталып бізді электрослесарь және желі мен подстанцияның электригі деген екі топқа бөлді. бастапқыда көп қиналғанымыз рас, күз айы, күн суық болды. мынадан жетім балаларға киім кешекті сәл кешіктіріп берді.

Оған қоса қазақи ауыл баласымыз ғой орысша тіл білмейміз, кейде түсінеміз, бірақ білгенімізді жеткізіп айта алмаймыз.

бұрыс сөйлесек келемеждеп мазақ қылады. Жатақханаға келіп талай жылағаным есімде, бірақ амалсыздан қиындыққа төзуге тура келді. Дегенмен, бұл қиындықтар менің талапсыздығымнан немесе жалқаулығымнан емес еді, тек менің дайындығымның мүлдем бөтен ортаға сәйкес келмеуінен еді. Қалай дегенмен де уақыт бір орында тұрмайды жылжып күндер өте берді мен 18 жасқа толдым. Училищені бітіріп Теміртауға келдім. Бізді Теміртау ысқырық аязымен, қатты суық желімен қарсы алды. Келген бойда бізге жатақхана берді, комбинатқа жұмысқа алды. Сол кезде комбинат әлі салынып жатқан еді, жұмыс істеп тұрған жалғыз цех - ТЭЦ, сонда жұмысқа орналастым. Сонымен өмірімдегі алғашқы еңбек жолым болашақ металлургия алыбы-Қазақстан Магниткасында басталды.

Магнитгорскіде жүргенде бізді тәжірибеден өтуге комбинатқа жіберетін, мен сондағы комбинаттың электрожабдықтарын жөндеу цехында болдым. Жұмысшы бригадирлермен комбинаттың барлық цехтарына барып жөндеу жұмыстарын жасадық. Комбинат деген өте күрделі мекеме, көлемі де үлкен, әсіресе жайын прокаттардың неше түрін көргенде таңданып, «Қазақстанда да осындай заводтың болуы мүмкін бе» деп сеніңкіремейтін едік. Ауылда өсіп, ештеңе көрмеген. завод түгілі темірдің қалай, қайдан өндірілетінін, металлургиялық техникалардың қаншалықты зор болатынын естіп білмеген бізге бәрі тансық еді. Сөз реті келгенде айта кетейін, әу баста училищеде оқып жүргенде «Жастар, комсомол мүшелері, болашақта металлургиялық өндірісте еңбек етесіңдер» дегенде менің басымда «Отанға қызмет етемін. өндіріс саласының дамуына үлес қосамын» деген тәрізді патриоттық ой жоқ болатын. Жасыратыны жоқ, тек күн көрудің амалын тауып, өмір жолында далада қалмауды ғана ойлайтынмын. Магнитгорскідегі алып өндірісті кергенде «Осындай мекемеде жұмыс істеп, еңбек етіп, білікті маман болсам» деген ойлар санамды жаулай бастады. Ол кезде теледидар деген жоқ, газет журналға қол жетпейді, радиодан ірі өндіріс орталықтарында, елде не болып жатқанын анда-санда естіп білеміз.

Сонымен, 1960 жылы менің өмірім күрт өзгеріп, металлургия саласында елу жылға созылған. оның ішінде

қиындықтар мен қызықтар, жеңістер мен жемістері бар жаңа арна бастау алған болатын. Егер біреу менен «Өміріңді қайтадан бастар болсаң нені өзгертер едіңіз?» деп сұрайтын болса, «Ештеңені де» деп жауап қайтарып, маңдайыма жазылған металлургияны таңдар едім.

Уақыт жылжып өте берді, мен ауылда қалған қарындасымның жайына алаңдайтынмын. Ендігі бар ойым оны жаныма алу болды. Теміртауға алып келсем, қайда тұрамыз, баспанамыз жоқ, оның үстіне оның жасы кіші, егер мен әскер қатарына шақырылып, кетіп қалсам не болмақ? Осы сұрақтар маза бермейтін. Тіпті кейде Теміртаудан кетіп, елге барып қарындасыммен бірге болсам ба екен деп те ойға қалатынмын. Осы жағдайға байланысты өзім жоғарғы оқу орнына түсіп, білім алсам деген тоқтамға келдім. Бір жылдан кейін еңбек демалысымды алып, ауылға барып, қарындасыма келесі жылы мүмкін алып кетермін дегем. Өкінішке орай, қарындасым келесі жылы қатты ауырып, төсек тартып жатып қалыпты. Мен жеделхат алып, ауылға бардым. Бір жетіден соң қарындасым қайтыс боды. Ата-анамның жанына жерлеп, Теміртауға қайттым. Сонымен мені туған жерге тартып, жалтақтатып жүрген үміттің жібі үзілді. Тағдырдың жазғаны шығар. қарындасымнан айырылу маған өте ауыр болды. жкарық дүниеде ешқандай жақсылық көрмей, туыстардың

отбасында жалтақтап, ауырғанда уақытында ем де қабылдай алмай арамыздан тым ерте кеткені мені есеңгіретіп жібергендей болды. Мен кейінірек бір ауылға барғанымда бір ағамыз «Бейшара-ай. мына Арыстың қызы ауырып өледі ғой, қыстың қақаған аязында аяғына резеңке галош киіп түйе сауып жүр екен» дегенін айтты. Егер жаны ашитын туыс болса көз қырын салып, жағдай жасауына болар еді. Мен әлі күнге дейін жалғыз қарындасыма ешқандай көмек ете алмағаным есіме түссе жанарыма жас толып, кәдімгідей еңкілдеп жылап аламын...

Сонымен, мен Теміртауда, заводта жұмысымды жалғастырып жүре бердім. Жұмыста электроцехтің бастығы Рем Иннокентьевич Вицин деген неміс азаматы өте тамаша кісі еді. мені алғаш жұмысқа алғанда «Сен орысша жақсы сөйлеуге тырыс, орысша кітапты көп оқы» деп ақылын айтқан. Аса асып бара жатқан білімім болмаса да. жұмысыма ұқыпты

артық болды. Өйткені мұндағы 1 пештің алдындағы 4 адам 600 тонна болат балқытады. Балқытушылардың еңбек жағдайы жеңілденіп, экономикалық үнемділігі артты. Жағдайы бұрыңғы қалыпты ұстансада Қазақ металлургия зауыты жұмысын жалғастырып істеп тұрып 1994 жылы ақыры жабылып тынды.

Каныш Сатбаевтың кемел жолы

Тәңіріміздің талғампаз адамзат баласына силаған он сегіз мың ғаламның әрбір сәулесі, уақыты келсе шар тараптағы тірлігі бар құрылықтың өркендеп дамуының салиқалы салаларына бағытталатыны белгілі. Сол сыналған өңірдің бірі орталық Қазақстанның Қарағанды аумағының Самарканды кенті яғни бүгінгі Теміртау елді мекені (Самарканды- бұл алғашқы атауы). Қарағандының жер қойнауы әлемде теңдессіз байлыққа бай өңірдің бірі. Сол байлықтың тек қана біреуін атасақта жеткілікті. Тас көмірдің аса мол ауқымды қоры кең даласының қойнауында шоғырланған. Осы байлықты тиімді пайдалану үшін және оны іске асыруға батыл қадам жасап болашақты болжауымен қырағылық танытқан Қазақстанның атақты ғалымдары: академик Сәтбаев Қаныш Имантайұлы, Михаил Петрович Русаков И. Бардин, білікті экономист А. Сперанский-лер. аты аңызға айнала бастаған Самаркан кентінің аумағына ірі металлургиялық циклдағы кәсіпорын тұрғызу идеясын ғылыми тұрғыда, алдағы өткен 1930 жылдары жобалап проектісін үкіметке ұсынған болатын. Және ол ғалымдар Қарағанды тас көмірімен жалпы қазақстандық рудаларды қабат пайдалануымен қатар осы әдіске сүйене отырып

қазақстандық темір жасау комбинатын дүниеге әкелу туралы қорытынды да жасады. «Жоғарыдағылардың» құлағына жеткен бұл жоба олардың назарын аударғаны соншалық алып держава СССР-дің ежелден алға қойып келе жатқан мақсаттарының бірі ірі металлургия кәсіпорындарының санын арттыру және оларды тиімді пайдаланып өз ісіне жарату болатын.

Құланның қасынуына қорамсақтың басуы дөп келгендей арада аз уақыт салып 1930 жылы қыркүйек айының 1 жұлдызында Кеңес Одағы, Еңбек және Қорғаныс кеңесінің

Қазақстан экономикасын жаппай көтеру туралы» қаулысы, өндіріс орындарының қарқынды дамуына зор ықпалын көрсетті. Кеңес одағы бұл істерімен ғана тоқтап қалмады. 1940 жылы «КАЗ ССР-індегі металлургия зауыты құрылысына дайындық жұмыстары туралы» мәселелерді күн тәртібінен түсірмеді. Дерек көзінде:

1942 жылдың 25 қаңтарында КСРО Халық комиссарлар кеңесі мен мемлекеттік Қорғаныс комитеті, Қазақ металлургия зауытының құрылысы туралы қаулыға қол қойды. 1943 жылы май айы басталысымен Самарканд кентінде «Қазақ металлургия зауыты»-ның құрылысы басталып кетті. Құрылысқа Кеңес Одағының әр өңірінен адамдар ағыла бастады. Кілең жастардан құралғандардың саны күн сайын қосылып жобасы 3 мыңнан асып жатты. Бұған себеп' 1944 жылдың 31 желтоқсанында БАҚ-ның беттерінде ақпараттандыру бюросының Шығыс Пруссиядағы Кеңес әскерінің сенімді қадаммен алға басуы жөніндегі хабарламамен қатар «Қазақстандық болат бар» атты қысқаша мазмұнды үндеу хаты басылған болатын.

Қаласыз зауыт салу мүмкін емесі белгілі. Зауыт құрылысы Бүкілодақтық екпінді құрылысқа айналды. Үлесін қосуға ынталы топтар алыс жуықтан ағылып келіп жатты. Болгария Халық Респубикасының 1070 өкілінен құралған жойқын бригада, Череповец, Одесса, Челябинск, Магнитогорск, Гомель, Днепропетровск қалаларынан мыңдаған жұмысшылар әндетіп келіп, шұрқырасып табысып поселкеге сіңіп кетті. Бұлар шеттен келушілердің бір парасы ғана деген тамаша сөздер айтылды. Тура осы жылдары Қазақстанның кең өңірлерінен келуші. қадамдарына батыл сенген арманшыл жастардың да легі толастаған емес. Болашақты қырағы зерделеп тың жобасын ұсынған ғалым ағамыздың кемел жолы. Теміртау қаласын Қазақстанның алғашқы металлургия зауытымен бірге өмірге осылай әкелген болатын.

Атақ даңқың ескерілмей қалмасын

Олжабай бір орында тиянақты, өте сабырлы жұмыс жасады. 1970 жылға дейін табаны күректей 12 жыл болатшы болып істеді. 1970-1975 жылдары Қарағанды металлургия

зауытына ауысып Қарағанды металлургия комбинатына кіргеннен кейін № 2-ші мартен цехының мартен пешінің болатшысы, 1975-1999 жылдары аталмыш комбинаттың сортты прокат өндірілетін № 2-ші цехында 24 жыл бойы мастер қызметін атқарып кезекті еңбек демалысына шықты. Иә. Олжекеңнің атақ даңқы ескерілмей қалмады. Өзгеден ерекшеліп, бір цехтың өзінде 40 жылдан астам еңбек еткені зор мақтаныш. Мәселен: 1967 жылы «Почетный металлург СССР» құрметіне, 1974 жылы «Ветеран Қармет комбината» құрметіне, 1983 жылы «Ветеран труда» медальға, 1981, 1986 жылдары «Еңбек қызыл ту ордені», 1994 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қызметкері» құрметті атағы қатарлы марапаттарға ие болды.

Айрандай ұйыған отбасында бір ұл, бір қыз дүниеге келіп бақытты байсалды ғұмыр кешті. Ұлы Нұрлан от басын құрап Германияда, қызы Сәуле тұрмысқа шығып Теміртауда тұрып жатыр. Олжекеңнің арманы бала шағаларының қызықты өмірі. кемелінің толысуы еді. Адам 7 жасында қандай болса 70 жасында да сондай болады дегендей балаға өте мейірімді жан еді. Әредік сырқатқа бой алдырып жүрседе сездірмеді Дәулет жимады. Өйткені ден саулық дәулеттен де қымбат. Ұзақ жасаудың да шегін Алла белгілейді. Оның соңы әрине қаза. Қазаны қаңтару ешкімнің қолынан келмейді. Міне солай әңгімеміздің арқауы болған Олжабайды да Алла құзырына шақырды. Бұл 2015 жылғы желтоқсанның 28-і күнгі 15 сағат 30 минут кезі еді. Арда ақсақал, қазыналы қария, ардагер металлург, сүйкті ағамыз мәңгілікке жол тартты. Басы тербелмейтін бәйтерек болмас. Тамырын кеңге таратқан бұтағы, ұрпағы қалды артында. Иә. Біреу жылар, біреу күлер. Дүние жалған, шіркін өтер кетер осылай. Япырау жан біткеннің бәрі-бәрі жәннатқа кіремін десе, мына жалған дүние қаңырап бос қалмас па екен. Тәк-тәк, Жаратушы ием оған жол бере көрмесін. Олжекеңнің жатқан жері жайлы, топырағы торқа, бейіште орны, ұжмақта төрі болсын. Барша туған туысқандарына қайғырып көңіл айтамыз. Сағынышпен еске алып қалам тербедік. Разы болғайсыздар ағайын.



***Иманбаев Олжабай Иманбайұлы
қызметтес достарымен бірге***



***9 май 2012 ж. Жеңіс тойы қарсаңында
«Бота» кафесіндегі мерекелік
дастархан үстінде металлург достарымен бірге***

Жанас Арысов

**Металлургия комбинатының №1 механика
жабдықтарын жөндеу цехының бастығы, ардагер
металлург, ақсақалдар алқасының мүшесі**



2013 жыл. Көктемнің қоңыр салқын шуақты күні. Теміртау қаласының батыс солтүстігіндегі Гагарин сая бағындағы «Белгісіз солдатты» ескерткіші орналасқан кең алаңда неміс фашистерін жеңген ұлы отан соғысының 68 жылдық мерей тойы дүркіреп өтіп жатты. Мерекенің мәні де сәні болған шеруге қатысушы дүйім халықтың ортасында

қаламыздағы «Халық бірлігі, салт дәстүр мен ұрпақтар сабақтастығы» қоғамдық бірлестігінің ақсақалдары сапқа тұрып жұптарын жазбай

шерумен жүріп өтті. Мерекенің жөні бір басқа. Империялизмді ауыздықтап әлем халқына бейбіт өмірдің шуағын силаған шапағатқа толы нұрға бөленген шарапатты бұл күні жиналған жұрт соғыстан оралмағандарды құрметпен еске алып кеудедегі шерлі зарын шоқ гүлмен алмастырып ескерткішті айналып тағзым жасап кетіп жатты. Баршамыз болып ескерткішке гүл шоғын қойып бір сәттік үнсіздік рәсімін өткізген соң алдынала белгіленген орайлы істің бірі «Бота-кафесіне қарай бет бұрдық. Себебі «Асқар және Компанияның бас директоры Сарсекенов Асқар Садықұлының арнайы ұйымдастырған мерекелік дастарханының қадірлі қонағы ретінде шақырылған болатынбыз. Қазыналы қариялар, аяулы әжелер кең залға лық толып, сыйлы қонақтарының алдында мерекелік құттықтауын айтып салтанатты отырысты бастаған Асқар Садықұлы өзінен кейінгі ықласты лебіз кезегін ардагер саңлақ металлург Жанас Арысовқа ұсынды. Залдағылар демін ішіне тартып тына қалды. Асықпай аптықпай аузынан шыққан сөзі маржандай төгіле бастаған Жанасқа ынтасым бұрған қонақтар ұйып тыңдады білем, тебіренісін зорға

ұстаған Жакең біраз жерден барып тізгін тежеді. Құлаққа жылы көңілге қонымды, жаныңды жадыратар жайлы сөздерге разылығын білдіріп отырғандар қол соғып қошеметтерін көрсетті. Ал мен үшін Жанас ақсақалды бірінші рет көруім. Көп жылдар бойы комбинатпен өмірін байланыстырған бұл адаммен етене жақын танысықым келіп отырыстың бір үзіліс кезінде сөзге тарттым. Қызылорданың Арал жағалауында әке шешесінен жастай айрылып кішкентай қарындасы екеуі жетім қалып жаралы құстың күйін кешкендей болғанын айтып босаған көңілін зорға тежеді. Баурым! Әңгіме ұзаққа созылуы мүмкін. Қысқасы арманымның жетегіне сезім артып қаршадай қарындасымды шарасыз ауылға қалдырып ауылдың балаларына ілесіп осы жолды таңдадық. Қалғанын келесі бір жолыққанда асықпай айтып берермін деген соң әңгімемізді үзуге тура келді. Бірақ сәті түспей біраз уақыт өткізіп алдым.

Әр уақыттың да бір өз келбеті болатынын біз сезіне білуіміз керек. Солай болды. 2014 жылғы шілде айы болатын. Жанас аға маған телефон шалып жолығуды өтінді. Әр азаматтың көңілінде бір арыстан дегендей Арыс ақсақалдың айтқан жеріне өзінен бұрын жеттім. Ағамыз келе амандық саулықтан соң қолыма бір газетті ұстата беріп, ертедегі үзілген әңгімеміздің жалғасын қағаз бетіне түсіріп мына баспаға жариялаттым. Әзірше осыны қанағат ете тұр баурым. Тірліктің күйбіні бітпейді ғой мен кетуім керек. Тарихымның тарлаң жолдарына кейінірек тағы бір үңіле жатарсың деп бағытын өзгертті. Иә. Осыған да тәубе, рахмет аға! - деп мен де кері бұрылып аяңыма бастым. Қолға алған туындымның бас кейіпкері болған ағамыздың ойын өрнектеп көкірегін керіп шыққан қилы өмірінің ащы-аянышты, баянды байсалды тағдыры сыр шерткен қысқа ғұмырының суреттемесін. сөйлемі, үтір-нүктесіне дейін қаз қалпында осы еңбегіммен қосып жарыққа қайта шығаруға ұмтылыс жасадым. Бұлай етуге ұрпақтарынан рұқсат алынғанын айта кету керек.

Мен қалай металлург болдым?

Адам баласының орта жастан асқан кезде өмірінің қалай өткенің, нендей тыңғылықты жұмыс атқарғанын, қандай

жетістікке жеткенін, немесе «әттеген-ай» деп, айта алғанымен орындай алмай қалған мақсат-армандарын сараптап, талдайтын сәттері болады екен. Өз басым елу жыл комбинатта еңбек етіп, зейнетке шығып, бүгін яғни металлургтер мерекесі қарсаңында заводқа қалай келгенім жайында әңгіме қозғағанымды жөн көрдім.

Қазіргі қолда бар құжаттарым бойынша мен 1942 жылы Қызылорда облысы, Арал ауданының «Бірлестік» деген колхозында дүниеге келіппін. Бұл Ұлы отан соғысының нағыз қайнап тұрған кезі. Ауылда бас көтерер ешкім болмаған шығар, әлде сауаты нашар жан болды ма, білмеймін, әйтеуір ай күні туғаным жөнінде куәлігіме ештеңе жазылмапты. Балалық шақтан есімде қалғаны. «Үш шоқы» деген жерде тұрғанымыз, төрт жылдық мектеп бар, сонда 1-4 сыныптар бірге оқыдық. Менің жасым жетпесе де, үйде отырмай ағаммен бірге мектепке барыппын. Сөйтіп ағам 4 сыныпты, мен 1 сыныпты оқыдым. Колхозда бастауыш мектепті бітіріп, қалғанын қалада оқып, 1958 жылы Арал қаласындағы № 13 Шевченко атындағы орта мектепті бітірдім. Тағдырдың жазуымен 1954 жылы әкеден. ал 1956 жылы шешеден айырылып, жетім қалдық. Дәл сол шақта болашағым бұлыңғыр болды. Шешеміз бөлек, әкеміз бір екі ағамыз бар еді, олар бізге көмек бермеді, өйткені ата анамыздың көзі тірісінде де арамыз салқын болатын. Шынымды айтсам, оқуға баруға жолпұлым жоқ, тіпті үстімде бүтін киімім де болмаған, қанғып далада қалдық. Сөйтіп, үш айдай әкемнің қайтыс болып кеткен құрдасының үйін паналап, салып жатқан үйлеріне көмектесіп сонда тұрдық.

Шырылдап жарық дүние есігін ашып, кіндік қаның тамған туып-өскен жеріңді тастап, белгісіз басқа бір жақтарға кету оңай ма? Бәрінен бұрын жаныма бататыны, қарындасымның жағдайы болды. Бұрын жаз айында бөлімше басындағы үлкен ағамыздың үйінде болатынбыз, ол үйдегі жеңгеміздің мінезі құйындай өзгеріп отыратын, бірақ көңілінде ешқандай арамдық жоқ, ылғи да ақ жарқын жүретін. Дегенмен, оқу басталған шақта колхозға барып, біреудің үйінде жатып оқу керек. Енді Айнагүл қарындасымның жайы не болмақ, оның

маңдайынан сипайтын, үйіне жатқызып, алаңсыз сабақ оқуына жағдай жасайтын кім бар? «Өз үйіңдей қайдан болсын, біреулердің қас- қабағына қарап, жаутаңдап, жалтақтап өмір сүретін болды-ау» деп уайымдаймын...

Мен мектеп бітіргенде жасым небары он алты жарымда еді. Ешқандай жерге жұмысқа алмайды, оған қоса қалада тұратын жерім де жоқ. Сондықтан «оқуға барамыз» деп кетіп жатқан жастарға қызыға қарап, екі көзім жәудіреп қала бердім. Сандалып тағы екі-үш ай жүрдім. Бір нәрсенің сәті түсейін десе оп-оңай-ақ екен, бір күні көшеде келе жатсам, өзімнен

бір сынып жоғары оқыған Жарылғапов Жақсылық деген балаға кездесе кеттім. Сонда сол Жақсылық маған Теміртауда үлкен завод салынып жатқанын, оған барлық облыстардан жастарды жинап оқытуда екенін айтты.

Мен ертең Теміртауға кетем, ал сен комсомол комитетіне бар да тізімге жазыл-деді. Бардым. Ондағы екі жігіт мән-жайды түсіндіріп айтты. «Жыртық үйдің құдайы бар» дегенді атам қазақ бекер айтпаған ғой. маған керегінің өзі осы емес пе? Білмеген нәрсеге сену қиын ғой, алдымда не күтіп тұрғанын білмеймін, бірақ әйтеуір «бір нәрсеге іліксем» деген үміт көңліме қуаныш отын жаққандай болды. Сонымен кетуге

бел байлап, колхозға барып қарындасыммен қоштастым. Қазан айының басында Аралдан 9 бала болып Қызылордаға бардық, басшымыз қалмақ жігіті болды. Қызылордадан қатарымызға тағы да бір топ жігіттер қосылып, бір жетідей бір жатақхананың дәлізінде төсек орынсыз, кететін күнді күтіп жатып қалдық. Сол топтың ішінде жағдайы өте нашары, қалтасында ақшасы жоғы екі бала болдық. Қасымда Ізмаханов Жақсылық деген сыныптас жолдасым болды, оның жағдайы менен гөрі тәуірлеу еді. Сонымен Қызылордадан үш күн поезбен Магнитогорскіге жеттік. Келсек оқу басталып кеткен екен, жатақханадан орын болмай бізді изоляторға орналастырды. Дегенмен үш мезгіл асханадан тегін тамақтандырды. Сабақ басталып бізді электрослесарь және желі мен подстанцияның электригі деген екі топқа бөлді. бастапқыда көп қиналғанымыз рас, күз айы, күн суық болды. мынадан жетім балаларға киім кешекті сәл кешіктіріп берді.

Оған қоса қазақи ауыл баласымыз ғой орысша тіл білмейміз, кейде түсінеміз, бірақ білгенімізді жеткізіп айта алмаймыз.

бұрыс сөйлесек келемеждеп мазақ қылады. Жатақханаға келіп талай жылағаным есімде, бірақ амалсыздан қиындыққа төзуге тура келді. Дегенмен, бұл қиындықтар менің талапсыздығымнан немесе жалқаулығымнан емес еді, тек менің дайындығымның мүлдем бөтен ортаға сәйкес келмеуінен еді. Қалай дегенмен де уақыт бір орында тұрмайды жылжып күндер өте берді мен 18 жасқа толдым. Училищені бітіріп Теміртауға келдім. Бізді Теміртау ысқырық аязымен, қатты суық желімен қарсы алды. Келген бойда бізге жатақхана берді, комбинатқа жұмысқа алды. Сол кезде комбинат әлі салынып жатқан еді, жұмыс істеп тұрған жалғыз цех - ТЭЦ, сонда жұмысқа орналастым. Сонымен өмірімдегі алғашқы еңбек жолым болашақ металлургия алыбы-Қазақстан Магниткасында басталды.

Магнитгорскіде жүргенде бізді тәжірибеден өтуге комбинатқа жіберетін, мен сондағы комбинаттың электрожабдықтарын жөндеу цехында болдым. Жұмысшы бригадирлермен комбинаттың барлық цехтарына барып жөндеу жұмыстарын жасадық. Комбинат деген өте күрделі мекеме, көлемі де үлкен, әсіресе жайын прокаттардың неше түрін көргенде таңданып, «Қазақстанда да осындай заводтың болуы мүмкін бе» деп сеніңкіремейтін едік. Ауылда өсіп, ештеңе көрмеген. завод түгілі темірдің қалай, қайдан өндірілетінін, металлургиялық техникалардың қаншалықты зор болатынын естіп білмеген бізге бәрі тансық еді. Сөз реті келгенде айта кетейін, әу баста училищеде оқып жүргенде «Жастар, комсомол мүшелері, болашақта металлургиялық өндірісте еңбек етесіңдер» дегенде менің басымда «Отанға қызмет етемін. өндіріс саласының дамуына үлес қосамын-деген тәрізді патриоттық ой жоқ болатын. Жасыратыны жоқ, тек күн көрудің амалын тауып, өмір жолында далада қалмауды ғана ойлайтынмын. Магнитгорскідегі алып өндірісті кергенде «Осындай мекемеде жұмыс істеп, еңбек етіп, білікті маман болсам» деген ойлар санамды жаулай бастады. Ол кезде теледидар деген жоқ, газет журналға қол жетпейді, радиодан ірі өндіріс орталықтарында, елде не болып жатқанын анда-санда естіп білеміз.

Сонымен, 1960 жылы менің өмірім күрт өзгеріп, металлургия саласында елу жылға созылған. оның ішінде

қиындықтар мен қызықтар, жеңістер мен жемістері бар жаңа арна бастау алған болатын. Егер біреу менен «Өміріңді қайтадан бастар болсаң нені өзгертер едіңіз?» деп сұрайтын болса, «Ештеңені де» деп жауап қайтарып, маңдайыма жазылған металлургияны таңдар едім.

Уақыт жылжып өте берді, мен ауылда қалған қарындасымның жайына алаңдайтынмын. Ендігі бар ойым оны жаныма алу болды. Теміртауға алып келсем, қайда тұрамыз, баспанамыз жоқ, оның үстіне оның жасы кіші, егер мен әскер қатарына шақырылып, кетіп қалсам не болмақ? Осы сұрақтар маза бермейтін. Тіпті кейде Теміртаудан кетіп, елге барып қарындасыммен бірге болсам ба екен деп те ойға қалатынмын. Осы жағдайға байланысты өзім жоғарғы оқу орнына түсіп, білім алсам деген тоқтамға келдім. Бір жылдан кейін еңбек демалысымды алып, ауылға барып, қарындасыма келесі жылы мүмкін алып кетермін дегем. Өкінішке орай, қарындасым келесі жылы қатты ауырып, төсек тартып жатып қалыпты. Мен жеделхат алып, ауылға бардым. Бір жетіден соң қарындасым қайтыс боды. Ата-анамның жанына жерлеп, Теміртауға қайттым. Сонымен мені туған жерге тартып, жалтақтатып жүрген үміттің жібі үзілді. Тағдырдың жазғаны шығар. қарындасымнан айырылу маған өте ауыр болды. жкарық дүниеде ешқандай жақсылық көрмей, туыстардың

отбасында жалтақтап, ауырғанда уақытында ем де қабылдай алмай арамыздан тым ерте кеткені мені есеңгіретіп жібергендей болды. Мен кейінірек бір ауылға барғанымда бір ағамыз «Бейшара-ай. мына Арыстың қызы ауырып өледі ғой, қыстың қақаған аязында аяғына резеңке галош киіп түйе сауып жүр екен» дегенін айтты. Егер жаны ашитын туыс болса көз қырын салып, жағдай жасауына болар еді. Мен әлі күнге дейін жалғыз қарындасыма ешқандай көмек ете алмағаным есіме түссе жанарыма жас толып, кәдімгідей еңкілдеп жылап аламын...

Сонымен, мен Теміртауда, заводта жұмысымды жалғастырып жүре бердім. Жұмыста электроцехтің бастығы Рем Иннокентьевич Вицин деген неміс азаматы өте тамаша кісі еді. мені алғаш жұмысқа алғанда «Сен орысша жақсы сөйлеуге тырыс, орысша кітапты көп оқы» деп ақылын айтқан. Аса асып бара жатқан білімім болмаса да. жұмысыма ұқыпты

болдым, тәртіпсіздік, жұмысқа шықпау деген атымен болған емес. 1961 жылдың жаз айында менің суретім заводтың таңдаулы мамандарының қатарында құрмет тақтасына ілінді. 1962 жылы «Восток» кинотеатрының алдындағы аллеяда ілініп тұрды. Тағдырға деген өкпемді, өміріме деген өксігімді баса алмай бірталай жүріп қалыппын. Сол жылдары мені қайта-қайта военкоматқа шақырып, әскери училищеге жібермек болды. Мен «бармаймын» деп қарсылассам да, олар мені көндірді. Бірақ менің тілегім қабыл болып, денсаулығым жарамайтын болып шықты. Бірталай көңілім жайланып, демалыс алып, Алматыға бардым. Мақсатым қазақша концертке, драмтеатрға бару. Бір күні қонақұйдің холлында отырсам, менен бір мүшелдей жасы үлкен ауылдың адамы, өзі Ташкеннің университетін бітірген, инженер-мелоратор Шора Түменбаев деген азамат келіп, екеуіміз шүйіркелесіп қалдық. Менің барлық жағдайымды білгеннен кейін, уақытымды босқа өткізіп жүргеніме ренжіп, көп ақыл айтты.

Сенің қазір басың бос. қарайлайтын ешкімің жоқ, ендеше неге жоғарғы оқу орнына түсіп, оқып алмайсың? Қазір оқымасаң кейін қай уақытта оқисың? Бұл дүниеде сен кімге сеніп жүрсің, кім сені адам қатарына қосады деп жүрсің? Мектеп бітірген соң қаңғып қалғаныңды ұмыттың ба?-деді Жаны ашитын туыс емес, бейтаныс адамның бұл айтқандары санама құйылып, екі күн өткесін мен демалыс уақытымның бітпегеніне қарамастан Теміртауға қайтып келіп, институтқа түсуге дайындала бастадым. Жинап жүрген азын-аулақ қаражатым бар еді, соны үнемдей бастадым.

1982 жылы маусым айында ғой деймін, комбинат жоғарғы оқу орындарына баратындарға жолдама бере бастады Мен ауыспалы ауысымда істейтіндіктен екі-үш күн кешігіп барсам жолдама тек механиктік мамандыққа бар екен. амал жоқ соны алып, Қарағанды политехникалық институтына оқуға түстім. Сонымен студент болып шыға келдім, сол кезеңдегі тәртіп бойынша студенттер үш семестір оқуды жұмыспен байланыстырып, күндіз жұмыс істеп, оқуды кешке жалғастыратын. Мен студент болумен қатар өз орнымда жұмысымды істей бердім. Қарағандыда екінші курсты бітіргеннен кейін біздің механика мамандығымызды Алматыға

ауыстырды да. мен 3-ші курсты қазақ политехникалық институтында жалғастырдым. Біздің студенттік шаққа үйренгендігімізден болар Алматыдағы оқу Қарағандыдағыдан әлдеқайда жеңіл болды. Оның үстіне завод ай сайын стипендия төлеп тұрды. Соңғы курста жас келіп, айналамдағы қыздарға көңіл аудара бастадым. Кешке кочегарь болып жұмысқа тұрып, қосымша қаражат тауып жүрдім. Төртінші курста оқып жүріп Қарқаралының Мағрипа деген қызымен танысып. бесінші курста екеміз үйленіп тындық.



Жанас Арысов зайыбы Мағрипа

Комбинаттағы екінші еңбек өмірім

1968 жылдың басында институтты бітіріп, комбинатқа көлдім. Енді жұмысқа орналасайық десек, «жоғары білімді мамандар керек емес» деп. ешқайда жұмысқа алғысы келмейді. Комбинаттың кадрлар бойынша директорының орынбасары, марқұм Мусалимов Ғалым бірталай цехтардың адамдарын шақырып алып «Сендер неге жұмысқа алмайсыңдар? Цехтарыңдағы шеберлердің, механиктердің қызметін атқарып жүргендердің көбісінің білімі жоқ, тек көп жылғы тәжірибесінің арқасында ғана жұмыс істеп жүр.

Келешекте жұмысты осылар істемегенде кім істейди деп айтқаннан соң ғана олар икемге келе бастады. Мені коксохим өндірісінің кокс цехына шебер-механик етіп жіберді. Алғашқы бір жыл салынып жатқан 5-ші кокс батареясында жүрдім, кейіннен осы батареяны жібергеннен кейін нағыз өз

жұмысымды атқара бастадым. Коксохим өндірісі жалпы жұмысты нашар істейтін-ді, құрамында оншақты шағын цехтары бар, бірде анда, бірде мында апаттардан көз ашылмайтын. Сонымен қатар өндірістегі қызметкерлердің кебі шақырумен сырттан келген адамдар, бүкіл коксохим өндірісінде бар болғаны жиырмадай ғана қазақ бар еді. Коксохимнің механикалық саласында үш инженер-механик бар болатын, оның біреуі 1966 жылы, екеуі 1967 жылы оқу бітірген, қалғандарының білімдері орта-техникалық немесе шеберлер мектебін тәмамдағандар ғана еді. Сол жас мамандарға дұрыс көзқарас болмағандықтан 1969-1971 жылдары Кирсанов, Сорокин, Минаев сияқты мамандар кетіп тынды. 1972 жылы менде кеттім, оған сырттан шақырумен келіп, патер алып, жұмыс істеп жатқан мамандардың техникалық инженер жұмыстарынан айырылып, жай жұмысшылар қатарына қосылғылары келмегені салдарынан жаңадан келген мамандарға қырын қабақ көрсетіп, аяқтан шалумен болғаны себеп болды. Коксохим өндірісінің бас механигінің де, оның орынбасарының да білімі орта техникалық еді, екіншіден. аталған өндірістің жабдықтары нағыз металлургиялық емес. олар транспорттық ленталар еді Ал менің бар ықласым металлургиялық жабдықтармен жұмыс істеу болды. Сөйтіп мен 1972 жылы жаңадан ашылып жатқан металлургиялық жабдықтарды жөндеу және монтаждау цехына шебер-механик болып ауыстым. Бір жыл бойы болат балқыту цехтарының жабдықтарын жөндеу учаскесінде істедім. Одан соң сол учаскенің бастығы болдым. Тағы екі жылдан кейін цех бастығының орынбасары лауазымына көтерілдім. Нағыз осы кезде комбинаттың барлық цехтарындағы жөндеу жұмыстарына араластым. Коксохим өндірісінен кеткендегі арманым орындалды. Участке бастығы болып жүрген кезде «Шебер тәрбиеші» деген атпен ай сайын өтетін байқаудың бірнеше рет жеңімпазы атанып, «Үздік насихатшы» және КСРО қара металлургия министрінің мақтау грамоталарын алдым «Еңбек озаты» медалі кеудем» тағылды. Менің комбинаттағы өмірімнің қызықты кездері жөндеу-монтаждау цехында өтті. Осы цехта бас-аяғы он жыл жұмыс істедім, оның ішіндегі жеті жылында цех бастығын. орынбасары болдым. Цехтың жөндеу персоналдарының бәрі

менің мойнымда болатын, оған қоса цехтағы қауіпсіздік техникасы, оқу процестері азаматтық қорғаныс, еңбек қатынастары, саяси оқу, аттестациялдау, комиссиясы секілді басқа да қоғамдық жұмыстарды қоса атқардым. Бұларға қоса комбинаттағы, қаладағы жиындар мен салтанаттарға да қатысып, бәріне уақыт табатынбыз. Мысалы, айына бір рет цехтағы комсомол мүшелерін, бригадирлерді жинап. әңгіме өткізетінбіз. Мұндай әңгімелесулердің негізгі мақсаты, ұжымдағы хал-ахуалды тұрақтандыру, өзара ықпалдастықты арттыру, қарым-қатынасты қалыпты ұстау, қандай да бір атаулы мәселе туындаса өз ортамызда шешу. Сондықтан

болар. маған кейбір шеберлер өкпелі болса да, бірде бір бригадир наразылық білдірген жоқ. Бір қызығы, менің орынбасарлық қызметімде ешқандай мін бомаса да, ешкімнің қарсылығы болмаса да мені осы орынға екі жыл бойы бекітпей қойды. Себебі, мен партия қатарында жоқ едім,

Партияға өтудің де өзіндік проблемасы бар еді. Атап айтқанда, әуелі оншақты жұмысшы өтуі тиіс, содан соң ғана бір инженер техник қабылданатын. Бұл жұмысшылар мен интеллигенцияның арасалмағын тепе тең ұстау үшін жүргізілген саясат болса керек. Менімен бірге В. Завянюк деген жігіт аға шебер болып жұмыс істейтін. Сол маған бірнеше рет «Сені сырттан ешкім таңдап цех бастығының орынбасары етіп қоймайды, сондықтан өзіңді өзің ұсынуың керек дегенді айтты. Кейбіреулердің лауазымды қызметке жетем деп талайлармен айқасып, таласып жүргенін көзіміз көрді, Ал мен мұндай қадамға бара алмадым. Егер мені ұсынса қарсы емес едім.

1982 жылдың қыс айында мені № 1 механика жабдықтарын жөндеу цехына бастық етіп жіберетін болды. цехтің бастығы көптен жұмыс істеп келе жатқан, білімі аздау және арақ ішкенді жақсы көретін адам еді. Жұмыс ішінде ішімдік ішкені үшін талай рет ұсталған да болатын.

Осы кезеңде жөндеу цехтарының ішінде бас механиктің беделдісі мен болыппын. Міне, осылайша мен өмірден өз орнымды тауып, елу жыл комбинатта еңбек етіп, зейнетке шықтым. Бүгінде алдыңғы толқын ағалар атанып, жастарға еңбек түбі-береке екенін айтып келеміз. Металлургтер мерекесі қарсаңында өткен-кеткенді еске алып, өмірімнің

қиындығы мен қызығы мол қалтарыстарынан бір үзік әңгіме айтуды жөн санадым. Мереке құлты болсын, еліміз тыныш, аспанымыз ашық болсын.



***Алдыңғы қатар сол жақтан екінші Арысов Жанас,
артқы қатарда ортада Елбасы Н.Ә. Назарбаев,
металлургтермен бірге***



***9май 2012 ж. Жеңіс тойы күні. «Бота» кафесі
Металлург достарымен бірге***

Съезхан Нысанбайұлы Оңашыбайтегі

**Қалалық ақсақалдар алқасының мүшесі, ақын.
Монголия жазушылар одағының мүшесі**



Нысанбайұлы Съезхан Оңашыбайтегі 1952 жылы маусым айының 14 жұлдызы күні Моңғолия Республикасының Баян-Өлгий аймағы, Баян-Энгэр (Бай-өлке) сомоны. Дөрөө-нор (Дөрөө көл) кең алқабының Уст (Сулы) елді мекенінде дүниеге келген. Жоғары білімді. Жанұялы. Ұлты қазақ. Теміртау қаласында тұрады. Мемлекеттік және қоғамдық орындарда дәрежелі қызметтерде 44 жыл еңбек еткен.

Мамандығының салалық қызметіне байланысты еңбек өтілінің басым жылдарын ауылшаруашылық өндірісіне бағыттап, нәтижелі еңбек сіңірген азамат. Ата мекенге қоныс аударып Теміртау металлургия өндірісінде еңбек өтілін үзбей жалғастырып келеді.

Молбаев Құттыбек Омарбекұлы "Халық бірлігі. дәстүр ұрпақтар сабақтастығы үшін» қоғамдық бірлесігін басқарып тұрған кезде оның сенімді орынбасарының бірі болып қызмет атқарды. Бүгіндері ақсақалдар алқасының мүшесі. Алқа отырыстарында талқыланып жататын әр салалы істер туралы мәселелердің шешімін табу істеріне өзінің тұшымды пікір ұсыныстарын ашық айтып кеңес беріп келді. Мәдениеті жоғары талғамы биіктен байқалған, беделді ақсақалдардың қатарынан көрініп келеді.

Жұмыстан бос уақытында қазақ әдебиетіне жанашырлық көзқараста үңіліп, үлесін қосу арқылы шығармашылық пен айналысып ақындығымен танылып. өлең жырлары қазақ тілді баспаларға жарияланды. Ұлтымның қамы діннен де биік тұғырда тұруы тиіс. Ұлт бірлеспесе адамдар сенімге ие болмаса дінді кім ұстайды. Мен мұсылманмын деген әрбір адамның жүрегінде иманы болары Құдайға хақ! Ал мен Құдайдың құлымын. Мұхаммедтің (с.ғ.с.) үмбетімін. Бұл менің өмірлік ұстанымым» дейді Съезхан Нысанбайұлы. Құрметті оқырман, сіздерге ақынның көптеген шығармашылығының

кейбір тұстарынан үзінділер жариялал отырмыз. Қазақ ұлтының қазақи болмысының теріскей бетінде тұнжырап қалуынан қызғыштай қорып қиялап ұшқан қанаттыларымыздың бірі екенің айта кеткенім ләзім.

Оралмандар ұраны!

Босаға аттап шаңырақ,
Келіп қалдық жамырап.
Айқыра ашып есігін,
Ағалар жайды кең құшақ.

Қамаздар тиеп үйімді,
Адамдар келген кең ұшақ.
Ойласам бәрі есімде,
Отанды адам, мен құсап.

Отауды тігіп басыма,
Көшіріп алдың қасыңа.
Енші бөліп отауға,
Ат міңгіздің астыма.

Жері байдың елі бай.
Еліңе жеттің ағайын.
Сағы сынсын дұшпанның,
Көре алмаған маңайын.

Ризамын қазақтың,
Ата салты даңқына,
Жанашыр болып туыстар,
Мерейім өсті осынша.

Дін мен тілді үйреніп,
Таныды ұрпақ туысын.
Баянды болсын ағайын,
Іргелі елдің ұлысың.

20.08.1993 ж

Атаң да, ұлтың да қазақ! Ұмытпа!

Бір ұлт бар жер бетінде қазақ деген.
Жоқ шығар сенен артық азап көрген.
Ұрпағың, ұландарың бой түзеді.
Иесі отаныңның солар дер ем!

Рухың ұлтқа деген адал болсын,
Арманың тәуелсізді сақта дер ем!
Бәрінен де биік тұрсын ұлттың қамы,
Намысыңды аяққа баспа дер ем!

Туың бар аспан түстес желбіреген,
Аспандай айдай ашық мөлдірген.
Бұл сенің де пиғылыңның символы.
Қазақ деп рухыңды жетелеген.

Шын жыласа жас шығар соқыр көзден,
Тілегі сол атаның қолдап жүрген!
Дұға қыл аталарың рухына.
Ұмытпа! Бір Алланы, қолдап жүрген!

Ақылмен-парасатпен, ойла қалқам,
Жүрейік қазақ деген асыл сертпен!
Ауырсақ-ауырайық емі дайын
Тәуелсіздік айықтырады, енді дерттен!

Еліме арнау

Жесірі жатқа кетпеген,
Жетімі жебір көрмеген
Сол қазағым сен едің?
Жерін жауға бермеген,
Жетелі қылыш сермеген,
Ер қазағым сен едің?
Жарғақ құлағы жастықта,
Жауынгер қазақ ұрпағы,
Жетелі қазақ сен едің?
Жердің дауын шеше алмай,
Жегідей жеген уыңды,
Ақылмен шешсем деп едім?
Жарнамада жүрген билікке,
Жетім өскен халқыңның,
Зарын тыңда дер едім?
Жеріңді берсең жекеге,
Жауласар жауың көбейіп.
Жат күледі дер едім?
Жер ананың емшегін,
Жетімсітпе халықты,

Бірдей емсін дер едім?
Жетімді сатып жылаттық,
Жерімнен айырма дер едім?
Ішіңнен іріп бүлінсең,
Іргедеп жауларың,
Ірітер елді дер едім?
Тыныштықты бұзған террордың,
Тамырын құртсақ дер едім?
Отанды бөлген адамға,
Орын жоқ мұнда дер едім!
Тыныштық керек халыққа,
Тату болса дер едім?
Тыныштықты сақтаған,
Сақшыларды өз балаң,
Құрметпен қара дер едім!
Заңына қара еліңнің,
Зар жылатпа дер едім?
Әмірін тұттың өзгенің,
Өгей бала секілді,
Өткенге қара, дер едім!
Өзіңнен шыққан патшаның,
Әмірін тыңда дер едім?
Еліңнің заңы қорғаның,
Қорғанды бұзба, дер едім?
Сүтпен біткен мінезің,
Сүйекпен кетсе дер едім?
Атаң қазақекені,
Әлемге әйгілі, дер едім!
Ислам деп өзгенің,
Артынан ерме, дер едім?
Діннен де биік, Ұлт қамы,
Ұлтыңды ойла, дер едім?

Елге оралу

Ұранымыз Бұқарбай!
Ұран салған айхайлай!
Даусы шыққан секілді,
Бабам менің Бұқарбай.

Оралдың қайта еліңе,

Шашыраған тарыдай!
Тілсіз мылқау табиғат.
Қуандыма кім білсін?

Тілсіз мылқау сексен көл,
Толқыдыма кім білсін?
Буырқанып бурабай,
Балқыдыма кім білсін?

Кешір мені табиғат,
Ғажайыпсың тал мүсін!
Аруағың қолдап жебей кер!
Арналады саған бар күшімі

Мен қазақпын

Ешкімде емес қазақпын,
Естідім түрін мазақтың.
Тең келермін талай мықтымен,
Есігін ашсақ тозақтың!

Оралмайды торқамен.
Ақыреті бір ғазаптың.
Естігім келмейді тәлкекті,
Көргім де келмейді азап мүң!

Отансыз адам мен емес,
Паспорты бар қазақтың.
Ойнасаңда ойлап айт,
Мен де өзіңдей қазақпын!

Әдет ғұрып дінімді,
Сақтап келген қазақпын!
Ата даңқын асырып,
Ақтап келген қазақпын!

Тәуелсізін елімнің,
Мақтан еткен қазақпын!
Рухыңды көтеріп,
Жақтап өтем қазақтың!

Елесім бар ескіден,
Еркін өскен қазақпын.
Ел байлығы ескі сөз,
Жадымда қалған қазақпын.

Отаным деп еліме,
Ерте оралған қазақпын!
Тарихқа жүгінсек,
Қазақтан туған қазақпын!

Өзге елде өссем де,
Қазақ-дегізген қазақпын!
Атам атын айтуға,
Арланбайтын қазақпын!

Үлесімді қосамын,
Өркеніне қазақтың.
Саясатпен санасып,
Бірге туған қазақпын.

Бірлік жолын аңсасаң,
Берерім көп қазақпын!
Өнегелі сөзіммен,
Үлгісін берем қазақтың!

Тәубаға кел қазағым

Арманның арғымағы атқа мінсе,
Шарлар еді дүниені жатқа білсе.
Қиялдың қанатына қонып алып,
О-дүние арман қуып аттай желсе?

Адамның орындалар бар тілегі,
Алладан бар тілекті маған берсе?
Бөлмесем бай-кедейден ара жігін,
Әділдік әкемдей боп кіріп келсе.

Тарлығы болмас еді бұл дүниенің,
Адамзат бір-біріне. доспын десе.
Хауана-Хауатадан нәр алыппыз,
Бір Алла барлығына сеніп келсе?

Есі дұрыс - дені сау пендеңіздің,
Бәрі бір. пендеңіздің, құлы десе.
Адамзат тек жұтайды мінезінен,
Кеуде керіп, көкке қарап есінесе?

Адамның кербезінен сақта Құдай!?
Тауфиқ бере көрші, Алла Құдай?

Бір Алла жаратушы өзің ғана,
Жар болғай қазағыма, өзің Құдай?

Запыран, жем қорлықтық пайдасы жоқ,
Бір күні, өзің жұтқан болар У-дай!
Одан да ғибадат қыл, қолдан келсе,
Береді тілегінді сонда Құдай!?

Қарттардың сөзі алтын

Қарт деме қалқам,
Қарсы жүзем ағымға.
Желдей есіп, жүгіруші едім жасымда,
Өзірге тұсауым жоқ адымда.

Қартайған емес көңілім.
Пәленің бәрі басымда.
Көз тоймайды қарағым,
Дауылдың бәрі осында.

Көңілдің кірі кетеді,
Жақсының болсаң қасында.
Еркесі де қазақтың,
Серкесі де қазақтың.
Бәрі-бәрі осында.
Бірақ-бірақ! көңілде күдік!
Көргенім жоқ жасымда!
Алауыздықпен арсыздық,
Болмасын сірә қасыңда.

Ақылменен нақыл,
Жаныңда болсын бақұл!
Жастарға айтар ақыл!
Ақсақал деген атым бар.
Атадан алған затым бар.
Сандықтың аузын ашсаңдар,
Берейін менің де қақым бар.

Тыңдамаса сөз жетім!
Қарты болмаса ел жетім!
Мұның бәрі тәрбие.
Қазақта болмаған тұл жетім!?!



**Теміртау қаласындағы
Наурыз - Ұлыстың ұлы
Күні жаңа жыл мерекесі.
2016 ж.**

**Автор Серикбайұлы
Шынуар және ақын
Нысанбайұлы Съезхан**

**Поляк саяхатшысы
Дружникпен бірге.
22 Наурыз 2016 ж.**





**Ұлттық мереке ұлттық рухтың жебеуіне сүйенеді.
22 Наурыз 2016 ж.**



**Наурыз бірлік татулық, достықтың символы.
Суретте солдан дәстүрлі әнші Айбек С. ақын Съезхан Н
автор Серикбай Ш. «Айтабыс» шығармашылығының
продюсері Табысбек Ш. 22.03.2016 ж.**

Серікбайұлы Абдірахман

**Қалалық ақсақалдар алқасының мүшесі
әдебиет танушы, ардагер ұстаз**



Қоңыр күздің самалы есіп, күннің көзін бұлт торлап, ызғардың әлсіздеу лебі жүзіңді сипап өпкендей тымырсықтау бір күні көлік аялдамасында тұрғанымда сырт жағымнан әлде бір адам -Ассаламуғалайкум Шаке! Қалайсыз? Аман сау жүріп жатырсыз ба? Жол болсын! - деп ақтарыла ақ жарқын жүзімен, жан тәнімен, шынайы беріле сәлем берісімен жақындап келіп қолымды қос қолдап қысты.

-Уағалайкум сәлем! Әлей болсын Қош көрдік баурым! Өзің қалайсың?

Баурым-біз таныс па едік?

-Мен сізді сыртыңыздан көріп жүрем. Сондықтан танимын Сізді ақсақалдар алқасында істейтініңізді де білемін.

-Ендеше ақсақалдар ортасына келсеңші? Бізбен бірге жұмыс жаса. Ел жұрт та сізді танып білетін болады.

-Шаке! Орталарыңызға қабылдайтын болсаңыздар мен қашпас едім. Менің аты жөнім Серікбайұлы Абдірахман Өзбекстан Республикасынан ата жұртқа оралған ағайындардың отбасы боламыз. Сіздің тарихшы, шежіреші, аудармашы, жазушы екеніңізді Нысанбайұлы Сьезханнан және төңірегіңіздегілерден естігенмін. Сіз әдебиет жанашыры болған соң етене танысуға қолайлы сәттерді күтіп жүруші едім

Әңгімеміз жарасып біраз жерге жеткізіп, сәл тыныс алған сәтте Абекеңнің назарын өзіме аударып тұрып, ақсақалдар кеңсесіне келуді, мүшелікке ілесуді есіне салып қоштастым. Байқауымша Абдірахман әдебиетке бүйрегін бұрып шежіре тербеп, тарихқа үңіліп, өлең жазып әуестеніп жүрген ақынжанды азаматтардың бірі. Ол уәдесінде тұрып ақсақалдар кеңсесіне мүшелікке өтіп, шығармашылыққа дең қоя бастапты. Төменде Абекең жайлы шағын әңгіме қозғап оқырмандарыма ұсынып отырмын.

Абдірахманның алтын бесік, туған өлкесі жайлы

Орта Азияның табиғи картасына назар салып қарасаңыз, Қызылорда облысынан оңтүстік шығысқа қарай шырайлы Шымкент облысының Шардара ауданына дейін, сұлу табиғатын бетке ұстап сырын жасырған Сыр бойынан Өзбекстанның Науайы облысына дейінгі кең жазираны Қызылқұмның керіле төселген кер даласы алып жатыр. Топырағы қызғылт түспен қордаланған, бірінен соң бірі жалғасқан ыспа, бархан құм төбелерге жүрегін шайлығады. Осы қызылға оранған иен сахараның әредік арасында үздік-создық жалғасып жатқан шоқтығы биік жоталы таулар кездеседі. Олар ежелгі аты аңыз әйгілі Ақтау, Мұрынтау, Бақантау. Нұр ата жотасы, Арыстан, Санғұрын таулары.

Қызылқұмның бір жиегі Қазіргі Қарақалпақ елді мекеніне, бір шеті аспан асты Арал теңізінің ақ шаңдағына дейін барып иреледі. Құм далада тірлік болмайды деп ойлайтынымыз тағы бар. Бірақ аталмыш құмда сексеуіл, жүзген, қандым, баялыш секілді ірі бұтақты өсімдіктер бұр жарып тұрғанына таң тамаша боласың. Киіз туырлықты қазақ ұлттардың таптырмайтын ең қызымды отыны ол-сексеуіп. Мақтанышымыз болған бұл мекендердің қысы салқындау, жазы қапырық ыстық келеді. Күз және көктемді аталмыш екі мезгілден ажырату қиын. Таулардан аққан сылдыр бұлақтарға көктемгі жаңбыр суы селбесіп ойпаттар толып көл-көлшіктер пайда болады. Жер асты пайдалы қазбаларға бай.

Бақантауда уран жатыр бүркеліп, Мұрынтаудың алтыны жарқырап, фосфоры селбесіп өңделіп өндірістен өтеді. Ал арғы шеті яғни қойнауы мұнайға толып балқып ол жатыр.

Адамзат баласының пендешілігі басым болғандықтан жайбарақаттығы үстем кетіп қойша жусап қалатындығы белгілі Оны сезе қойған жаратушы Иеміз аздап қысып алатыны тағы бар. 1581 жылғы қыс қылышын сүйретіп қаһарлы жұтын ерте келіп ашаршылығын алға тосты. Сол беттері ғана Тәңірі Иесі бар екенін есіне алған халық қыстың қыспағы мен аштықтың азабын белуардан кешеді. Сыйына жүріп тәубесіне үміт артқан ел, мекенін тастап келесі бетке

үдере көшіп төңкеріле тартады. Кіші жүз Әлімнің Төртқарасының ұлтжанды азаматы Сейітқұл қажы, Ақтөбенің оңтүстік батысы Ырғыз. Жем, Сағыз өзендерінің бойын мекендеп отырған рулас туыстарын соңына ертіп, ит арқа қиырдағы Қызылқұмның солтүстігінде орналасқан Нұрата тауының шұрайлы бөктерлерін сағалап келіп қоныс құрады. Бұл кездейсоқ көш емес, Әлім ұрпақтарының жүріп үйренген ежелгі керуен көшінің жолы еді. Жаз шыға таулы өлкелердің соны жайлауларын сағалап, қыс түсе құм қойнауына сүңгіп кетіп малын өсіріп көбейтіп, жаны жайбарақат табатын. Жәнеде бұл жерлерден Шөмекей тайпасының көптеген руларының ит үргізіп керуен салып, үрке көшуінің тағы бір себебі жесір дауының салдарынан болған. Жесір дауының тұтануына жауапты Дәуітбайдың өзі еді. Әлім тайпасындағы Аспан руының Шекті аталығына атастырылып қойған, Аспан аталығынан тарайтын Кедей руының бір беделді отбасының ақылды туған айдай сұлу қызы Айымжамалды алып қашқан екен. Бетегеден биік білекті туған, батырлардың бойына біткен, қанына сіңген, қай сұлумен сертке келсе сол ісімен болатын ерлердің ежелгі әдеті бұл.

Кіші жүздің аты әйгілі талай батыр тарландарының есімі тарих парағында сақтаулы. Солардың бірі Кіші Жүз тегінің Шөмекейі, руы Шобдар, Дәуіт ұранды Дәуітбай батыр Қалмырзақұлы. Ол Шөмен-Шөмекей аталығының 8-ші ұрпағы Жоғарыдағы айтылған жұртқа алғаш қадам басқандар Дәуітбай мен Айымжамал. Бұл 1790 жылдар қарсаңы мезгіл уақыты күз болса керек. Алғашқы жұрт түзеп шаңырақ көтерген жері Молалы. Түскен жерінен құдық қазып, түйелерін бағып қағып, аң аулап тірлігін көтеріп отырып қалады. (Сол құдық бүгіндері батырдың есімімен аталады). Олар келгенде Тәуелдіде Қарақалпақтар да болған. Олар 20-30-дан топтасып қазіргі Тамдыбұлақ ауданы орналасқан Ажырықты да, Ақтау тауының бөктеріне, Сарыбұлақ өзенінің жағасына қоныстануымен қатар егіншілік шаруасын дөңгелентіп отырады. Дәуітбайдың бұл ортаға сіңісуі оңайға түспеген Найзаның ұшы. білектің күшімен қарсылас қарақалпақтарды ығыстырып ерлігін танытудың арқасында иелік етуімен қатар

осы өлкенің болашақ иегері боларын таныта білді. Бұл өлкенің шөбі шүйгін. малға жайлы, елге сиымды мекен екенін түсінген, әрі сыртқы жаулардан, барымташылардан қорғану үшін өте қолайлы жер екенін біліп, алыстағы ағайын туыстарын осында көшіріп келуді ойластырады. Сөйтіп, 19-шы ғасырдың бірінші жартысында Шөмекей. Бозғыл, Келдібай ұрпақтары араға жылдар салып көшіп келіп осында қоныстана бастайды.

Ежелден атам қазақ мінсе көлік, жесе тамақ, кесе киім болған төрт түлік малының жайын істеп, жазда жайлауға, қыста ықтасыны бар қыстауға, шөбі соны аймақтарға көшіп қонып тіршілік еткен. Ресейдің отарлау саясаты қамшы басқан 19-шы ғасырдың екінші жартысында малын өсіріп көбейткен байлар. барымташылардан. жаукештерден аман сақтап қалу үшін жұрттарын өзгертіп осы мекенге қопарыла көш түзеген болатын Сонау тұстары менің де ата бабаларым шалғайдағы Қызылорда облысының Қазалы, Қармақшы жерінен, және Арал бойы, Ырғыз аймақтарынан, жанының садақасы малдарын айдап, келесі беттегі қауыпсыз Қызылқұм өңіріне көктей көшіп өткен. Көш бұнымен шектелмеді. Бұдан кейін де әр жылдар қарсаңында өзінің елі. жерінен қысым көрген. адамның қанын мойнына жүктеп бас сауғапап қашып жүрген құныкерлер, отарлау кезінде ығысып ауғандар, тәркілеуге малдарын өткізуге қарсы болғандар өте мөте бай бағландар да осы өңірді нысанаға алып көшіп келеді. Қоныс тебушілер Қызылқұм жерінен ұста-шеберлер жалдап терең қылып құдық қаздырып, оны берік қандым ағашымен шегендеп, арасына кегалды шым тығып жасап. 10-15 құлаш жерден су тартып шығаратын. Мал терісінен қауға жасап, оған сым арқанды байлап. шығыр арқылы түйе жегіп суды тартып шығарған. 8-9 жасар шамасында Абдірахман сол қауға тартатын түйеге мініп мал суаруға көмектесіп жүргенін көтеріңкі көңілмен еске алады. Тамдыбұлақтың тылсым тарихымен бабаларының өмір жолы қалай байланысқаны Іуралы Абдірахман былай сыр шертеді.



Автордың Абдрахман мен сұхбаттасу кезі

Тауелібай жеріне Ресейдің отарлау саясаты күшейген кезде Қызылорданың Қазалы. Қармақшы. Аққұм ауданы маңынан малын айдап менің бабаларым да (шамамен XIX ғасырдың аяғы) көшіп өткен екен. Арғы бабам Жантай—Қоянбай—Ырысбай, Асанбай. Жасыбай осында келіп, төрт түлік мал өсіріп. ұрпақ өрбіткен екен. Малға жайлы оқшау осынау мекенде ғасырдан астам уақыт жасаған олардың ұрпақтары өсіп өніп жасап жатқанды. Менің бабам Ырысбай солардың ішіндегі ең ауқаттысы яғни төрт түлікті өсірген беделді байлардың бірі атаныпты. Інілері Асанбай мен Жасыбай шағындау тірлік кешкен сыңайлы. Олай болатыны үйлеріне қонақ-қопсақ келе қалса ағасы Ырысбайдың жайылым жатақтағы малынан әкеп сойып қонақжайлылық көрсетеді екен. Сол бабамыздың көзін көргендер де, әкем Серікбай да осылайша әңгімелеп отырушы еді. Қара шаңырақтан өрбіп тараған ұрпақтар Тамдының Керізбұлақ Аяққұдық, Жырық, Тоқты тау елді мекендерінде ғұмырын өткізіп тірлік жасады. Көшіп келіп қоныстанған осынау Шөмекей ұрпағынан тараған әулеттерімен көршілес Қарақалпақ, Үйсін. Жалайыр, Арғын, Қыпшақ, Алтын. Серкош рулары аралас құралас құда-анда болысып тату-тәтті өмір сүрді. Дегенмен көктен түскен несібе. көлденең тартқан дәулет болмағаны әуелі Аллаға сосын баршаға аян. Сайын даланы мекен еткен ата бабаларымыздың өмір жолы алақандағыдай оңай болмағаны шындық. Қалай көшіп келіп

қоныстанса солай жаңа тірлікке бейімделіп ауыр бейнеттерді еңсергені айдан анық. Ол дәуірді бүгінгімен салыстыру мүмкін емес. Сондықтан жаңарудың жолындағы кейінгі жастар білсін деп сол бір дәуірнаманы өлеңмен өрнектеп былай суреттеп тербеуге тырысып едім.

Бабалар өмірінен алдым мұны,
Мал баққан Қызылқұмда күндіз түні.
Білсін деп шаруа жайын кейінгі ұрпақ,
Айтпасам жоғалар деп сөздің құны.

Түрлі оқиға болыпты Қызылқұмда,
Сыр жатыр естімеген қызық мұнда.
Өсіріп төрт түлік мал жылдар бойы,
Шарқ ұрған қыран бүркіт тұғырында.
Қандымнан шеген қойып құдық қазып,
Түйемен көмір айдап, қылған азық.
Малы үшін ыстық шөлдің аптабында,
Қауғамен су шығарған қары сазып.
Түйені мұрындықтап бұйда тағып,
Үстіне қурай тыққан жазы салып.
Су тартар түйе байғұс күні бойы,
Шығыры пұт ағашта шыр айналып.
Түйемен көшіп жүрген үйін артып,
Ұн еткен диірменге бидай тартып.
Асық атып, жасырынбақ. ақсүйекті,
Балалар ойнайтұғын тек құмартып.
Қара үйде көшіп қонып қысы жазы,
Аң аулап, құсын салып, ертіп тазы.
Мал сауып жасайды екен құрт ірімшік,
Сұр қылып жылқы етінен етіп қазы.
Құйрық бауыр желініп құда түскен.
Сусынға қымыз бенен шұбат ішкен.
Асауды құрық салып жуасытып,
Әйелдер майын шайқап күбі піскен.
Шаруаның ауыр жайын көрдім көзбен,
Дейміз ау қиындыққа қалай төзген.
Осылар ғұмыр кешкен бабаларды,
Жыр еттім біліп жүрген бала кезден.

Әлқисса, Қызылқұм өңірінде ХХ ғасырдың бас кезінде халқының жағдайы недәуір жақсарып, малының басы көбейіп, шаруашылық жайы оңала бастағанды. Заманмен жарысып үстемдіктің тізгініне жармасқандардың кесірі лаң шашып тұратыны тағы бар. Соның бірі 1914-1916 жылдарындағы бірінші дүниежүзілік соғыстың лаңы, 1917 жылдан кейінгі Кеңес үкіметінің орнауы және жаппай ұжымдастыру науқанына байлардың малын тәркілеу саясаты, 1921, 1930, 1932 жылғы қолдан жасалған ашаршылықтар, ол аздық еткендей ұлы отан соғысы жаппай халықты бас көтертпей есенгіретіп тастаған еді. Сол бір қиын қыстау заманның зарлы да азапты арқалатқан жағдайынан, көшпелі халқымыздың өмірін осы төрт түлік малдары сақтап қалған. Мысалы халыққа азық түлік нормамен беріліп, ұжымдастыру кезінде елдің күн көріс көзі мал басы күрт кеміп, Голощекин жолдас «Аша тұяқ қалмасын» деп бұйрық атып ұрандап, дүние мүлік малын тәркілетуден сақтанған байлардың қаншама тобыры, оларға ерген бұхара халықтар шет елдің шекара шебінен асып өтіп кетті. Маңдайының соруы бес елі сорлы қазақ шартарапқа осылай тарыдай шашырап тозып кеткенінің бұл бір мысалы.

Кеңес үкіметі орнады. 1921-1927 жылдары Ақтау тауының баурайындағы бұлақ басына төбеден түскендей орманшы орыс (лесник) пайда болып, жата жастана жүріп сазбалшықтан бір үй соғады да сонда жайғасып тұрып қалады. Қазақтар үшін бұл қызықты оқиға саналып орман ішіндегі бой көтерген жалғыз там үйді көрген ел бұл жердің атын Тамды атандырып, жылдар өте келе Тамдыбұлақ деп тарих бетіне жаздырады. ХІХ ғасырдың аяғында Тамды болыстығы құрылып алғашқы болыстыққа Дәуітбай батырдың ұрпақтары Қумақ, Дос, Қос. Шора. Төремураттар сайланады. Ал Дәуітбай өз заманында бір ғасырға жуық Тамды өңірін билеп тұрды. Елін, жерін сыртқы жаулардан қорғаған. Бұхара Әмірімен келісім жасап қарым қатынас орнатқан. Тамды болыстығы Қарақалпақстанға яғни Төрткүл уезіне қарады. Ал Қарақалпақ жері Қазақ ССР-іне тиесілі еді. Ол кездегі Қазақстанның астанасы Қызылорда қаласы болатын. 1928 жылы Тамды ауданы құрылып әкімшілік тұрғысынан жердің

190

көлеміне байланысты Бұхара облысына қаратып жібереді. Осыдан кейін Ата жұрты аталған Тамды жері Өзбекстан Республикасының құрамында біржолата қалып қойды.

1950-1960 жылдары Тамды ауданының шаруашылығы өркендеп, қаракөл қойын өсіретін колхоз, совхоздар бой көтеріп, халқының тұрмыс деңгейі анағұрлым жақсарды. Бастапқыда Бұхара, сосын Науайы облысына қаратып, негізгі халқы қазақ ұлтынан құралған Тамды, Кенимех, Үшқұдық, Нұрата аудандары құрылып, ежелгі дәулет көзі саналатын мал шаруашылығы дамыды. 1970-1980 жылдары мал басын миллионға жеткізуге ұрандаған социалистік жарыстар бұрқ етті. Саяси және экономикалық бағытты осы науқанға бұрып орасан күш жұмылдырылды. Әрине өркендеу нәтижесі байқалып халықтың әл аухаты көтеріліп білікті, білімді кадрлар толықты. Тамды өңірі Тауелібай деп атала бастады. Еңбек көзі қайнаған, көңіл күйі жайнаған осы жылдары 8 адам

Социалистік Еңбек Ері аталып солардың қатарынан екі мәрте еңбек ері атағына Жабай Малиманов көтерілді. Оншақты азамат ғылым кандидаты, докторы атағын қорғап шықты. Медицина ғылымының докторы Жауғашты Ахметов бүгіндері Алматы қаласында қызмет етеді.

Тамды ауданы табалдырығы бекіп шаңырақ көтерген күнінен бастап мәдениетті өркеннің жолын түзеген өлкелердің алдыңғы қатарында тұр. Мысалы білікті, білімді қазақ зиялыларының саны өсті. Күйші Жаманқара, әнші Елеусін, сазгер Бағила Мұратовалар өнер саласының тізгінін жетектеді. Сөзге шешен, тілі орамды Төлеген Айбергенов, Совет Жаманғараев, Өмірзақ Қожамұратов, Қайыпназар Шотбасов сынды ақын, жазушылар қазақ әдебиетінің жанрын жарқыратты. Жәнеде Одақтық, республикалық халық депутаттары, мемлекеттік сыйлықтың лауреаттары, облыс, аудан басқарған білгір азаматтар қауызын жарып жетіліп шықты. Бүгінгі таңдағы есеп бойынша Өзбекстан азаматтығына тіркелген екі миллион қазақ ұлты Өзбек ағайындардың елі мен жерінде тұрып жатыр. Солардың қатарынан маңдайы күнге жарқырап топтан ерекшеленіп озып шыққан азаматтарымыз министрлікке дейін көтерілді. Ғасыр қикметі саналатын заманауи құбылыстың сұрапыл ағымы

Одақты шарпып ыдыратуы қауымдастық халықтарды бір сәттері әбігерге салғаны рас. Бір салқыны Өзбекстанды да өкшеледі. Ұлттар арасында таптық көз қарас қылаң беріп ол ашық әшкереге көшпесе де қазақ зиялылары, азаматтары жұмыстарынан босатылып, еңбегінен қол үзді. Кетіндер-барыңдар демесе де іштей құдалауға ұшырады. Қаңтарып қайырып тастаған уақыт жоқ. Күн шығады кеш түсіп батады дегендей жылжып сырғып күндер өтіп жатты. Бір орында көрген тірлік баз қалпында, ойыңды келешек ұрпақтың жағдайы алаңдатады. Дана бабаларымыз айтады «Өзгенің төрінде сұлтан боламын дегенше өз жеріңе жетіп қоңыр етігіңнің ұлтаны бол» деп. Иә. Намысы бар адамды қайрап ақ тұр алға ұмтыл деп.

1991 жылы Кеңес одағының басына қара аспанның бұлты шөгіп, артынша шайдай ашылған тұста Латвия, Литва, Эстония, Белорусия, Қазақстан толғағы жеткен тәуелсіздікті мойындатып дербес дара мемлекеттігін жариялап шыға келді. Онсыз да нарықтық экономика сананы басып қоғамды әлсіретіп, халық қолдағы азын аулақ дәулетіне сүйеніп қалды. Осы тұста БҰҰ-ы әлем халқының тірлігіне араласып бір елден екінші бағытқа еркін көшіп қону еркіндіктің жолын ашып берді. Оған сүйене Қазақстан Республикасының Президентінің «Әлемдегі қазақ ұлттарын, ата мекенге келемін десе есігіміз ашық» деген үндеуі ұядан ұшып қанатын қағып самғауға сарсып аңтарылып отырған елдің жігерін қуаттап бір ұлы көш басталуының жолын ашқандай болды. Қанатты үндеуге қайраттанған қазақ диаспорасы ұрпақ қамын алға тартып Қазақстанға жаппай көше бастады.

Абдірахман

*Отаным деп еліме,
Ерте оралған қазақпын.
Тарихқа жүгінсек,
Қазақтан туған қазақпын.
Өзге елде өссем де
«Қазақ» дегізген. Қазақпын!*

Нысанбайұлы Сьезхан

Серікбайдың отбасы абыр сабыр, бірі кіріп, бірі шығып. адам қарасы күндегіден көбірек, әсіресе әйелдердің жүрісі

елпілдеп асыққан, бірімен бірі сыбырмен кейде ымдасып белгі беріп, қараша үйдің түндігін жартылай ашып күн сәулесін түсіріп есікті тарыс жауып бекітіп, келелі бір істің ақырын күткендей тым тырыс бола қалды. Кенет шыр еткен сәбидің даусы үй ішін дір еткізіп, ананы әкел, тез берсейші, мынаны ары ал, болындар! Не қарап тұрсындар! Уа Бибәтима ана қолдай көр! Ана жіппен мына тұстан байла. Иә солай. Бісмилла! Мына жерден кес! Болды! Орайтын матаны әпер! Былай ора! Кәне баланы маған бер! Келін-айналайын міне қарашы қошақаныңды! Періште ұлыңның бауы берік жасы ұзағынан болсын! Қолыңа алып құшағыңа бас! Уызын сорсын. Әй қыздар! Немеремнің көрімдігін беріңдер! Осыдан бермей көіріңдер!

Қараша үйдегі қарбаласты ретіне келтіріп оңды солды басқарып ұршықтай иіріп бүйідей ұстап отырған асыл әже-айбынды ене сүйікті келінін осылай босандырып, бір ұл жарық дүниенің есігін ашты. Бұл ұланымыз Абдірахман еді. Мезгіл уақыты 1948 жылғы қаңтар айының 9-шы жұлдызы Тышқан жылы болатын, Туған жері Қызылқұмның қуысы. кіндік қаны тамғаны Ұзынқұдықтың басы. Отағасы Серікбай сол өлкенің бойыңда киік аулап, малын өсіріп жан ұясын асыраған Сәби әбдірахманның бесіктегі жылдары Серікбай отбасының қамымен руы Тоққожаның Балқысы, Елтай. Сейітбектің ауылына қоныс аударып бірлесіп тұрмыс кешкен. Арада жылдар өткен соң ұлының есейіңкіреп қалған бір күндері «Сен туылған сол күндерден бастап тірлігіміз оңалып, дәулетіміз тұрақтап, қарнымыз тойып қана қоймай еш нәрседен тарықпайтын болдық» деп Серікбай мен анасы баласына елжірей қарап айтып отырады екен.

Жылдар жылжып өтіп жатты. Абдірахман оқуға баратын жасқа да келіп қалды. Сол жылдарды Абдірахман былай еске алады. Менің күй жайымды ойлаған әкем отырықты жұртынан көшіп Орынбай құдығына келіп жұрт түзеді. Әкем мені қыштан өрілген там үйге ертіп апарып оқуға тіркетіп, бірінші жылы сол тамда оқыдық. Бұл там үй дегенді алғаш рет көруім, яғни 1955-1956 жылдар еді. Сол бір балғын балалық шағымнан бүгінгі таңға дейінгі адами өмірімді көкрегімде сақтап кейде көз алдыма елестетумен боламын. Мысалы Қызылқұм қойнауындағы тұрмыс кешкен біз болып жалпы

халықтың шаруашылық тыныс тіршілігін былай суреттеп қалам тербедім.

«Шопан» шаруа Қызылқұмды жайлаған,
Көшіп қонып малын соны айдаған.
Малдан басқа еш табыстың көзі жоқ,
Төрт түліктің арқасында қазандары қайнаған.

Қойнауында түйе, жылқы. қойы бар,
Түрлі шөптің нәрін татып тойынар.
Шөбі шүйгін, ықтасынды құмы бар,
Қызылқұмның төбе-төбе ойы бар.

Жайлауында қозы лағы секірген,
Дауыл тұрса, шаң көтеріп лепірген.
Жауын жаумай, құрғақшылық кездері,
Шөптің дәмін, жердің сәнін кетірген.

Ой мен сайын кәрі қыста мал ықтар,
Құм ішінде мұздай сулы құдықтар.
Көшсе түйе, жылқы көлік, мінсе ат,
Асауларды жуасытар құрық бар.

Енқызылдың бұйрат-бұйрат жалы бар,
Жайлауында семіз күйлі малы бар.
Ашаршылықтан алып қалған адамды,
Қойнауында киік, қоян аңы бар.

Жазда ыстық. қыста суық ықылым,
От қып жағар сексеуілдің тұқымын.
Шаруа халқым, құба шөлде еңбекпен,
Көбейтіп жүр төрт түліктің тұқымын.

Туған жерім Қызылқұмның аясы.
Қандым, жүзген. сексеуілдің саясы.
Қозы бағып киіз үйде ержеттім,
Бал татыған құрт. ірімшік, жаясы.

Сексеннің сеңгіріне көтерілгенде ақ үрпек балапандай елпектеп қалатыны адамзат баласына тән құбылыс. Жетпісті еңсерген Абекең ол жасқа келмей жатып балалық шағына қайта шығып алғандай көңілшектігі байқалады. Олай дегенім әлсін-әлсін балалық шағын еске алып әңгімесіне арқау етіп берді. Сонымен тағы несі қалды екен құлақ түрелік.

Қартайғанда деп жалғастырды ол әңгімесін ары қарай сабақтап: туған жеріңді, балғын балалық шағыңды ойлап еске түсіресің. Атқа, есекке мініп мал баққан, түйеге мініп қауға тартқан жастық шақ көз алдында көлбеңдейді. Қайран балалық бал дәурен-ай. Ойынға тоймайтын, қой десе қоймайтын, асық ату. жасырынбақ, қуыспақ, доп ойнауды қайдан ұмытайық. Бала кезімде Айдар, Оразбай, Аманбай, Жұмабек, Мақсымдар мен бірге өстім. Есейе келе туған кезімді былай тербеп жазған едім.

Дүние есігін ашқанда...

Мен қаңтарда туыппын,
Ызғары қарып суықтың.
Шілдеханаға сонда да
Келіпті бәрі жақын-жуықтың.
Тымаққа салып жылытқан,
Қарына іліп уықтың.
Қырық күн шілде суына,
Қуырып дене жуыппын.
Қырқынан шығып бесікте,
Құндақтап бел буыппын.
Мәпелеп анам өсірген,
Шеңгеліне бермей суықтың.
Іңгәлап көп жылаппын,
Жіберсе қатты буып тым
Әбігерге салды анамды,
Босағаны қуықтың.
Жұп жасқа келіп мәз болып.
Ұмтылып көбелек қуыппын.
Үш төрт жасқа келгенде.
Анамнан да суыппын.
Мен өскенде білмеппін,
Неше түрін қулықтың.
Иіне де қанбаппын,
Арамдық пен уыттың.
Мен туыппын қаңтарда,
Құмайыт дала шалқарда.
Қатал болып қаңтардай,
Айына мінез тартар ма!

«Шопан» мал шаруашылығына жауапты еңбекқор адамдардың санатындағы ерекше қадырлы адамдар. Олар төрт түлік малдың тілін біледі, бабын баптайды. Өрісін таңдап сонысын айырып күйін келтіреді. Малдың жайына алаңдауымен қатар отбасының ауыртпалығы да солардың мойнында. Күндіз түні осылардың қамымен жүріп қарға адым ғұмыр кешеді. Қадірін біреу біледі енді бірі аяқ асты етеді.

Біздің ұланғайыр атырабымыздағы халқымыздың жай күйі көшпелі өмірге, мал шаруашылығына сүйенген айрықша елді мекен деп сөзін жалғады Абекең. 1960 жылдарда құмды шөлдеп ферма орталықтарына Газ-69. ЗИС-5 сияқты авто көліктермен 200-250 шақырымдағы қазына орталығынан жем-шөп, азық-түлік тасымалдап жеткізіп тұратын. Осылайша өткен өмірдің әр тұстарына тоқтала кеткенім дұрыс емес пе. Мен жеті жылдық мектепті 1961 жылы бітіріп, 150 шақырым жердегі Аяққұдық кентіндегі орта мектепке түстім. Араға жылдар салып 1964 жылы әкем қоныс өзгертіп ежелгі мекені Керізбұлақтың Жырық дейтін ауылынан жұрт селбеді. Дәл сол ара өз ағайындарымыздың ортасы еді. Қыштан там үй тұрғызып тұрақтап қалдық. 1965 жылы әуелгі орта мектепті тәмамдап аттестатым қолға тиген соң, сол арадағы нағашыма арқа сүйеп мектептің шаруа ісіне араласып кеттім. Нағашым мектеп директоры еді. Қиял мен арман қатар жарысады. Ал арманым оқуымды жалғастыру. Үкілі үмітім жетелеп 1968 жылы ежелгі көне Бұхара шаһарына желмаямның желісі желдіртіп апарып педагогикалық институттың тарих факультетінен бірақ шықтым. 1972 жылы оны да тәмамдап диплом қолда, бағытым ауылға деп тартып отырдым. Ауыл мектебінде оқытушыдан Ө. Науайы атындағы орта мектептің директорына дейін өрлеп 10 жыл талмай еңбек еттім. Кейін оқу істері бойынша орынбасары болдым. 1974 жылы Өзербайжан елінің астанасы Баку шаһарында бес бұрышты маңдайыма қадап. қалашниковты иығыма асып, Кеңес одағым отанымдай қорғап, әскери аманатымды да атқарған едім. Міндеттің соңы ауылға бет бұрғызды. Ұстаздық менің сүйікті маманым болғандықтан ағаш бір жерде көгереді дегендей орта мектеп саласында 40 жыл еңбек өтілін өткіздім.

Шәкірттеріме білім нәрін сеуіп жүрген тұстары аудан орталығынан әлсін-әлсін аудандық газет редакциясына, әскери комиссариатқа жұмысқа шақыра берді.

Ол шаруаларға менің зауқым соқпады. Олардың маған көңіл аударуының себебі бар. Мен қазақ тілін жетік меңгеріп еркін сөйлеймін. Сауапты да көркем жазушы едім. 14 жасымнан бастап қазақтың көне қиссалары Ер Төстік, Алпамыс батыр жырларын, Керіқұла атты Кендебай ертегілерін жатқа айтатынмын. Орта мектепті бітіру емтиханы кезінде шығарма жазудан үздік шыққан болатынмын. Ұстаздарым Толыс, Қонақбай, Төлеп ағайлар тапантымды жоғары бағалаушы еді.

Табан аудармай бір ортада 2005 жылға дейін тәлімгер-оқытушы ретінде еңбектенгенімнің нәтижесінде мыңдаған шәкірттерді білім бұлағымен сусындатып тәрбиелеп алтын ұядан ұшырдым. Білім көтеру институттарында оқып. ғылыми конференцияларға да қатысып өзімнің де білімімді шыңдап шықтым.

Бұхара. Бұл көне ескі қала. Тарихы тереңде жатыр. Оның бәрін айту мүмкін емес. Қысқасы орта ғасыр тұсында мұнда медреселер, тарихи ескерткіш ғимараттары өте көп болған. Бұхарда көрнекті ақын Тұрмағамбет Ізтілеуов дәріс алған. қаланың көркі Кукелдаш, Чор-Минор медресесі, Исмоил Самоний. Аюб хан, Бахауддин Нахшибанд кесенесі, тағысын тағы мұнаралары көздің жауын алып, сән салтанаты мен толығады. Әмір патшаның сарайлары шуақты күннің сәулесімен жарқырап тұр. Өкінішке орай 1920 жылы қызыл әскер қолбасшысы М. Фрунзе Бұхара қаласына тұтқиылдан басып кіреді. Оның қаһарынан именген Бұхара хандығының Әмірі Саид Олимхан қаланы тастап шығып Ауғанстан еліне барып паналайды. Бұл патша Бұхарды ұстап тұрған кезінде Тамдыбұлақ өңіріндегі Мұрынтау қазбасынан жасырын түрде алтын қаздырып алдыртып, оны қамбаға жеткізген шаруаларды жазалап тастап отырған. Себебі құпия сырдың әшкере болмауы үшін.

Мен оқыған Бұхара

Түстігімде Бұхара бар.
Қат көтерген ескіден.
Биік биік мұнара бар,
Болсаң егер естіген.

«Бұхарайи-Шариф» атанған.
Қасиетті қала аталған,
Үш куполы - күмбезді,
Орын алған қатардан.

Мұсылманның бас қаласы,
Әмір Әлімхан астанасы.
Салынған екен тағы да
Аюбхан. Самани Махбарасы.

Чор-Минор. Кукелдаш медресесі,
Бахауддин Нақшибанд кесенесі.
Осында тағы жайғасқан екен,
Бүкіл Керейіттердің шешесі.

Білім берген ғұламалар,
Оқытамын деп құран алар.
Медреселерде оқиды екен.
Алыстан кеіп Талабалар.
Жасапты онда ұста Шырын.
Бұхарада алдым білім.
«Лаби-Хауз» Арктен,
Үйреніп ем дүние сырын.

Көне шаһар, көп ұлтты,
Тарихты кім ұмытты.
Кейінгі кезде сап түзеген,
Жаңартып қала құрыпты.

Зейнеткерлік өмір

*Жалынды жастық шақтың кезі нетті.
Әжуа әжім келді, жауып бетті.
Аяздай сумендеген етті қарып,
«Сәлем» беріп. кәрілікте келіп жетті.*

Серикбай Шынуар

Зейнеткерлік жас. Алла Тағаланың адамзат баласына силаған құрметке лайық өмірінің соңғы дәуірі. Ұрпақтарының ортасында бай қуатты бақытты сәттерін өткізетін күндері. Ата аталып сақалын сипап. әже аталып жаулығын түзейтін сындарлы кез.

2003 жылы зейнеткерлікті қабылдап еңбек алаңындағы аптығым басылғандай болды деп төңірекке көзін қадап біраз ойға шомған Абекең әңгімесінің үзілген тұсынан сарынын жалғап, зейнетке шыққалы бері қолым босап, өлең жазып «таныстыру, шежіре тербеп зерделеу істеріне назар аударма бастадым деп көңілденіп қалды. Ұстаздық өмірімнің жетістігі бірінші санаттағы оқытушы дәрежесі болатын. Және «оқу ағарту ісінің үздігі» медалымен, облыстық, аудандық мақтау қағаздарымен марапатталдым. Қазақтың бірін бірі көре алмаушылығы тағы бар. Соның кесірінен Өзбекстанға еңбегі сіңген ағартушы» атағына ұсынылып едім оны да белгісіз себептермен ала алмадым. Ал бойыма біткен мінезіме келер

болсам, ұстаздық жұмысты адал атқара жүріп, әділдік пен шындықты жақтап. кемшілікке тура қарап кінәлінің бетіне айтып, қоғамдық қай ортада болсын әлде кімге жақсылық қысылғандарға. қиын жағдайға тап болғандарға дем беруге ұмтылып, өмірдегі түрлі мінезділермен тез тіл табыса алушы едім. Өмірде не болмайды дейсің. Жақсы да жаман да қасыңнан табыла кетуі мүмкін. Бәріне де адамгершілік көз қараспен қарап дұрыс жол көрсету әрбір адамның парызы емес пе!

Көштің байсалды болуы да көшушіге байланысты. Екі ойлылықтан арылып тәуекелге басу. Қазақстанның қарқынды даму жолы әлемдегі өркениеттілердің назарын аударды. Қазақстандағы қазақ диаспорасы ата жұртқа қопарыла көшті. Тамды ауданындағы қарақұрым халықтың (қазақтардың) жартысынан астамы Қазақ еліне көшіп өтті. Солардың қатарын біздің шағын ауыл да толықтырды. Топырағына

аунап өскен қайран Тамдының қарасы үзілгенше әлсін-әлсін бұрылып қараумен, 2011 жылы мен де отбасымды алып Қазақстанның Теміртау қаласына табан тіреп жұрт жаңарттым. Жаңа жұртым киелі де қасиетті екен. Ел қатарлы күн көрісіміз жақсы. Отбасым жайлы бір екі сөз қосқаным жөн шығар. Жанұямда бес қыз, екі ұл балам бар. Бәрі дерлік тұрмыс құрған. Зайыбым жеті құрсақ көтерген батыр ана, зейнеткер. Оның да еңбек өтілі ұстаздықпен тығыз байланысты. Осылайша ағынан жарылып, жан сыры ақтарылған Абдрахман ақсақалдың тізгінін тежей тартып әзер дегенде тоқтатып ентігін зорға бастым. Аузы дуалы арда ақсақалдың ендігі әңгіме жалғасын ұрпақтарының еншісіне балағанды жөн санадым. Қазіргі таңда Абекең қалалық ақсақалдар кеңесі қоғамдық ұйымға мүше. Мақсаты болашақ ұрпақтарды отанын, ұлтын сүюге, туған отанын қорғауға, аталардың өсиетін орындап, еліне халқына адал қызмет етуге тәрбиелеу. Алдағы өмірінің сәтті күндері шығармашылықпен айналысып кітап шығару және қазақтың ата тегі шежіресін естелік ретінде кейінгі ұрпақтарға жазып қалдыру ойында бар көрінеді. Олай болса бізде Абекеңнің шығармашылықжолына сәт сапар тілей отырып, ана ауылдың бурасы мына ауылдың бурасы желкілдейді шудасы деген қанатты сөзге ырым арта отырып ендігі өмірін бурадайын бұрқылдатып өткізсін дей келе тамсандыра тербеген тарлан тарихи, көсілтіп жазған көркем шығарма әдебиетімнің өрнегін тәмамдайын. Алла қуат бергей!



**Інілерім: Рашид, Оразалы, Рахат.
Түркістан қаласы. Қожа -Ахмет Яссауи кесенесі**



Қызым Жаннұрдын ұзатылу сәті алдында



Нұрата қаласы. Әйтеке би кесенесі алдында

Амандықов Қазбек Қаниұлы
Ақсақалдар алқасының мүшесі, ардагер ұстаз
(1946-2017)



Қалалық ақсақалдар алқасының мүшесі, білікті ұстаз, тарихшы. әдебиет танушы арда ақсақал Амандықов Қазбек, қоғамдық бірлестіктің қауымдастығының ортасында бірқаншама жылдар бойы белсенді араласып еңбек етті. Ақсақалдар бас қосқан әр жиында, кеңес құрған кемел ортада, талқыға түскен тартыстарда. көңілі жебеп көкрегi тербеп жатса жүректен ағылған жүйелi сөздерi

тартылған жебедей көздеген нысанасына дөп тиетін. Баяғыдағы билердей келте айтқан кесімдеріне құйма құлақ қариялар разы болып рахаттанып отыратын. Көсем сөздің серкесі көреген ақсақал көп ішінде сыйлы еді.

2013 жылы қазан айының 01 күні Теміртау қаласындағы «Бота» кафесінде «Қарттар күні»-іне арналған мерекелік думан дүркіреп өтіп жатты. Қазыналы қариялар, әжелер, ардагер металлургтер, ҰОС ардагерлерінің басын қосып белгілі кәсіпкер Асқар Садықұлы көл көсір, ағыл да төгіл дастарханын жайып, бүгінге мәз ертеңі жақын аға буындарды құрметті төріне шақырып сый сияпатын жасап қуантып жатты. Ымырасын білдіргісі келгендердің алғысы ағылып. тілегі төгіліп, алыстан да сермеп, жақындап жүректен де тербеп, тебіреніп кеткен сәтте ән-әуеніне де ерік беріп қуаныштары шегіне жетіп барып кері серпіліп ақ жатты. Бір кездері өзіне кезек келгенде орнынан жеңіл тұрып ортаға шыққан Амандықов Қазбек ақсақал баршаға байыппен қарап бір шолып алды да көңілдегі сауал, жүректегі дауылдың тетігін ашып жібергендей күй кешіп:

-Текті атаның ұрпағы, тұяғын басқан бұтары құрметті жамағат, Теміртауды өздеріңіз білесіздер. Қазақ ұлты топтасыпты деудің өзінде де сәл аздық етіп тұрған қала екен Бірақ сол қазағымыздың қасиеті әлі де кемшін. тілін, дәстүрін бір арнаға қоя алмай келе жатқаны айқын сезіледі. Соны ескеріп санасы оянған қауым, ақсақалдар алқасы көптеген іс қимылдар жасап жатқаны да аңғарылып жатыр. Соған да байланысты ақсақалдар алқасы құрылыпты. Нәтижесі бар көрінеді. Басы қосылған қазақтардың ұлттық рухани жан дүниесі ояна бастапты. Бұл жақсы бастама. Ал мен Теміртауға келіп қоныстанған күннен бері ақсақалдар тобырымен осы кафе де ғана кездесетін болдым. Жаныңда жүрген жақсының жақсылығын айт дейміз ғой шешенсіп. Бұл шараларға ұйытқы болып ұйымдастырып жүрген Асқар деген азамат бар көрінеді. Жасы кіші болса да көргені көп, қарға тамыр қазақ ұлты үшін қыруар шаруалар жасап жатқанын тайға таңба басқандай көріп отырмыз. Неге разы болмасқа Неге мақтаныш етпеске. Дерек көзіне үңілсек Теміртауда

202

3000-нан астам кәсіпкерлер жұмыс жасайды екен. Солар қай жақта жүр? - деп ойланамын. Асқардың өмірбаянына үңіліп қарадым. Ауылда. көп балалы ортада туып өскен. иман жүзді жігіт екен. Біле білсеңдер көп балалы ортадан қоғамшыл, ұйымшыл бала ерекшеленіп шығады. Былтырғы жылы туған анасымен мәңгілікке қоштасыпты. Барлығымыз намазында болып бақилыққа шығарып салдық. Анасының аты Фатиха екен. Бұл сөз құранның бет ашар сүресі Фатиханың атауы. Аты да өзі де иманды адам болған ғой. Содан байқадым. Иманды ортадан шыққан Асқар міне бүгін барлығымыздың көңілімізді көтеріп қуантып, шаттыққа бөлеп отыр. Ұлттарды бөліп жарып жатқанын көрмедік. Айтпақшы олардың да ортасында кәсіпкерлер бар. Олар қайда жүр?

-Бүгінгі таңда Теміртауда қазақтардың саны артып келеді. Қалада 34 мектеп бар. Соның саусақпен санаулы 10-ы ғана қазақша деп аталады. Бірақ шынтуайтына келсек 6-ы ғана таза қазақша, 4-і қазақ-орыс аралас тілде бекітілген мектеп. Солардың осы деңгейіне жету үшін тауқыметіне араласып, ат салысып келген ақсақалдар екен. Мен де бұл іске бел шешіп кіріскенмін. Тек үйде отырып шуылдату емес саяси және қоғамдық ортада ұлттық көз қарас жағынан селбесіп жеңіске жеткеніміз үшін менің де үлесім бар. Кеше болып өткен ақсақалдардың ауқымды бас қосу жиынына көптеген ауылдастар қатысты. Басым бөліп оралмандар. Мен сіздерге ашық айтайын. Статистикалық есеп бойынша көші-қон мекемесінің мәліметі бойынша Қазақстанға қоныс аударған ағайындардың саны миллионға жуық болды деп жарнамалайды. Ол жансақ сан. Көші-қон басталғалы бері оралмандар саны 20 жылдың ішінде 3-4 миллионға жетті. Олар тез өсіп өрбитін халық. Сіздердің басқадан алған үлгі қағидаларың секілді бір отбасы 2 ұзаса 3 баламен шектемейді. Оралмандардың әр отбасында 10-ға дейін дүниеге келген балалар өрбиді. Ол аз десең немересі, шөбересі. шөпшегін қайда жасырасың! Оралман ағайындар Қазақстанға ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрпын арқалап, қазақтың төл тілімен сөйлеп келді. Қазақ ортасына пайдасынан басқа зияны тиген жоқ. Мемлекеттік және

қоғамдық ортаның небір саласында көптеген оралмандар жұмысқа араласып кетті. Ұлттардың бірлік берекесіне сүйеніп тең-қубылас еңбек етіп еңселерін тіктеп жүр. Мемлекетіміздің ғарыштап дамуына сүбелі үлестерін қосып жатыр. Үкімет те оны мойындайды. Ағымдағы өмірдің жылжып өтіп жатқан тірлігіне байланыстырып ағайындарды анау мынау деп әр түрлі әңгімеге апарып сөз етеді. Оның бәрі гәп. Оралмандардың тұрған бойы, қанымыз да, тіліміз де, рухымыз да, өзіміз де таза қазақпыз. Қазақстанға біздің парасатымыз. ақылымыз ауадай қажет. Осы уақытқа дейін қазақша сөйлемей келген пенделерді көріп жүрміз. Оның жауабын өздеріңнен іздеңіздер. Империялық алпауыттар небір ұлттарды құрылық бетінен құртып тынғанын тарихтан оқып біліп отырсыздар, Ал қазақтар құрыған жоқ. Қазақ боп қалу, есіп өрбу өзімізге байланысты. Аралас неке аралас қанның түбі жақсылыққа апармас ағайындар дей келе шексіз алғысымен екі шылбыр бір тізгінін тежеді. Осы орайда ақсақалдың ой орамына қосып айтарымыз. Тонның ішкі бауындай тату тұрайық. Біздің көздеп келгеніміз ата - бабамыздың елі мен жері. Арманымыз бірігіп ел болу. Көшпелі бархан-сахара, шексіз - шетсіз кең далада. ешкімге тәуелсіз еркіндік жатыр. Бұл бәрімізге де тиесілі. Ел арманы- ел болу! Айрандай ұйып қатықтай қатайық ағайын деп Аллаға тәубе еттім.



Теміртау қаласындағы «Бота» кафесінде «Қарттар күні»-іне арналған мерекелік дастарханның қонағы болған Қазбек ақсақал

Әлі де болса ортамызда жүре тұрса еді деп қимастық танытқан арда ақсақалдың өмір жолына да айналып соғайын. Амандықов Қаниұлы 1946 жылдың 18 қыркүйегінде Өзбекстан Ресубликасының Бұхара облысы Тамды ауылында дүниеге келген. 1953-1963 жылдарда орта мектепті үздік бағамен бітіреді. 1964-1966 жылдарда Совет армиясы қатарында қызметін атқарды. Еңбек жолын 1966 жылы шофер трэкторист қызметінен бастайды. Білім жетілдіру талпынысының жетегінде Бұхарадағы мұғалімдік институтының тарих факультетін тәмамдап мектептерде дәріс оқыды. 1968-1997 жылдарда партия ұйымында және совет шаруашылық жұмыстарын жұмыла атқарды. Ағымдағы жылы Қазақстанға қоныс аударып Теміртау қаласына тұрақтап қалды. Жұрт түзеген соң да қоғамдық жұмыстарға белсене араласты. Халықтық «Нұр Отан» партиясына мүше. Қалалық ақсақалдәр алқасының мүшесі және "Магнитка" ансамбілінің мүшесі еді. Рухыңызға бас иеміз.

Тілеуберді Смағұл
Ақсақалдар алқасының құрметті мүшесі.
ардагер металлург, жазушы



Дарынды тұлғалар Тілеуберді Смағұл, Аманжол Ақын, Ермағамбет Лұқпанды танымайтын жан Теміртау топырағында жоққа тән. Олар Қазақстан Республикасының ірі өндіріс ошағы, әлемдеп құрыш балқыту алты алпауытының бірі, Теміртаудың қара металлургиясының қара шаңырағын көтеріп, от оранып болат балқытып қуатты құрыштан металл өндірген, өнерлі өндіріс озаттары, танымал қайсар қайраткерлері, қала болып халқының өсіп-өркендеуі т.б

жайында қалам тербеп талмай еңбек етіп жүрген танымал әдебиет саңлақтары. Тілекең шыңдалған шежіреші төселген қаламгер. Көңліне не қаласа көл кесір жазып тынады. Әдебиеттің әрдайым биігінен, әу десе ән серігі домбыраның тиегінен табамыз. Басқару ісіне де төселген қоғам және

саясат қайраткері. Айта берсек ауыз өзіміздікі, жаза берсек ақсақалдың талай қасиеті мен тылсым құпиясын ақтарып, аударып төңкеріп тастауымыз ықтимал. Олай дегенім ерік өзімізде, қазаншының өз еркі - құлағын қайдан шығарса да. «Халық бірлігі, дәстүр мен ұрпақтар сабақтастығы үшін» қоғамдық бірлестіктің құрылтайшыларының бірі. Ақсақалдар алқасының «Құрметті мүшесі». «Құрыш қала» және «Құрыш қала KZ» газеті редакциясының директоры. Айтылмаған. жазылмаған лауазымы болса оны өз еншісіне қалдыра тұрайық.

Тілекең өзі сөйлемесе де көкірегі күңіреніп еріксіз үн шығарып тұрғандай сезілетін сәттері болады. 2013 жылы қазан айының 01-і күні «Бота» кафесінде, қарттар мерекесіне арналған салтанатты дастархан үстінде Тілекеңнің толқып бір тұрып түйіндеп айтқан сөздерін сол қалпында еш қандай сілтемесіз келтірейін.

-Келер бір рет дария толқын таумысың,

Құрыштан құйған құдыретті қарттарым аман саумысың""
- Осыны сонау өткен ғасырдың 70 - ші жылдарында жазып кеткен Сағи Жиенбаевтың өлеңін осыншама қырынан қарап таңғаламын. Шынында сіздерге қарап отырып, құрыштан құйған құдырет бүгін мына ортамызда жиналып отыр Болашақтың өткенінің бағана тарихын көзі көріп кеткен мына Теміртаудың, мына ғасыр тарихын, өзінің дәуірін салып кеткен адамдар отыр. Құрметті ақсақалдар, ардагерлер Ортамыз ортаймасын. Жайнаған дастархан үстінде аман сау кездесе берейік. Асқарға алғысымыз шексіз, сондықтан, рахметімізді де, ризашылығымызды да білдіре кеткеніміз абзал.

Тілекең тойға келмесе, тілін тілекке бермесе ол тойдың сәні келмесі анық. «Асқар және Компания» ЖТС -нің 15.09. 2001. жылы белгілеп өткізген 10 жылдық мерекесінде тойдың қадірлі көптеген қонақтарының ортасында Тілекең де болып, сондағы бір айтқан тілегін қаз қалпында параққа түсіріп мұрағатқа сақтадым.

-Қара құрым қалық алқалы отырып тойлап жатырмыз Бұның өзі ең бірінші заңды дүние. Заңды дейтініміз, мына адамдардың айтып жатқаны барлығы шындық қой. Ананында мынаны да айттық. Біз Теміртауға келгенде барлық



жлқсылықтың бәрін біз үлкен-үлкен өндіріс орындармен байланыстырсақ, бүгін Құдайдың өзі куә. өздеріңіз білесіздер, былтыр Теміртаудың 60 жылдығына байланысты «Тұғыры биік Теміртау- атты кітап шыққанына байланысты сенің есіңде болар. Біреу біледі біреу білмейді біз кітап шығарып. Асқар 452 мыңды менің қалтама салғанда зәрем шығып Қарағандыға әзер жеткенім есімде. Мен талай дүниені көріп жүріп талай жомарттықты, талай мәрттікті, талай мықтыны, талай істерді көріп жүріп дәл осындай мықтылықты бірінші көруім. Одан бұрын қаншама жерге . әкіматқа да барып тауымыз шағылып қайттық. Аманжолға Асқар айтып жүрді. кітап шығарсаңдар мен көмектесем деп. Бұл ертеңгі балаларға берген дүние, ақсақалдарға берген дүниенің бір құндылығын сақтайды. Болашақ пен әдебиетке бергені тарихта жазылады. Ғасырдан ғасырға кетеді. Ал сенің бүгіндері абыройың да осында, қадір қасиетің де осында. Сол себеті біз қай кезде де саған бас иіп, сенің аманшылығыңды тілейміз. Енді ақсақалдар және өзімнің атымнан бір тосты көтеріп қоюға рұқсат етіңіз. Көп рахмет.

Алғыс хат
Қадірлі Тілеукең!

Сіз өзіңіздің барлық саналы ғұмырыңызды халыққа қызмет етуге арнаған адам ретінде танымалсыз. Комбинатта еңбек өте жүріп «Басты капитал-адам» деген ұранды ұстандыңыз. Құрметт демалысқа шыққаннан кейін де

қоғамдық өмірден қол үзбей, қайта оған бұрынғыдан да белсендірек араласып жүрсіз.

Қалалық ақсақалдар алқасы төрағасының орынбасары лауазымында жастарға патриоттық, отан сүйгіштік тәрбие беруде алар орныңыз ерекше. Өйткені металлургтер қаласында осы мақсатта өткізіліп жүрген жұмыстардың басы қасында үнемі сіз боласыз. Қала басшылығы ақсақалдар алқасына жастармен жүргізген игілікті істері үшін қаншама алғыс, құрмет грамоталарын берсе, мұнда алдымен сіздің ғаламат еңбегіңіз бар деп білеміз.

Бүгінгі 70 жасқа толып отырған мерей тойыңызбен құттықтай отырып сізді «Ақсақалдар алқасының құрметті мүшелігі» - не қабылдау туралы хабарды қуанышпен жеткізгім келеді. Қазақ елінің сіз сияқты абыз ақсақалы көп болсын Қарттар - қазына, қартайсаңыз да қатардан қалмаңыз деген ізгі тілегімізді қабыл алыңыз!

Қалалық ақсақалдар алқасының
төрағасы И. Баймұрзаев

Қайнаған сорпаның бетіндегі көбікті алып тастасаң майы қалады. Мұрағаттың қазанын ашып қарасаң осындай олжаларға белшеңнен батасың. Бұл соның бірі ғана.



**Айтылды ақ тілек жылы лебіз. 15.09.2001 ж
«Асқар және Компания»-ға 10 жыл**

Амандықов Ауезбек Қаниұлы
Қалалық ақсақалдар алқасының мүшесі



Амандықов Ауезбек Қаниұлы 4 маусым 1950 жылы Өзбекстан Республикасы. Бұхара облысы, Тамды ауылында дүниеге келген. Әкесі Амандық Қани 1909 жылы туылған, білімі жоғары, ҰОС - ның және еңбек ардагері. Партия және әкімшілік басқару әр түрлі қызметтерде істеген. Зайыбы Амандық Айманкүл 1916 жылы туылған. Еңбек жолын ұстаздық қызметінен бастап ауылдық және аудандық әйелдер ұйымын басқаруымен қатар балаларының тәрбиесі, үй

шаруаларын да алып жүрді. Ауезбек оқу жасына толған соң орта мектептің қабырғасында 1957-1967 жылдары білім алып, 1967-1973 жылдары мемлекеттік ауыл шаруашылық институтын зоо-инженер мамандығы бойынша тәмамдады. Ол 1973-1974 жылдары Совет армиясының қатарында қызмет еткен капитан.

Білімі мен қажыр қасиетіне сенім артқан жас маман алғашқы еңбек жолын Балиманов ұжымында зоотехник жұмысынан бастайды. Талантты азаматтың іскерлігі сол өлкеде жүре келе танылып 1976 - 1977 жылдары аудандық комсомол ұйымының ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісіне көтеріледі. Онымен тоқтамады. Алға басқан қадамы ілгері сүйреген Ауезбек сол жылы қыркүйек айында Тамды аудандық комсомол ұйымының бірінші хатшылығына барып жайғасты. Танымал интеллигент комсомолдан партия ісіне ауысып Жаңа шаруа ұжымының партия ұйымының хатшысына тағайындалды. Қабылетінің парасаттылығын байқаған биліктегілер оны шыңай түсіп 1982-1984 жылдары Ташкент қаласындағы партия жоғары мектебіне жолдама алып оқытады. Оқуын тәмамдаған соң аудандық партия ұйымының ауыл шаруашылық бөлімінің меңгерушісі, Тамды ауданы бойынша Президент жанындағы мемлекеттік бақылаушысы қызметін қолына алды. Аудан әкімінің

орынбасарына да көтеріліп, 1995-1997 жылдары 9жым төрағасының орын тағына жайғасты. Бедел жинаған қызметкер бір орында ұзақ отырмайтыны белгілі. 1997 жылы қыркүйекте Тараз қаласына қоныс аударып, сол жерде шаруа қожалығын құрып еңбектің жаңаша бір түрімен айналысты. Тараз Ауезбектің әулетінің тарихи отаны саналатын жер. Кәсіпкерлік қызмет оларды қызқтыра бастағаны белгілі оны дамыта түсті. Нәтижесі жаман болған емес. Жылдар өтіп жатты. Әлем жаңалықтары босқындар жайлы, көрші мемлекеттер арасындағы көші-қон мәселері жөнінде шуылдата бастады. Ойланып толғанып тоқтамға келген Аужекеңнің ауылы. туысқандары болып Қазақстан Республикасына қоныс аударуға шешім қабылдап көшті. Көш қара металлургияның киелі шаңырағы Теміртау қаласына жетіп тоқтады. Қоныстанды. Квота арқылы жағдайлары толық жасалды. Бұл ортада да Аужекең «Аманай» ЖШС - ін құрып, құрылыс істерімен шұғылданып кәсібін дөңгелентіп әкетті Білімге. қызметке, көші - қон, кәсіп деп жүріп жасының недәуірге келіп қалғанында сезбей қалыпты. 2013 жылы тамыз айында зейнеткерлік демалысқа шығып та алды. Бүгіндері өзі құрған серіктестігінің білдей директоры.

Қызметтік істерде жүрген кездегі нәтижелі еңбегі бағаланып 1980 жылы Москва олимпиадасына қатысатын мемлекеттік топ құрамын басқарып барды. Тараз қаласында Жамбыл облысы бойынша оралмандар ұйымының төрағасы, Теміртау қаласында оралмандар ұйымының төрағасы, Теміртау қалалық Ақсақалдар алқасы төрағасының көші-қон оралмандар мәселесін жауаптанған орынбасары қатарлы қоғамдық қызметтерге белсене араласып келді. 2017 жылдан бастап Ақтөбе облысында өз кәсібін жалғастыруда

Ауезбек аз жылдар аралығында Теміртаулықтарға да танымал болды. Теміртау қалалық Халықтық «Нұр Отан-партиясының мүшес және «Алға» партия ұйымының хатшысы қызметін атқарды. Соңғы жылдары күрделене түскен көші қон мәселесінің құжаттарға байланысты, азаматтыққа тіркелу ісінің машақаты көп істерінен мезі болған оралман ағайындардың өтініш шағымдарын шешу көптеген жұмыстарды іске асырды. Оралман ағайындардың басын қосқан ауқымды жиын өткізіп. сол жиында өзі баяндама

жасады. Ақсақалдар алқасында да беделді қызметкер аталды. Ақсақалдар кеңесінің «Көші-қон, оралмандар мәселесі. жастардың имандылық сауаты, жат ағымдардан сақтандыру» істеріне жауапты орынбасары қызметін басқарды. Өте-мөте оралмандар мәселесіне назар аударып, олардың өтніш тілектерін кеңесте талқылап құзырлы орындарға жазба хат арқылы шешуге ықпал жасап тұрды. Оралман зейнеткерлердің тізімін жасап кеңеске өткізді. Іскерлігімен танылғандықтан ақсақалдар да Ауезбекті құрмет тұтады.

Ақмырза Мереке Бимырзаұлы

Ақсақалдар алқасының мүшесі, ардагер металлург



Ақмырза Мереке Бимырзаұлы 9 қаңтар 1949 жылы Қостанай облысы, Сарыкуль ауданы. Құдық-шілік ауылында Бимырзаның шаңырағында дүниеге келген. 1966 жылы ауылдық орта мектептің 11 сыныбын бітіріп, сол жыл Саратов ауыл шаруашылық институтына оқуға түседі. Кейіннен Сырттай оқу бөліміне ауысады. 1968 жылы Алматыдағы кино-өнер техникумына оқуға қабылданады. 1969 жылы үйленген. Ұлты қазақ. Білімі жоғары. 1970 жылы Қостанай облысы

Қарасурайонында инженер-кинотеатр мамандығымен еңбек жолын бастайды. 1989 жылы райондық Мәдениет үйінің директоры болып тағайындалады. 2001 жылы райондық «За изобилие» редакция газеті ұлттық қазақ тілінде ақпарат жатын тілші жұмысына шақырады. Бұл салада 2004 жылға дейін еңбек өтілін табысты жалғастырады. Жыл соңына қарай семья жағдайына байланысты Теміртау қаласына қоныс аударады. 2005 жылдан бастап пенсия жасына дейін қалалық Сәулет құрылыс саласында қазақ тілі - аудармашысы қызметінде істейді. 2011 жылы зейнеткерлік демалысқа шығады. жылы қалалық ақсақалдар алқасы төрағасының орындарына сайланады. Ақсақалдар алқасының салт-дәстүр, әдет ғұрып. жастардың ұлттық тәрбиесіне көңіл бөлу ісіне жауапты іс шараларды жауаптанып қызмет етті.

Балалық шағы «Қос тана»- ның шұрайлы шүйгін өлкесінде өтті. Бұл дегенің кең алқаптағы жайқалған астық-алтын дәннің ортасы, ауыл баласының ат тақымдап жарыс салған даласы. Күні бүгінге дейін бақ дәулеті тасып, байлығы асып, дән-дақылымен елімізде дараланып тұрған елді мекен. Сол алтын дәннің қасиетті дәмі әлі аузынан кетпеген Ақмырза Мереке бүгінгі таңда қалалық ақсақалдар алқасының 2011 жылдан бері белді мүшелерінің бірі. Қоғамдық іске келгенде бойына қуат бітіп байыз таппай әбігерге түсетіні бар. Санасынан шыққан сүбелі сөзді төтесінен тұрып жіберетіні тағы бар. Негізі турашыл адам. Кеңестің күн тәртібіндегі жоспарланған іс-шаралар және негізгі жұмыстарды межелі уақытында орындауға, жастар тәрбиесі, ұрпақтар болашағына үлгілі үлес қосуға белсене қатысты. Халық арасында және өскелең ұрпақтарға салт-дәстүр, әдет-ғұрып, мәдени мұраға байланысты іс-шаралар ұйымдастыруға көңіл бөлді Табиғатынан іскерлігі бойына дарыған Бимырзаұлы Мереке ақсақалдар алқасынан байланысын үзген емес. Оның дәлелін суреттер саяхатынан толық көруге болады.

Мерекенің ұлы атасы 1929 жылы Қазақ елінде қолдан жасалған ашаршылықтың кезінде уланған бидайды асқа керектеніп соның салдарынан отбасымен көз жұмып, әкесі Бимырза 7 жасында жетім қалады. Ағайындары қолына бағып қағудың арқасында оқу оқып азамат болып ұстаздық салада еңбек етеді. ҰОС басталғанда фронтыға аттанып 1944 жылы 22 жасында заңиптың күйін кешіп қайтып оралады. Елге келген соң бас құрап үйлі баранды болған бір қыс ортасында Мереке дүниеге келеді. Сол отбасында Құдайға шүкір 5 ұл 2' қыз өмірге келіп әкелерінің атына кір келтірмей өседі.

2004 жылы Теміртау қалалық ақсақалдар алқасының төрағасы Мұқатай ақсақал жолығып: Ертең сенде ақсақал боласың деп 60-тағы Мерекені қасына алады. Ақсақалдар, жұмыс барысы жайлы газеттерге ақпарат жазу, аударма ісімен айналысу жұмыстарын сенімді атқарды. Ілияс ақсақалдың тұсында мүшеге ілеседі Асылхан ақсақал болған тұстарын Мереке ақсақал былай еске алады:

-Асылханның бастапқы құрған қызметкерлерінің құрамы күшті болды. Кеңес мүшелері бәрі білімді. өте жауапты, құлшынып жұмыс жасады. Бірақ соңынан. Сәл үзілістен соң әңгімесін қайта өрбітіп:

-Құдайға шүкір қазір жұмысымыз жанданып келеді. Алға қойған іс-шаралар көп. Өз тарапымнан: 1-ші мұсылмандар зират басын дұрыстау. 2-ші ақсақалдар қаладағы мешіттердің имамдарымен қоян қолтық жұмыс жасау, 3-ші Қалалық және ақсақалдардың қоғамдық іс - шараларына белсене қатысу, 4-ші Ақсақалдар өзіміз әр салада үнемі алда болу қатарлы ұстанымдарды алға қойдым деп сөз түйінін қайырды. Арда ақсақалдың отбасында 1 ұл 1 қыз өсіп ержетті. 7 немере, 1 шөбере сүйіп бақытты тұрмыс кешіп отыр.

Ақмырза Мереке Бимырзаұлы мемлекеттік және қоғамдық іске 42 жыл табысты еңбек еткен өтілімен өзін бақытты ақсақал санайды. Оған біз де келіседі екенбіз. Нәтижелі еңбегінің жемісін бағалап Қазақстан Республикасының "Мәдениетке еңбегі сіңген қызметкер", «Ветеран кино», - Кино саласының еңбегі сіңген қыметкер көптеген алғыс хат, мақтау қағаздарымен марапатталды. Қоғамдық бірлестік қатарындағы еңбек өтілі 11 жылды меңзейді.

Ботанов Қасымхан Ертайұлы

Ардагер металлург. ақсақалдар алқасының мүшесі.

ҚР-сы жазушылар одағының мүшесі,

Теміртау қаласының бас ақыны



Бас ақынның өмір жолы Теміртаулықтарға ежелден таныс. Қайталай берсек дәмі кетіп сөлі қатып әсілі ағайындар жақтыра бермес дегендіктен туындаған ойымды жиыстыра отырып 2001 жылы 15 қыркүйекте аталып өткен «Асқар және Компания» ЖТС-нің 10 жылдық мерекелік тойында бас ақынның өлең жолымен толқыған ойын тербеп өткен сәтіндегі тілек шумағын тарихи парақ бетіне мұрағаттап сіздерге ұсынып отырмын.

Келер заманың керім болсын.
Бірлігі бұзылмас елің болсын.
Тұнығы шайқалмас көлің болсын.
Құлан мен қойы қосылып жайылған.
Шөбі де шүйгін жерің болсын.
Шынтақтап жатып шежіре шертетін,
Ақсақалдар шығатын терің болсын.
Әріптестердің арасында, сертің берік сенім болсын.
Ақсақалдар қонаққа келгенде,
Алдыңнан шығар келін болсын. Әумин!

Бас ақынның шығармашылық жолынан өткен талай өлең жырлары болатпен бірге қайнап, құрыштай қатайып Теміртаудың аспанында қалқып тұр Құлаққа жағымды жүрекке қонымды болғаны соншалық әрбір мереке. іс-шаралар бас ақынның өзі қатысып жыр толғауын арнамайынша басталмайды Дәуірнама дара тұлғаларын алма кезек дүниеге осылай әкеліп тұратыны адамзат баласына беймәлім құбылыс. Жұлдыздай жарқырап шыға келген сәтте ғана жанынан табыласың.

Ботанов Қасымхан ақсақалдың маңдайына біткен «Тылсымы» тек шығармашылық жолы ғана десек сыңаржақ



**Бас ақын Ботанов Қасымхан
Ертайұлының жыр
толғаусәті**

пікір бопады. Қоғамдық ортада қызметтермен де айналысып қоғам сала сына үлесін қосуда Тұнар басынан ақсақалдар алқасының құрылтайшыларының бірі болған. Аяғынан тұрғызып ақсақалдармен бірігіп қоян қолтық жұмыс жасағам Осы төңірегінде ғана әңгімеміздің желісін аяқ датсақ сол да жеткілікті Егделік пен егесіп еңсесін

тік ұстап 73 мүшелді желкелеп. бойдан қайрат кеткенше. алға сүйреп арманы, қатарда жүр ағамыз. Аман болып тіл көзден сарқылмасын қуаты.

Сарсекенов Эрнст Нуркашұлы

Спорт саласының құрметті азаматы, ақсақалдар алқасының мүшесі



Сарсекенов Эрнст 9 сентябрь 1936 жылы Батыс-Қазақстан облысы Казталовск районы Қазталовск ауылында туған. Әкесі Нуркаш Нигметович 1941 жылғы соғысқа аттанар алдында жанұясын және туысқандар отбасын Булат совхозына қоныс аударып, осы өңірде қауыпсыз тыныш өмір сүресіндер деп орналастырып кетеді. Бірақ сол жанұядағылар тыл еңбеккерлі санатында қала береді. 1955 жылы Эрнст Н.С орта мектепті бітірген соң Алматыдағы КазГУ - дың экономика факультетіне документ тапсырады. 1960 жылы институтты тәмамдап Қазақстан Магниткасы құрылысына қомсомол жастарының путевкасымен әйелі Бигайша және бір жасар ұлы Маратты алып Теміртау қаласына ат басын тірейді. Осы сәттен бастап оның еңбектегі өмір жолы Теміртау қаласымен тығыз байланысты болуымен қатар жемісті еңбегінің арқасында мемлекеттік және қоғамдық салада талай рет биіктен көрініп абырой атағы көтеріледі. Сый сияпаттардан егде болған емес Спорттық салада өзін шыңдап жоғары деңгейден көрінеді. 1966-1970 жж қалапық мәслихатқа депутат. 1978-1980 жж және 1980-1982 жж Гагарин РК КПК, Теміртау қалалық бақылау тексеру комитетінің төрағасы қызметін атқарады. Мемлекеттік саяси ісіне де араласып 1989 жылдары Қазақстан магниткасының көптеген өндірістік салаларында партия секретары болып іс басқарды. Жалпы 55 жыл уақытын Теміртау қаласының өркендеп жетілу жолына жұмсаған адам. 2017 жылы қалалық ақсақалдар алқасының ұсынысы бойынша Қазақстан спортына еңбегі сіңгені үшін «Құрметті еңбек саңлағы» атағына қол жеткізді. Қажырлы еңбегі елеусіз қалмады. Эрнст С.Н За доблестный "Ветеран труд" медалдарымен және ЦК КПСС-тің құрметті грамотасы». мемлекеттік көптеген грамота, алғыс

хаттарымен марапатталды. Қызметтегі лауазымы, марапаттарын түгелдей тізіп жазу мүмкін емес. Соңғы жылдары ақсақалдар алқасының бақылау тексеру комиссиясын басқарды. Ардагер металлург, абыз ақсақал, қазыналы қарии атанған біздің құрметті аға буынымыздың бірі. Ұзағынан ғұмыр тілеп ортамызда аман сау жүре беруіне тілектеспіз.

Досмухаметов Амангелді Хамитұлы

Ардагер металлург, ақсақалдар алқасының мүшесі



Досмухаметов Амангелді Хамитұлы 10 шілде 1945 жылы Ресейдің Оренбург облысы Орск қаласында өмірге келеді. Бөгденің жері Орекеңнің өңделген топырағына кіндік қаны тамса да сәбидің нәсілі қазақ. Сол өлке сол отбасында қошақандай момын балғын жас Амангелді есейді. Адам болды. Қатарынан қалмай орта мектепті де оқып 11 жылдық білім алып шықты. Майдангер әкесінен аумай өскен ұлы да сайдың тасындай ержетіп жанұяның тірегіне айналды. Отан қорғау азаматтық борыш алда тұрды айы - күні жеткендей дабылын қағып. 1964-1967 жылдары оны да атқарды өмір жолынан ысырып. Ендігі кезекте тұрды бейбіт отанның бұйырған бір өңірінің пұшпағындағы еңбек майданы. Ол қандай майдан екенін, қай өлкеден меңзе летінін, адам білмес өмірдің сан алуан көп соқпағын тек Алла ғана біледі. Елде көп ермек іс білгің келсе аттан түс деп ген күндердің бірінде ел құлағы елу емеспе, естіген ол құлақ сорлыда не жазық, сүйіншіге лайық бір хабар талып жетті ау алыстан.

- «Уа халайық! Менде бар айтар жаңалық. Қазақстан елінде дәл орналасқан төрінде Теміртау деген шаһарда Қара Металлургия Зауытының құрылысы салынып жатқан көрінеді. Өндіріс ісіне жұмыс күшін жинап жатыр дейді. Сол дүбірлі өлкеге барғанда арманда бармағанда арманда»- деп жар салыпты Тәңірі тілеуін бергір бір пақыр.

1967 жыл. Хабаршыға құдайдай сенген Амангелді жергілікті басқару жастар билігінен Теміртауға бағытталған комсомолдық жолдаманы қойнына салып Қазақстан магниткасы қайдасың деп тартып отырды. Жолы болғыш жігіттің жолында жеңгеден де басқа тосын сый тұрады емеспе. Жаратқан Ием жолымды оңғарып сәтіне қарай бұра көр деп сыйынып келген Амангелді еш тарықпастан

• Қазметаллург строй» құрылысының жалпақ қаңылтыр мрoқаттау цехына бетоншы болып жұмысқа орналасып ұлгереді. Осы сәттен бастап алғыр азаматтың металлург саласындағы еңбек жолы басталады. Иә. Жүріп өткен ұзын сонар 46 жыл ширек ғасыр артта қалды.

Амангелді бұрылып артыңа сол жолыңа бір қарашы. Көз ұшында аспан жиегі сағымы ойнаған сарыарқа даласын көктей өтіп мұнартып, жанарың әлсіреп талғандай болып бұлдырап барып-барып жетеді. Асу-асу белден өттің, аса бір соққан желге төздің. Сен ғана емес сен қатарлы ондаған мыңдаған жастар осы соқпақпен келді, осы соқпақпен жүріп өтті Біле білсең Теміртау халқының өмірі бір бірімен өте тағдырлас. Ендеше ғұмырнамаңды мен айтайын сен тыңда!

Кәсіби білім алу арқылы тұрақты жұмыс істейтін мамандыққа қол жеткізу ең тиімді жол. Оқуын кешкі мектептен бастаған Амангелді 1971 жылы Теміртаудағы химия-механикалық техникумының электр жабдықтары мамандығын оқуға түседі. Алып өндіріс үшін жұмысты нәтижелі болып кетуге бұндай мамандар да ауадай қажет. 1973 жылы оқуын ойдағыдай озаттар қатарынан тәмамдаған Амангелді бір жылдан соң өндірісті сумен қанымдау насос станциясына

аусым бастығы болып тағайындалады. Комбинатты одан қалды қаланы сумен қанымдау және жабдықтау үшін құрылған бұл жүйе қомбинаттың тірлік көзінің бірі саналады.

жауапкершілігі өте ауыр сала. Су қоймасы саналған Самарқанд бассейінін толтыру үшін Қарағанды - Ертіс каналы тартылғаны осының дәлелі.

Ширақ азамат басқару ісіне төселе түсті. 1979 жылы цех бастығының орынбасарына, 1990 жылы цех бастығына көтерілді. Ісі мен іскерлігіне сүйенген талай жастарға қол ұшып беріп маңайына топтастыра білді. Бұл да заман талабы еді. Қаныңда тұр ғой айналып ұлттық намыс. Алға басқан

жұмыстан кінәрат таба алмаған басқарма билігі жігіттерді шарасыз осылай жауапты істерге көтермелеп бекітіп тұрады. 1995 жылы Карметкомбинат инвесторлардың билігіне өтіп Амангелді комбинаттың Энергожөндеу цехы бастығының орынбасарына тартылып тағайындалады. Беделдің бекіп жоғарылауы, ұстанымның қатайып қалыптасуы бастық адамды шыңыраудың биігінен көрсететіні шындық. Қалыпты жұмыс апатсыз өндіріс алға басқан шаруаны көріп қанша масайрап жүрсеңде көңілде күдік жүрегінде қобалжу үнемі қоса жарысып отыратыны бар. Ол нарық қыспағы. Елбасының көрегендігінің арқасында Үндістандық инвесторлардың салымы Теміртау магниткасы ордасын аман сақтап қалды. 1990 жылдары 40 мың жұмысшысы бар алпауыт қомбинат бүгінгі таңда 15 мыңнан аспайтын шаруа күшімен аяқтанып тұр. Білікті маман тапшылығы әлі де алаңдататыны шындық. Тоқсаныншы жылдар қарсаңындағы өндіріс басқаратын бастықтардың негізгі идеясы жанұясынан көрі мемлекет ісіне басым көңіл бөлетіні айқын сезілетін. Соның дәлелі ретінде шынайы еңбегінің нәтижесі бағаланған Амангелді, Қазақстан Респубикасының ҰОС «жеңісінің 20 жылдығы» (1966), «За трудовую доблесть» (1989) медалдары мен наградталды. Және көптеген гармота, мақтау қағаздарымен сыйланды.

Атан болып алпыс күн бек жүргенше алты күн бура болып бұрқылдашы деген бабалардың өсиеті адамзат баласының жігерін қайрап алға сүйреуші еді. Бұрқылдатудың бұйрық басудың пайдасы әр істі алға жылжытудың бір құралы іспетті болғанын қоғам да тарих та жасыра алмайды. Комбинаттың өнім сапасы жақсарып экспорттық сауда кең халықтың тыныс тіршілігі оңалып қаланың көркейіп дамуына дарынды Амангелді сияқты өжет азаматтардың үлесі орасаң Тебінді азамат ақсақалдар қатарына жетіп қалғанын сезген. 2009 жылы кейінгі іскер азаматтарға ақ жол тілеп орын тағын ұсынып пенсияға шықты. 2002 жылдан бері ақсақалдар әлқасының мүшесі. Бөгде елінде сұлтан болғанша өз елінде ұлтан бол депті ғой баяғыда бабаларымыз еселеп ескертіп айтып! Бүгіндері Амангелдінің туған туысы. жанұясы, ұрпақ жұрағаттары ұзын сонар әулет құрап Теміртау қаласында

тұрып жатыр. Бес баланың әкесі. Немере шөберелдің ортасы. бай қуатты бақытты өмірдің сән салтанатты қызғын көріп жатқан жайы бар Бас аман болсын Амангелді ақсақал.

Кенжебеков Мұрат Ұранбайұлы

Ардагер металлург. ақсақалдар алқасының мүшесі



1948 жылдың қоңыр күзі 20 қыркүйектің балбыраған бір күні Қарағанды облысының Балқаш қаласындағы қарапайым отбасында Мұрат есімді перзент өмірге келеді. Ұлты қазақ. Әкесі Кенжебеков Ұранбай ҰОС-ның ардагері, 1925 жылы туылған. Балқаш құрылыс трестісінде үй төбесін қаңылтырлап жабушы жұмысымен айналысқан. 1993 жылы дүние салды. Уранбайдың шаңырағында 5 бала дүниеге келіп өсіп өрбіді. Өрімтал Амангелді 1956 жылы Балқаштағы Абай атындағы орта мектепке оқуға түсіп 1967 жылы үздік бітіреді. 1967-1969 жылдары Кеңестік армияда міндетін атқарды. Армиядан қайтып оралған соң 1970 жылы Балқаштағы СЖБЗ мекемесінде еңбек жолын ағаш шебері оолып бастайды. Тағдыр не жазса солай бағыт түзейтін жастағы Амангелді 1970 жылы желтоқсан айында комсомол жолдамасымен Теміртау қаласындағы ВТУЗ жоғары оқу орнының дайындық бөліміне оқуға келіп түседі. емтихандарынан сүрінбей өтіп инженер-құрылысшы мамандық факультетіне өтеді. 1973 жылы күндізгі аусымды кешкі оқу бөліміне ауыстырып Карметкомбинаттың құрылыс-жөндеу цехына жұмыскер болып орналасады. 1977 жылы бастығының өндіріс ісін жауаптанған мастері. аға мастері. цех бастығының орынбасарына дейін сатылы жолымен көтеріліп тағайындалады 1998 жылдан бастап 2010 жылдың желтоқсан айы аралығында. АО Арселор Миттал Теміртау, құрылыс-жөндеу жабдықтау цехының бастығы лауазымын ойдағыдай атқарып зейнеткерлік демалысқа шығады. Бірнеше дүркін қалалық және комбинат әкімшілігінің алғыс хаттары. мақтау қағаздары мен марапатталды. Комбинат

ардагері. Халықтық "Нұр Отан" партиясына мүше. 2014 жылдан бері қалалық ақсақалдар алқасының мүшесі.

Жұбайым Кенжебекова Манар Ахметовна 1953 жылы туылған. 1973-2009 жылдары АО Арселор Миттал Теміртау, электрмен жөндеу цехында еңбек өтілін өткізген. Бүгіндері құрметті демалыста. Екі қыз дүниеге әкелді. Қызы Сәуле: 1974 жылы өмірге келген. АО Арселор Миттал Теміртау, ГИВЦ сапасының жетекші инженер - программист болып істейді. Қызы Айгуль: 1976 жылы өмірге келген. АО АрселорМиттал Теміртау, комбинат басқармасында еңбек ақы бөлімін жауаптанған жетекші бухгалтер болып жұмыстайды. Бақытты отбасылар бал дәурен өмір кешуде.

Бактаев Сағындық Мұсатайұлы

Ардагер металлург, ақсақалдар алқасының мүшесі



Қаңтардың аязы әлсіздеу түскен күннің сәулесіне қарсы шағырайып, тау тас. ормандағы күллі өсімдік ақ сүмбіге оранып, ауытқып әр бағытқа бората соққан қарлы боран шығыстың шалғай өлке шар тарабын әбігерге бек салатын табиғаттың алты ай қатаң мезгіліне Шығыс Қазақстанның жаны мен малы әбден бойы үйренген. Сондай бір күн яғни 14 қаңтар 1940 жылы Шемонайха елді мекенінде Мусатаевтің

шаңырағында бір сәби періште жарық өмірге жол ашып кіндік қаны тамып жатты, Аяғы ауыр келіннің ащы толғағын зарыға күткен жанұядағылар іңгәлап туған сәбидің іңқар үні естігенде елжіремеген жүрек егілмеген жан қалмады Сәбидің кіндігі кесіліп құндақталғанының арасында періште ұлға Сағындық деген ат қойылып та үлгерді. Міне сол Сағындық 6 жасқа толды. Ата анасы жұрт ауыстырып Теміртауға ат басын тіреді. 1946 жылдан бері Сағындық осы қалада тұрып келеді. Сағындық есю қаладағы №11 орта мектептен оқу жолын бастайды Оқудан соң 16 жастағы бозжігіт еңбекке араласып кетеді. 1956 жылы орта автобазаның механик цехында токарь станогінің жонұшысы

болып орналасып сол орнында тапжылмай 9 жыл жұмыстайды. Абыройы асқақтап даңқы жер солқылдатқан Қазақстан магниткасына жиналған еңбек күшінің басым бөлігі жастар. Жұмыстан соң сауық кешіне, ән сүйерлер өнер үйірмесіне қатысып, әр ұжым мекемелер жекеленіп концерттік бағдарламалар жасап. көркем өнерпаздарының өнеріне сүйене концерттік кештер өткізіп одан да асып қалалық, облыстық, республикалық деңгейдегі байқауларға қатысып жүлделі қайтатын. Сол жылдары Теміртаудың жас металлургтерінен тұратын хор құрамында 40-50 әуесқой өнерпаздар болды. Олардың даңқы Қарағандыдан асып Алматыға жетіп жатты. Бақтаев Сағындық, Күлпаш Стамқұлова, Жаман Таймағамбет, Күлтай Таймағамбет, Сара Назарбаева, Смағұлов Тілеуберді сияқты әуесқой әншілер қала халқына танымал болған еді. Бұл жетістік жастардың жұмыстан бос уақыттарын бос өткізбеуіне арнайы ұйымдастырып отыратын мемлекеттің саяси нәтижелі шараларының бірі болған.

1965 жылы кешкі аусыммен оқитын орта мектепті ойдағыдай тәмамдаған Сағындық Алматыға жүріп кетті. Мақсаты КазГУ-дың тарих факультетіне түсу еді. Сынақтан жолы болмай тұйықта қалды. Ойлана келе Қазақ мемлекеттік би ансамбліне барып бағын сынамаққа үміті жетектеп да барды. Бұл түйінге келуінің өзіндік себебі бар. Теміртауда көркем өнер үйірмесінде жүрген кезде Алматыдан келген Каз ССР еңбегі сіңген өнер қайраткері Бақытжан Байқадамов хор әншілерімен бір ай бойы жұмыс жасаған болатын. Сағындықтың тенор даусын ол кісі ерекше бағалап кәсіби әнші болу мүмкіндігін ескертіп осы салада білім алуына кеңес бергені бар. Екі күн бойы ән айтқызып сынап баққан әділқазылар алқасы оны бірден хор әншісі деген жұмысқа қабылдайды. Тарихшы болудан талабы қайтса да театр сахнасы құшағын ашып бозбала Сағындық әншілер мен бишілердің жайнаған шоқтай жалын атқан ортасына сүңгіді де кетті. Бұл өнер ұжымы көбінесе гастрольдық сапарларда Қазақстанның бүкіл елді мекендерін аралайтын. Шетел Қиыр Шығыс. Волга аймағы.Уфа, Москва қалаларында өнер көрсетті. Өкініштісі әншілік өмірі екі жылдан аспады. Науқасқа шалдыққан әкесінің жағдайына бола ансамбльден біржола

босап Теміртауға кері оралды. Келісімен комбинаттың орталық электротехникалық лабораториясына электрик болып жұмысқа орналасты. Қалалық химия-механикалық техникумды оқып тәмамдап техник-электрик мамандығына қол жеткізеді. Ары бері сапарлатып жүре беруден әбден жалыққан ол осы цехта инженер-электрик мамандығы бойынша табаны 39 жыл тапжылмай еңбек етті. Цехтың кәсіподақ комитетінің төрағасы қызметін 11 жыл бойы қатар алып жүрді. Бұл кәсіподақ В.П.Шетинин басқарған бас энергетик бөліміне қарасты еді. Комбинат қатарында да көркем-өнерпаздар үйірмесі жұмыс істейтін. Сағындық ол ұйымның да белгілі және белді әншісі атанды. 2005 жылы құрметті зейнеткерлікке шығып ардагер металлург дәрежесіне ие болды. 1968 жылы үйленген, 1975 туылған Асқар деген бір баласы бар. 2013 жылдан бері қалалық ақсақалдар алқасының мүшесі.

Мінезі сабырлы, қауымшыл, жинақылыққа бойы қалыптасқан ұқыпты, әрбір іске өте байыппен қарайтын жауапкерлігі жоғары, жұмыс бабында тақауыр талапқа сүйенетін қызметкер болды. 1958. 1960 жылы комсомолдың 40, 43 жылдығында 2 рет. 1961 жылы жеңіс мерекесіне орай алғыс хаттарымен, 1971, 1978 жылы металлургтер мерекесіне қатысты құрмет грамотасымен, 1976 жылы өндірістік саладағы жұмысының жоғары және белсенділігін бағалап ДНД алғыс хаттарымен марапатталды.

Ордабаев Бірлікбай Кемалұлы
Ардагер металлург



Ардагер металлург арда ақсақал Ордабаев Бірлікбай, ақсақалдар алқасының тұнар басынан ат ізін салысқан құрылтайшыларының бірі Қоғамдық бірлестігі төрағасының орынбасары қызметін атқарған. «Магнитка- Ансамблінің жетекшісі Еңбек жолы ақсақалдар алқасымен тығыз байланысты болған Осынау игі істерге жан тәнімен араласып еңбегі

сіңген қария. Бүгінгі таңда қалалық қоғамдық ұйымының мүшесі, «Құрыш қала KZ» редакциясының атқарушы директоры. Бір сөзбен бірегей өмірін суреттеп айтар болсақ ащы құйқаны өзгемен де бөлісіп жеп дәмін татқан жанның бірі. Иә. Тұяғы бүтін тұлпар, қанаты бүтін сұңқар да болмапты ғой зар замандары.

Ордабаев Бірлікбай Кемалұлы 25 қараша 1940 жылы Алматы облысы. Жамбыл ауданы. Сергеевка ауылында әлемге әдемі әуенімен іңгасін қоса дүниеге келген екен. 8 жасында ауылдағы мектептің босағасын аттап 1-сыныпқа оқуға түседі. 1952 жылы Алматы қаласындағы жетім балаларға арналған интернат-пансионға жайғасып №12 орта мектепте білімін жалғастырады. 1958 жылы орта мектепті күміс медальмен бітіріп, Кеңес Одағының астанасы Москва қаласындағы «Болат және қорытпалар» институтына жолдама алып, өр астананың өлкесінде қой бастаған серкедей алдыңғы сапта жүріп 1963 жылы тәмамдап инженер-металлург мамандығының толық иесі атанып шыға келеді. Еліне оралған жас маман ғылыми қызметке ден қоя бастады. Қарағандыдағы ХМИ орталығында 1963-1966 жылдары ғылыми қызметкер бабында жұмыстап тұрып 1966-1970 жылдары Украинаның Донецк қаласындағы политехникалық институтта ғылыми зерттеуші, Енакиеводағы металлургиялық заводта ЦЗЛ-дің топ басшысы болып, қатарынан озған қазақ жігіті толықсыған шағында төбе бидей төрде орекендермен бірге қоян қолтық іс атқарды Шын жүйрік өрге шапса өршеленеді деуші еді бапкерлер. Өнерінің шарықтау жолына бет алған Бірлікбай 1970-1972 жылдары Москваның «Болат қорыту институты»-на қайта ат басын бұрып аспирантурада оқиды. Өкініштісі ден саулығына байланысты ол оқуды өмір жолынан сызып тастауға тура келіпелге оралады.

Анадан туған сүт мінез-ақыл айтсаң көнбейсің. Алладан ажал келмесе ауырсаңда өлмейсің. Бөгденің жерінен тапқан ақаулық өз еліне келіп шипалық болғаны соншалық 1972 жылы Теміртауға тізгін тастаған Бірлікбай Карметкомбинатқа конвертор цехының болатшысы ретінде қабылданып жұмысын жалғастырады. 1991 жылға дейін осы цехта тастай батып еңбек етті табжылмай 19 жыл. Еңбек майданы

махаббат майданын шақырып алатыны ежелгі құбылыс. 1974 жылы бас құрады. 1978 жылы жұбайы жайлап жүріп бір торсық шеке ұл серік етіп сыйлады. Ұлы: Ордабаев Марат Бірлікбайұлы. Білімі жоғары. Мамандығы инженер-энергетик. Қазіргі таңда АО «Арселормиттал» оттегі цехының учаске бастығы. Екі немересі өсіп келеді. Жұбайы Ордабаева Нескен Қабдешқызы Білімі жоғары, инженер-экономист. Зейнеткерлік демалыста.

1983-1986 жылдары Үндістанның Бхилаи қаласындағы металлургиялық зауытында шетелдік командировкада жанұясымен бірге болды. Командировкадан оралған бетте 1991-1994 жылдары «Омсагропромдорстрой» учаскесінде басшылық қызмет атқарды. 1994-2000 жылдары Теміртау қаласындағы КазГИПРОМЕЗ филиалында бас маман қызметін басқарды. 2000-2002 жылдары КарМетИ-де «Металлургия стали» кафедрасының зертхана меңгерушісі, әкімшілік-шаруашылық жөніндегі проректоры қызметіне жетекшілік етті. 2002 жылдан бері Теміртау политехникалық колледжінде студенттерге арнайы пәндерінің оқытушысы яғни ұстаздық ісіне үлесін қосып келеді.

Ахметов Сабитжан Хамитұлы

Ардагер металлург, ақсақалдар алқасының мүшесі



Ахметов Сабитжан Хамитұлы 20 сәуір ай 1948 жылы Қарағанды облысы, Нұра ауданы, Киевка елді мекенінде туылған. Ұлты қазақ. Білімі орта. Мамандығы техник-строитель. 1982 жылы Теміртаудағы құрылыс техникумын оқып бітірген 1968-1970 жылдары армия қатарына шақырылып отан қорғау міндетін атқарады Отан қорғаудағы жауынгерлік міндетін жақсы

атқарғаны үшін В.И.Лениннің 100 жылдық мерекесіне орай құрмет грамотасымен марапатталды. 1970 жылдан бастап Киевкадағы ПМК-1013 мекемесінде құрылысшы болып жұмыстайды.

1972 жылы Қарағанды Центрсоюз кооператив институтының экономика факультетіне оқуға түседі. Өкінішке орай 8 ай оқуын

жалғастырып больницаға түсіп қалады. Ақыры институтпен қоштасуға тура келеді. Ауылға оралған бетте Киевқадағы райондық байланыс жүйесіне байланысшы-монтер қызметіне орналасады.

1974 жылы шаңырақ көтеріп бас құрайды Отбасы жанға толып бір ұл, бір қыз дүниеге келеді. 1975-1977 жылдары Жаңа-арқа ауданы атасу кентіне қоныс аударып Мехлесхозда техник-табиғат қорғаушы қызметіне тағайындалады. 1977-1982 Теміртау қаласындағы металлургия комбинатының синтетика-каучук зауытына дежурный аппаратчик болып жұмысқа тұрады. Жұмыстан тыс уақытында Құрылыс техникумының кешкі оқу бөліміне оқуға тіркеліп мастер-техник дипломын алып шығады. Осыдан кейінгі еңбекке араласқан өмірі Карметкомбинатпен тығыз байланысты болады. ЛПЦ бөлімінде аппаратчик. Коксохимпроизводстваның кемірмен қанымдау цехында жөндеуші-слесарь болып жұмыс жасады.

2010 жылы комбинат ардагері атағына иелік етті. 2012 жылы құрметті еңбек демалысына шығады.

Искакбеков Асет Мұқашұлы
Ақсақалдар алқасы төрағасының орынбасары



Искакбеков Асет Мұқашұлы 1946 жылы май айының 14 жұлдызы күні Ресейдің Омск облысы, Одесский районы. Қаржас ауылында туған. Ұлты қазақ. 1973 жылы Қарағанды Кооператив институтының Б 41 группасын бухгалтер-экономист мамандығы бойынша тәмамдайды. Оқуын бітірген соң Павлодар облысының Баян-ауыл елді мекеніне жолдама мен барып Райпотребкооперациясына бас бухгалтердің орынбасары қызметіне орналасады. Қызмет саласында Қарағанды облысының Потребкооперациясының әр саласының лауазымды қызметтеріне тағайындалып жемісті еңбек етеді. 1981-1997 жылдары Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігінің Қарағанды облысындағы филиалында экономист, бөлім басшының орынбасары лауазымында табысты қызмет атқара жүріп бас билік шешімдері бойынша Қарағанды қаласының райгоротделінің қаржы саласының орынбасары. және Темір-

тау қаласының қаржы бөлімінде жұмыстар атқарды. 1997-2011 жылдары Еңбек Министрлігінің халықтың еңбегі және әлеуметін қорғау қалалық ГЦВП бөлімінің бастығы қызметіне тағайындалды. Қазіргі таңда зейнеткерлік демалыста. Табысты еңбек өтілінің арқасында «СССР 9-шы 5 жылдық ударнигі, бірнеше дүркін Қарағанды облысының райгоробламинистрациялық грамоталары. Қазақстан Республикасының Қаржы Министрлігінің грамотасы, Қазақстан Республикасының халықтың еңбегі және әлеуметін қорғау Министрлігінің грамотасы. Қазақ ССР Білім және Қаржы Министрлігінің 50 жылдық юбилейінің медалы, Қазақстан Республикасының халықтың еңбегі және әлеуметін қорғау Министрлігінің және ГЦВП-ің ағарту ісінің 10 жылдық юбилейінің медалы, Қазақстан Магниткасының 50 жылдық юбилейінің медалы, Қазақстан Республикасының Президентінің «Алғыс хаты»-мен, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 20 жылы» медалы қатарлы жоғары сыйлықтары мен марапатталды. 2011 жылдан бастап филиалы НАО «Мемлекеттік корпорация «Правительство для граждан» Департаменты «ГЦВП» ардагерлер кеңесінің төрағасына сайланды. 2017 жылдың тамыз айының 16-нан бастап Теміртау қалалық Ақсақалдар алқасының төрағасының қаржылық ісін жауаптанған орынбасарына сайланды.

Темиргалиев Джексенбай Даулетұлы

Ақсақалдар алқасының алғашқы құрылтайшысы. алқа төрағасының орынбасары, заңгер-кеңесшісі, ақсақалдар алқасының құрметті мүшесі



Дарынды азамат Джексенбай оқуын тәмамдап заңгер дипломын қолтықтап еңбекке араласқан сонау жылдарынан бері бүгінгі таңға дейін Кеңестік дәуірдің бұлтартпайтын коммунизм саясатының бағыт бағ-

дарын басып өтіп, жаңару қоғамның аясында Қарағанды қаласының МВД және ГСК органдарында ұзақ жылдар бойы заң саласында лауазымды қызметтер атқарып келді. Бүгіндері зейнеткерлік құрметті демалыстағы ардагер ақсақал. Ұлттық сана сезіміне берік сүйенген, тәуелсіз елінің ірге тасының берік қалануына білімі мен әрекеттері арқылы тиесілі үлесін қосқан қайсар қайратты тулғаның бірі. Мемлекетке сіңген еңбегі, сол еңбек жолындағы еліміздің заңының әділдігі мен тұрақтылығына сіңірген жемісті істерін қарапайым шаруаға балап әшкеріп айта алмасақ та нелер ю қимыл табыстарына куә боларлық дәлелдерді алға тартуға әбден болады.

Джексенбайдың Теміртау қаласына ат басын тіреп еңбекке араласқан сол тұстары қазақтардың жалпы саны хапықтың небары 3% ғана құрайтын. Санының аздығы бола тұрса да патриоттық сезім, ұлттық рухы жоғары болғаны соншалық қоғамдық іске белсене қатысатын еді. Сол істің басы қасында Джексенбай да болған. Ол бұл турасында былай сыр шертеді.

2002 жылы Теміртау қазақтары жиналып қоғамдық ұйым құрдық. Қазақ халқының ұлттық салт дәстүрін келер ұрпаққа жеткізу үшін «Ақсақалдар алқасы» қоғамдық ұйымды дүниеге акелдік. Міне осы Ақсақалдар алқасының төраға орынбасары

болып мен сайландым. Сол кезде кеңес мүшелерінің маған жүктеген міндеті: «Қоғамдық бірлестіктің «Жарғы»-сын жазып жарыққа шығару еді. Мен екі жұманың ішінде «Жарғы»-ның алғашқы жобасын жазып дайындап Ақсақалдар алқасының кеңесіне салып талқылап бекіттік. «Жарғы» келесі сұрыптау органдарының бірінен кейін бірінің тексеруінен өтіп жоғарыдан лицензиясын алып шынайы іс жоспарына кірісіп кетті. Қоғамдық бірлестік қатарын мүшелерге толықтырды.



Маған жүктеген қоғамның екінші міндеті: сол кездері толғағы жеткен күрделі өте ауқымды істің бірі, қалалық мәслихатқа ұлты қазақ депутат сайлау. Сайлауды өткізетін учасок дайындау. Сайлауға түсетін депутаттың кандидатурасын ұсыну қатарлы істерді толығымен атқару тапсырмаларды менің мойныма артты. Маған жүктелген істердің жеңіл болуы үшін мені учасоктың бастығы етіп тағайындады. №22 орыс мектебінен орын ұсынылып сонда сайлау учасокын жасап алдық. Сайлау учасокын құру, оны жабдықтау және іске асыру қыруар жұмысқа Меценат Сарсекенов Асқар орасаң көмек көрсетті. Бұл міндетті ойдағыдай орындап екі қазақ азаматын мәслихатқа депутатқа сайладық. Осы орайда айта кететін жағдай бұрын Теміртауда ұлты қазақ депутат ешқашан болмаған еді. Ұлттық намыстың ұлан асыр ісіне ат салысқан ағайындардың арқасында менің де еңбегім еленіп осы үшін қала әкімінің «Алғыс хаты» - мен марапатталдым.

Джексенбай сөзін ары қарай сабақтап: Қоғамдық ұйымның келесі тағы бір алға қойған үлкен міндеті: Теміртау қаласында барша мұсылман қауымға Ислам дінінің ордасы Мұсылмандар мешітін салу мәселесін көтерді. Бұл іске барлық ақсақалдар тобыры жаппай ат салысты. Беделді кәсіпкерлердің зор үлесі, қаржылай көмегі тиді. Солардың қатарынан Сарсекенов Асқар Садықұлы 2 миллион теңге қаржы ақшалай беріп қазақ халқының алғысына бөленді Мешіттің қандай жағдайда бой көтеріп халық игілігіне берілгені жайлы тарихтың басқы бөлімдерінде айқын айтылғандықтан қайталаудың қажеті шамалы. Және осы орайда ыңғайы келгенде айта кетер сауапты істің бірі біздің кәсіпкерлер және мұсылман қауымдастар мұсылман мешітінің сыртында орыс шіркеуінің бой көтеруіне де қаржылай көмек ұсынып жомарттығын дүйім елге паш етті.

Келесі күрделі іске де ат салыстық деп сөзін әрмен сабақтады Джексенбай ақсақал. Тәуелсіздіктің бастапқы жылдары болғандықтан оқу бағдарламалары орыс тілінде жүргізіліп балалар сол тілде жаппай білім алатын. Ақсақалдар алқа ұлттық тілдің абыройын көтеру, білім саласына ұлттық тілде білім алуға балаларға қолайлы жағдай туғызу жолына бел шеше араласып бір неше мектепке ұлттық тілінде оқу

әдістемелерін толық жүргізу және оқытуға қол жеткізді. Осындай келелі істер «Ақсақалдар алқасы» дүниеге келген сәттен бастап дұрыс жолға қойылды. Алқа құрылмаса бұндай игі шаралар болуы екі талай еді деп ойлаймын. Ардагер аға буындарымызға зор ден саулық бақытты ұзақ ғұмыр тілегеніміз абзал деп әңгімесін түйіндеді заңгер ақсақал. Сізге де бай қуатты өмір, қажыр қайрат. деніңізге амандық тілейміз

Ажғалиев Рақым

Ақсақалдар алқасының мүшесі, ардагер металлург



Сонау қозы көш жерден сұлбесі көрінсе «Әй осы адам дәу де болса Едигин Қуанышбек болмай кім болсын» - деп түйген ойың жақындай келе түйеден түскендей дәл кепуші еді бір кездері. Күш қуатына сеніп бойындағы жігері тасып тұрған аптал азаматтарымыз ұлты қазақтың ұлтан болмай сұлтан болуына шарапатын шашып қайсарлығын аямай қамқоршы болғанын аға буын бүгінгі өкіл

ақсақалдар жырғып айтып сырғытып әңгімелейді. Солардың бірі Ажғалиев Рақым ақсақал. Бұл ақсақал көп жылдар бойы металлургия ошағы Казметкомбинатта 1971-2004 жылдары қолаптадай күйдіріп тұратын ыстық цехтың бірінде еңбек еткен. Электромостовой кранның таптырмас маманы. «За доблестный труд» медаль иегері «Ветеран комбинат» ардагері. Бірқаншама грамота. алғыс хаттар мен марапатталған. Бүгіндері жанұяларындағы ұрпақтары түгелдей комбинатта еңбек жасайтын металлургтер. Жұмыс орнының қиын аусымдық ауыр жағдайына байланысты 50

жасында зейнет демалысына шықты. Бүгінгі таңда қалалық ақсақалдар алқасының беделді мүшесі. Ардагер ақсақал өзі қатарлы жаңа ғана аталған Едигин Қуанышбектің үзеңгілес сырлас досы. Жұптары жазылмаған еңбек майталмандары Сол досы туралы Рақым ақсақал былай еске алады.

Едигин Қуанышбек ортамыздағы қайсар азаматтардың бірі еді, Өте турашыл, шыншыл, ұлттық көз қарасы басым,

қазақ жастарын ортаға тартып қамқорына алып салауатты өмірдің дене шынықтыру тәсілі спорт түріне бейімдете тартып тәрбиеге баулыған спортсүйер жанның бірі болатын. Ол кісі Карметкомбинаттың профсоюзының спорт бөлімін басқарды.

Теміртау қаласы көлемінде аула клубын ашып оны өркендетуге ерен еңбеп сіңген жан. Спорт өнерінің шебер ұйымдастырушысы жан ашыры болды» - дейді. Замандасы туралы түйінін қысқа қайырған Рақым ағаның әңгімесіне қанағат болмасқа не шара. Дарынды ақсақалымыздың аты мәңгілікте сақталып кейінгі ұрпақтарға үлгі өнегесі қалыптасып қалуына баршамыз тілектеспіз.



**Ажғалиев Рақым
баласымен бірге**

ОНЫНШЫ БӨЛІМ

Ақсақалдар алқасына танымал тұлғалар «Аналар алқасы»

Зар заман зымырап өтіп жатыр. Өтіп жатқан сол заманың куәсі боп шыққан күн де батыстан барып батып жатыр. Көзге көрінбес сағым дәуірден біз нені байқаймыз? Біз: арпалысқан өмірден Жаратқан иеміздің адамзат баласының маңдайына жазған тағдырды. сол тағдырды еңсеруге талпынып жүрген пенделердің өмірін көреміз. Пенделер азаймайды. Керісінше көбейе түсуде. Ал көбейуіне кім себеп? Оларды өмірге «Ана»-лар әкеліп жатыр. Заманның әр саққа құбылып, құлпырып ауысып тұрғанына себепкер болушы күш осы адам баласы. Ендеше бүгінгі таңда әлемді ұстап тұрған бірден бір құдыреттің жаратқан сенімді де дарынды иелері «Ана» - лар

Қалалық ақсақалдар алқасы дүниеге келіп ат ізін салған күннен бастап Әже - лер де атқа ер салып өмілдірік



құйысқанын бекітіп қатарға ілескен еді. Содан бері аталар мен әжелердің ас-суы араласып, амал тәсілдері қатарласып келеді. Ағымдағы жылы ақсақалдар алқасының қасынан "Аналар алқасы» құрылып тоның

ішкі бауынан да жақын араласып кетті. Жоспар жобалары, бағдар бағыттары өте сәйкес біріне бірі сүйеу болғаны айдан анық сезіледі. Алқа құрамы едәуір адам. Төрайымы Махатова Конурша Абдинқызы. орынбасарлары Құрманбаева Сауле Сайлаубайқызы, Жалғасова Шәмшібану Бірәліқызы, мүшелері Абдуакитова Тағрифа Қалымбекқызы, Тоқпаева Салима Ишанқұлқызы. Садықова Советгүл Бекбосынқызы. Іс жүзінде бір бірімен сырлас, кеңселері қатарлас орналасқан. Мақсаттары қоғамдағы әр саланың межелі істеріне ат салысу.

Махатова Конурша Абдинқызы

Аналар алқасының төрайымы, ақсақалдар алқасының мүшесі



Сәуір келмей тәуір болмас деп бабаларымыз ауыз екі айтып табиғатпен сырластығын сездіріп жүруші еді бұрындары. Олай болатыны алты ай қыстың аязынан әупірімдеп шыққан адам да мал да сәуірге ілінер болса адамның аузы аққа, малдың аузы көкке тиіп жалғанның рахатына батқандай болушы еді. Тоғыз ай тоғыз күнді еңсерген аяғы ауыр ана ай күні жетіп Нуркен Әбдіров ауылында сәуір-

дің 28 жұлдызы 1944 жылы бір сәбиді дүниеге әкеліп

отбасын нұрға бөледі. Бұл сәби Конурша болатын. ҰОС - ның төртінші жылы қарсаңы, елдің жағдайы қиындау кез. Жас Конурша орта мектепті бітірісімен 1964 жылы КарМУ - дың химия-биология факультетіне оқуға түседі. Араға жылдар салып қолына дипломын алған жалынды жас маман білім саласында. тұрақты бір мектепте 47 жыл табысты еңбек етеді. Тұрмысқа шығып дүниеге 3 бала әкеліп оны тәрбиелеп өсірді. 4 немеренің әжесі аталып отыр Ұлты қазақ. Білімі жоғары. Қоғамдық істің жан ашырларының бірі. Қазіргі таңда қалалық ақсақалдар алқасының алқа мүшесі. 2017 жылдың ақпан айынан бастап «Аналар алқа» - сын құрып қоғамдық іске айқын араласа бастады. Ол осы алқаның төрайымы. Жылжып өткен жылдар қарсаңында «Магнитка», «Ақниет» ансамбліне қатысып «Әнші әже- аталып өнерін көрсете білді. Мемлекеттік құрмет грамотасы, көптеген алғыс хаттары, мақтау қағаздары т.б сыйлықтармен марапталды. Көп балалы «Күміс алқа» иегері.

Құрманбаева Сауле Сайлаубайқызы

Аналар алқасы төрайымының орынбасары



Әлқисса: «Білесізбе Ағарып таң жарқырап күн біздің Семейдің сонау көк жиегінен көтеріліп шығатынын!» - деп сол өлкенің бір тумасы ертеректе оңаты келген отырыстың бірінде мейірлене айтқан екен. Расында да шығыстағы Семейден күн сәулесі бірінші болып көрінеді ау деп ойлап қаласың. Оқасы жоқ ағайын жүйелі сөз жүйесін киелі сөз иесін табады.

Семей сөзі атала қалса Абай атамыз ойға оралады. Халқының қамы елінің намысын қорғау жолында тағдырдың талай тауқыметін тартса да қайыспай қарсы тұрған дарынды дара тұлға бабамыз еді деп. Осы өңірдің бір пұшпағы Семей қаласының Абай ауданында 1959 жылы 15 мамырда Құрманбаева Сауле Сайлаубайқызы дүниеге келеді. Білім жолын қуған жас қыз 1976 жылы орта мектепті бітірісімен Семейдегі Ауыл шаруашылық

техникумына оқуға түсіп есепші мамандығына қол жеткізіп тәмамдайды.

Жат жұртқа жаралған қыз баланы өмір бөгденің шаңырағына бейімдететіні белгілі. Босаға аттап кепін болды. Ұлағаты атанып ұрпақтар әкелді дүниеге. 2 ұл 1 қыз тәрбиелеп өсіріп жеткізді. Қосағымен бірге қуанышқа бөленіп 3 немере сүйді. Бүгіндері құрметті зейнеткер, асыл әже. Ұлты қазақ.

Еңбек жолын Тұрмыс-қажет көрсету комбинатында кассир-бухгалтер қызметімен бастап табысты еңбек етті.



Сауле және немересі

2011жылдан бастап қалалық ақсақалдар бірлестігіне мүше, 2013 жылдан алқа мүшесі және жауапты хатшысы қызметін белсенді атқарды. 2017 жылдың сәуір айынан бастап "Аналар алқасы" - на мүше және төрайымының орынбасарына сайланды. Сауле қоғамдық жұмысты жан тәнімен беріліп істейтін турашыл мінезді, жауапкерлігімен танылған жан. Қоғамдық іс - шараларға ұдайы қатысып келді. еңбегі. іскерлігі бағаланып көптеген алғыс хаттар, мақтау қағаздарымен марапатталған.



Алқа әжелері

Жалғасова

Шәмшібану Бірәліқызы

**Ардагер ұстаз, білім беру ісінің үздігі, аналар
алқасының мүшесі**



Батыстағы Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы Тораңғыл ауылының қарапайым шаруасы Бірәлінің шаңырағын әбiгерге салып шыр еткен ащы дыбыс жарық әлемге үнін қоса топ етiп жерге аунап түскен бiр перiште отбасын қуантып ортада жатты нұр шашып. Кiндiгiн кесiп қолына алған әже сонда барып байқады. Бәсе-бәсе дауысы ащы шыққаны сондықтан ғой бұл перiште қыз бала екен деп емiрене сөйлеп анасына сәбидiң бауы берiк болсын айтып құшағына алды. Бұл 1945 жыл. Айқайшы қызға ат қойылды Шәмшiбану деп. Балалық шағы отбасында өттi. Өжеттiгi басым зерек қыз орта метептен сүрiнбей өтiп 1959 жылы Ақтөбедегi мұғалiмдер даярлайтын училищенi тәмамдайды. Таяздау бiлiм тасырқау күйдi сездiре бердi. Талпынысқа не кедергi болсын Алматының алмасы ма арманының жетегiндегi қызбалығы ма құстай ұшып келiп Қазақ қыздар педагогикалық институтынан бiрақ шықты. Ор қояндай секiрiп жүрген дәуiрiнде бойжеткен қыздар уақыттың қалай өткенiн сезбейдi ау деймiн. 1967 жылы межелi оқуын бiтiрiп, орыс тiлi-тiл әдебиет мамандығы бойынша диплом қорғап дегенiне жеткендей болды Шәмшi қыз. «Жолдама» жол айрығын Темiртауға бұрды. Нәр тәуекелден жасқанып көрмеген қыз салып ұрып ол жерге де келiп жеттi. Маманды жұмысына қолы iлiккен Шәмшi еңбек жолын № 16 орта мектептен бастады. Одан № 31 мектепке ауысты. Өмiрiн Темiртаумен байланыстырған тағдыры Шәмшiнi 40 жылдай мектеп директоры лауазымынан әсте ажыратпады. Секiрiп те жүрдi жекiрiп те көрдi. Не болмайды дейсiң шаруашылық iсте Ол заман Орекеңдердiң құдыреттiлiгi басым кез едi ғой. Яғни баламалап айтсам құдыққа құлаған құланның құлағына құрбақа бақыпдаған заман Ашаршылықтың самалының соңғы лебi де есiп тұрған шақ. Оқушылардың көбi мектеп интернетте орналасып олардың саны 200 - ден асып

жығылатын. Азық-түлік тапшы, тамақтандыру үшін қарызға белшеден бататын. Соның бәріне төзді Шәмші. Балалар тәрбиесінде рухани тазалықты да қатар алып жүрді. Мұсылманшылықтың кейбір қатаң тағлымын еңсере алмай қалған ата-аналардың санасын оятып есін жинатқан да Шәмші. Бір мысал: Оқушыларды жаппай рухани тазалыққа баулыды. Олардың мынау орыс ары тұрсын, анау қазақты бері тартайық деп бөліп жармады. Мұсылмандыққа тарта білді. Мешіттегі имамдармен байланыс жасап ұл балаларды «сүндет» - ке отырғызды. Мұсылманшылық жолында бұдан артық қандай сауап бар? Бұл сауап әйел заты Шәмшінің қолынан келіпті. Алла разы болсын. Одан қалса есін жинаған ата-аналары...

40 жыл шәкірт тәрбиелеп білім саласында ұзақ жылдар бойы



ұлағатты еңбек еткен Жалғасова Шәмшібану 1981 жылы «БІЛІМ беру ісінің үздігі» құрметті атаққа қол жеткізді. 2004 жылы Теміртау қаласы әкімінің «Ең үздік ұстаз» алтын төс белгісін кеудесіне жарқыратты. Ол аздық етті. Елбасының қолы қойылған «Мадақтама», Білім және ғылым министрлігінің грамотасы. 2014 жылы «Жастарға әскери

патриоттық тәрбие берудегі лайықты еңбегі үшін» медалі алма кезек тапсырылды. Шәмшібану өмірде Қонысбайдың сүйген жары, қоғамда мектеп директоры, жанұясында асыл ана-аяулы әже. 2 бала дүниеге әкеліп отағасының қуанышына бөленген жан. Қазіргі таңда құрметті зейнеткер. Әлі де ат үстінде тақымы берік, қоғамдық қызметтерге араласып келеді.

Садықова Советгүл Бекбосынқызы
Қалалық аналар алқасының мүшесі, ақсақалдар
алқасының жауапты хатшысы



Қазақ тілінің аясы кеңіп ұлттық тілдегі баспа құралдарының саны артып оқырмандардың қолы жетіп қуанышқа бөленгеніміз кеше ғана секілді. Осынау баспалардың әр қайсысының бетіне үңіліп көз тастасаң қалам тербеушілердің басым бөлігі нәзік жанды әйел заты. Қаламдары төселіп қарымдары кеңейіп қоғамның әр саласының небір жаңалықтарын жариялап жатқаны. Солардың бірі Советгүл Бекбосынқызы. Мақалалары «Отан-Заман газетіне үздіксіз жария-

ланып жатқанына оқырмандар куә. Советгүлдің шығармашылық жолына зор табыс тілей келе өмірбаяны жайында хабәрдәр еткелі отырғанымызды қабыл айлаңыздар.

Садықова Советгүл 1950 жылыдың 18 тамызында, Әулиеата аймағы, Алатау бөктері, жоғарыдан құлдай күркіреп түскен ағысы асау Аспара өзенінің кең алқабын жағалай қоныстанған жайқалған жайлауда өмірге келген екен. Үш Жүздің ұлтанды тайпасы Албанның рулық жүйесінен тараған әулеттерінің бірі Сегізсарының сілемдес бұтарлы ұрпағы Қазақтың қай шаңырағында да өмірге келген ұл болсын қыз тусын текті ұрпақ.

Бидайдың баратын орны диірмен дегендей өмірдің соқпағына енді аяқ басқан бүлдіршіндердің барар жері оқу ордасы Советгүл 1967 жылы Меркі ауданына қарасты Сұр-ат

ауылындағы №14 орта мектепті тәмамдап шығады. Қыз баланың ойына даланы салма. Онда кері қайтару екіталай деп аналар отырушы еді ойға батып. Советгүл Шымкентті нысанаға алыпты. Көкейін тескен пединститут. Барды. Физмат факультетіне емтихан тапсырды. Өтпеді. Жолы болмаған жас қыз ауылға қайтуға арланды. Ұяты оттай өртеген. намысы да жетелеп, қырық шырағының бірі Николаев атындағы педучилищенің есігін қақтырды. Мәміленің сәтті болғаны соншалық құжаттар тапсырылып оқуға қабылданды. Қай мамандыққа иек артсаң сол маманның білгірі саналасың. Советгүл неміс тілінің бірегей өкілі ретінде дипломын бетке ұстап Түлкібастағы №11 мектеп - интернетке жолдама алады. Екі жылдай уақытын сонда өткізіп шәкірттерін бөгде тілге бөктіріп жатты. Бірақ армандап шыққан шөкімдей мақсатына әлі қолы жетпей зарығуда болды. Тәуекелдің қайығына мінген Советгүл шығыс оңтүстікті бетке алған бетте Алматыдағы Әл-Фараби атындағы КазМУ-дың тарих факультетіне түсіп ұйқысы тынышталады. 1977 жылы оқуын ойдағыдай тәмамдап жанұясының ырқымен Теміртауға қоныс аударады. 1974 жылы тұңғыш ұлы дүниеге келіп бір жыл өткен соң жұмысқа шығады. Сондағы бұйырған шаруасы, Қазақстан магниткасының Агло фабрикасының ДСП цехында 5 жылдай қара жұмысшы қатарында еңбек етті. Екі қолда күрек. сондағы күрейтіні- лақтыратыны руда. Жан бағу үшін амалсыздан барған шаруа ғой. Әйел адамға ауыр жұмыс. Промкомбинатқа тігінші болып ауысты.

Қоғамда өзгерістер болып жатты. Соның бірі оқу саласына да келіп жетті. Мектептерге қазақ тілінде сабақ беретін нұсқау шығып әкімшілік бұл істі қолға алды. Қазақ тілі мамандарын, тіпті шала шарпы біресе де бір нәтиже шығар деген үмітпен әкімдікке түгелдей шақыртып кездесу өткізген соң орыс тілді мектептерге жіберілді. Советгүл бастабында №22 орыс тілді мектепке қазақ тілінен сабақ беруге жіберіліп соңыра №4 орыс мектебіне ауыстырылды. Тұрақты жұмыс жасау әр қызметкердің нәтижелі табыстардың биігінен келуіне ықпал жасайды. Советгүл әр саладан бір көрінді.

Облыстық телерадио компаниясына қарасты Теміртау радио торабында орыс-қазақ тілінде хабар жүргізуге келісіп, 6 жыл бойы дикторлық қызметпен айналысты. «Теміртау құрылысшысы» газетіне қосымша бір бет «Замандас» үнпарағының редакторын алып жүруімен қатар және қаладағы «Азат», «Қазақ тілі» қоғамдарымен байланыста болды. Қалалық «Құрыш», «Теміртау», «Құрыш қала», облыстық «Орталық қазақстан» газеттеріне тіл туралы, мектеп жаңалықтарын үзбей жариялап штаттан тыс тілші міндетін атқарды. Зейнеттік демалысқа шығып сәл сабырға келсе де қарап отыра алмай репититор болып алғаны бар. 2017 жылдың үшінші мезгілінен бастап қалалық ақсақалдар алқасына жауапты хатшы міндетіне шақырылып сол бұрынғы жазбалық әуенін жалғастырып жатқан көрінеді «Аналар алқасы»-на да мүше болған. «Отан-Заман газетінің жан күйері.

Зайыбы 17 жыл бұрын пәниден бақиға аттанған. 5 баланың анасы. Көп балалы «Күміс алқа» иегері. Әдебиетке үйір зейнеткер ананың әлі де талай жаңалықтар арқылы оқырмандармен қауышуына сенім артамыз. Шығармашылық жолыңызға сәт сапар. Өміріңіз қуанышқа толып бай қуатты ғұмыр кешіп Дарынды Тұлғалардың Өмірінен тәлім алып алға ұмтыла беріңіз Айтпақшы 1992 жылы Алматы қаласында өткен бірінші дүниежүзілік қазақтардың Құрылтайына қатысқан қуанышыңызға ортақпыз.



Дүниежүзілік қазақтарының бірінші құрылтайына қатысушылар

Абдуакитова Тагрифа Қалымбекқызы
Ақсақалдар және аналар алқасының мүшесі



Ай мен күнге жақынбыз деп аспан асты елімен таласқан Алтын тау елінің сілемі шуақты мекен Шығыс Қазақстан облысы. Самар ауданы (қазіргі Көкбек ауданы) Амангелді ауылындағы Қалымбектің шаңырағында таңға жақын бір сәби дүниеге келеді. Айдаладағы ақ жұмыртқадай ауылда әлемді іңға әнімен баурап туған сәбидің жөргекке қалай оранғаны сол ақ еді келінін босандырып алған әже немересін қызғанғаны соншалық. Тәңірімнің атар таңымен жарыса туған талдырмашым сол. айналдым сенің төңірегінде төрткүл дүниеге жар шашып өзім қоям атыңды, өзім бағам асыл затымды. қашан сені көрер екенмін деп тарыға күттім. сенің атың Тағрифә болады деп дауыстап тұрып тебірене қатқан үніне орда іші де қоса жаңғырып тұрды. Күн де шықты шашырап.түндігі де ашылып ақбоз үйдің төрінде шашу да жатты шашылып, хабарды естіген көршілер олар да жетті асығып. Атам қазақтың салты ғой бұл қуаныш бірдің емес көпке дарыған дәстүрі екенің, нәзік аналардың өзгелер емес езі толғатқандай болып қуанышқа ортақ болатындары. Әшекейін сылдыратып өскен гүлдей әсем Тағрифә орта мектептің ортасында қалқып, ата ананың мейірімінде шалқып жүріп 1967 жылы орта білімді игерді. Өмір соқпағы өзімшілдікке бағынбайтын тұстары болады біле білгенге. Араға жылдар салып 1970 жылы комсомол жолдамасы деген ұранның желеуіне ілесіп Теміртау қаласына ат басын бұрды. Қысқасы 1978 жылы Қарағанды Мемлекеттік Университетінің тіл-әдебиет факультетін тәмамдайды. Нәзік жандардың

бойында ұлттық көз қарастың ұясы айрандай ұйып қатықтай қатып тұратынын әр кім байқай бермейді. Ал Тағрифа болса патриоттық сезімінің жалынын шашып, қазақ тілінің мәйегін ашып жүріп 1991 жылы Теміртау қаласының тұңғыш қазақ мектебінің ірге тасын қаласқан ұлтжандыларымыздың бірі. Ағарту ісінің жолында талантты жастардың алдында 45 жыл ұстаздық қызмет атқарған асыл ана, ардақты ұстаз. Бүгінгі таңда ортамызда жүрісінен танбай жұлдыздай жарқырап жүрген еңбек ардагері. Қалалық ұстаздар кеңесінің мүшесі. Және "Аналар алқасы»-ның құрылтайшысы. Тағрифа сізге еңбегің жемісті өзің де көрікті, көргендердің көзін тайдырып көсіле шалқып бақытты ғұмыр кешкейсің деген тілекпен әңгімемді шығарып салдым оқырман. Қабыл болғай!

Соңғы түйін



Әлқисса баршамызға етене таныс -Асқар және Компания» ЖТС -нің 25, «Халық бірлігі, дәстүр мен ұрпақтар сабақтастығы үшін» қоғамдық бірлестігінің 15 жылдық тарихына байланысты әдеби шығармаға әрлеп келтірген әңгімемнің арқауы болған, бүгінгі және өткен сол бір

жылнамалардағы қандастарымыз, дарынды тұлғаларымыздың өмірі мен тағдыры қандай болмыста өтсе де, шындықты барша адам баласының жүрегіне шынайы қалпында түбегейлі жеткізуге тырыстым.

Замана ағымындағы өмір сүрген тұлғалардың алма кезек ауысқан тағдырнамасының, өткен өмірінің өрелі сәттерін, аңсап келген арман тілектерін бүгінгі ұрпақтарға саралап жеткізуге ақтарыла отырып күңірене жырладым. Аталмыш бірлестіктердің айтулы жылдарының тарихын қазбалап тілге келтіріп сөйлете білдім. Жаратқан Тәңіріміз демеуіне алып дербес елді құраған дүйім қазақтың баласымыз деп арқырап кісінеп, айбарлана сілкініп шыға келдік. Қазақ деген халық, қара орман ел, намысшыл ұлт бар екенін әлемге көк туын желбіретіп ән ұранын шырқатып тұрып мойындаттық.

Сондай ақ ата-жұртын аңсаған миллиондаған қандастарымызды бабаларының ата-жұртына қайтарып қоныстандырдық. Қаншама елге, жерге бытырап кетіп қоныстанып қалған талай қазақтардың ұл-қыздарының қазақ елінің жаңа дәуіріне деген бағыт түзеген бет бұрысын оятып, бабалар мекеніне жетсек деген арманының үмітін ақтап, мақсатына жеткіздік. Теміртаудың тауы мен тасы, суы мен асы осыған куә. Бұл баршамызды жетегіне алған тарлан тарих. Осы тарихтың бір пұшпағындағы елеулі жылдарын тарих парағына маржандай тізіп, құштарлана жазып, мерейлі мерекелік салтанатқа ұластырып, өмір мен тағдырды ой санамыздан өткізіп, ойға да қырға да жар салып жатқанымыз осы.

Бұл істің әу басынан бүгінгі күнге дейін басы қасынан табылған «Асқар және Компания» Жауапкершілігі Толық Серіктестігі. Құрметті Сәрсекенов Асқар Садықұлы! Сіздің басқарып отырған кәсіпорынның қызметін және сіздің Қазақстан Республикасының экономикалық қуатын, гулденуі мен игілігін нығайтуға қосқан кәсіптік және адамгершілік, жомарттық үлесіңізді бүкіл ел, ақсақалдар, баршамыз жоғары бағалап отырмыз. Елді дамытуға қосқан сіздің еңбегіңізді іс жүзінде елеп ескермей, бағаламау мүмкін емес. Сіздің мінсіз беделіңізді, айрықша кәсіби жетістіктеріңізді, экономиканы дамытуға қосқан жеке үлестеріңізді және баршаның игілігіне қосқан қайырымдылық көмегіңізге еліңіз болып ағымдағы

заманауи жаңару қоғам да ризашылығын білдіреді. Бұл әрине таңданарлық сезіміміздің дәлелі. Біздің білуімізше сіз өз салаңыздағы нағыз кәсіпқой маман, талапты ұйымдастырушы, әрі басшысыз. Осы ретінде, кәсіпқой маман еңбекқор ұжымдарыңыз ынтымақты еңбектеніп келеді. Сіздің қоғамдағы сенімді бір буыныңыз «Халық бірлігі, дәстүр мен ұрпақтар сабақтастығы үшін» қоғамдық бірлестігінің басқару жүйесі аталған билік өкілі Ақсақалдар алқасы. Мерекелік қуаныштарыңызды бөлісе отырып ортамыздағы дарынды тұлғалардың өмірінен сыр шертіп, үздік шыққан сол адамдарға құрметпен қарап сый-сыяпат көрсетіп, жоғары деңгейдегі қоғамдық баға беріп шын жүректен құттықтаймыз. Міне солай біз тарихтан жеткілікті сабақ алдық.

«Өскелең ұрпақтарға ұмытылмас ұлағатты үлгі, санасына тоқыған өсиет етіп тарихымызды алтын жазбамен қалдырып отырмыз. Яғни бұл баршамыздың және өте-мөте менің, қазақ әдебиетінің «Алтын қоры» - на қосып отырған жанды туындыларым және үлесім болмақ. Және бұл тарихи дастан «Асқар және Компания» ЖТС. «Халық бірлігі, дәстүр мен ұрпақтар сабақтастығы үшін» қоғамдық бірлестігінің сенімді өкілі Ақсақалдар алқасының қозғалмас мұрағатында сақталады».

Шығармашылығымның сан қилы ізденіс жолында қажыр қайратыма бек сеніп, әдебиетке шынайы берілген құштарлығыма арқа сүйеп талмай еңбектеніп жүрген кезімде «Дарынды Тұлғалардың Өмірбаяны» туралы топтама сериал етіп жазған еңбектерімді баспадан шығарып кітаптарымды оқырмандар қолына жетуіне ерекше демеушілік жасап, жомарттық танытып, көмек көрсеткен қазақ өнерінің бірегей мәрт жанашыры, қолы ашық теңдессіз ықласты азамат Сарсекенов Асқар Садықұлына шын жүректен шынайы - алғыс сезімімді білдіремін. Жаратқан Ием сізге жар болсын! Әмин!

ОН БІРІНШІ БӨЛІМ

Мұрағат болып қалатын суреттерге - Саяхат



«Меруерт» ресторанында Жүнісов Аргын ақсақалдың мерекелік тойын атап өту сәті



Жоғары сыйлыққа ие болған дара тұлғалар



**Ардақты батыр ана Фатиха Аққұлқызы
ұрпақтарының ортасында**



**Батыр ана Фатиха Аққұлқызы
немерелерінің ортасында**



Ата ана ұрпақтатары ортасында



Асқар Садықұлы қыздары мен бірге



Заңгер. ақсақалдар алқасының құрылтайшысы және құрметті мүшесі Темиргалиев Джексенбай, автор Серикбай Ш, қарттар мерекесі күні «Бота» кафесінде



Асқардың балалары және немерелері



Теміртаулық даңқты спортшылар



Тоқтар мен Бейбіт қонақта болды



Асқар Садықұлы жастармен кездесу өткізді



«Құрбан айт» асына «Айналайын» үйінің жетім балалары шақырылды



Гагарин ауылының ақсақадарымен кездесу сәті



Наурыз мерекесі. 2014 жыл



Жеңіс мерекесі. 09.05. 2014 ж.



Жеңіс мерекесі. 09.05. 2014 ж.



Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесі. 2014 ж. 22 Наурыз



Асқар туысқан ағайындарымен бірге



«Айналайын» балалар үйіне қайырым көмек жасалды



«Магнитка» Ансамблінің әншілері



***Теміртау қаласының әкімі Әшімов Ғалым Әбіханұлы
ақсақалдармен бірге. 2016 ж.***



Ақсақалдар алқасының құрамы. 2016 ж.



***Халық қалаулысы, мәжіліс депутаты Перуашев
ақсақалдармен бірге. 2016 ж. Сәуір айы***



ҰОС ардагері Әли Жькемен өткізген кездесуден соң. 2015 ж.



***Мектепке жол мерекеге қатысқан ақсақалдар
№ 5 мектепте. 01.09.2015 ж.***



Қалалық орталық мешітінің бас имамы Алтынсариев А.Е мен Ақсақалдар алқасы келелі мәселелер талқылау кезі. Шілде. 2017 ж.



Қалалық орталық мешіт қасында «Сауат ашу орталығы» ашылу рәсіміне ақсақалдар алқасы қатысты. 2017ж.



«Айналайын» балалар үйіне шалынған құрбандықты тапсыру несі. 2017 ж.



Асқар Садықұлы мемлеттік іс шараға қатысқан сәттерінің бірі



Айт мерекесіне арналып берілген асқа қатысқан ақсақалдар. 24. 06. 2016 ж.



Уақыт бағдарламасына сұхбат беру кезі



Табысбек пен Айдардың мерекелік ән шашуы. 2001 ж.



БАҚ - на спонсорлық көмек көрсетіп келді



"Асқар и К» футбол командасы және жүлде сыйлықтары мен кубогы



«Мектепке жол» акциясы аясында оқушыларға көмек жасалды



Бас құрылтайшы Сарсекенов Асқар Садықұлы және ақсақалдар алқасының төрағасы Мухамедьяров Зейнула Нұрбекұлы



Ақсақалдар алқасының кезекті жиынына Бас құрылтайшы Сарсекенов Асқар Садықұлы қатысты



Ақсақалдар алқасы құрамының кезекті бас қосу кезі



9 Мамыр жеңіс мерекесі күні. 2017 ж.



Асқар Садықұлы немересі Әділмен бірге. 2012 ж.



**Қарттар күні мерекесіне орай
«Бота» кафесінде Асқар Садықұлы
ақсақалдарға мерекелік дастархан жайды**



**«Асқар и К»-ның шағын мұражайындағы
«Алтын адам» бейнесі**



Конькимен сырғанау спортының халықаралық дәрежедегі чемпионы Сарсекенова Кенжеш Садыққызы



«Ай табыс» продюсер орталығының директоры Табысбек Шакейұлы балалар ансамблімен кездесу кезі

МАЗМҰНЫ

<i>Бет ашар</i>	5
БІРІНШІ БӨЛІМ	
«Асқар және Компания» ЖТС- ің бас директоры. «Дара Тұлға» Сарсекенов Асқар Садықұлы туралы өмір-дерек	7
ЕКІНШІ БӨЛІМ	
«Асқар және Компания» ЖТС	13
ҮШІНШІ БӨЛІМ	
«Бота кешенді мейрамхана»	25
Алматы да	38
Аякөз де	42
ТӨРТІНШІ БӨЛІМ	
Бабаларымыздан қалған саялы мекен Теміртау	48
Садықова Әсем Асқарқызы	52
БЕСІНШІ БӨЛІМ	
Мәслихатқа жол	54
Аз сөйлеп, ауқымды жұмыс жасайық	63
Жүнісов Арғын	68
Тулеубаев Ермек Ибрайлұлы	72
Искаков Токтархан Ибрайлұлы	74
Омашев Қуаныш Омашұлы	78
Серікқали кажы Раев	80
АЛТЫНШЫ БӨЛІМ	
Тамара Бондаренко	82
Нина Вахитова	84
Светлана Сафронова	85
Владимир Каштанов	85
Мурзаханова Зинегул	86
Турлубекова Макен	86
Дубровский Валерий	87
Туровский Иосиф	87
Ким Роман	88

Ибрагимова Ханифа	89
Абдуллаева Закира Мұратқызы	89
Шунаева Гулмаржан	91
ЖЕТІНШІ БӨЛІМ	
«Халық бірлігі, дәстүр мен ұрпақтар сабақтастығы үшін» қоғамдық бірлестігі Ақсақалдар алқасы	98
Бастау жол	102
Әмірханов Мукатай Алмазұлы	102
Әмірханова Гулбарам	105
Ұмтылыс	107
Ілияс Баймұрзаев	107
Абленов Асылхан Бекболатұлы	109
Үміт	113
Молбаев Қуттыбек Омарбекұлы	113
Қайта өрлеуге - жол	115
Мухамедьяров Зейнула Нурбекұлы	115
СЕПЗІНШІ БӨЛІМ	
Мешіт мұсылманның қорғаны	121
Наурызбай қажы Өтпенев: Өкіл имам	128
ТОҒЫЗЫНШЫ БӨЛІМ	
Айтжан Исаков	133
Елбасы берген бата	133
Қырмандағы толғақ	133
Сәби өсіп ер болды, құлын өсіп тай болды	134
Житомирде	136
Қарағандыда	137
Сәруар	138
Теміртауда	140
Кұмырсқаның илеуі	141
Қарт чемпион	143
Арғымақтан ат жақсы шабыс болса, Ағайыннан жат жақсы таныс болса	145
Адамның айнасы- ол еңбегі	151
Иманбаев Олжабай Иманбайұлы	
«Гүр» аға	154

Бал ара құсап еңбектен-нәр жиярсың гүл шөптен	158
Каныш Сатбаевтың кемел жолы	160
Атақ даңқың ескерілмей қалмасын	161
Жанас Арысов	164
Мен қалай металлург болдым?	165
Комбинаттағы екінші еңбек өмірім	171
Сьезхан Нысанбайұлы Оңашыбайтегі	175
Серікбайұлы Абдірахман	184
Амандыков Қазбек Қаниұлы	201
Тілеуберді Смағул	205
Амандыков Ауезбек Қаниұлы	209
Ақмырза Мереке Бимырзаұлы	А\
Ботанов Қасымхан Ертайұлы	213
Сарсекенөе Эрнст Нуркашулы	215
Досмухаметов Амангелді Хамитұлы	216
Кенжебеков Мұрат Ұранбайұлы	219
Бактаев Сағындық Мұсатайұлы	220
Ордабаев Бірлікбай Кемалұлы	222
Ахметов Сабитжан Хамитұлы	224
Искакбеков Асет Мұқашулы	225
Темиргалиев Джексенбай Даулетулы	226
Ажғалиев Рақым	229
ОНЫНШЫ БӨЛІМ	
Ақсақалдар алқасына танымал тұлғалар «Аналар алқасы»	230
Махатова Конурша Абдинқызы	231
Құрманбаева Сауле Сайлаубайқызы	232
Жапғасова Шәмшібану Біреліқызы	234\
Садықова Советгүгі Бекбосынқызы	236
Абдуakitова Тағрифа Қалымбекқызы	239
Соңғы түйін	240
ОН БІРІНШІ БӨЛІМ	
Мұрағат болып қалатын суреттерге - Саяхат	243
Мазмұны	265

Серикбай Шынуар

Өмір-Тағдыр

Кітапты безендіруге әр жылдары жарық керген «Асқар және Компания» ЖТС-і туралы видео жазбалары, телебағдарлама, «Халық бірлігі, дәстүр мен ұрпақтар сабақтастығы үшін» қоғамдық **бірлестігін**ң архиві, редакциялар, ҚР-ның энциклопедиясы қорынан пайдаланылды.

Редакторы Хусан Б.